Бесбілезік. Мейлің, болсын... *(Құшақтасып.)* Ал, ендеше, менің қолқам мына-ақ: дәл осы шатырда кегім бар... Осының ғана шырығын бұзып берші екеуің.

Жойқынк. *(Жуасбекке)*. Ал, мен ғой жаңа баталасып қойдым. Орындай алмасаң, ең алдымен саған өлім. Баста, қыбын тап.

Жуасбек. А-а! Тоқтай қал... Алтыншаш! *(Жұрт тегіс аңырай қарайды. Сондай мас кісіше қиқаңдай басып, Жойқынбекті өзіне қосып ән шырқайды, ішке кіреді.)* Уай, Алтыншаш!

Есілдің ар жағында көрдім сені,

Сырғанды қайық қылып өткіз мені.

Сырғанды қайық қылып өткізбесең,

Болсаң да қордың қызы көрмен сені.

Жойқынк *(Іңкәрға)*. Қалай, беті бері қарады ма?

Жуасбек. Атаманы, генералы, қара таяқтары түгел келген соң емдеген шығар.

Алтыншаш. Бұ не қылған мазақ?..

Бесбілезік. Етің үйрене берсін, шырағым, бәріміз де көргенбіз, көре бара көндіккенбіз. Ата-енеңнің жөрелгісі... болмаса кімнен артық едің соншама. Аралда жұрт алақанына салар деп келіппең?

Жуасбек. Күйінгені деймісің, сүйгені шығар. *(Күліседі.)*

Теміршот. Тоқтат, тапқан екенсіңдер ойыншықты.

Ж о й қ ы н б е к (*Жуасбекті түрмін*). Қарай ғой мынаны! Күнұзаққа іздеп таба алмаған төбелесімізді бесплатный бергелі түр ғой өзі.

Ж у а с б е к. Көрдің бе? О, жойқын екенсің, жігітім, айта түс, айта түс! (*Төбелеске ыңғайланады.*)

Т е м і р ш о т. Өз күшігін өзі жеген қасқырды көрдіңдер ме? Ұят қайда? Аңдығандарың ақылсыз төбелес болса, шыға қойыңдаршы, көнекей.

Ж у а с б е к. Ой, жануарым, сеземісің, әй? Тегі, мұнда төбелеспесек, сірә төбелеспеспіз.

Ж о й қ ы н б е к. Ә... Басынғаны сен екеуміз ғой... Шешін.

Т е м і р ш о т. Шығарма үніңді. Осыдан соқтығып көр Алтыншашқа, мойның үзіледі.

Ж у а с б е к. Е-е, тіпті-тіпті көрінді де қазып қойдым де.

Ж о й қ ы н б е к. Не өлген жерім, не қалған жерім осы болғаны да.

Б е с б і л е з і к. Ә-ә! Бәсе, Алтыншаш болмаса, пәле болар демеппем?

А л т ы н ш а ш. Ағалар, құлдық етейін, қойсаңдар екен.

Ж у а с б е к. Жоқ, төбелесімді әсте қолқаға беріп көрген емен, кел, шырақ, кел.

С е р г е (*Ерболға*). Барыңыз, Ереке, басыңыз аналарды.

Е р б о л. Ау, жігіттер, неге соқтықтыңдар, не жазығы бар Дана деген баланың?

Ж о й қ ы н б е к. Ай, Жуасбек, ендеше бері қара, тоқтай тұршы, осы. Әуелі осы төбелестің дәлелін қайта кеңесейік.

Ж у а с б е к. Мына біреуді айтам. От па өзі, немене?

Б е с б і л е з і к. Атаманнан артық, қара таяқтардан артық кім болушы еді? Сонша тызалақтап Алтыншашты өзің алайын деп пе едің?

Т е м і р ш о т. Оттама, қар неме!

Б е с б і л е з і к. Тіл-аузың тасқа, қыршыныңнан қиылғыр.

І н қ к ө р. Бесбілезік-ай, сен қоя тұршы.

А л т ы н ш а ш (*Теміршотқа*). Қысылған күнде кездесіп, үлкен достық бейлін көрсеттіңіз-ау. Менен қайтпаса... (*Жыламсырайды.*)

С е р г е й. Бұл арада ұрыссыз жанжал ақымақтық болар еді, тез тыю сал.

Е р б о л (*Жойқынбекке*). Ой, сендер әлі, бір-бірінді танымайтын ба едіңдер? Мынау (*Теміршотты көрсетіп*) менің інім, Теміршот, мына екі ағанның біреуі Қарабала, біреуі Дондағұл, өзара Жуасбек, Жойқынбек деп сөйлеседі. Бұлар да өзің, өзара тату мәжіліс құрайық.

Ж о й қ ы н б е к (*күліп*). Ербол аға, ендеше бітісейік. (*Қарабалаға.*) Көні, Жуасбек, олай болса ортамызда оқығандардан да бір тентек болсын да.

Ж у а с б е к. (*Теміршотпен қол алысып жатып*). Саусақтары ірі көрінеді, тегі жұдырыққа да жаман болмас. (*Күледі.*)

Б а р б а р. Бәрекедді, азаматтар.

А л т ы н ш а ш. Ағатай, қымыз құйсам өздеріңізге құйайын. Серіктеріңізді шақырыңыз, қонағым болыңыздар. (*Теміршот, Сергей, Бондыр, Шынтастарды шатырға кіргізеді.*)

А л т ы н ш а ш. (*Барбарға*). Аға деп бауыр көрдім, басыма сая, жаныма жұбаныш табудың ақылын айтсаңшы. (*Қарабала, Іңкәр, Бесбілезіктер кіреді.*)

Б а р б а р. Мынау тұрған ақ қайыңды көр де, Теміршоттай жас қайыңды көр. Әсем, асыл қайың, ақ қайыңдай жас қайыңды пана тұтқан екенсің, сол жолыңнан айрылма. Әсем екенін әнің баяндасын. Бірің емес, екеуіңе қоса берген бата тілегім, аса тілегім “Ақ қайың” деген ән болсын. Бірдей сезіп, бірдей таныңдар. (*Ән салады.*)

Ән-күйдің ағып жатқан бұлағымын,

Аққудың саялаған құрағымын.

Ат берген “Ақ қайың” деп қарындасқа,

Батагөй, сөнбес жарық шырағымын.

Ақ қайың...

Е р б о л. Мынауың көрім екен, жаңа ән ғой.

Б о н д ы р. Жақсы ән екен.

Ш ы н т а с. Сөзі қандай тәтті еді.

Б е с б і л е з і к. Мен де үйренейінші. (*Барбарға жақындайды.*)

А л т ы н ш а ш. Тағы айтыңызшы, ағажан. (*Барбар тағы айтады.*)

Ақ қайың асыл екен аралдағы,

Жайқалып жапырағы толған шағы,

Сүйе гөр “Ақ қайыңдай” ән тазасын,  
Әнші қыз ағасындай санал-дағы.

Ақ қайың...

С е р г е й. Қандай таза, қандай искренный ән. Талант аузын ашса, асыл қазына ақтарылады. *(Данаға.)* Үйрен, шырағым, сен үйрен. Саған ғана ылайық ән.

Б е с б і л е з і к *(Сергейдің сөзін жақтырмай).* Басқа үйренсе аузынан түсіп қалат деймісің, мен де үйренем. *(Бесбілезік әнді қайта айтпақшы болады, айта алмайды, жұрт күледі.)*

Ш ы н т а с. Ал әнді, Барбар, қарындаспен қосылып айт.

Ж у а с б е к. Иә, сүйтсін, сүйтсін!

Е р б о л. Бәрекелде, сөз-ақ. *(Барбар мен Алтыншаш қосылып айтады.)*

“Ақ қайың”, сүйгенім сен ән ішінде,  
Сақтармын балдай құйып жүрегімде,  
Жанымның сусыны сен, қанаты сен,  
Қуансам, қайғырсам да түсер тілге.

*(Барбар Дананың маңдайынан сүйеді.)*

Ж у а с б е к. Жарайсың, қарындасым. Мұныңмен Бесбілезіктен тағы оздың.

Ж о й қ ы н б е к. Жарайды, жарайды, дұрыс-ақ. Дұрыс айтты.

Сапар, Мәжитовтер кіреді. Біләл, Мұстапалар да бар.

С а п а р. Қайсы? Қандай екен өзі?

М ә ж и т о в. Шын сұлу ма екен? Кәне, мен көрейінші. *(Үңіліп Данаға қарайды.)*

С а п а р. Астакем-ай, мынау не деген уыз еді?

М ә ж и т о в. Не деген красавица еді?

С а п а р. Біттім, болды, мен ашықпын...

М ә ж и т о в. Жоқ, алдымен мен жарадар болдым...

Бермеймін, өзімдікі.

С а п а р. Жоқ.

Б і л ә л. Шақыра келгеніміз Дана мен Барбар. Бірің жандаралға қымыз құйып беріңіздер, бірің ән айтып көңілін көтеріңдер.

Т е м і р ш о т (*Алтыниашқа*). Бұған не дейсің?

А л т ы н ш а ш. Менің теңім жандарал емес, бармаймын.

І н қ ә р (*күйін-нісін*). Шұнақ құдай-ау, бармағаны не? Жандаралды сыйламасақ, аралға атамыздың басын көргелі келіпсіз бе? Барады, барады, бай-еке.

С а п а р. Қарындас өзгені сыйламаса, мені сыйлар. Мен де бір қызға сүйеніш болам деген жігітпін.

А л т ы н ш а ш. Өз мәжілісім, өз жиыным өзіме, Барбар да бармайды, мен де бармаймын. Кетпеймін тастап құрбыларымды.

М ү с т а п а. Олай болса, тарасын мына топ. Көнбейтіндерді сосын көрейін.

Т е м і р ш о т (*қыза түрекеледі*).

Е, Мұстапа, тарта бас!

Құлаштама тіліңді.

Қамыс емен қалтырар

Сен шығарсаң үніңді,

Осынша жұртты басынып,

Әруағыңды асырып

Етесің арқа кіміңді?

Қара көзді қаршадай

Қай базарға салмақсың,

Қанша мүлік алмақсың,

Жауабын айтшы әуелі.

М ү с т а п а (*ілгері шығып*). Түсінбесең сөйлеме. Осының бәрі ел қамы. Генералдың аузын алсақ, Колчактан көптен тимей жүрген қазақ сотын аламыз. Одан артық не керек?

Ш ы н т а с (*оқшау*). Сол сотыңа қақалып өлерсің жалғыз-ақ.

Т е м і р ш о т. Халыққа ондай соттың керегі жоқ, тарту үшін сендерге берері де жоқ.

М ү с т а п а. Қайықшының қайыршы немесі, тарта сөйле тіліңді.

Б і л ө л. Өзін түлен түртіп тұр ғой.

Т е м і р ш о т. Сен қайыршыдан да садаға кет ендеше.

С а п а р. Бермейтіндерді мен көріп алайын. Қайдасың, жігіттер. (*Бәрі ентелеседі.*)

Ж у а с б е к (*Жойқынбекке*). Байқаймысың, Жойқынбек, мыналардың ауқымдағаны біздің оқыған тентек қой, біз ғой, басынғандары.

Ж о й қ ы н б е к. Сезіп тұрғын, Жуасбегім. *(Түреген.)*  
Ендігі қалғаны төбелес қана болар.

Б і л ә л. Осы бермейтін кім, көрсетші, соны ғана көрсетші көзіме.

Ж у а с б е к *(о да түрегелін).* Бай-еке, бері қара. Бермейтіндер міне, біз боламыз. *(Жеңін сыбанады. Аналар аңтарылады.)*

Ж о й қ ы н б е к *(Ерболға).* Көне, Ереке, асықпай-саспай қайықтың ескегін, сүйменді, шотты әзірлей беріндер. Болғасын әдемі, құмардан шығатындай төбелес болсын. *(Отырғандар түрекеледі.)* Көне қаттаулы, үтіктеулі, иістімайлы сықырлаған өр жігіттер, келіп көріндер, алып көріндер. *(Аналар шегініп, үйден шыға келеді.)*

С а п а р *(далада).* Шаптырамын, әреске алдырамын.

Б о н д ы р *(Шынтасқа).* Ха-ха-ха. Мыналарды бағана көргеннен ұнатып ем. Тіпті шын еркек екен-ау өздері.

Ш ы н т а с. Жігіт екен, біреуін сен, біреуін мен алсам да болар еді. *(Іңкәр аңырайып қалады, екеуі екеуінің арқасынан қағады.)*

Т е м і р ш о т. Күнәсіз, бауырым.

С е р г е й. Тентек Теміршот, бүйте берсең бүлдірерсің. *(Дауысын салмақтап.)* Ну, сендер енді жөнеліндер. Мен осында қалам.

Б о н д ы р } *(жарыса).* Қалдырмаймыз, түгел кетеміз.  
Ш ы н т а с }

С е р г е й. Сөз емес. Жөнеліндер! *(Өзі кетеді.)*

Е р б о л. Көне, тартайық.

Б а р б а р. Ендеше, Дананы да ала кетейік.

Ш ы н т а с. Бәсе, Дананы бірге алыңдар. Қайтамыз қалаға.

І н к ә р. Бармайды Дана. Бермеймін.

Ж о й қ ы н б е к. Жоқ, болды байлау. Көнбесең, өзінді де тырыстырып әкетеміз.

Шатыр жығылып, дүние жиналып, үш қайыққа салынады. Іңкәр әрқайсысына бір жармасады, оны Жойқынбек құшақтап жібермейді, Іңкәрды да қайыққа ала мінеді.

І н к ә р. А, жетіндер, құтқарыңдар мыналардан!



Ж о й қ ы н б е к *(ұстап отырып)*. Әнді саған салдыратын екен.

Осы кезде қастарында Шумский, Столбов, екі офицері бар Біләл, Мұстапа, Сапар жетеді. Қайық жылжып кетеді.

М ұ с т а п а. Тоқтандар!

Шумский. Тоқтандар! *(Тытырласады. Жуасбек гармонды дарылдаатып мазақ қылады, қайықта күлкі.)*

С а п а р. Көрсетермін сендерге.

Б і л ө л *(офицерлерге)*. Жауабын өзім берейін, атып тасташы ана бұзық балуанды. *(Гармонь. Екі офицер нагандарын суырып алады. Жуасбек гармоньнан үн шығара алмай қалады. Бұрылып артына қараса екі күймені ұстап тұрған Бондыр мен Шынтасты көреді. Қуанып кетіп.)*

Ж у а с б е к. Е, бөсе. *(Баяғыша гармоньдан дарылдатады, офицерлер тоқтап қалады, қайық жылжып жоқ болады.)*

С а п а р. Қайда, қайық? Әкел қайықты, әкел.

М ұ с т а п а. Бірде-бір қайық қалдырмапты ғой. Әй, бұзықтар, көрермін сендерді! *(Жұдырығын түйеді. Алыста мол күлкі, гармонь мазақ үнін береді.)*

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

## ІІ АКТ

### *Екінші сурет*

Сахна. Ерболдың үйі. Сергей сағатшының дүкені. Артын пердеменен бөліп қойған. Сынған сағатты айналдырып отырады. Сырттан есік қағылады.

С е р г е й *(қабырғадағы сағатқа қарап)*. Кіріңіз. *(Бондаренко кіреді.)* Отырыңыз. Иә, Колчакпен келісе алмадыңыз ба?

Бондаренко. Колчактың өз штабына сыйыса алмадым. Сезіп қалды. Содан соң Омбы осылай жөнелтті.

Сергей. Ал адмирал Сібірге әлі де ұзақ қонақ болам деймекен?

Бондаренко. Қызыл әскер Қорған мен Лалутурск жағынан қатты жапырып келеді. Ақтардың бір есебі – Қытай шегі мен осы облысқа табан тіреп қалу. Орынбордан шыққан Дутов әскеріне осы жақты нығайтып ұстауды тапсырышты.

Сергей. Ендеше, Колчактың жолын кесіп, бұл жаққа беттемейтін қылу керек. Беттей қалса, қадам басса, миына көмілгендей болсын. Қырда Шынтас, Қарағайда Бондыр, қалада біздің ұйым сол адмирал жолындағы бомбылар болмақ. Соғыс стратегиясы әзірше осы. Міндетің сондай, өзің бұл облысты білесің ғой?

Бондаренко. 1916 жылға шейін осы облыста айдауда болғам. Орталық соны ескеріп әдейі жіберіп еді.

Сергей. Олай болғанда, мұнда сені бұрыннан білетін полиция, охранка кісілері болмасын. Сақ жүр.

Бондаренко. Олар болар, бірақ із тастаймын да, жаңылтамын ғой. Әскери адам боп міндет алуым шарт болар.

Сергей. Дұрыс айтасың. Ол қызметің дайын. *(Қолына қағаз ұсынып.)* Міне, жолдас Бондаренко, сіздің документіңіз. Сіз енді Колчактың өзі жіберген адмирал Шмиттің немересінің ролін ойнайсыз. Қызмет орныңыз генерал Березовскийдің штабы, бас офицерсіз, 2-полк 5-армияның қаладағы мықты қорғаны, қатты ескеретінің сол. Штабында өз адамымыздан Щварц бар. Бар талапты жұмса да, Бондырге баратын әскерді соған басқарт. Ал офицер киімін мынау адреспен барып аласыз. *(Қағазды береді.)*

Бондаренко. Сізбен байланысым қалай болады?

Сергей. А-а... сен өзенді, ағын суды сүйесің. Ендеше, үйреншікті қайықшың бар, ол Ербол, ал кейде сол қайықтың кермесінде мен де отырып қаламын... Болды емес пе?

Бондаренко. Әбден түсіндім. *(Бондаренко есікке қарай жүреді.)*

Сергей. Офицер Шмит.

Бондаренко *(есіктің алдында жалт бұрылып)*. Ваше высокоблагородие. *(Күлімсіреді.)*

Сергей. Мықты бол, жолдас. Бір минут уақыт босқа кетпесін.

Ж у а с б е к *(қашып кіреді)*. Сағатшым, қорғай көр. Ана офицерлер арестке аламын деп қуып келеді.

С е р г е й. Оларға не жазып едің?

Ж у а с б е к. Бір сорлының атын табанда аударып мінгелі жатыр екен, кірісе кеттім. “Ай, тамыр, қойындар, обал болар” дедім, офицердің танауы делдиіп өзіме төне түсті: “Сен кімсің, собақа?” деп қамшысын үйірді. Неден қорқайын, мен “кәдімгі Қарабала” дедім қалшия қарап, сол-ақ екен, майдан болды да қалды. Иттің шықшыты сынып кетті білем. Салып жібергенде етпетгей аударылып ұшты. Бар айыбым осы, сағатшым. Қорғасаң қорғадың, тіпті болмаса тап осы жерде тағы төбелесіп тұрып, бір-екеуінің тұмсығын бұзып қана қолға түсемін. *(Басқа сақал байлап, сағатшы болып отыра қалады.)*

1 о ф и ц е р. Мұнда қашқан кісі келді ме?

С е р г е й. О, қандай кісі, мырзалар?

2 о ф и ц е р. Какой-то бұзық, жулик Қарабала. *(Үйді тінте береді.)*

Ж у а с б е к. А-а, Қарабала ма? Ай, соған да бір зауал болмай қойды-ау. Уа, мен байқап қалдым ол бұзықты. Жап-жаңа жытқан-ды антұрған, сіздерден қашқан екен ғой. Ал, ол ұстатсигеді! Пай-пайдың сайтанын-ай... *(Басын шайқайды.)*

2 о ф и ц е р. Затонға.

Қ а р а б а л а. Иә, Затонға, былай қарай зытып бара жатқан.

1 о ф и ц е р. Жүр, кеттік.

Ж у а с б е к. Досым, мыналарыңның түрі жаман, маған бұл қаланың төбелесі енді бұйыра бермейді-ау деп ойлаймын.

С е р г е й. Қандай төбелес?

Ж у а с б е к. Мұрынға соғушы!

С е р г е й. Оған бола қамықпа, шырақ. Осы сен грузчиксің ғой, ә?

Ж у а с б е к. Е, жұмыссыз қалып, Жойқынбек екеуіміз жұмырықты ермек қылып жүргеніміз жоқ па?

С е р г е й. Төбелестің зоры әлі алда жатыр. Тек, үлкен төбелестерде қашпасаң болғаны.

Ж у а с б е к. Ой, тәңірі жарылқағыр-ай, әйтеуір айтқаның келгей де. Қашқан-қашпағанды кезінде көрер едің.

*(Шынтас, Темірішот кіреді. Жуасбек сасып отыра қалады.)* Ой, өзіміздің қырандар екен ғой. *(Сақалын төмен түсіреді.)*

Т е м і р ш о т. Ау, мынаған не болған?

Ж у а с б е к. Офицерлер қуа-қуа мүлдем сақалды сайтанға айналдырып жібергенін көрмеймісің? *(Күліседі.)*

С е р г е й. Шынтас, көзге түспедің бе?

Ш ы н т а с. Күнұзақ генералдың өз маңындамын. Ал олар мені алыстан іздеп жүрген көрінеді.

Т е м і р ш о т. Алашорда мұны ұстатуға отряд шығарып жіберді.

С е р г е й. Қалада жоқтығына көздері жеткен ғой, ал енді қысқа сөйлеп келісейік.

Ш ы н т а с. Түйе, киіз үй, сойыс, отын, пұл салығы бәсеңсір емес. Халық зығыры қайнауда. Алысуға дайын. Айтарыңды айтшы осы.

С е р г е й. Ендеше, Дутов қырмен босады, алашшылар да қашады. Лауға түйе, жемге сойыс, бас панаға киіз үй бермесендер болғаны. Халық қарсы шапса, қыр, қажыған қасқырлар үшін күшті қақпан. Қалайда Қытайға қарай өткізбей, барлығын да штабымен түгел басу керек. Өткізіп алсақ айыпты біз боламыз. Олардың өртеп, бүлдіріп, қандатып кеткен қазасына жұрт алдында біз жауаптымыз. Ең басты міндет, әскерін өткізбеу, командирін ұстау, штабтарын қыру. Бұл – Қарағайда Бондырге, қырда саған тапсырылатын міндет. Ұқтың ба?

Ш ы н т а с. Ұққанда қандай. Айтқан ақылың алты айлық жол азығым. Өзім де осында кеңес күтіп келіп ем, енді кетемін. *(Орнынан тұрады.)*

Ж у а с б е к *(Шынтасқа)*. Байқаймын, батырым, осы төбелестің үлкені сен жақта ғой деймін.

Ш ы н т а с. Майданның дәл ортасына салып қояйын, бірге кетемісің?

Ж у а с б е к. Олай болса, кеттім. *(Сергейге қарап.)* Ақылды сағатшы, сен не дейсің?

С е р г е й. Жарайды, ұйғарған жерімнен шықтың. Шынтасқа мықты серік бол. *(Олар кетеді. Жуасбек есіктің аузында бұрылып.)*

Ж у а с б е к. Алдыразы болсын. Біздің Жойқынбекті де осы төбелестің бір жеріне орналастыра көріңдер.

С е р г е й. Ну, Темірішот, енді сен сөйлеші.

Т е м і р ш о т. Өзіңе белгілі ғой.

С е р г е й. Сенен революция өз романтигін шығаруы тиіс... Ал бірақ бүгін Горькийдің сұңқары мен дауылпазындай қажырлы, шын жеңімпаз романтик қымбат.

Т е м і р ш о т. Сіз маған аралда қатты ренжідіңіз. Мен оның себебін жақсы түсіндім... Сергей... Көкіректе жан болғансын, көрер көзге шыдамайды екен. Ғафу ет.

С е р г е й. А, Теміршот, жарайды, уақа емес... түсінгеніңе рахмет, бірақ, мен ренжіген үстіне соншалық сүйіндім де. Аналарды жалынға қақтағандай үйіттің. Сен оларды көп көзінде масқаралап, шындықтың ұлы тілімен бомбит еттің. О да сол жерде қажет еді... Бірақ байқау керек. Жеке шабу ұлы планға шідер болмау керек.

Т е м і р ш о т. Рахмет, аға, рахмет. *(Құшақтайды.)* Сені сыртқы тұлғаң, терең жаныңмен танығам, сосын ергем, орнын тауып жұмсай бер, аға.

Ербол кіреді.

С е р г е й. Біздің қажымас қарт келді. Кәне, Ереке, қайықшылар қалай?

Е р б о л. Тіптен жақсы. Жаман тілім жеткенше өзіңнен естігенімді айта бердім... айта бердім. Пысықтауымнан кенде болмас деймін. *(Отырады.)*

С е р г е й. Қайықшылар түсінді ме?

Е р б о л. Түсінбегендеші, ақтар қысылғанда Ертістен ат жалдап өтпесе, паромды жауға бермейміз десіп отыр.

С е р г е й. Жауға? Жігіт, қайықшылар жігіт. Жау екенін таныса болғаны.

Е р б о л. Танымағанда ше...

Барбар мен Жойқынбек асыға кіреді. Барбар сөйлемекші болады.

Дондағұл оның аузын басып қалып.

Ж о й қ ы н б е к. Асығыспын, ағайындар, айтындаршы, біздің Жуасбек көздеріңе түсті ме?

Т е м і р ш о т. Е, көрдік. Өзің немене, бәйгіге қосылғаннан саумысың?

Ж о й қ ы н б е к. Сол итті іздеймін деп бармаған жерім болсайшы. Төресін, алашын, түрме абақтысын түгел аралап шықтым. Антұрғандардың бірі білмейді.

Б а р б а р. Айналайындар, жәрдем етіндер. Алтыншаш бишараның қалы мүшкіл. Кілең ақ көздер анталап, таптап барады. Күн көрсететін емес.

Т е м і р ш о т. Сергей, ұрықсат ет. Мен кетемін. Қолымнан келгенше ара түсемін. Міндетім... *(Кетуге ыңғайланады.)*

С е р г е й. Тоқта. *(Теміршот тоқтайды.)*

Ж о й қ ы н б е к. Қалқашым-ау, Жуасбегім туралы айтсайшы.

С е р г е й. Жуасбек офицерлер ұстайтын болған соң, біздің жолдастармен елге шығып кетті. *(Күліп.)* Төбелестің қалың жеріне кетті. Сізге сәлем айтты. Мына Теміршотпен бірге болсын деді.

Ж о й қ ы н б е к. Уһ!.. Жүрегім жаңа орнықты ғой. Ал енді Жуасбек тапсырған болса мен саған ерем ғой, бала. *(Теміршотқа қарайды.)*

Т е м і р ш о т. Әрине.

Ж о й қ ы н б е к. Менің мына екі жұдырығым болмаса, сөзге шорқақтаумын. Ана Жуасбегім құрғыр амалдап, қиыстырып алушы еді. Ендігі төбелестердің ишаратын өзіңнен көремін.

С е р г е й. Теміршот, айттым ғой. Мықты бол. Алтыншашты қорғау қажет. Бірақ, алдымен алашшылардың ішіне баратынынды ұмытпа. Сендер қымыз үйіндегі қызықшылар ғанасың.

Т е м і р ш о т. Керекті кезінде қызғаншақпыз.

С е р г е й. Ішкілік үстінде ойлаған ниеттерін, бармақ беттерін аңғарарсыңдар... Барбар, Алтыншаштар үнемі сондайын тыңдай отырсын. Мына Дондағұл да қасында болсын.

Ж о й қ ы н б е к. Әп, бәрекелде. Білетін адамның сөзі осы да. *(Барбар, Теміршот, Жойқынбек шығады.)*

С е р г е й. Кәне, Ереке, енді екеуіміз оңаша отырып молырақ кеңесейікші.

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

## Үшінші сурет

Генерал Березовскийдің штабы. Генерал кітап оқып отырады.

Б е р е з о в с к и й (өзіне-өзі). Түсінбеймін, басым катады. Міне мен көп көрген, көп оқыған, шашыма ақ кірген генералмын. Александр Македонский, Наполеон, Клаузеин сияқты ұлы полководецтердің, соғыс классиктерінің шәкіртімін. Сонда да басым катады. Позиционный соғыс болса бір еді. Ал мына гражданская война ше? Тфу? Кіммен қай жерде соғысарынды да білмейсің. Алыстан күтесің – жақыннан шығады. Жақыннан күтесің – алыстан шығады. Әлдеқандай Бондыр, Шынтас сақадан, қой бағудан басқа түк көрмегендер угроза жасайды. *(Қағазды алып оқиды.)* “Құрметті генерал, соңғы рет ескертуім: я көнесің – берілесің, я өлесің – көмілесің. Құрметпен Бондыр”. “Құрметпен”. Рақмет, Бондыр. Сыпайыгершілігіңе рақмет. *(Қағазды лақтырып тастайды. Атаманды бастап Бондаренко (Шмит) кіреді.)* Пожалуйста, рақым етіңіз. *(Шылым ұсынады.)*

А т а м а н *(тұтатын)*. Рақмет. *(Шмитке қарап.)* Ну, Шмит, айта беріңіз.

Ш м и т. Менің офицерлермен сөйлесіп байқауымша Бондыр күшті, қу жау. Партизандарды жақсы құралдандырудың үстіне пушка, пулеметтерді де алдыруға жақын дейді. Қарап отырып қаланы қоршатұға болмайды. Мықты отряд жіберу керек. Қарағай ішінде ертерек жайғастырмасақ өзіміз әлсірейміз.

А т а м а н. Господин генерал, сіз не айтасыз?

Г е н е р а л. Қарағайға тығылған мұжық, інге тығылған борсықтай, ол ешуақытта оңай ұстатқан емес. Сол тіпті қарағайымен қадалсын. Одан да біздің халық эвакуацияны көп ойлай бастады, соны шешу қажет еді...

А т а м а н *(ызғарланып)*. Жақсы барометр екенсіз.

Г е н е р а л. Господин атаман! Мен адмирал Колчактың өзі білетін, өзі сенген генералымын.

А т а м а н. Айыпқа бұйырмаңыз. Тыңдамаймын ол сөзінді. Екеуін де атып осы қалаға жібермей қарысып тұрған кім? Менің күшім. Генерал, Колчак жіберген. Сіздер Қытайға кашқанда да жолыңызды қауіпсіз етуші менің күшім. Енді қала

да, әскер де менің қарауымда. Дегеніме бағынбай көріңдер. Тыныштық күннің жандаралдары... Бейбітшіліктің ерлері...

Г е н е р а л. Сіз менен не тілейсіз өзіңіз осы?

А т а м а н. Генерал Березовский, сізге қаладан қозғалуға болмайды. Анау қырмен шегінген Дутов әскері осында жеткенше қаланы да, облысты да ешкімге бермейміз. Алысасыз, тосасыз. Жергілікті жауды бас көтертпейсіз. Ал егер көшсеңіз, елдің бәрінен соң көшесіз. *(Шмитке.)* Шақыр Шварцты. *(Шмит Шварцты ертіп алдыңғы бөлмеге кіреді.)*

Ш м и т. Біздің ақ саусақ кәрінің атамнан зәресі ұшып отыр.

Ш в а р ц. Ендеше, атамның ақкөздігін пайдалану керек.

Ш м и т. Есінде болсын. Бондырге сені жібертемін.

Ш в а р ц. Сергейдің өмірін мен де алғам. *(Екеуі кіреді.)*

А т а м а н. Жазыңыз жарлықты. *(Шварц жазады. Атаман айтып тұрады.)* “Қарағайдағы партизандар үш күн срок ішінде жойылсын. Шаруалардың айыптылары халық ортасында дарға тартылсын, атылсын. Сезіктілері сүмбімен дүреленсін. Бондыр тірідей ұсталсын. Ол үшін күшті отряд жіберілсін...” Отрядты... *(Генералға қарап.)* Кім басқарсын дейсіз, генерал?

Г е н е р а л. Адъютант Шмит барсын!

А т а м а н. Шмит мұнда қалады.

Ш м и т. Ендеше, господин Шварц қолайлы болар.

А т а м а н. Шварц қалай еді?

Ш м и т. Сенімді, ер офицер, міне. *(Атаман амандасады.)*

А т а м а н. Сіз менің әскерімде болған жоқсыз ғой?

Ш в а р ц. Жоқ, ваше превосходительство.

А т а м а н. Карательная операцияда болып па едіңіз?

Ш в а р ц. Болдым. Талай бүлік деревняларды басып ек.

А т а м а н. Менің әскерімде болмапсыз, ә?.. Жазыңыз: ...отрядтың командирі менің адъютантым пом. полковник Столбов болсын. Ол карательная экспедицияны менің тапсыруыммен әлденеше рет ойдағыдай өткізген кісі.

Ш в а р ц. Ваше превосходительство, мен де сіздің тапсырмаңызды орындап, өз қайратымды көрсетсем деп ем.

А т а м а н. Рақмет, капитан... Ендеше, Шварц



Столбовтың помощнигі боп барады... Болды. *(Генералға.)* Господин генерал, қол қойыңыз. *(Қол қояды, Шварц кетеді. Алашылар. Сұлтан, Мұстана, Біләл, Мәжитовтар кіреді, бастарын иеді.)*

А т а м а н. Немене? Сіздерге тапсырылған міндет неге орындалмайды?

С ұ л т а н *(сасып)*. Қайт дейсіз, господин атаман, барымызды аяп жатырмыз ба?

А т а м а н. Қыр қазағы құралданып қарсылық жасап жатады, дала бізге жау дала боп барады. Сіздер кімге иесіздер осы?

С ұ л т а н. Господин атаман, ендеше біздің бар күшіміз өміріңізде...

А т а м а н. Ендеше, бес күннің ішінде 3 мың түйе табуды міндеттеймін. *(Аналар бастарын шұлғиды.)* Екінші, әскердің Лепсіге жүретін жолына азықты, көлікті, шөпті мол дайындайсыңдар, киіз үйлер тіктіресіңдер. *(Тағы шұлғысады.)* Байқандар! Біз бұл қаладан кетпейміз. Шегінеміз. Дутов әскері осында келеді. Сол жетісімен барлық күшті қайта құрып, Сібірге қайта шабуыл жасаймыз.

М ұ с т а п а. Соқырдың тілегені екі көзі емес пе? *(Жағымпаздана айтады.)* Бірақ жау әлденіп жатқан сияқты ғой.

А т а м а н. Ол сендердің әлсіздіктеріңнен. Осы қалада да большевиктер ұясы бар болу керек. Әйтпесе қырдағы қазақ партизандары мен Қарағайдағы Бондырдың ісі қалайша бір бағытпен істеледі?

М ұ с т а п а. Осыныңызда шәк жоқ, господин атаман. Жалғыз-ақ сол қырды қолға алу үшін алаш полкын өз ықтиярымызға берсеңіз екен.

А т а м а н. Не дейсіз? Бұл қандай саясат. Құрал, жабдықты біз береміз де, полк сіздерде болады. Жоқ, полк менің өз бұйрығымда, Мәжитов!

М ә ж и т о в. Тақсыр, сіздің әміріңізді тыңдаймын.

А т а м а н. Менен бұйрық тос. Жетісуға жүресің.

М ә ж и т о в. Мақұл, ваше превосходительство, Жетісуға жүремін.

С ұ л т а н. Дұрыс-дұрыс... айтқаныңыз болсын, господин атаман.

М ұ с т а п а. Ендігі бір тілек: қалада тыныштық сақтау

үшін контрразведка біздің көрсеткен адамдарымызды тоқтаусыз ұстайтын болса екен?

А т а м а н. Дұрыс, ол орындалады.

Мұстапалар кетеді. Атаман, генерал шығады.

Ш в а р ц (*Шмитке*). Кәне, нұсқау не болды? (*Күлімсірейді.*)

Ш м и т. Нұсқау — Бондырды мықты қаруландыру керек. Мен атаманға өтірікші болмас үшін оларға пушка, пулемет жеткізу керек.

Ш в а р ц. Бондырмен кездескенде соғыста сенің жағыңнан шыққан шығын, алдымен оққа ұшқан ер, сол болады да... (*Күледі.*)

Ш в а р ц. Болсын, господин Шмит! (*Күліседі.*)

Ш м и т. Жарайды, жарайды. Тез кіріс! (*Арқасынан қағады. Шварц кетеді. Пауза. Шмит ойланып отырады. Қаба сақал, жуан қарын құлақ порымдас біреу кіреді.*) Сен кімсің? (*Арба айдаушы мұжық пішінді Бондыр кіреді.*)

Б о н д ы р (*басын иіп*). Есенсіз, господин офицер.

Ш м и т (*басын көтеріп алып*). Сен кім? (*Танып.*)  
Бондыр.

Б о н д ы р. Иә, Бондыр. (*Күлімсірейді.*)

Ш м и т. Бұл не жүріс? Бұл қай тактика? Ордалы жыланның ортасына келіп ұсталғалы жүрсің бе? Барлық планды бұзғалы жүрмісің?

Б о н д ы р. Күте-күте ішім пысты, әбден болмаған соң господинардың тым болмаса беттерін көріп қайтайын дедім, немесе осы Қарағайда қарнымызды құшақтап жата береміз бе, жоқ әлде айқасатын күн бар ма?

Ш м и т. Әрине, болады, бірақ ыңғайлы жағдайын, мерзімді сағатын күту керек емес пе. Тәртіп керек емес пе?

Б о н д ы р (*қатты*). Сол сағатынды айтсайшы!

Ш м и т. Тыныш! Тез жөнел, Бондыр, сендерге отряд бастап Шварц жүреді. Қару-жаракты мейлінше көп жібердік. Отрядты барған күні жайғастырып құралданасындар. Одан соң Шварц екеуің Сергейден әмір күтесіндер.

Б о н д ы р. Е, жарқыным тым болмаса осыларыңды айтсаңшы. (*Есік қағылады.*)

Ш м и т. Берік бол, білдірмеске тырыс! *(Есікке қаран.)* Пожалуйста кіріңіз. *(Генерал әйелі мен Гүлжамила кіреді.)* Құрметпен қарсы аламын, пожалуйста, келіңіздер. *(Әйелдер Бондырға қарамай Шмитке өтеді, қолдарын сүйгізеді.)*

Г е н е р а л ә й е л і. Господин офицер, бүгін менің туған күнім. Кешке бізге ужинға келесіздер. *(Қылмыңдап.)* Күн шыққанша билейміз. Тыныштық дүниесіндегі аристократтар өмірін еске түсіреміз.

Г ү л ж а м и л а. Господин атаманмен мазурканы қыздырамыз... *(Бондыр көзіне түсіп.)* Сұмдық-ау, мынасы кім? *(Генерал әйелі көзілдірік салып қарайды.)*

Ш м и т. Фафу етіңіздер, ақысын сұрай келген арбакеш.

Г е н е р а л ә й е л і. Сізге ақы не үшін керек? Генералдың мархабаты да жетпей ме? *(Сықылықтап күледі.)*

Б о н д ы р *(құлағын қағады).* Қатты айтыңыз, ханым, естімеймін.

Г ү л ж а м и л а. Саңырау екен ғой, тәңірім. Құлағын қалай қағады. *(Бұ да сықылықтап күледі, Шмит та күледі.)*

Г е н е р а л ә й е л і *(дауысын көтеріп, құлағына дәлдеп).* Ақы сұрау жарамайды. Ұқтыңыз ба?

Б о н д ы р *(басын иіп).* Ұқтым, ұқтым. Сіз айтсаңыз сұрамай-ақ қояйын. Білуге болар ма, өзіңіз кім боласыз?

Г е н е р а л ә й е л і. Генерал Березовскийдің әйелімін. *(Күледі. Бондыр естімейді.)*

Г ү л ж а м и л а *(қошеметтеген боп).* Генерал... ұлы генералдың. *(Басын иеді. Әйелдер күліп шығып кетеді.)* Кейін қайта танысармыз.

Ш м и т. Бондыр, байқа! Қалған артистігінді енді орманға кеткен отрядқа жұмса. *(Бондыр қол қысып, шығып кетеді. Телефон сылдырайды.)*

Б о н д а р е н к о. Штаб. А, господин генералмысыз... Инструкция берілді... иә, иә! Столбов пен Шварц... деревняларды өртеу ме? Тапсырылды. Бондыр ма? Айттым, тірі ұсталсын дедім. *(Телефонды іліп қойып.)* Генералдың көрін тереңнен қаз дедім.

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

## Төртінші сурет

Алтыншаштың бөлмелері. Қаладағы қымыз сататын үй. Сахнада Іңкәр, Алтыншаш, Мәжитов черкесше киінген жігіттерімен. Соңғылары қымыз ішіп отырады. Мұстапа, Білөл топтары да отырады.

Мәжитов (*өзінің гармоншы жігіттеріне*). Ей, тартшы гармонды. Мен бір жырлап жіберейін.

Іңкәр. Иә, қайным, сүйтіңдер, қызық думан, өнер көрсетіндерші мына жас құрбыларыңа. (*Гармонь тартылады.*)

Мәжитов. О, о, жақсы айтасыз, менің Алтыншаштан аяйтын түгім жоқ. Айда... тарт!

Жасыл тарантас жектім пар ат,

Жібердім жалын тарап.

Кел ойнайық, кел күлейік,

Қалсын дұшпандар қарап.

(*Орнынан тұрып Данаға жақындайды, мастау. Мұстапа, Сапарлар кіреді.*)

Сапар. Ә, мәжіліс қайырлы болсын, азаматтар! Ояуда ойымнан кетпеген, ұйқыда түсімнен кетпеген ақ маңдайым. Алтыншаштың құрметіне қыздыра соғыңдар! (*Мәжитовтың қолын алмақшы болады.*)

Мәжитов (*қолын қағып қалып*). Көтергенім кісінің шашбауы емес. Олай десең әрі тарт.

Білөл. О, шекісіп бекісіңдер. (*Қарқылдап күледі.*)

Мәжитов. Шекісуге де бармын. Бекісуге де бармын. Бірақ Алтыншашты өзім ғана сүйемін! (*Алтыншашқа Сапар екеуі жарыса жүреді.*) Жалғыз-ақ сен тыйыл, Сапар, жарыспай тарт аяғыңды. Болмаса өмірімнен өлімім жуық кезде жалғыз оқпен жайғастырып кетермін. (*Мылтығын ұсынады. Жұрт үрейленеді.*)

Алтыншаш (*ұшып түрегелін*). Лақ емеспін, адаммын. Сырттан билеп таласып не көрінді, ағалар?

Сапар. Айтшы, қалқам, кімдікі жөн?

Мәжитов. Айтсаң айтшы, бикеш.

Іңкәр. Қайындарым-ау, несіне қызасыңдар, қымызы ортақ үйдің қызығы ортақ дегендей. Ұштасып кете бермейтінбеңдер. (*Қылымсиды.*)

Білөл. Ай, жорға бозым-ай, қөңіліңді құдай ауласын.

М ұ с т а п а (*Біләлға күліп*). О, құлқының құрсын, сен де қызайын деппең?

Б і л ө л. Үндеме, бұл бір тартыс қой.

А л т ы н ш а ш. Мырзалар, тілдерінді тарта сөйлесеңдер екен. Бұл думанға тартысқа салар жүрегім жоқ..

Д а у ы с т а р. Мәссаған! Ал керек болса.

М ұ с т а п а. Қой, шырақ, алаш азаматтарының игі тобының басын қайдан қосамын деп келдім. Көп болып міне ұйғарғаным, мынау Сапар.

А л т ы н ш а ш. Жоқ, ағай, көнбеймін. (*Жыламсырап отыра кетеді.*)

Б і л ө л. Ой, ендеше көріп алайық, ай, қарағым, Мәжитов, қызулықты таста. Өмірің болса саған да талай Алтыншаш табылар. Комитет болып Сапарға ұйғарып ек, бір жолға қоя ғой.

С а п а р. Басқалар қиғанда қимайтын Мәжитов деппедіндер? (*Бетінен сүйеді.*)

М ә ж и т о в. Е, көрсеткен опаларың осы болса, қош болыңдар! Кеттік, жігіттер. (*Тобымен кетеді.*)

С а п а р. Ал, әлеумет, куә болыңдар, ағалар ұйғарған соң аянарым жоқ. Алтыншашымды алдарыңда сүйемін. (*Сүймек болады. Дана көнбейді.*)

А л т ы н ш а ш. Саған сүйгізгенше жерге кірейін. (*Теміршот, Жойқынбек анадай орындарынан тұрады.*)

Т е м і р ш о т. Сапар мырза, шалдыра көрме, қыздан жығылсаң майып боларсың.

С а п а р (*Алтыншашты қоя береді*). Кілікпе, жігітім, жықсам да, жығылсам да Алтыншашты сүйетін өзім, сенен жәрдем сұрамаспын.

Т е м і р ш о т (*қасына келіп*). Жоқ, сүйетін сен емессің бе деймін.

Б і л ө л. Ал енді қай құдай екен.

Т е м і р ш о т. Алтыншаш кімді сүйсе, сол адам Алтыншашты сүйеді де. (*Алтыншашқа қарап*.) Көне, сәулемшім, өзің айтшы, әділетті мырзалар құлағымен естісін.

І ң қ ә р (*шаптығып*). Онда барсам — онда, мұнда келсем — мұнда бүлік шығарасың. Нең бар осы отымның басында?

Т е м і р ш о т. Оттың басы осындай бола ма екен. Өнге жұрт арманын отқа қақтағалы келсе, мен Алтыншашты сақтағалы келдім. (*Алтыншашқа*.) Ашып айт, сәулем, өз жүрегіңе өзің иесің.

А л т ы н ш а ш. Таршылықтағы таянышым, алдыма міне жаңа келді. Сүйгенім үшін әнім мен өлеңім кепіл. Білгісі келгендер құлағын тоссын. Келші, Барбар аға, дауысыңды қосшы. *(Ән салады.)*

Әніме құлағың сал, үлкен, кіші,  
Сөзімнің жаңа келді оралғысы,  
Сүйгенім жанға балап, жарық көрген,  
“Ақ қайың” — ән тынысы, жан тынысы.

Ақ қайың...

*(Теміршотқа.)* Туысқан бауырым, жанкүйерімсің. Жұрт құлағымен естімесін, көзімен көрсін. Міне, жүзігім. *(Қолына салады.)*

І н к ә р. Ойбай-ай, өнім бе, түсім бе? Құртыңдар мынаны ойбай.

Т е м і р ш о т *(Алтыншашты құшақтап тұрып).* Тағы айтарларың бар ма? Алтыншашты сүйетін мен боламын.

С а п а р. Ақ қайың болмақ тұрсын, ақ емен бол, Алтыншашты саған бұйыртпаспын!

Т е м і р ш о т. Алтыншаштың жүзі тұрсын, ізін бастырмаспын саған.

С а п а р. Әкел қолыңды! *(Екеуі қол алысады.)*

М ұ с т а п а. Не дейді мынау?

Б і л ә л. Осының-ақ көлденеңдей беруі қалмады, Мұстапа.

Т е м і р ш о т. Е, сендердің жеріңді тарылтып жүрген мен ғой, тегі. Тапқан екенсің жауыңды.

С а п а р. Сендер мұны қайықшы ғана деймісіңдер?.. Жоқ, жаңыласыңдар. Міне, біліп, танып алыңдар. Ертең қызылдар келсе біздің алдымыздан пәле болып шығатын дәл осы.

Б а р б а р. Ой, шырағым, Сапар, қызға таласып бөле жаппақсың. Бұл не дегенің?

Т е м і р ш о т. Ой, тәйір, бұған ел керек пе, ел деген ер ғана ғой.

С а п а р. Көрдің бе? Тап мынаның көзін құртыңдар!

Т е м і р ш о т. Құртып көр.

С а п а р. Құртпасам, ит болайын ендеше.

Ж о й қ ы н б е к *(Теміршотқа.)* Ой, қарағым, Теміршот-ау, безработный қап барам ғой, мүлдем.

Т е м і р ш о т. Үндеме. Токта! *(Сапарға.)* Есінде болсын,

мен мына Алтыншашты сүйіп, осыған жаным ашығаннан басқа қылмысым жоқ кісімін. Жауып көр жалаңды.

С а п а р. Мұстапа, жапқыз мынаны... Қалған сөзді контрразведкада өзім сөйлесермін.

М ұ с т а п а. Шақырыңдар ендеше, анау үйдегі контрразведка адамдарын. Жапсын мына бұзықты. *(Адам кетеді.)*

Т е м і р ш о т. Шын айтамысың? Ендеше, жапқызып көр кәне. *(Барлығы да атып-атып тұрысады.)*

Ж о й қ ы н б е к. Е, бәсе, тілеуіңді бергір, сүйдесеңші... Ендеше, ой, тұр былай, түге. *(Шоқпарын суырып алады.)* Алдыма түс, Теміршот, алып көрсін бұлар.

С а п а р. Қайда? Қайда әлгі офицер?.. Е, келеді, өне келеді... Көрермін қазір.

Ж о й қ ы н б е к. Теміршот, жүр ана терезеге қарай.

Т е м і р ш о т. *(Алтыншашқа жақындап.)* Қалқам, шошыма, осындай төмен етек, қызтеке немелер жеңуші ме еді бізді.

Ж о й қ ы н б е к. Ежелгі машығым алыспай берісіп көрген емен, тұр былай. *(Теміршотты алып терезеден қарғып түсіп кетеді.)*

Б і л ә л. Ойбай, кетті ғой. *(Офицерлер келеді.)* Ұста ананы, ұста!

М ұ с т а п а. Госпада, жаңа ғана бір большевик қашып кетті. Ұста, ұста. Ұстата көр... жүр... Жүріндер тегіс. *(Бәрі жөнеледі, Барбар мен Алтыншаш қана қалады.)*

А л т ы н ш а ш. Жаным-ай, құдай, сақтай көр...

Б а р б а р. Ой, сұңқарым, тек тірі бол.

А л т ы н ш а ш. Жүгір, жүгірші, ағатайым... Білші... Көрдің бе, ұқтың ба, әлгі сөздерін... Жеткіз... жеткізші жылдам Сергей мен Ерболға... Ұмтыл... Жүгір-жүгір-жүгір, құтқарсын, құтқарсын деші Теміршотты... *(Барбар жүгіреді.)*

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

### III АКТ

#### *Бесінші сурет*

Алашордашылардың кеңсесі. Ішінде Сапар, Мұстапа, Біләлдар отырады. Сахна ашылғанда Сұлтан келіп кіреді.

Б і л ә л. Немене, фронт қалай?

С ұ л т а н. Генерал жіберген офицер Шварц бүкіл әскерімен Бондыр партизанға қосылып кетіпті. Енді қаланы шабу ғана қалды.

С а п а р. Е, жеткен екенбіз. Ендігі кезек тек эвакуация десеңші.

С ұ л т а н. Оны ойлау керек. Бірақ тағы бір сүйінші бар.

Б і л ә л. Атаман Дутов қалың әскермен жақындап келеді дейді. Алаш қаласын соның әскеріне босатып беруді генерал Березовский қатты бұйрық етіп тапсырып отыр.

М ұ с т а п а. Шын келетін болса, қаласы құрғырды аямай-ақ қояйық.

С ұ л т а н. Ал, Сапар шырақ, заман екіталай болса, большевиктердің тылында кісі қалдыру керек. Кешегі алашорда мәжілісі не дегенін, не міндет атқарғанын ұқтың ғой. Сүйеніш болатын жастарды қамтуды мен саған тапсырам.

С а п а р. Оны біраз сенімді жастармен біз де кеңестік, бірақ жалғыз тілек бар, басы осы Теміршот қып бірсыпыра адамдарды атқызбасақ, түбінде көресіні солардан көреміз. Байлау осы.

М ұ с т а п а. Мен де қостаймын. Ол жігіт большевиктер революциясынан тыс емес.

С ұ л т а н. Ол тілектерің орындалады. Сезікті жастар аз емес. Енді контрразведкамен нық байланыспай болмайды.

С а п а р. Ендеше, мен соларға кеттім. *(Шығады. Гүлжамила кіреді.)*

С ұ л т а н *(қарсы жүріп)*. Гуля, Гулішка! Жай келдің бе? *(Қолынан сүйеді.)*

Г ұ л ж а м и л а *(отырады, ашулы)*. Сағат сайын қаланы кернеп баратқан қорқыныш. Тіпті есігіңді қағып тұрған сияқты.



М ұ с т а п а. Гуля, шын үрейлісіз ғой өзіңіз. *(Қасына келеді.)*

Г ү л ж а м и л а. Господин генералдың үй іші буынып-түйініп отыр, ал біз болсақшы...

С ұ л т а н. Керек болса, біз де оп-оңай дайын боламыз, несі бар.

Г ү л ж а м и л а. Боламыңыздың керегі жоқ. Иә дұрыстап өзің қорға, иә атаманның қарамағына көшемін. *(Орнынан тұра келеді.)*

С ұ л т а н. Үрейленбеші, Гулішка! Қорқатын түк те жоқ. Осы қалаға орныққалы атаман Дутов келе жатыр дейді. Осыны білдің бе? *(Есікке қарай алып жүреді.)*

Г ү л ж а м и л а *(есіктің аузында)*. Жоқ. Мен атаман Дутовпен таныс емеспін. Маған осы өзіміздің атаманнан қымбаттысы жоқ. Қайтсең де бүгін аттандырасың. Есіттің бе? Отырмаймын от пен судың шегінде. *(Кетеді.)*

Б і л ө л. Қайтсін, жағдай жаманға айналды ғой.

С ұ л т а н. Бәсе, тым құрмаса осылардың да тыныштығын сақтай алмадық.

С ы р т т а ғ ы д а у ы с. Кіргіз деңдер мына солдаттарыңа! Арызым бар айтатын.

С ұ л т а н. Бұл не? Осы немене шу өзі?

М ұ с т а п а. Ой, тәйірі әлгі лаң-лаушы, пәтер, сойыс дегендер бар емес пе, соның салмағы түскендер. Қазақ деген елдікті, жұртшылықты білмей... Алашорданың беделін сақтап дегенін істеуді түсіне ме?

Б і л ө л. Бәсе, одан да өзінен шыққан сынық бұрауын артық санайды ғой. Тыңдамау керек.

Екі-үш кісі керней кіре келеді.

С ұ л т а н *(кеудесін итеріп)*. Е, немене, не боп қалды? Қайда кимелеп барасың түге? Ал тымағыңды!

1-к і с і. Шырағым, сендердің бұйрығыңмен аламыз дейді жалғыз атымды.

2-к і с і. Жалғыз көлік қып отырған түйемді лауға...

С ұ л т а н. Жә! Лау ма? Бересің, өлсең де бересің.

3-к і с і. Бастағы жаман... жалғыз киіз үйім.

С ұ л т а н. Ел емессің, білдің бе? Біздің қысылғанымыз сенің ойыңа кірер ме екен.

Б і л ə л. Бай келеді деп қыңыратқаннан басқа не білуші еді.

3-к і с і. Е, бек болсаң өзің үшін боласың... Осы пәленді әкетемісің, жандарым, мына халықтан?

Көпті жарып Шумский мен тағы бір офицер келе жатады.

С ұ л т а н. Доғар! Болды, жетті.

Ш у м с к и й. Мырзалар, мына халықты шығарыңдар. Біздің өте тығыз сөзіміз бар... Көне.

С ұ л т а н. Ал, міне көрдіңдер ме... Бар-бар... Барыңдар... (*Kemicedi.*)

Ш у м с к и й. Мырзалар, мен сіздерге генерал Березовскийдің өте тығыз, өте қатал бұйрығын әкеліп отырмын. Сіздерге 24 сағат.

С ұ л т а н. О, құдай, тағы 24 сағат.

Ш у м с к и й. 24 сағат ішінде алаш қаласының қажарымын босату міндеті тапсырылады. Атаман Дутов 40 мың әскерімен келе жатыр. Сол атаман күші бесінші армия күшіне қосылып алып, үш күн ішінде барлық облысты өз уысына мықтап тұрып бүгіп алмақ.

Б і л ə л. Иә, сәт, иә, құдай.

Ш у м с к и й. Тоқтаңыз, тоқтаңыз, мырзалар. Сіздерге тағы бір қатты ескерту, Дутовтан келген хабарға қарағанда, қазақ даласы атаманға достық ету орнына үнемі қастық жасап, қарсылық етуден жазбай тұр дейді.

М ұ с т а п а. Ойпыр-ау, бұл неткен ел?.. Атаманның бетін не жүзбен көреміз енді, батыр-ау, ә?

С ұ л т а н. Ал ендеше, Мұстапа, ұқтың ғой, білдің ғой, сал барынды... қанша сағат дейсіз?

Ш у м с к и й. 24 сағат уақыт беріледі.

С ұ л т а н. Ал, Мұстапа, сен осыған... өзің кіріс, бар мына господин поручиктің қасына ер.

М ұ с т а п а. Ердім... Алашорданың бар күші, адамы сіздің әміріңізде, господин поручик.

С ұ л т а н. Айтпақшы, Біләл, тұр, осы жолға сен де ерші...

М ұ с т а п а. Рас, жалғыз мен емес, қалаға беделің бар, жүр.

Б і л ө л. Барайын, тек осылардың ғана жолын қыла көр, иә құдай. Ал онан соң атаман келісімен осы Шынтасты ғана құртып берсендерші, осыны ғана уәде қылшы енді Сұлтан, Мұстапа...

С ұ л т а н. Үндеме, сенсіз де кіжініп жүргенім сол, сондайлар. Березовский Бондыр деп, алашорда Шынтас-Шынтас деп тісін басып тұрған жоқ па... Алаң болма, тарта бер. *(Аналар кетеді. Сұлтан әрлі-берлі жүреді... Есікте шу.)*

Д а у ы с. Жібер ай, жібер, деймін...

Қ а р а у ы л. Болмайды, болмайды деймін.

Ж о й қ ы н б е к *(есіктен қарауылды серпін)*. Ой, тәйірі деген, болмаса мынау не. Кір! *(Ербол екеуі кіреді.)*

С ұ л т а н. Е, сендерге не керек?

Е р б о л. Керегім – шағым, мырза... Осында алашорда жастары қымызға қызып, қызға таласып, інімді жапқызып қойыпты. Жазықсыздан зарақтырмасын. Шығарып берсін деп кеп тұрмын...

С ұ л т а н. Ініңнің аты кім?

Е р б о л. Теміршот.

С ұ л т а н. Теміршот?! Е, анау әлгі қайықшының бірдемесі ме? Жоқ, ол босамайды.

Е р б о л. Неліктен босамайды?

Ж о й қ ы н б е к. Жазығы не?

С ұ л т а н. Жазығында не ақың бар? Ондай іні марқау кетсін. Сұрап сайтаның бар ма?

Е р б о л. Мырза, бұ не дегенің, мазағың ба?

С ұ л т а н. Мазақты көп көрсең, азапты да тарта-сың.

Е р б о л. Бұл зорлығың – зорлық, енді кеп күйткен қорлығың не?

С ұ л т а н. Қорлықтың әкесін көгенде отырып, көздеріңді ойғанда көрерсің.

Е р б о л. Барың осы ма? Тек көген басында тез табысайық ендеше...

С ұ л т а н. Не дейсің, не дедің?

Ж о й қ ы н б е к. Дегені деген ғой, сол мырза... Иә.

С ұ л т а н. Сен кімсің?

Ж о й қ ы н б е к. Мен қол ағаштай жұдырығы бар,  
қолақпандай кісімін ендеше, ал.

С ұ л т а н. Ізденген немемісің, әлде?

Ж о й қ ы н б е к. Өзім іздеген емеспін, ал бірақ іздегенге  
сұрағанмын. Онымды тағы жасырар жайым жоқ.

С ұ л т а н. Белгілі жуан немесің ғой өзің....

Ж о й қ ы н б е к. Е, тілегімнің беті білегіммен қоса  
қимылдайтыны рас.

С ұ л т а н. Бәлем, қаланың қу жатағы, беттен алып  
дәндіккен екенсіңдер. Ендеше, біліп ал. Әне, 40 мың  
әскерімен атаман Дутов кеп ертең-ақ осында орнайды.  
Жаңағы көген дегенім деген. Ініңді де, үніңді де тап сол  
жерде өшірермін.

Е р б о л. Көгеніңмен кетіп жүрме...

Ж о й қ ы н б е к. Ендеше, сені ме, арызшы болып,  
енді бәрі итім көрсін.

С ұ л т а н. Тек қана атаман жетіп қалаға кірсін.

Ербол, Жойқынбек сыртқа шығады. Сұлтан кетеді. Ерболдарға  
Сергей келеді.

С е р г е й. Орынсыз талап демеппем... Сонда да ажары  
қалай?

Е р б о л. Ажарын сұрама. Теміршотқа қаны қарая  
өшіккен көрінеді.

С е р г е й. Не дестіңдер?

Ж о й қ ы н б е к. Десуге келген жоқ. Сонан соң құр  
кетейік пе, тіпті болмаған соң жұдырық қана шенестік.

С е р г е й. Ай, Теміршот... Қызу, айласыз, ұшқалақ!  
Біздің қимыл тездемесе түрмедегі өзге адамдарымызбен  
бірге о да кетті... Қимыл... Тез қимыл қажет.

Е р б о л. Қимылды айтасың-ау, бірақ Дутов хабарын  
есіттің бе?

Ж о й қ ы н б е к. Ертең кеп қалаға кіреді. 40 мың  
әскері бар дейді ғой...

Е р б о л. Қаланы бір атаман үстіне тағы бір атаман  
әлегі басатын болды.

Жуасбек келеді, амандасады, хат береді.

Ж у а с б е к. Мә, Сергей, мынаны оқы. Іздегенім сен едің. Ой, Жойқынбек, немене, біреуден таяқ жегенбісің өзін? Сұрқың қалай еді?

Ж о й қ ы н б е к. Ойбай-ау, қор болдым ғой мүлдем.

Ж у а с б е к. Жалғыздап жатыр ма?

Ж о й қ ы н б е к. Әлі күнге бір жұдырық сілтесемші. Айдағаным құр ғана сыпайы сөз. Сіз, біз. Сен не күн көріп жүрсің?

Ж у а с б е к. Үндеме, бір майдан соң, қырғын төбелес енді-енді ғана келе жатыр.

Ж о й қ ы н б е к. О, балаң аты таң жарық болсын. Сүйдесеңші тым құрмаса.

С е р г е й. Дутов әскері шынымен осы қалаға беттеп келе ме?

Ж у а с б е к. Қалаға келеді.

Е р б о л. Қалың ба, 40 мың дегені шын ба?

Ж у а с б е к. Санын білмедік. Бірақ қалыңы қалың. Қалаға жеткізбей көршеулейік деп Шынтас құлшынып отыр.

С е р г е й. Өз күштерің аз ғой, алғызбайды ғой.

Ж у а с б е к. Енді кеп қалаға кірсе, не болдык?

С е р г е й. Жоқ, олай болса қаланы ол алмайды, біз аламыз. Бізде де күш шағын, бірақ содан басқа шығар жол жоқ. Атаманнан бұрын қаланы алып көреміз. Жойқынбек, сен мына хатты ал да, Бондырге шап, қалаға қарай бассын. Біз қаланы алысымен, ол осыдан қаруланып алып қырға шықсын. Жуасбек, қайта шап, Шынтасқа айт, түн баласында партизан шабуылын көп жасап, қолындағы көліктерін тартып ала берсін. *(Жойқынбекке.)* Жә, шын төбелес енді келді. Міні келеді. Түсіндің бе, Жойқын, әзірмісің?

Ж о й қ ы н б е к. Әзір болмай қайтушем. Дәл осыны күте-күте 40-тан асқан, зар күйіне келген, қырғын жұдырық мінекей! Жіберші, жіберіп қана көрші.

С е р г е й. Ендеше, мына хатты жеткіз де, қайта қайт. Бірінші қызу майдан – қалада, Ербол, сен маған ер, өтеміз. Іске басамыз, кәне, жөнеліндер!

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

## Алтыншы сурет

Күнгірт кеш. Паром аузында. Ертісте сең жатыр. Алыста ана жағада ар жақтың, үлкен қаланың оты жарқылдайды. Бір топ қайықшы, орталарында Сергей, суға қарап сөйлеседі.

1-қ а й ы қ ш ы. Қорықпайды, қарашы, сіресіп келе жатқан сең болса да...

2-қ а й ы қ ш ы. Сескенбей сілкіседі.

С е р г е й. Ербол қайда?

1-қ а й ы қ ш ы. Үндеме, жабысып жатыр.

3-қ а й ы қ ш ы. Қадалғаннан қан алмай неге шықсын Ерекен.

4-қ а й ы қ ш ы. Тоқта, я сәт!

1-қ а й ы қ ш ы. Ақырын, дабырлама.

2-қ а й ы қ ш ы. Ал, ақырын... я сәт, ақырын... я сәт.

1-қ а й ы қ ш ы. Ерім... жарайсың, болды, әні кесті... көрдің бе, Сергей? Сүйінші, кесіп жіберді Ербол.

С е р г е й. Тоқта, үндеме. Үлкен істің ең басы осы.

1-қ а й ы қ ш ы. Ал енді ар жақ, бер жақ арасы пышақпен кескендей кесілді де үзілді.

3-қ а й ы қ ш ы. Әні кетті... Шу қарақұйрық! Ербол кесті де жолыңды байлады. Өзі міне қайта салды... Кел! Келші, айналайын, Еркем-ай!

Қайық жылжып келе береді, Ербол мен бір қайықшы.

С е р г е й. Достар, Ербол паромды ғана кескен жоқ, ақ қашатын жолды да кесті. Бүгін-ертең қалаға келсе де, ар жаққа өте алмайтын қып Дутовтың да алдын кесті.

5-қ а й ы қ ш ы. Бәсе, соны айтсаңшы.

С е р г е й. Ал, Ербол, енді не білгенің бар?

Е р б о л. Бұйыр да, міндет арт. Сөз осы емес пе, жігіттер?

Д а у ы с. Осы... Тас түйінбіз!

С е р г е й. Құп, жолдастар, ал, бері таман, жә екі жағыңның әр қайықшысынан да екі өкіл бар ма осы арада?

Е р б о л. Бар, түгел, міне, мына Қырықпай бас жатақтан. Ботпай орта жатақтан, мен болсам аяқ жатақтан. Тапсыратыныңды айт, бар қайықшыға біз таратамыз.

С е р г е й. Ендеше, бұдан былай қайық екі жағадан да біздің адамдардан басқа ешкімге берілмейді.

Е р б о л. Болды, өз адамдарыңның белгісін айт.

С е р г е й. Белгіні білесіңдер, жеткіземіз. Ол бір, екінші – Дутов келсе, қырғын келеді. Келмесін, пәтер берілмесін, көлік тимесін деген сыбысты тарата беріңдер. Ұқтыңдар ма?

Д а у ы с. Ал түнгі сағат бірде пулемет атылса, іс басталды деп біліңдер, сол! Жә, тараңдар! Барыңдар.

І-қ а й ы қ ш ы. Бүгін түнде қайықшы атаулының кірпігі ілінбейді. Оны өз міндетіме аламын. Ал, жігіттер, жүріңдер. *(Кете беріседі. Қараңдап екеу келе жатады.)*

С е р г е й. *(қайықтан шыға бере).* Алтыншаш, қызым!

Е р б о л. Немене?

А л т ы н ш а ш. Ағалар, үйден ұрланып шықтым. Өлер, тірілер жерім келді. Жаным қысылып шықтым. Теміршот басы қатерде. Менің өгей шешем мен Бесбілезік біліпті. Анық бүгін түнде атылады деп Сапар келіп айтып кетіпті. Жаным, паналарым, құтқара көріңдер! Құтқара көріңдер!

Е р б о л. Шырағым-ай, жанкүйер, шын досы екенсің-ау Теміршотымның.

А л т ы н ш а ш. Тұншыққан күнде тапқан жарық жұлдызым. Тіршілік тынысым еді Теміршот. Ереке, Сергей, айла бар ма?

С е р г е й. Жылама, Алтыншашым, жақсы қарындасым... Теміршот құтқарылады. Сол үшін кетіп барамыз.

А л т ы н ш а ш. Ағатай, жолыңа жаным құрбандық болсын ендеше, жөнел, жөнеле көрші.

С е р г е й. Жарайды, берік бол. Ал, біз жөнелдік. *(Қайыққа міне береді. Жойқынбек шығады.)*

Ж о й қ ы н б е к. Апырай, дәл басқанымды қара, Сергей.

С е р г е й. Жойқын, немене көрдің бе Бондырды?

Ж о й қ ы н б е к. Көрмей қоям ба? Мә, мынаны оқи бер. *(Өзгелерге.)* Шіркін, еркек солар екен.

С е р г е й *(қатты оқи бере).* Еркек жалғыз олар мен, міне, мында қара, мінекей қасында тұр. *(Алтыншашты көрсетеді.)*

Ж о й қ ы н б е к. А? Не дедің? Ой, Алтыншаш, жүрісің қалай жақсы еді. Әлде сен де өзіме тартып төбелес іздейін дедің бе?

А л т ы н ш а ш. Ашынғаннан ашылады екен, аға.  
Сендердің жолыңнан аяп қалар аяулым жоқ.

Ж о й қ ы н б е к. Мінекей, сөз төресі осы десеңші.

С е р г е й. Бондыр жарапты. Хабар бізден, жә!

Б а р б а р. Алтыншаш, айтсаңшы...

Е р б о л (*Алтынишашқа*). Қарағым, не қалың бар? Әлде  
өзің де қыспақта ма едің?

С е р г е й. Алтыншаш, айт, жәрдем керек пе?

А л т ы н ш а ш. Теміршот басың қыспаққа түссе,  
Сергейге сен, соған білдір деп еді. Ағатайлар, өзім де  
қатердемін.

С е р г е й. Болды. Түсінікті... Жә, ендеше, Жойқынбек,  
Барбар, мына Алтынымның амандығы екеуіңе міндет. Сақта,  
жылатпа... Байланысты үзбей, білдіріп тұр. Телефон хабары  
– 2-полк штаб начальнигі арқылы Сергейді сұрарсың. Ал,  
барындар, Ереке, жүр, бас! (*Қайық жөнеле береді.*)

А л т ы н ш а ш. Жолдарың болсын, жарық күнім  
колыңда, осы барар жолыңда. Сапарыңнан таң күтемін,  
енді бар тілеуім жолыңда.

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

### *Жетінші сурет*

Алтыншаштың үйінде. Түн. Қызу жиын. Алтыншаш кымыз құйып  
отыр. Қасында гармоншылар Барбар, Сапар, Мәжитов және бірнеше  
түсі жаман мас актер.

Б а р б а р (*ән салады, әні “Жиырма бес”*).

Шүкірлік бергеніне зұлзаламның,

Ойында ешнәрсе жоқ бозбаланың.

Тарқатып жас дәуреннің жәрмеңкесін,

Шетіне шығып қалдық ду базардың.

С а п а р. Өтірік, шыққамыз жоқ.

М ә ж и т о в. Былшылдайды ол ән.

С а п а р. Жә, доғар!.. Сөз бар. Бүгін ойран-топан іс бар.  
Тыңда, жауап бер, сендер кімнің досы, а? Кімнің досы?



Қожағұл, Іңкәр кіреді.

Мәжитов. Дұрыс жауап айт! Міне, мынау мүңкір мен нәңкір. Кімнің досы?

Алтыншаш. Ей, құрбылар, осы қорқытқанды қоямысыңдар?

Мәжитов. Қорқытамыз, көріп қой, міне, біз құдайыңыз.

Алтыншаш. Мұндай жапалақ бет, қара пұшық, пияншік құдайды көрген емен.

Сапар. Жоқ, жақауратпа, жауап бер. Айт, Қожағұл.

Қожағұл. Не дейін, шырағым-ау, жат болған жерің бар ма еді?

Сапар. Доғар, білеміз... Досың біз емес, басқа.

Іңкәр. Ойбай, қалқам, Сапар-ау.

Сапар. Жоқ, жалған айтпа, мына Алтыншаш достым Теміршот емес, большевик емес, сенсің, Сапарсың деп...

Мәжитов. Уа, һәм сенсің, Мәжитовсың деп...

Сапар. Сапарсың деп...

Мәжитов. Нет, стой! Мәжитовсің деп...

Сапар. Мәжитов, уәдені ұмытпа, қоя тұр. Иә, Сапарсың деп бейіл берсін. Болмаса, болмаса бар ма, бүгінгі түн – ойран-топан түні. Сират көпірінде қылыш үстінде тұрмын деп біл. Жә, кімнің досы?

Іңкәр. Сапар, мен баяғыда айтпап па едім, қызым сен демесе сандалғаны.

Алтыншаш. Япырай, не дейсің? Өзгенің қорлығы аз деппедің. Мұның не?

Сапар. А, қайта айтшы, не дейсің?

Іңкәр. Тыңдама оны, айттың ғой демегін. Мен ғана емес, мына әкесінің сөзі де сол.

Сапар. А-а болды, жетті! Досы біз. Ендеше, Теміршотты бүгін түнде сағат бірде пристань сыртындағы құмда, төбеде...

Мәжитов. Атаманның күндегі өкім орындайтын жерінде...

Сапар. Бір топ большевиктермен бірге атылады. Марқұм кетеді... Ал біз жер жайлау жарасып тойлаймыз... гармондатамыз. Әкпел, ұста, ал ана гармонды.

Алтыншаш *(зорға тұрып сырт айналады. Аяғын ерең басады. Барбар бірге жақындайды.)* Ағатай, нені есіттім, не деді мына құзғын?

Б а р б а р. Қалқам, жаңағы жерін білдірейін Сергейге. Жойқынбек хабар тосып отыр. Сен сыр бермей, сабыр ет те шыдай тұр, ие болшы өзіңе.

А л т ы н ш а ш. Ағатай, жүгірте көр кісінді. Я тәңірі, қуат бер!

Барбар кетеді.

С а п а р. Жә, есіттің де білдің ғой. Байқап қой, сенің бүгінгі қабағың барды шешеді. Мына Мәжитовтың аты жегулі тұр. Менікі емей жат болсаң, өзгенікі емес, дәл осынікі боласың, өзім берем. Өз қолымнан берем. Сүйіп отырып, қызғанып жылап отырып берем, бірақ бәрібір берем... кәні, жөніңді айт!

А л т ы н ш а ш. Өзің не тілейсің, не қыл дейсің?

С а п а р. Сыныма шыда... Сырыңды аш деймін.

А л т ы н ш а ш (*Барбар кіреді. Соған қаран*). Ендеше, сырыңды айтшы.

І н к ө р. Е, бәсе, ақылы бар емес пе еді?

Қ о ж а ғ ұ л. Айналайын, ұғыссаңшы, сүйтіп.

С а п а р. Жарайсың, жақсы бастадың. Олай болса, әзірге сын мынау-ақ. Осы қолыңдағы гармонға қосылып, сонау бір кезде айтқан “Ақ қайың” деген әніңді қайта айт. Ол күнде Теміршотқа, өзгені сүймеймін, сенімен өлемін деген сырыңды сол “Ақ қайыңмен” айтып ең. Енді Теміршоттың өлімін естіген жерде “Ақ қайыңды” маған айтсаң, мен риза. Сенемін, кәне, не дейсің?

М ә ж и т о в (*Іңкәрға*). Айтқыз. Сенің де қыл мойынға тақалған жерің осы.

А л т ы н ш а ш. Достықты тілейсің, соныға қарай өзі дос па екен деп барласам, дос емессің, қайта өшсің. Өштікпен сыйламақ боласың. Ондайыңа, сүм зорлығыңа көнерім жоқ. Айтпаймын.

С а п а р. Жоқ, жоқ, айтасың! Айт, баста! Соңғы сөз, соңғы сын.

М ә ж и т о в. Тіпті соңғы бұйрық, айт.

І н к ө р. Қарағым қызым, өлердей тілегенім болсын, айтшы енді.

Қ о ж а ғ ұ л. Балам-ай, қиын да болса, жиын тіледі  
ғой, айта көрші, айтшы енді.

С а п а р. Ойпырмай, Теміршотты сүйетіні шын-ау!  
Күймей қайтіп шыдайын. Қайтіп аман қояйын! Айтшы,  
айтасың ба, жоқ па?

М ә ж и т о в. Айт деймін.

І ң к ә р. Айт, айтшы, Данажан.

Қ о ж а ғ ұ л. Айтшы, Алтыншаш.

Б а р б а р. Қалқам Алтыным.

А л т ы н ш а ш. Не дейсің, ағатай?

Б а р б а р. Мен де тілеймін, айта ғой, айтшы енді.

А л т ы н ш а ш. Ойпырмай, не дейсіз? Сіз кім едіңіз,  
Барбар-ау?

Б а р б а р (*гармонды тарта беріп*). Басташы, айтшы.  
(*Өзі әндетеді.*)

Шықпаған Алтынымсың жаман атың,

Дос болса сендей сақтар аманатын.

Бір кезде қуаныштың “Ақ қайыңы”,

Тар күнде сүйеу болар қос қанатың.

Ақ қайың... ей-ей,

Созайын, е -ей...

Айтшы, қалқам, мен тіледім.

Тыста ат-шананың сықыры, қоңырау дыбысы естіледі.

М ә ж и т о в. Айт, “Ақ қайыңды”.

С а п а р. Баста, әйтпесе, әне, ат әзір. Өлген жерім де,  
қалған жерім де осы ғана.

А л т ы н ш а ш (*гармонды алып*).

Ақбөкен пана қылған ақ қайыңды,

Жапанға жалғыз біткен ақ қайыңды...

С а п а р. Уай, Алтыным, айттың ба, мендік болдың  
ба, қуатым.

А л т ы н ш а ш.

Өзге емес, өзіне айтам қиял жары,

Азбаспын, қайдан білсін жат жайымды.

Ақбөкен, неге ұмытсын жар мекенін?

Ақ қайың жасырар ма зарлы екенін?

Ғашық жар, өлсең өлем, жаным бірге,

Көнетін қор өмірге мен бе екемін?  
Жан жарым, рухың риза болсын маған,  
Жолыңа айтқан тоқты, мен садаған,  
Қияда тас қамауда көзім жасы,  
Бір сен деп, жау көзінше сорғалаған.

С а п а р. Ойпырай, нені айтқызып ем! Неге айтқызып ем? Не дейді мынау? Көзіндегі жасты көрші, жауыма төккен жасы ғой. (*Жылап жіберіп.*) Жә, болды, бітті ендеше, бұл ойын өзіме бұйырмаса, оған да бұйырмасын. Тұр, Мәжитов, жолың болсын алып кет! Әй, қайдасың түге, кел бері. (*Әскерлер кіреді.*) Ұста, киіндір! (*Алтыншашты қамап қоршап, киіндіре береді.*)

М ә ж и т о в. Киіндір, сал шанаға. Қасыма отырғыз!

Б а р б а р. Ей, жігіттер, қасқырмедіндер? Бұларың не? Тиме!

С а п а р. Сөйлеме. Үн қатпа!

Қ о ж а ғ ұ л. Ойбай-ай, өстіп өлтірмекпедіндер?

А л т ы н ш а ш. Ей, Мәжитов, ер болсаң есінді жи.

С а п а р. Тыңдама, аяма, қорла, жазала, талауға сал...

Бірақ әкет көзімнен.

А л т ы н ш а ш. Ендеше, ойнап жүрген шығарсың. Арам тер болғаныңды ақырғы сағатта танытармын, көрермін.

М ә ж и т о в. Болды, жабылды қымыз қызығы, тарт енді.

Д а у ы с т а р (*тыста*). Ойбай, қуғын, қуғын, Жойқынбек! Төбелес, жібер, ұста. (*Жөнеле бергенде алдарынан шу шығады.*)

Б а р б а р. Жойқынбек, әкетті ғой, қайдасың, қайдасың, ойбай! (*Барбар мен Қожағұлды Сапар ұрып жығады.*)

С а п а р. Тарт, Мәжитов, терезеден тарт. Әкет, өзім төтеп берем. (*Терезені теуіп жіберіп сындырады. Мәжитов пен Алтыншашты итеріп шығарып жібереді.*)

І н к ә р. Қуарған көк ауру, қыңыр қыз, қанжығада кеттің бе? (*Сапар есікте, тартысады.*)

Ж о й қ ы н б е к (*сыртта*). Қират былай иттерді, беремін сыбағанды.

С а п а р. Көрермін айырғаныңды.

Ж о й қ ы н б е к (*тартысып есікті аша беріп*). Кім келеді қарсыма? Босат жаның барында!

С а п а р. Қайт, өлесің! (*Мылтығын төсей береді.*)

Ж о й қ ы н б е к. Мә, шын өлгенді енді көресің. (*Сапардың мылтығын ұрып түсіріп, өзін төбеден бір періп серейте құлатады.*) Қайда, қайда Алтыншаш? Сорлы басым, қайда, ойбай-ау?

Қ о ж а ғ ұ л. Қор болдым ғой, зарландым, әпкетті. Қор етті ғой. Үш! Шап! Ұмтылшы!

Жойқынбек терезеден ырғып жөнеледі. Тыста қоңырауы шылдырап бара жатқан тройка.

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

### IV АКТ

#### *Сегізінші сурет*

Түн. Өзен жағасы. Сең жүріп жатыр. Семей жақ жағада үлкен екі қабат тас үй. 5-ші армия штабының үйі. Жағада үш қайың. Сонда екіден отырған қайықшылар. Бұлар Сергей, Ербол, Шынтас, Жуасбек, тағы екі қайықшы.

Ж у а с б е к (*ыңырсып әндетіп*). Сырғаңды қайық кылып өткіз мені. (*Тоқтап.*) Е-е...

Ш ы н т а с. Жандарал неткен сақ десеңші. Тығылам десе жасын атса күйремес, тас сарайы онда тұр, жылысам десе жедел қашып жөнейтін жел қайығы тұр мұнда.

С е р г е й. Жандарал әлі мығым. Уақыт болса өтіп барады.

Е р б о л. Бұл қалай, ә? Неғып кешікті?

С е р г е й. Не болды бұл Бондаренкоға?

Е р б о л. Әлде білініп, ашылып қалды ма?

Ш ы н т а с. Құр күдік айтпай тұра тұр.

І қ а й ы қ ш ы. Кешіккен сайын Теміршот жазым болмаса игі еді деп дәт жоқ.

Е р б о л. Бір Теміршот емес, талай басты большевиктер де жазым ғой.

С е р г е й. Біздің кісілер ең болмаса түрмені бағуға міндетті.

Ж у а с б е к. Ал, осы жандарал қайықты керек етпей басқа бір жолмен кететін болса қайтеміз?

С е р г е й. Басқа жолды оған кім береді? Әзірлеп отырған қайықпен кетпей немен кетеді?

Ж у а с б е к. Тек дегенің болсын. Қақпанды баспай кетпейді десейші ендеше.

С е р г е й. Жалғыз-ақ осы ана жақтың кешеуілі... *(Алыста мылтық атылады.)* Тоқта! *(Бәрі де “тоқта-тоқта” деседі.)* Бір... иә, екінші қайда. Сол жақтың кешеуілі жақпай тұр.

Ш ы н т а с. Әлде өзіміз солай барып, сонда араласамыз ба?

С е р г е й. Жоқ, біздің барлық күш дәл бөлінген. Штабты басу оңай емес. Өз міндеттерін олар өздері ұға біледі. Бұл қалай, ө?

Е р б о л. Неғып кешікті бұл?

Ж у а с б е к. Қайран Теміршоттар...

1-қ а й ы қ ш ы. Бәсе, өкіндіріп жүрмесе игі еді-ау!

Ш ы н т а с. Тоқта, күдікті қоя тұр... Күпті қылатын күдігі құрғырды қойшы сол.

Ж у а с б е к. Әйтсе де Теміршот күйі батып тұр... зығырды қайнатып, сабырды алып тұр. *(Пулемет даусы бытырлап қоя береді.)* Я, сәт, біздікі ме, қайдан шығып тұр! Сергей, Шынтас!

С е р г е й. Түрме тұсы... 2-полк штабының тұсы. Ұқсайды. Біздікі болу керек.

Ш ы н т а с. Дәл өзі... Біздікі!

2 қ а й ы қ ш ы. Ой, еркектерім, дегеніңе жет. *(Пулемет.)*

С е р г е й. Екінші рет, дұрыс, уәделі белгі. Ал, жігіттер, түн ішінде осы сағатта біздің күн, совет күні, мына дауылпаз пулемет үнімен қатар, қайта туды деп біліңдер. Дер кезім жетті, сағатым соқты деп біліңдер. Кәні, ерлер, енді қимылға өзір бол!

Ш ы н т а с. Ер ұраны естіліп тұр әні. Сын сағатым соғып тұр. Бұнда әзір болмай қайда әзір болам?

Ә с к е р и (*асығып келе жатып*). Әзірле! Қайықшылар, қайдасың? Қайықты! Господин генерал қазір жетеді! Бол, жылдам.

С е р г е й. Жуасбек! Бол...

Ж у а с б е к (*офицерге*). Господин подпоручик! (*Жақындай береді.*) Тыңдаңызшы... мұзды қараңызшы. Сең қалың. (*Жақындап келе береді.*)

Ә с к е р и. Шығарма үнінді. Өлсең де алып өтесің, сөйлеме!

Ж у а с б е к (*қасына барып бас салады, барлығы аузын басып жабыла түседі, суға тастап жібереді*). Е, сөйлемесең сөйлеме! (*Суға қарап тұрып.*) Ал, үндемейін, үндеп не қылайын.

С е р г е й. Токта, бері қара, келе жатыр, тығылыңдыр. (*Тығылып тұрады. Сол уақытта асығып басып жандарал және бес-алты офицер шыға келеді. Үйден шығып асығып келеді.*)

Г е н е р а л (*кекетіп*). Адмирал... диктатор! Атамандар! Әмір аз боппеді? Шет елдердің көмегі аз боппеді? Әлсіз туған ақсүйек, болжыр тұқым. Мұжық селеннің астында тұншық енді. Өздерің ғана емес, мені де ала кеттің. Қайда, қайда 2-полк? Қайда командир? Көтеріліс... қаптады әні қалың сел. Қайық, әзір ме қайық? Кетемін, кеттім Қытайға, әзір ме?

О ф и ц е р. Әзір, ваше превосходительство.

Г е н е р а л. Қайда, қайда 2-полк? Хабарын ғана айтса екен. Командир, офицер. Бәлем, 2-полк командирі, осы кешіккеніңді ме?...

Ә с к е р и (*штаб жақтан жүгіріп кеп.*) Ваше превосходительство, 2-полкпен жалғастық. Қатынас бұрынғыша, полк орнынша.

Г е н е р а л. Уһ! Рақмет, офицер мырза. Ал, қайда, Шмит командир қайда? Шақырдыңыз ба? Шақырсаңыз етті.

О ф и ц е р. Өзі де осында кетті дейді. Келеді. Қазір келеді.

Г е н е р а л. Жарайды, тосайық.

О ф и ц е р. Міне, келе жатыр... 2-полк командирі! Өзі де келді. Біздің бар зор үмітіміз! Господин поручик Шмит!

Шмит келеді.

Г е н е р а л. Господин поручик, тез, тез баян етіңіз, хал қалай? Күшіңіз не күйде?

Ш м и т (*рапорт беріп тұрып*). Господин генерал, күшіміз берік. Қалайда 2-полктан басқа әскери күш жоқ. Ал 2-полк қазіргі сағатта революция полкі болып түрмені алды.

Г е н е р а л. Қалай? Не, не, не?

Ш м и т. Ал сіз сол революция атынан барлық мына штабыңызбен ареске алындыңыз деп жариялаймын. (*Мылтығын төсейді.*)

Г е н е р а л. Сіз? Шмит? Не дейсіз? (*Офицерлер қамай береді.*)

Ш м и т. Сүйдеймін! Ну?! (*Офицерлер Шмитке ұмтыла бергенде.*)

С е р г е й. Стой! Бер қаруды! Ал қаруларын. (*Барлық қайықшы мылтықтарын төсеп тұрып ареске алады.*)

Г е н е р а л (*ызалы*). Қайықшы! Түкке тұрмайтын киргиз, қайықшы... А, сіздер, ех, офицерлер, түкке тұрмайтын.

Ж у а с б е к. Түкке тұрмаған осы бола ма екен?

Ш ы н т а с. Өзінді тырайтып отырса да түкке тұрмай ма екен жандарал, а? Білмеймісің, знаком, мен Шынтас!

Г е н е р а л. Шынтас? Ә, онда түсінікті. (*Бұларды әкете береді.*)

Ш м и т (*Сергейлермен қол алысады, рапорт*). Жолдастар, достар. (*Иығындағы пагонды жұлып жатып, Сергейге.*) Жолдас военно-революционный комитет бастығы! Бондыр бастаған Қарағай партизандары бүгін түнде, сағат 2-де қалаға кеп кіреді.

С е р г е й. Қалада түрмеден басқа почта, вокзалдарға кісі жіберілді ме?

Ш м и т. Жіберілді, қолға алып жатырмыз.

С е р г е й. Болды, енді штабқа кіріп, іске басайық.

Ш м и т. Бәсе, ендігі істің басшылығын қолға алыңыз, бастаңыз. Бұйырыңыз, жолдас Сергей! (*Кете беріседі, бұларға қарсы жүгіріп, бірнеше топ граждандар келеді.*)



Д а у ы с т а р. Ойбай, жаман хабар... Қаптап кеп қапты.

– Ар жаққа Дутов әскері жетіп қапты.

– Алып қойыпты ар жақты.

– Дутов Семей басып, таптап келеді дейді.

– Енді қайттік?

С е р г е й. Саспаңдар, достар, енді бір емес он Дутов болса да қала бізде, ақтарға қайта бермейміз, алысамыз. *(Шмит, Шынтас, Ерболмен оңашаланып.)* Қазір қала, бер жақ тегіс алынсын. Бондыр күші түгел ар жаққа Дутовқа қарсы Шынтас күшіне барып қосылсын. Шынтас, сендер дереу ар жаққа өт. Дутов қалаға келсе қалада, қалаға келмесе даланың, ауылдың өзінде бар үлкен жауапты операция істе.

Ш ы н т а с. Құп, айт, бұйыр...

С е р г е й. Қарсы соғыс жаудан бұрын стратегиялық, партизандық бір үлкен қимыл бар. Ол ең алдымен сол Дутовтың дәл өзі бастаған бар штабын жоқ қылу. Мінекей, саған тапсырылатын зор міндет осы. Бар да осыны орындап шық. Ал соғыс үшін Бондыр күші ертең ар жаққа өтеді, саған жетеді.

Ш ы н т а с. Құп, орындаймын.

С е р г е й. Ал, жол болсын, жөнел! *(Жөнеліседі. Барбар келеді.)*

Б а р б а р. Қайырлы түн болсын, азаматым Сергей! Жаңа сарын жақсы басталғандай ...

Е р б о л *(қуанған пішінде)*. Аузыңа май Барбар, тек ішің біле берсін. Даусың жетсе пулеметке өзінді қоса бер.

С е р г е й. Зеңбіректерге деңіз. *(Барбарға.)* Зеңбіректерге.

Б а р б а р. Қосқанда қандай. Айтпақшы, Теміршоттар не болды екен. Аман ба екен қайықтары?

С е р г е й. Әлі толық хабарымыз жоқ. Бірақ, түрменің мезгілінде алынуына қарағанда аман болу керек.

Б а р б а р. Тек жандары аман болсын... *(Кенеттен.)* Апырау, айтарымды ұмытыппын ғой. Масқара болғанда Алтыншаштан айрылып қалдық.

С е р г е й. Қалай, не дейсің?

Б а р б а р. Әкеткен қанды көз Мәжитов деген офицер, ана құзғындар өз қолдарынан қол-аяғын байлап берді, не

қару қылсын бейшара, жылай-жылай кетті. “Сергей ағайға сәлем де” деді бар айтқаны, одан басқа сөзге келтірмеді, шанаға басып алып тартып отырды, иттер.

Е р б о л. Қап, болмаған екен. Уыздай еді, өрім еді Алтыншашым. Обал болған екен.

С е р г е й. Рас, обал болған. Барбар, уақыт тығыз, жұмыс көп, сен Теміршотты тап, маған жолықсын. Алтыншашты қайтсек те құтқарамыз. Жүріңдер, жолдастар, штабқа! *(Жалғыз Барбар қалады, отырады.)*

Б а р б а р. Қайда екен Теміршот... Жалындай жас, жүректі жолбарыс кездесе кетіп жанындай сүйген жарын, *(тоқталып)* Алтыншашын сұраса не бетімді айтамын?.. Аға тұтынып маған тапсырып еді-ау. *(Басын шайқайды, ыңылдап өлең айтады.)*

Ән-күйдің ағып жатқан бұлағымын,  
Аққудың саялаған құрағымын.  
Ат берген “Ақ қайың” деп қарындасқа,  
Батагөй, сөнбес жарық шырағымын.  
Ақ қайың...

Осы кезде қасында екі-үш кісі бар өзен жағасынан Теміршот шығып қарайды.

Т е м і р ш о т. Сең қалай қалың. Қайтсек те өтуіміз керек. *(Дауыстан.)* Әкел қайықты! Қайықты әкел!

Б а р б а р *(қарауытқан адамдарға қарап)*. Бұлар кім екен? Таныс дауыс қой өзі. Ау, азаматтар, бері соғып кетіңдер! *(Аналар келе береді.)* Жаным-ау, Теміршот қой! *(Ұшып тұрады. Барбар Теміршотты құшақтай алады.)* Теміршотымбысың, қалқам.

Т е м і р ш о т. Сағынып қапсың ғой, Барбар аға. *(Арқасынан қағады.)*

Б а р б а р. Босаңдың ба, есен-сау?

Т е м і р ш о т. Босанбағанда ше? Халық үшін қамқор болған ерлер темір торлы түрменің астын үстіне келтірмеді ме! Енді екі-үш сағатта жаңа күнді — шын бостандық күнін қарсы аламыз! *(Пауза. Барбарға күлімсірей қарап.)* Ағатай, мені жеткізе көр Алтыншашыма, сәулем де қоса қуансын!

*(Барбар мұнайып төмен қарайды.) Неге мұнайдың, аға? Айтшы шыныңды жасырмай. (Төнеді.)*

**Б а р б а р.** Қара басты ағанды, менде саған қарайтын бет, бет жоқ, сөйлейтін тіл де жоқ. Арудай Алтыншашты әкетті, офицер Мәжитов әкетті. *(Жыламсырап, сөйлеп көзін сүртеді.)* Ағаңның тартатын сыйлығы осы, шырағым...

**Т е м і р ш о т.** Ақылды Алтыншашым, еңірей кеткен екен ғой. Етек жеңі ыстық жасқа тола кеткен екен ғой, Теміршотым, бауырым, деп қолын соза-соза кеткен екен ғой, жоқ-жоқ, бақыт таңына бірге қанат қаққан жарымды құтқарамын, бермеймін.

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

### *Тоғызыншы сурет*

Малды ауылдың қыстауы. Жарымы – үйлер, жарымы – мал қоралар. Екі аралығы – төбесі жабық дала. Терезелерде қырау. Мал қоралардың есіктері ашық, қарауытып тұрады. Анда-санда көрініп кетіп қарауылдар жүр. Ауылда ақтың қалың тобы, төрелері орнап жатқан тәрізді. Тыста сықырлаған аяз.

**Ш ы н т а с** *(малай киімінде, жегін саймандарын тасып бір араға үйіп жүр. Әр қораға кіріп шығады. Бір қорада үйілеп, қиналған үн шығады. Шынтас қарап тұрып).* Сабыр ет, қайрат жи... шыдай тұр, қария!

**Ш а л.** Ойпырай қарағым-ай, азаматым-ай, қор етті ғой... дүре соқты, сүмемен дүреледі ғой.

**1 ә й е л.** Кімді аяйды бұл қаскөйлер. Баламды өлімші қылды-ау. Ара түсіп ем, өзімді сабап, осында айдап жөнелді.

**2 ә й е л.** Қыз, келінде үрей жоқ... тау-таста...

**Ш а л.** Есіл ел аң боп кетті-ау... бәрі осылар, осындағы төрелер жіберген жендеттер.

**1 ә й е л.** Өзі бар ұлығы осында ғой, айтсақ арыз тыңдайтын неме ме, жоқ па, түге?!

Ш ы н т а с. Әуре болма, тыңдамайды, таң атқанша  
500 түйе тап дегенді ғана біледі.

Ш а р у а. Ер дүреден, әйел қорлықтан, бала  
қорқыныштан өлер болды ғой, қуарған жауыз төре.

Ш ы н т а с. Үндеме, көп дауыстап дабылдамандар.

Ш а р у а. Өзі, бар төресінің бәрі үйде ме?

Ш ы н т а с. Осында. Суық соғып қалжырап келген  
немелер ғой, бастары жастыққа тие салса сілейеді білем.  
(*Қап деп қи арқалап Жуасбек келеді*). Жа, бір сағат болды.  
Жатқалы сағаттан асты.

Ж у а с б е к. Пешті қып-қызыл шаласымен жаптық  
қой. Бәлем иістен у жеген қасқырдай серейген болар ендігі.  
Бастасам қайтеді?

Ш ы н т а с. Ертең қалаға кіретін, қайта нығаятын  
неме ғой. Бондыр жеттімекен?

Ж у а с б е к. Жетіп қалар. Бірақ ол ақтың ана ауылдарда  
жатқан әскерлеріне араласса, мылтық дауысынан мыналар  
оянып еріп кетеді. Бассақ қайтеді қимылға, тәуекел!

Ш ы н т а с. Тоқта, тағы бір байқайын. (*Терезеге  
жабысып қарап.*) Ұйқыда. Тоқта ана қарауыл өтсін. (*Әскер  
өтіп кетеді.*) Жап, бастыр есікті.

Ж у а с б е к. Е, бәсе, соны айтсаңшы енді бір. Бастыр.  
Әке десең ашылмас.

Ш ы н т а с. Жа, сырттағы қарауыл үшеу ғой? Тоқта,  
мінекей мынадан басталсын. (*Әскер шыға береді.*) Өй,  
знаком, темекі берші.

Ә с к е р. Үндеме, сөйлеме. (*Кете береді.*)

Ш ы н т а с. Әй, знаком, берсеңші әй! (*Жақындан  
барып бас салады. Жуасбек те қона түседі. Өлтіріп қораға  
тастайды.*) Жүр сырттағы екеуіне. (*Жөнеліседі.*)

Д а у ы с т а р (*қорадан*). Я құдай, бере көр азаматыма!

— Күн туар, күн туар бізге де!

— Мал-дүние талауда...

— Бас бола қорлықта...

Шынтастар қайта жүгіріп шығады. Қораларды ашады.

Ш ы н т а с. Жа, біздің жігіттер, бері шыға бер! (*Ылғи*

*шоқпар, наған ұстаған он шақты жігіттер шығады.)* Тоқта тағы бір шолайын. *(Терезеден қарайды.)* Өңшең пәлесі осында. Міне, жігіттер, сыбағаға тиіп тұрған бағандарың осындай. Кәні жүр, Жуасбек *(Өзгелерге.)* Бізден белгі тосыңдар. Аш! *(Жуасбек ашады, екеуі де үйде.)* Жый былай қаруларың! *(Екеуі жыйыстырып ала береді.)*

Ж у а с б е к. Әй, өлексе, мына бірін қара. Жат былай! *(Перін жіберіп, ұрып жығады.)*

О ф и ц е р. Қарауыл! Біз қырылдык, біз біттік!

Д а у ы с т а р. Ой, божымой! Не болды?

— Бізге не болды?

— Әл жоқ, бізді улатқан!

Ж у а с б е к. Шулатқан. *(Шынтас екеуі кезек ұрып жығып жүр. Барлық офицер тырайып жатыр. Бірен-сараны ғана мас кісідей, есуас адамдай көтеріле беріп мұрттай түседі. Мылтыққа ұмтылғандарын мына екеуі ұрып жығып, қаруларын тартып алып жүр.)* Әй, ағатай, өзіме бер, енді өзіме ғана бір берші, ағатай! *(Ұрып жығып.)* Былай да былай соқ десеңші! Әй бірақ, арман көп, не керек!

Ш ы н т а с. Е, тоныңды ит жеді ме, не көрінді?

Ж у а с б е к. Шіркін, дәл осы жерде Жойқынбек болсайшы... сорлы зіңгіттей жойқын боп, оның шәйнектей жұдырығы боп кеп мына мырзалардың түмсығымен айқасса десеіші... мұнау не? *(Жұдырығына қарап, біреуін перін ұшырып.)* Тәйір мынау жұдырық па? *(Тағы бірін түсіріп.)* Бірақ тілеуін бергір осы мыналар адам болады. *(Перін ұшырып.)* Көрдің бе? Тіпті мүлдем ынта-пейілімен барып түседі. Шаншыла түседі. *(Жұдырығына қарап.)* Әй, осы біздің мына жаман қараның өзі де тегін емес осы. *(Ұрып ұшырып.)* Әннені қара...

Ш ы н т а с. Жә, қару тегіс алынды. Құмарың да таркады ғой. Әй жігіттер, кел кіріңдер. *(Жігіттер кіреді.)*

Д а у ы с т а р. Әй, өздерің жайлап қойыпсыңдар ғой!

— Уа, бізге несін қойғансың? *(Төрелерді сүйрелеп үйін тастайды.)*

Ш ы н т а с. Жа, алыңдар қаруларды. Қарулан да қыр мына иттерді. *(Жұрт айтқанын орындай бастайды. Сырттан дауыс естіледі.)*

Д а у ы с . Шынтас, Шынтаска! Қайдасың?

Ш ы н т а с . Уай, ерім Бондыр, Бондырдың өзі ғой.  
(Жүгіре шығады.)

Б о н д ы р . Кел, ерім, Шынтаска. (Құшақтасады.) Не қылдың төрелерді?

Ш ы н т а с . Бірде-бір оқ шығармадық.

Ж у а с б е к . Және тіпті ренжіткеніміз де жоқ.

Ш ы н т а с . Тамағына тойдырып, төсегіне рақатпен жатқызып қойып...

Ж у а с б е к . Сонан соң құр қол ғана ұшықтадық өшейін.

Ш ы н т а с . Мына жалғыз Жуасбек жайратты.

Б о н д ы р . Жарайсындар екеуің де. Ал менің күшім мына тау ішінде тұр. Дутов әскеріне осы түнде соқтығып ауыл жайлау керек.

Ш ы н т а с . Біздің күш те соған әзір отыр. Ал, өз командаңа ал!

Б о н д ы р (оңашалап). Шынтас, сонан соң үлкен жаман хабар бар. Бүгін таң атқанша атаман Анненков пен алашорда күштері барлық басшылары бірігіп, мына Дутовтың қолына қосылғалы қатты асығып келеді дейді.

Ш ы н т а с . Әй, ендеше, кәзір тез, барлық күшті қосып, мынаның әскерін, осы түнде басып ал десеңші.

Б о н д ы р . Міне таптың! Міндет сол, бол, әзірлен, мін аттарыңа!

Ш ы н т а с . Ал, Бондыр, өзіңмен қолым да, құшағым да біріккен. Қасқыр жауға қас қарая шабар, зар күйіне енді келді еңбек елі! Жігіттер, қалың жауға қуана шабар, қуалай шабар күн келді. Ал тарт жауыңа!

### *Оныншы сурет*

Бекет. Қаладан қашқан төрелер мен алашшылардың ошарлап жатқан бекеті. Екі бөлме. Іштерінде ішік, кілем тәрізді қазына мүлік. Ханымдар да бар.

Гүлжамила. Атаман Дутов осы қазір, осы түнде жетеді емес пе?

Мәжитов. Жетеді. Осы бекет біздің атаман мен екеуінің бас қосуына уәде қылған жері. Жетеді. Табысамыз. Қазір.

Генерал әйелі. Я тәңірі, зор тәңір, болса екен сол сағаты, әйтпесе анау қызылдар қуа келсе не болмақ... не боламыз?

Гүлжамила. Әсіресе әне бір Шынтас деген партизан қорқытады.

Генерал әйелі. Анау партизан Бондыр қандай сұмдық?

Мәжитов. Шошымаңыз, ханым. Біз күштіміз әлі, біз сұмбемен сұлулаймыз олардың арқасы мен жұмсақ жерлерін.

Генерал әйелі. Ах, қымбатты офицер! Біздің рыцарь! *(Нарочный кіреді.)*

Нарочный. Господин атаманға пакет әкелдім. *(Төргі бөлмеге кетеді.)*

Генерал әйелі. Сол қорқынышты партизандармен алыспаққа қалып отырған жалғыз менің ерім, менің генералымды айтсаңызшы.

Гүлжамила. Біздің атаман ше? Бізге пана, бізге мақтан емес пе?

Генерал әйелі. Атаман дейсіз. Бұл бірақ қайда отыр? Қауіп-қатер ортасында жалғыз жүрген бекзада рыцарь менің ерім, менің генералым...

Атаман *(ана бөлмеден асыға шығады, кекетін)*. Иә, сіздің еріңіз! Генералыңыз. Миы сұйылған, алжыған...

Генерал әйелі. Господин атаман, мен қайран қалам...

Атаман. Генералыңыз, қаһарман еріңіз тұтқын болған... генерал, армия бастығы...

Генерал әйелі. Ах, рақымсыз тағдыр.

Атаман. Қойнына салып жауды өсірген. Штабын большевик офицерлерге толтырған. Генерал: оған генералдық емес, әскер басылық емес, сіздің ығыңызда паналап, сіздің құс төсегіңізге көміліп жату керек еді... *(Арлы-берлі жүріп.)* Қалаға келе жатыр ем, Жетісу фронтын тастап, әдейі осы

қаланы басып ұстап тұрмаққа келе жатыр ем. Айрылған. Енді Дутовқа қосылып... Қайта алғанша қанша. Бірақ қайта аламын. Алмай қоймаймын. Өртеймін, жоқ қыламын бұл большевик қаласын, жаулыққа толған даласын да өрт пен апат құшағына беремін. Бәлем! Қайда, қайда енді Дутов, Дутов қолы қайда? Қашан жетеді бұл жерге?

М ә ж и т о в. Шық алдынан. Адаспасын, белгі беріңіз. *(Мәжитов тысқа шыға бергенде алдынан Нарочный кіреді.)*

Н а р о ч н ы й. Господин атаман керек еді, пакет.

А т а м а н. Бері әкел. *(Ашып оқып.)* Не дейді? Не сұмдық? *(Офицері жақындайды.)* Барлық штабын қазақ партизаны Шынтас қырып тастаған. Өзі соны ести сала қайтадан Балқашқа қарай шалқайып кеткен. Қазақ даласы да — жау дала.

Алашшылар Сұлтан, Мұстапа кіреді.

С ұ л т а н. Господин атаман. *(Жақындап қолын бере береді.)*

А т а м а н. Тартыңыз, алмаймын қолыңызды!..

С ұ л т а н. Ваше превосходительство, айыбым не?

М ұ с т а п а. Тыңдап кіналасаңыз екен бізді...

А т а м а н. Нені тыңдаймын? Қайда жүрсіңдер, не істедіңдер?

М ұ с т а п а. Қайда жүрсің? Біз большевиктердің арасында қалып іс істейтін күштерді сайлағанымыз жоқ па?

А т а м а н. Оны істеген контрразведка. Сіздер өзгенің ісін өздеріңізге жапсыруға мастерсіздер.

М ұ с т а п а. Біз іріктеп, жиып бердік қой.

А т а м а н. Қазаққа мықты болсаңдар не ғып отыр мына дала? Қазақ күші сендерде емес, Шынтаста. Олар міне, міне қырып отыр Дутовтың штабын. Ие, болысқандарың, басқандарың қайда, қыр қарсылығын басқандарың қайда?

С ұ л т а н. Рас, қор етті, жерге қаратты бұл дала.

М ұ с т а п а. Жайын дала... не дейік?

А т а м а н. Ваше превосходительство, сонда да біздің сізден бөтен досымыз жоқ.

М ұ с т а п а. Сізбен бірге кетіп, не болса да бірге көрмекке бекініп келдік.

С ұ л т а н. Қумаңыз бізді.



А т а м а н. Жоқ, жетті, алмаймын қасыма. Аулақ болындар.

С ұ л т а н. Япырай, осы шыныңыз ба?

А т а м а н. Жетті, болды. *(Офицерлеріне.)* Әзірлет. Әзір ме? Жүреміз, тартындар.

С ұ л т а н. Қайтейік. Енді қайттік? Масқара болған соң енді қайтейік? Ал, Гулішка, әзірлен.

Г ү л ж а м и л а. Господин атаман, туғаным, досым, шынымен маған да айтқаныңыз осы ма?

А т а м а н *(Сұлтандарға)*. Өздерің менен аулақ болындар, бұл бір. Екінші, ханым Гүлжамила, сіз мына алашорда бастығының әйелісіз. Мен Қытай шегіне аман өткенше мына ерлердің айыбы үшін, ел айыбы үшін сізді заложница етіп, өзіммен бірге алып кетемін, ханым.

Г ү л ж а м и л а *(риза болып)*. Рақмет, господин атаман, мен қуанышпен алғыс айта еремін сізге. Мынау еркектер үшін намыстанып отырып сіздей жалғыз ермен бірге кетем. *(Әзірленеді.)*

Г е н е р а л ә й е л і. Господин атаман ... өлтірмеңіз, тастамаңыз мені де. Ханым, өтінемін.

А т а м а н. Болыңыз ендеше, жүріңіз. *(Кетіседі, атаман есік аузында тоқтап алашыларға.)* Менің артымнан 100 шақырымдай еріп отырасыздар... ең соңғы достық сөзім сол-ақ, қош!

С ұ л т а н. Күп, рақмет! Осы айтқан жеріңізден шықпасақ адам болмайық.

С ұ л т а н. Ал, бұ не болғаны?

М ұ с т а п а. Жүр, Гүлжамила кепіл ғой! Соншалық ит жемі қылмас. Тарт! *(Кете береді.)*

М ә ж и т о в *(бір жақтан Алтыншашты сүйреп құшақтап шығып)*. Өлсем сені құшақтап өлемін, бол, тез киін, кетеміз.

А л т ы н ш а ш. Ей, Мәжитов, тарт қолыңды енді.

М ә ж и т о в. Не, дейсің, әлде қалам деп тұрмысың?

А л т ы н ш а ш. Сен немене, алам деппедің?

М ә ж и т о в. Жә, шығарма үніңді. Жүр, жүресің.

А л т ы н ш а ш. Мен кесер сөзді анада айтқамын. Саған берер бейіл, салар назар жоқ дегем. Садағам кетерсің.

М ә ж и т о в. Не дейсің? *(Ұмтылып құшақтай бергенде)*

*мылтық тарс етеді. Сырттан кіре бере атқан Теміршот.  
Мәжитов құлап түседі.)*

А л т ы н ш а ш. Қуатым, жарым. *(Құшақтайды.)*

Т е м і р ш о т. Ау, жылағаны несі? Батпайтын күн шықты еліме. Енді басылмайтын гүл өреді жеріме. Біз еркін елдің ерке тотысымыз. Ертеңгі бақытты ұрпақтың батыр ата-аналары болып саналамыз. Келеді әне! Келіндер, жеңімпаз қыран достар.

Сергей кіреді.

С е р г е й *(мәз болып табысқаннан соң)*. Ал, достар, алдымызда әлі де болса аманмын деп атаман кетіп барады. Жеңбей, жоймай тоқтау жол емес. Еңбек елі, Отан ұлы, шын майдан әлі біткен жоқ. Бұл ұран – ұлы ұран. Октябрь ұраны, большевик партизанның ұраны. Жауды тегіс тапа басу үшін әлі де болса тарт алға қарай!

А л т ы н ш а ш. Ағалар, өлген жерден тірілген, өшкен жерден қайта жанған – сендер әкелген ұлы күннің нұрымен жанған едім. Қастарыңа мен де ерем, ала жүр!

Ш ы н т а с. Бәсе, батыр бауырым, халық қызы, бір күнде “Ақ қайың” деп басыңа пана тілеп жырлап едің, енді өзгеге өзің пана болам деп жырлаған “Ақ қайыңдай” әннен туған. “Ақ қайың” деп досын таныған, өнері мен бақытын тапқан бауырым, ер қасыма!

Ш ы м ы л д ы қ

# Ауқармапар







**Н. Погодин**

**АҚСҮЙЕКТЕР**

**Үш актылы пьеса**



## Қатысатын адамдар

Громов.

Начальник.

Тәрбиеші.

Садовский } Мамандар.

Боткин

Шеркеуші инженер.

Костя-капитан.

Соня.

Лимон.

Митя.

Дама-Нюрка

Берет

Алеша

Цыган

Таңбалы әйел

Нинка

Тамара

Карась

Петин

Пыжов

Душечка

Требушка

Барфолемей-поп.

Диякин.

Саша.

Құлақ қатын.

Пепела.

Махно.

Комендант.

Дәрігер.

Садовскийдің шешесі.

шетінен бандит, ұры,  
қылмысты-қаныпезер,  
құлақ, тағы сол сияқты  
болған адамдар.

Маргарита Ивановна — Садовскийдің хатшысы.

Сызық сызушы.

Пароход капитаны.

Повар.

Завхоз.

Десятник.

Үй тазалаушы әйел.

Санитар.

Қарауыл.

Екінші қарауыл.

Тізімші.

## I АКТ

### *Бірінші эпизод*

Күн лайсаң, қамаудағылар шығады.

Қ а р а у ы л. Көңілден, көңілден!

А л е ш а. Кәдімгі лайсаң күн.

Ц ы г а н. Жаным-ау, аспанға қарасаңшы, тастай, тылсымдай ғой. Жерін көрші қойыртпақ. Сүйел, басқан беттей. Цыган-ау, сені қайда айдап салды? Не үшін? Екі-ақ ат үшін бе? Не деген аспан!.. Өзі ұры...

К а р а с ь. Осы шетте он жыл... Бірақ өлтірмей, жылдар созылатын ұзақ өлімге бұйырды.

А л е ш а. Кәдімгі лайсаң дүние.

Қ а р а у ы л. Көңілден, көңілден!

К а р а с ь. Жер ақ... қар да қар... Желі мынау ышқына, ышқына соғады. (*Садовскийге.*) Осы қай губерния?

С а д о в с к и й. Карелия.

К а р а с ь. Карелия, естіген емен.

Д и я к и н. Қадімнен мәлім, бірақ кітап сөзіне қарағанда сүм жер...

А л е ш а. Кәдімгі қарлы боран, одан зоры да болады.

К а р а с ь. Осы шетте он жыл... Бірақ өлтірмей, жылдар созылатын ұзақ өлімге бұйырды. (*Көрінбей кетеді.*)

Б е р е т (*шыға бере*). Румба рақат би, румба менің арманым... Румба келген испаннан, румбаны билей қалғаным... Қандай бұйым береді екен. Петровка Кузнецкийдің бұрышы. Жасыл от жандыршы, жолдан өтпекпін...

Л и м о н (*попқа*). Рақым етіңіз! Міне, мұнда. (*Ұрлайды.*)

Б е р е т. Айырбас, айырбас: жақсы шулки, құйма қант,



сап күмістей әже дұғалығы – крестьянның жаңа дамбалы, Павел Буре сағаты да бар...

Л и м о н (*ұрланған нәрселерді қаран*). Инжіл. (*Попқа*). Гражданин, мынадан айрылмаңыз, сіздің товар, сізге алтын ғой. Берет, отынды берші.

Б е р е т. Рақым етіңіз! Лимон.

Л и м о н. Әрқашан маған сүйен.

Б е р е т. Шәк қылма.

Л и м о н. Буре... іші толы шойын...

Б е р е т. Мынау мозер ме? Одесса ғой.

К о м е н д а н т. Садовский Юрий Николаевич! Инженер!..

С а д о в с к и й. Ия.

К о м е н д а н т. Начальникке жүріңіз.

Б е р е т (*Садовскийге*). Сіз маған шляпаңызды сатпайсыз ба?

С а д о в с к и й. Жоқ.

Б е р е т. Құдай ұрсын сізге шляпа жараспайды. (*Ананың шляпасын алып өзі киіп ал.*) Мен Петр үшін туғанмын.

С а д о в с к и й. Қойыңыз қалжақты.

Л и м о н. Сыйлаңыз шляпаңызды. Аяйсыз ба?

Б е р е т (*шляпамен сәнденіп жүріп*). Мені көріңізші өзіңіз. Сұр қалпақтың астынан мынандай көз, түн қиялындай. Қысқасы, шляпа менікі.

С а д о в с к и й. Бұл не бұл? Мен қарсымын.

Л и м о н. Не дейсің? Әр құдай таптаған адам, кімге қарсысың, бізге қарсымысың? Қара, бізге қарсы.

С а д о в с к и й. Бұл не бұл?

К о м е н д а н т. Немене? Ну? Иесі кім?

Л и м о н. Берет, бер шляпаның шляпасын.

Б е р е т. Гражданин комендант, бұл кісіде жүрек жоқ – өкпе-бауыр колбасасы ғана бар.

К о м е н д а н т. Сөйлем.

Л и м о н. Ал шошыдық, қалтырадық, сөйлемедік.

К о м е н д а н т. Инженер Садовский сіз бе?

С а д о в с к и й. Ия, мен...

К о м е н д а н т. Менімен начальникке жүріңіз.

Садовский. Жүрейін, жүрейін.

Капитан. Ғафу өтінем, бұл портсигар менің ата мұрам. (*Жұртта үн жоқ.*) Сіздер әлде танымай тұрсыздар ма мені?

Лимон. Таныдым.

Капитан. А, таныдыңдар ма, бек жақсы. Менің ойымша, біз мұнда уақытты онша жаман өткізбеспіз. (*Сырылып.*) Лимон, маған сүйен.

Тізімші. Бәрі түгел ме?

Қарауыл. Түгел.

Тізімші. Ал кірісейік. Фамилиясы, өз аты, әкесі, статьясы.

Құлақ қатын. Әрмен әрі.

Санитар. Қонақтарды алғашқы сыйға шақырамын. Нәрселеріңізді алып маған еріңіздер, граждандар. (*Жұрт шыға береді.*)

Капитан (*Соняға*). Соня! Соня! Осы сізсіз бе, жоқ көлеңкеңіз бе? Сіз бұл курортқа қалайша соқтыңыз?

Соня. Дәл өзіңізше соқтық.

Капитан. Ханымдар, өтінемін, жоғалыңыздар. (*Әйелдер кеткен соң Соняны дос адамша құшақтап, оның перчаткалы қолын қысып.*) Есенсіз бе, Соня, қай жерде ұстады?

Соня. Қырымда. Сені ше, Костя?

Капитан. Батумда. Турцияға беттеп ек, міні енді Финляндия шегіне келдім... Асау өмір.

Соня. Бұл жер жаман, Костя, өте жаман.

Капитан. Ойың не, Соня.

Соня. Қашам.

Капитан. Қашық кой... Мурманка... тоғай... қиын.

Соня. Білемін.

Кеңседен Громов пен Садовский шығады.

Громов. Қазір ат келеді.

Садовский (*қалталарын қарап*). Менің портсигарымды ұрлап әкетіпті.

Г р о м о в. Байқаңыз. Бұл детдом емес, сіз жеке бөлме аласыз. Айтпақшы, сіздің ісіңіз қандай еді?

С а д о в с к и й. Менің ешбір ісім жоқ еді. Істі болған институтта бірге оқыған жолдастарым еді. Солар ұсталып мойнына алды да, мені қоса әкетті.

Г р о м о в. Инженер Боткинді білесіз бе?

С а д о в с к и й. Жоқ. Ә, Боткин, ие білем, ол менің институттағы ескі жолдасым еді.

Г р о м о в. О да осында. Біздің қандай құрылыс жасап жатқанымызды білесіз бе, жоқ па?

С а д о в с к и й. Естігем... Түрмеде.

Г р о м о в. Ондағы, жаман мағлұмат қой. Қазір іс басына барамыз.

С а д о в с к и й. Құп.

Г р о м о в. Мұнда гидротехникке жұмыс көп. Жартасты шауып, тосқауыл қойып дарияны бұрып сап, теңіздерін теңселтеміз; менің учаскемдегі істі бүгін қолға алыңыз.

С а д о в с к и й. Бұл қалайша?

Г р о м о в. Кәдімгі инженерше, құрылысты қолға алыңыз. Сіз белгілі гидротехниксіз. Тартыңыз, папиросыңыз бар ма?

С а д о в с к и й. Сіз көп сый жасайсыз. Мен тіпті түсінбеймін. Мен мұнда он жылға айдалған кісімін. Қамаудағы адаммын. Қылмыстымын.

Г р о м о в. Бізде қамау уақытын көп қысқартуға болатынын естіппеңіз?

С а д о в с к и й. Оны да естігемін.

Г р о м о в. Ал қосымша уақыт алатыны тағы да болады.

С а д о в с к и й. Ол қалай?

Г р о м о в. Жаңа қылмыс болса, әрине, он жылға тағы он жыл жамалады, жүріңіз іске кірісейік.

С а д о в с к и й (*uile*). Жақсы. Бұйырыңыз.

Г р о м о в. Ертең сіз бұйыратын боласыз.

С а д о в с к и й. Құп. (*Бұлар кетеді.*)

К а п и т а н. Ең бір жек көретінім осылар... чекистер, ромбылар... жұмысқа жеге ме?

С о н я. Тегісінен жегеді.

К а п и т а н. Осылар осы немене шұқып жатыр дейді.

С о н я. Әлденендей бір, Беломор-канал дейді.

К а п и т а н. Не қылмақшы?

С о н я. Білмеймін.

К а п и т а н (*қарқылдап күліп*). Тамаша, жұмыс істейтін кісі мен болам. Мен, Костя-капитан, совет үкіметінің күнделік жұмысшысы болам... Сонька, сен бұлардың социализмін құрысуға жазылдың ба, жоқ па?

С о н я. Мен бе?.. Жазылдым...

К а п и т а н. Бәсе, біздің ақсүйектер мәлім ғой. Дұрыс, Соня намысымызды жіберме. Сонька, байқа, қасымда бол. Өлмейміз, жуликтер бірлесу қажет.

Т і з і м ш і. Жазылмағандар бар ма, жоқ па?

С о н я. Костя, ұмытпа... Біргеміз.

К а п и т а н. Люкс Манжурия, қайта сапар. (*Соня кетеді.*) Тізім бе! Мені қай фамилиямен соттады екен осы? Гребесков?.. Жоқ. Иван Иванович Палтников... Ол Ярославтағы кесім. Барлық өмірбаяным шатасқан. Бірақ не паркы бар? Өз әкемнің фамилиясымен Костя Дорохов болып жазылайын. Он жыл қамау... Және төрт рет үйлену...

Т і з і м ш і. Гармошка, үніңді өшір...

К а п и т а н. Бұл ұжмаққа жазатын сізсіз бе? Өзі тегін бе екен, жоқ гербовой маркы керек пе? Бала, осы сізбен бір жерде іштім-ау мен! Сіз Ленинград – Тифлис жолының вагон ресторанына бастық едіңіз. Сіз де мұнда екенсіз ғой.

Т і з і м ш і. Тап-таза бес жылым бар.

К а п и т а н. Қаліңізге түсінем. Өмір ол құбылған ойын ғой. Сонымен жазыңыз. Фамилиям былық араласпасын – Дорохов, атым Костя, әкемдікі де сол. Кәсібім күннен түнге, түннен күнге дейін жортуыл. Тіпті болмаса көр маманымын.

### *Екінші эпизод*

К а п и т а н. Аман ба, жорталар?!

С а ш а (*орнынан*). Кет әрі, тұқымыңды ұрайын.

Капитан (*шебер түрде таңданып*). Әй, бұ қайсының?  
А, сізсіз бе сүйдеген?

Требушка (*әндетеді*). Қаныммен сүймеймін...

Капитан. Есіңізді жиған соң, келіп ғафу өтініңіз...  
Аман ба, жорталар?

Көпдауыс. Капитан! Костя!.. Капитан!.. Капитан!..

Дауыстар. Аман ба, хозяин?

Капитан. Мен тәрбиелі, биязы, таза адамды сүйемін. Дұрыс па, Лимон?

Лимон. Біз тәрбиелі, биязы және өле-өлгенше өзіміздік адамды сүйеміз, шешін, капитан.

Цыган. Бұл капитан не қылған адам? Айнала қазайын.

Лимон. Оның әдеті сол. Абақтыға да банкаға да хозяин бола кіреді. Ұмытпа, атағы капитан.

Берет пайда болады.

Берет. Капитан, менің сағатымды ұрлаған қай оңбаған.

Лимон. Ал менікін ұрлаған жынды, құнсыз, сүмелек ит кім?

Берет (*жуасып*). Қысқасы, сенің ұсынысың не?

Лимон. Шарт бұзылсын. Сағатыңды өзің ал да, менікін өзіме қайыр.

Берет. Сағатың не? Мен сыпайы адам.

Лимон. Әйтпесе текке қан төгіледі.

Капитан. Лимон, сен кесек ұрысың. Бірақ панасыздарша менің көзімше бірінді-бірін ұрлауың не? Мағынасыз жұмыс.

Берет. Еркектер, келіндер тура айтысайық. Біреу Лимонның сағатын ұрлапты. Мозермеді?

Лимон. Мозер.

Берет. Бұл жолдасқа қиғаш қарау.

Капитан. Үгіт пе! Тамаша, сіздерге үміт керек пе?

Требушка. Ханым, мұның бәрі түк емес...

Капитан. Іш пысты. Карта бар ма?

Лимон. Бар.

Цыган. Не ойнайсың, не тігесің?

Капитан (*Цыганға*). Мен сенің етігіңді тігемін. Әй, мына етікті кімнің ұтқысы келеді?

Лимон. Костя, таста... Бұл біздің кісі, жарамайды. (*Маргарита Ивановна мен комендант кіреді.*)

Маргарита. Жақсысыздар ма. Бізге қандай мамандар келгенін сіз білесіз бе?

Комендант. Иә, мамандар-ақ.

Маргарита Ивановна. Сіз технический управлениеге мағлұмат беріңіз.

Комендант. Жарайды. Жүріңіз екінші баракқа барайық.

Екеуі кетеді.

Капитан. Осы бір серуендеп жүрген қыз кім? Осы өзі маған ұнайды. Кім өзі?

Саша (*алдында Костядан жығылып қалған, енді жағына*). Ол жас қыз технический управлениенің іс жүргізушісі, аты Маргарита Ивановна.

Капитан. Мен сол жас қызды банкеге қоям. Кімнің ұтқысы келеді! Маргарита Ивановнаны. Ал, Маргарита Ивановнаға менімен кім ойнайды?

Лимон. Ал, мен бастым қызға қарай.

Капитан. Не тігесің?

Лимон. Төлеуі табылды.

Саша. Зекс. Келіп қалды.

Алеша. Қыстың бір суық күнінде.. (*Карта жасырылады*).

Завхоз. Әкел картаны, шығар картаны. (*Шу басылады*).

Лимон. Сен қайдан шықтың? Ол дүниеден бе?

Комендант. Қорқытпа. Жігіттер, мен өзім де қамаудағы адам. Беріндер картаны.

Лимон. Ізде.

Комендант (*ізден*). Маған айтқаны кәні, жұтып қойдыңдар ма, немене?

Л и м о н. Ақымақсың, тәлкек еткен ғой. Біз картаны қайда ойнайтынын да білмейміз.

К о м е н д а н т. Мені де үйтіп оңай көрме. Мен өзім де... *(Іздейді.)* Жоқ па, сонымен. Мен үйтіп...

К а п и т а н *(буған)*. Гражданин ғафу өтініңіз. *(Үн жоқ.)* Мен сізге мәслихат етем – ғафу өтініңіз. *(Үн жоқ.)* Мен үшінші рет...

Т р е б у ш к а. Ханым, мен сүймеймін...

К о м е н д а н т. Ғафу өтінем. *(Кетеді. Күлкі.)*

К а п и т а н. Біз оның көйлегіне, тоқымаларына, чулкілеріне, барлық кәкір-шүкірлеріне ойнаймыз, ең ақырында оның махаббатын коньге қоямыз. Кім ұтқызса, сол қызды тіріде алып келеді. Байлау сол ма?

Л и м о н. Тұрақты байлау сол.

К а п и т а н. Таза ойын ғой.

Л и м о н. Даусыз.

К а п и т а н. Пальто!

Л и м о н. Және!

К а п и т а н. Және пальто...

Л и м о н. Болды. Пальто сіздікі. *(Күрсіну, тынышсыздық.)*

К а п и т а н. Қалпағы.

Л и м о н. Бастым. Және, және қалпақ сіздікі.

Ц ы г а н. Капитан еңсерді. Капитанға мәз қойдық.

Б е р е т. Мәз қоюға бола ма?

Л и м о н. Ақырын.

К а п и т а н. Банкеге қыз қойылды.

Л и м о н. Бастым. Және, және болды. *(Үн жоқ.)*

Ц ы г а н. Үш... жеті... он бір. *(Тегіс күрсіну.)*

Капитан!

Л и м о н. Қыз сіздікі. *(Топ ішінен тер басқан будыраған жүзбен атып шығады.)*

С а ш а *(мәз болып)*. Көзі тірі қатынды ойынға салады. Бұл неткен адамдар?

### Үшінші эпизод

К о м е н д а н т. Жолдас Громов.

Г р о м о в. Не айтасыз, гражданин комендант.

К о м е н д а н т. Таңертеңгі поезбен начальник кепті.

Г р о м о в. Қазір қайда екен?

К о м е н д а н т. Стансадағы агент аппаратпен мәлім етті:  
“шықты, қарсы алындар” дейді. Біз міне күтіп тұрмыз.

Г р о м о в. Тағы не бар?

К о м е н д а н т. Тағы бір хабар, ұрылар технический  
управлениенің қызметкері Маргарита Ивановнаны картаға  
ұтқызыпты.

Г р о м о в. Ер жұрт, кімдер екен?

К о м е н д а н т. Естуімізше, ұтқызушы жаңа келген  
топтың адамдары. Өздерінің айтуынша, бұнда бұлардың  
құдайы кепті. Кесек шелер, қасқыр ұры дейді. Атағын  
жасырады. Сырлары берік.

Г р о м о в. Бірен-саранды мобилизовайть етіп міндет  
тапсырыңыз. Тәрбие бөлімін хабарландырыңыз. Тағы не  
бар?

К о м е н д а н т. Басқа оқиға жоқ.

Г р о м о в. Жақсы... Әй, комендант, комендант  
осыны-ақ қоздыра алмай қойдым. Қамаудағы адам. Әмір  
жүргізуден қорғанады.

М а р г а р и т а И в а н о в н а. Гражданин начальник,  
мені картаға ұтқызыпты.

Г р о м о в. Отырыңыз.

М а р г а р и т а И в а н о в н а. Бұл даусыз анық.

Г р о м о в. Бекер демеймін, отырыңыз.

М а р г а р и т а И в а н о в н а. Жоқ, сіз әлде сенбейтін  
шығарсыз. Бандиттер кеше мені картаға ұтқызыпты.  
Сонымен кеше кешке клуб жанында мені бір жігіттер шетке  
қағып пұшпақта, жолға, батпаққа қарай қақпайлады. Біреуі  
менің аузымды баспақ болды. Ал екіншісі... Бірақ мен айқай  
салған соң, үн қатпай тайып кетті.

Н а ч а л ь н и к. Сәлемет пе, жолдас Громов? Айта  
беріңіз.

М а р г а р и т а И в а н о в н а. Мен қамауда-ақ  
болайын, бірақ пана қайда, зорлық қой!

Г р о м о в. Комендант! *(Маргарита Ивановнаға.)* Мен  
сізге, бөгелмей жұмысқа баруға бұйырамын. Кеш сайын  
клубқа барыңыз. Бірақ шығарып салушылар болмасын.  
Барыңыз, жыламаңыз.



К о м е н д а н т. Әзірмін, жолдас начальник.

Г р о м о в. Жеті сөтке.

К о м е н д а н т. Кімге?

Г р о м о в. Сізге.

К о м е н д а н т. Қазірден бе?

Г р о м о в. Ертеңнен.

М а р г а р и т а И в а н о в н а. Рақмет. *(Кетеді.)*

Г р о м о в *(начальникке)*. Бұл торксиннің кассасынан отыз мың соққан кісі. *(Комендантқа.)* Мынау қағазды тиісті орнына тапсырыңыз. “Басқа оқиға болған жоқ”. Өзің қандай чекист болып ең? Огоротын басқарыппең әлде? Жеті сөтке, барыңыз, қимылдаңыз.

Н а ч а л ь н и к. Бұл қалай, Громов, сенде карта базары ашылған ба? Ойын үлкен ғой.

Г р о м о в. Сіз маған ылғи зиянкестерді жібересіз, оңшең гүлді, нәрлі.

Н а ч а л ь н и к. Ісмеріне қарай аспабы, бағалай біл.

Г р о м о в. Бағалаймын.

Н а ч а л ь н и к. Бұл мырзаларды қалай түзер екенсің, қызығынды көрейік.

Г р о м о в. Ә, түзеу қажет.

Н а ч а л ь н и к. Каналды да қазу қажет.

Г р о м о в. Каналды да қазу қажет.

Н а ч а л ь н и к. Әрқашан, бізді мұнда неге жібергенін ұмытпау керек. Бағытыңды ұмытсаң құладым деп біл.

Г р о м о в. Мен сүйеу болатын жігіттерді екшеп алдым.

Н а ч а л ь н и к. Көп пе?

Г р о м о в. Әлі көп емес. Бірақ көбейді. Менде салт жөніндегі қылмыстылар аз. Мүмкін болса соны төгіңкіреңіз.

Н а ч а л ь н и к. Төгеміз. Талантты адамдар бар.

Г р о м о в. Соны беріңіз.

Н а ч а л ь н и к. Көмек бер дейсің, ә? Өз адамыңды танысың ғой?

Г р о м о в. Издеймін, көтеремін, бет берем.

Н а ч а л ь н и к. Мұның дұрыс, жолдас Громов. Ну, инженерлерінді әкел. Қандай халық. Мен әлі көргем жоқ.

Г р о м о в. Инженерлер... тым құрыса осы тұста болыссаңыз етті. Кімді жіберіп отырсыз? Инженер деген

таза праволы контрреволюция емес пе? Комендант! Мен мың банданы темірші қып шығара алам. Бірақ бір.

Комендант кіреді.

Комендант. Әзірмін, жолдас начальник.

Громов. Инженерлерді жиыңызшы.

Комендант. Мақұл.

Начальник. Немене сен жылай бересің, Громов? Қажуың ба, неменең?

Громов. Кейде көп түйіннен бас қаңғиды.

Начальник. Бас қаңғығанда маған кел. Громов, мұның сөз емес. Маған мұндай сөз жақпайды, жолдас Громов.

Громов. Менікі жолдас көргендік еді.

Начальник. Маған бұл түрдегі жолдастық сөз де жақпайды. Егер жолдас Громовтың шамасы бала бақшасындық қана болса, біз мұнда жібермес едік. 22-сі күні главный управлению келуге бұйырам. Таңертең менің пәтеріме келерсің, шайға.

Громов. Мақұл.

Комендант. Зиянкестер әзір.

Громов. Инженер Иванов – шеркеу салғыш маман. Бұзық, қазына жегіш.

Начальник. Отырыңыз. (*Боткин шляпасын алады.*)

Громов (*начальникке*). Инженер Боткин.

Начальник. Киіміңіз мезгіліне лайықсыз екен.

Боткин. Мен кабинет қызметкерімін.

Громов. Ғалым, тапқыр... өнерлі дворян, контрреволюционер және зиянкес.

Начальник (*Боткинге*). Отырыңыз.

Садовский. Есенсіздер ме?

Громов (*начальникке*). Инженер, Садовский – ірі маман және ірі зиянкес. Бұнда келгенде де ашық саботаждан бастады.

Начальник. Бәріңіз жиылдыңыз ба?

Садовский. Бәріміз.

Начальник. Сіздер, участкелеріңіздің орасан артта қалғанын байқайсыздар ма, жоқ па? Көрмейсіздер

ғой. Сводка оқымайсыңыздар. Бұнда жиылған өңшең ірі инженерсіздер. Аппарат мығым, оны жақсы білесіздер, отырыңыздар. Неғып олқылықта қалып отырсыздар? Бұл тура істен қашу ғой. Бұл саботаж. Мен үш сұраққа дәл жауап тілеймін: дамбыны қашан жасайсыздар, плотинаны қашан орнатасыздар, ағаш шлюздің проектісін қашан тапсырасыздар?

Боткин. Менің қолымда материалдарым жоқ. *(Жымып.)* Соны алып келуге рұқсат етіңіз.

Начальник. Пожалуйста, бірақ тезірек.

Боткин. Құп.

Шеркеуші инженер. Мен де барып, қарап келуім керек еді.

Громов. Пожалуйста, жалғыз-ақ тез қайтыңыз. Сіздің де барып келетініңіз бар шығар, солай ма?

Садовский. Ие.

Громов. Ашық жұмыс.

Начальник. Сөз байласқалы кетісті.

Громов. Шімірікпейді тегіс.

Начальник. А, сен бүлінбе. Біз оларды ұстадық, отырғыздық, он жылдан бердік... Енді не тілейсің олардан? Бірақ қандай бағалы адамдар. Маған ұнайды. Ерлікпен үндемейді. Істері батым. Осындай азаматтармен өз өндірісінді мезгілінде орындамасаң мойыныңды жұлып алам. Садовский, Боткин үшін тура өзің жауаптысың.

Громов. Мен жұмысшы, қызыл әскер, чекист бола тұрып, маған, біреу, жұмысшы табының жауларының тағдыры үшін жауап бересің десе, үш ұйықтасам да ойыма алмас ем. Айтса сенбес те ем.

Начальник. Сонымен, ойлан, ұғын да іске бас, жолдас Громов.

Громов. Мақұл.

### *Төртінші эпизод*

Құлақ катын кеп ән салады.

Құлақ қатын. Ермен басты жол-жорығын, сәулем жүрген сапардың.

Н и н к а. Әндетесің, төте!

Қ ұ л а қ қ а т ы н. Әндетем.

Н и н к а. Но, әндет.

Қ ұ л а қ қ а т ы н. Көде менен мүк басты, сәулеммен серуен етке жерлерді.

Н и н к а. Сүйтіп әндетесің. Ал қайда қонақтайсың?

Қ ұ л а қ қ а т ы н. Мен қонақтаған кісі.

Н и н к а. Ендеше, отыр.

Қ ұ л а қ қ а т ы н. Ермен басты... сүйгенімнің аяғын.

Н и н к а. Төте, а, төте. Сен колхозға неге өрт салдың осы.

Қ ұ л а қ қ а т ы н. Ақымақ сұрауыңа жауабым жоқ.

Н и н к а. Әлде өрт салғаныңа өкінемісің?

Қ ұ л а қ қ а т ы н. Өкінемін, бәрі өртенбеді.

Н и н к а. Колхоз жанбай қалды ма?

Қ ұ л а қ қ а т ы н. Жанбады.

Н и н к а. Бірақ сен жандың ба?

Қ ұ л а қ қ а т ы н. Әрине, мен жандым.

Т а ң б а л ы ә й е л (*kipin*). Нинка, мың рет айттым ғой, кісіні ұрғың келсе жымия бер деп, қытықтайын ба осы.

П е п е л а. Я, рақман раһим, я, тәубе...

Т а ң б а л ы ә й е л. Нинка, сен балапансың. Адамша түкіру де қолыңнан келмейді. Сен кісіден титтей қан да шығара алмайсың.

Н и н к а. Қапа болмаңыз. Бұрын екі рет сотты болғам, үшіншіде Ташкеннен бес жыл алдым.

Т а ң б а л ы ә й е л. Қарашы зорын, Магдалина ғой өзі, екі рет сотты, 5 жыл. Соня, мен шошыдым, қорықтым мынадан.

Н и н к а. Тілесем егескен кісіні жарып та тастайым.

Т а ң б а л ы ә й е л. Шіркін, жазықсыз балалық-ай. Қайтіп жарар едің?

Н и н к а. Адамша... ашуланар едім де, салар ем кеп.

Т а ң б а л ы ә й е л. Әне, ақымақсың.

Н и н к а. Өзің...

Т а ң б а л ы ә й е л. Қайта айтшы.

Н и н к а. Өзім білем.

Т а ң б а л ы ә й е л. Байқа, көрпені қабымасаң қытықтаймын.

Н и н к а. Соня, осы неге мені күнүзын қинайды?

Т а ң б а л ы ә й е л. Мен адам қылайын деймін, ақымақ. Сенің өмірің алдында. Тында, тоқып ал, ашулану керек емес. Біреуге қылмақ болсаң... Ұқтың ба, өй, жануар... немене көзіңді жалп-жұлп қағасың... Мысалы, мен сені буындырып өлтірем десем, сені ашуландырамай-ақ өлтірем де қоям. Ақырын моп-момын болып жымыып тұрамын да, пәледен де ап-аман шығам. Жап аузыңды, жыми.

Н и н к а. Пожалуйста...

Т а ң б а л ы ә й е л. Адам қылам сүйтіп. Келші, ақымағым. Бір сүйейін. Жақсы көрем, балапанымсың...

Б а р л ы ғ ы. А-а, Дама-Нюрка...

Н и н к а. Бонжур!

Д а м а-Н ю р к а. Ал, қыздар, бір романс айтындаршы.

Б а р л ы ғ ы (*джаз*). Ермен басты... (*Жырлайды.*)

Д а м а-Н ю р к а. Еһ, бір заманда пелдеперіс болған еді... Италия пароходтарынан алушы едім. Одесса, туған жер, (*Пепелаға*) дұға қыл.

С о н я. А мен ше... Мәскеуде менің әдемі ішігім болушы еді. Нюрка мына бір түйемді қадашы. Мен сол ішігімді әпиінге айырбастадым. Нюрка, тілеуің берсін, қадашы түйемді. Екі-ақ жыл өмірім қалды, содан соң бір аяқ әпиінді ішемін де өлем.

П е п е л а (*әндепін*). Ия, көрім, ия, тәубе. (*Соня теуіп қалады, Пепела сырғып бара жатып әндете береді.*)

С о н я. Таңертең газетте жарнама шығады. Бақшада, скамияда, қар үстінде өліп жатыр екен. Таңертең тауып алып, өліктер мекеніне апардық деп жазады. (*Орындықты лақтырып.*) Жоғал... оһ, дерт. Тіпті қандала да жоқ. Тазалық сақтайды, Дама-Нюрка, айтшы, осында неге тазалық сақтайды?

Д а м а-Н ю р к а. О не дегеніңіз. Гигиена.

С о н я (*айғайлан*). Немене, немене керек гигиена? Өлікке музыка керек пе? Жалған бәрі. Бала күнімнен білем. Мен жетімдер үйінде көк кереуетте жататынмын. Бұршаққа жалаңаш тіземізбен отырғызатын. Он төрт жасымда мадам Аглая қатын болуды үйретті. Мен жиренемін.

Б а р л ы ғ ы. Соня! Соня!

С о н я. Бала күнімнен бері осы бір тап-таза төсеніштер. Бәрі де жалған. Түзеу, тәрбиелеу, қайта тудыру газеттері... Кімді алдамақшы сволочьтар. Абақты болған соң абақты. Салапки, не қылған сөз?..

Т а ң б а л ы ә й е л. Сонька, зекс!

Н и н к а. Начальниктер, чекистер.

Н а ч а л ь н и к. Көнбейтіндер ме?

Г р о м о в. Көнбейтіндер.

С о н я. Тағы да сөздің майын тамызар деп едім. Кәтіржанның жаны желіммен жамалмайды, шырақтар.

Н а ч а л ь н и к. Мен сенің жайыңды естігем. Өзің жас екенсің-ау.

С о н я. О да ретіне қарай...

Н а ч а л ь н и к. Өмір сүрудің ретін айтам.

С о н я. Кіммен?

Н а ч а л ь н и к. Ерсің.

С о н я. Жасырмаймын.

Н а ч а л ь н и к. Жұмысқа отказ бергелі екі ай болды ма?

С о н я. Қателесесіз, мен отказ бергелі он бес жыл болды.

Н а ч а л ь н и к (*темекі тұтатып аң*). Тартасың ғой, әрине.

С о н я. Ну, ну, ну, жамбастама, мен ұры, мен бандит. Совет жандарлары бізбен шылым шекпейді.

Н а ч а л ь н и к. Рас, сөзге дауа жоқ, сен ұрысың. Кесігің неше жыл?

С о н я. Қоңырауға шейін.

Н а ч а л ь н и к. Ниетің қашу ғой.

С о н я. Мәслихатыңа қарай...

Н а ч а л ь н и к. Керек емес. Бәрібір ұстаймыз.

С о н я. Ия, сендердің істерің мығым.

Н а ч а л ь н и к. Нанды текке жемейміз.

С о н я. Көрініп тұр.

Н а ч а л ь н и к. Жасырмаймыз. Сен тарт, шылымың жоқ қой. Қаңсып отырсың ғой. Тарт.

С о н я. Рақмет.

Н а ч а л ь н и к. Әкең жұмысшы ма еді? Крестьян бе еді?

С о н я. Жұмысшы.

Н а ч а л ь н и к. Темірші ме.

С о н я. Шойын жолшы. Бір апатта қаза тапты.

Н а ч а л ь н и к. Түсінікті... менің әкем де жұмысшы еді. Құрт аурудан өлді. Бәрі де түсінікті. Қош әзірше.

С о н я. Не түсінікті оған? Менікі де жұмысшы еді дегені несі? Нюрка, құдай үшін түсіндірші, не айтты әлгі маған? Нюрка, сен бәрін білесің. Сен жеңгесің ғой.

Т а м а р а. Соня, Соня!

Д а м а-Н ю р к а. Тамара.

Т а ң б а л ы ә й е л (*Нинкаға*). Бұлар шатасқандар, құлақ қойма, жүр.

С о н я (*Нинкаға*). Нинка, отыр үйде.

П е п е л а. Я карим... я карим...

С о н я. Доғар, буындырамын.

Т а ң б а л ы ә й е л. Сонька, сен аурусың. (*Пепеланы көрсетіп.*) Мына, мына әулиеден де жамансың. (*Кетеді.*)

Д а м а-Н ю р к а (*Соняға*). Былай кетейік, мына бір бекзада корольге арнап бал ашып берейін бе, сізге.

С о н я. Аш...

Д а м а-Н ю р к а (*картаны береді*). Жаңағы әскери жігітке ашыңыз. Сізге ойда жоқ қызық шығар мекен, жоқ құр ғана құмар тарқату мекен? Ойланыңызшы?

С о н я. Ойлансам сенің қуыс құрай құрым санаң жоқ, аулақ кетші. Кетіндерші менен, жоғалыңдаршы. Білмеймін бұл не...

Д а м а-Н ю р к а. Сонечка, құдай ақы, сен у ішіп өлесің. (*Кетеді.*)

С о н я. Нинка, бері келші. Жүгір, Костя, капитанды шақыршы, Соня арақ сұрайды деші. Таппаса пойыздың астына құлап өледі де, шыным. Айт осыны, жанымды шырмайын.

## Бесінші эпизод

С а д о в с к и й. Құдай-ау, неткен батпақ? Сонымен кімнен дейсіз?

К а п и т а н. Мен туралы естімеуіңіз ғажап екен. Мен геологпін. Достарым былғады. Папирос сыйлаңызшы.

С а д о в с к и й. Айыпқа бұйырмаңыз, фамилияңыз кім?

К а п и т а н. Валентин Иванович Берк.

С а д о в с к и й. Садовский.

К а п и т а н. Естімеп ем. Жәшігіңізді мен ұстай тұрайын, беріңіз.

С а д о в с к и й. Міне енді, мен сізге папирос бере аламын.

К а п и т а н. Посылка. Кітап қой. *(Садовскийге жәшігін беріп, папирос алып жатады.)* Жақсы екен.

С а д о в с к и й. Не жұмыстасыз, коллега?

К а п и т а н. Кендерді зерттеймін, асыл тас іздеймін.

С а д о в с к и й. Міні.

К а п и т а н. Мен сізді шығарып салайын, қарсы болмайсыз ба? Әйтпесе тым ылайсаң, батпақ. Іш пысады. Жалғыздық.

С а д о в с к и й. Сіз де еріксіз адамсыз ғой.

К а п и т а н. Ия, солай... Оңға қарай басыңыз, енді солға, оңға.

С а д о в с к и й. Қалайша? Сіз геологсіз. Осы жуликтермен шын бірге істедіңіз бе? Рас-ау, айтпақшы әкеліңізші, посылкамды, мен өзім алып жүрейін. Геолог!.. Гражданин Берк!.. Қайда әлгі. Анамнан келген посылка. Тоқта... Оңбағандар, сендерге кісен керек, каторгы керек. Қамшы, дүре керек.

К а п и т а н. Бапты закуске, достың сыйы.

С о н я. Ойнайсың, байқа.

К а п и т а н. Жәй, уақ-түйек. Сүрлеген колбаса. Азық-түлік бөлімі, қабыл алдық. Мынау не мәселе? Әйелінің суреті. Кісі өміріне қол сұқпаймын, бірақ неғып мұнша қартайып қалған. *(Суретті қарап оқып.)* “Менің Юрочкама, анасынан”. Ана, шеше, туған ана.



С о н я. Немене, Костя! Аурумысың?

К а п и т а н. Соня, менің де анам бар ғой. (*Шіміргін.*) Сол менің әжем өзінің азын-аулақ дәмін жіберіп, оның сыйына әлдеқандай сволочь қол тигізсе қайтер ем?.. Менің өз заңым бар. Адал ұрымын. Соня, түсіндің бе?

С о н я. Түсіндім, Костя, бірақ мынадағы папиросты кара.

К а п и т а н. Не дейсің? Әлдеқандай Юрочка папирост тартады да, біз махоркесіз отырамыз. Ал папиросын.

С о н я. Костя, менің анам жоқ, сүрленген колбасасын алайын ба?

К а п и т а н. Айтарсың, зиянкестер колбаса жейді... Ал барлық азық-түлік бөлімін. Мен қарын үшін қол көтеремін, кім қарсы? Тамақ бізге де, анаңыздың суреті сізге. Жылы дамбал. Ей, Соня, ананың қолынан келген. Кемпірдің суреті мен барлық тоқымасын өзіне апарып берем. Соня, ішейік.

С о н я. Арақ , жаман іш жүргізгіш қой, мың шақырым кезсең де әпиін жоқ.

Комендант кіреді.

К а п и т а н. Зекс. Бастық, айтыңызшы, Садовский қайда тұрады?

К о м е н д а н т. Потапова, сіздің баракта отыруыңыз керек.

С о н я. Мен тыныс алуға шықтым. Өкпем нашар.

К о м е н д а н т. Начальникке барыңыз.

С о н я. Қайсысына?

К о м е н д а н т. Барған соң көресіз.

С о н я. Ендеше бетімді опалайын.

К о м е н д а н т. Керек емес.

С о н я. Ақырма. Әдеп қайда?

К о м е н д а н т. Но, барыңыз, барыңыз.

К а п и т а н. Бастық, айтыңызшы, Садовский қайда тұрады?

К о м е н д а н т. Оны не қыласыз?

К а п и т а н. Менің жақын туысқаным еді.

К о м е н д а н т. Иә, қайтпек ең?

К а п и т а н. Екеуіміздің фамилиямыз ұқсас болғандықтан оның анасы, менің тәтем жіберген посылканы маған әкеп беріпті.

К о м е н д а н т. Сіз мамандар тобынансыз ба? Инженерсіз бе?

К а п и т а н. Жоқ мен летчикпін. Арктиканы бағындырушы – Шухновский шебердің досы болғам.

К о м е н д а н т. А, Шухновский, ендеше Садовский оң қолдағы бірінші үйде тұрады.

К а п и т а н (*чест берін*). Рақмет.

### *Алтыншы эпизод*

Громов кабинеті. Начальник, Соня.

Н а ч а л ь н и к. Кел, Соня, адамша сөз қатысайық.

С о н я. Қай баптан?

Н а ч а л ь н и к. Сен мені совет жандаралы дедің. Рас, бұрынғы шендерге жалғастырсақ, мен толық жандаралмын. Бірақ туысымызға қарасақ, сен екеуіміз қаны бір, жақынбыз. Ал сенің осындай болуыңа кім кінәлі?

С о н я. Ия, ия, мен бір ұры. Мен бір өлексе.

Н а ч а л ь н и к. Тыныштал. Ұры екеніңді мен өзім де білем ғой.

С о н я. Біз сендерге өшпіз. Біз қасқырмыз. (*Күледі, көзінде жас. Бірақ шарасыз.*) Бізді түсініп керек емес. Со, сол... түсінбей-ақ қойыңдар. Біз біткен кісі, ештеменді тілемейміз, өздеріңе өшпіз. Мандайымыздан сипамаңдар, маған суыңыз да қажет емес. Қайта у бер де, қыр бізді. Улат мені, бірақ қинама.

Н а ч а л ь н и к. Ақымақ. Сомадай болсаң да әлі ақымақсың. Кімді қорқытасың өзің? Кімге ақырасың? Шығарма үніңді. Қаршадай қыз. Мен өмірлік каторгіге кесілгенде сен емізік еміп жүргесің. Мен колеткімен жүріп, колеткімен ұйықтайтұғым. Басыма қап кигізіп тұншықтыратын надзирательдер. Сол кім үшін деп білесің?

Үндеме... Сұрт жасыңды, қояншық. Сен айыпты емессің, білемін... Сенімен адам тіл қатып тұр, бала емес. Атың Соня деймісің?

С о н я. Соня.

Н а ч а л ь н и к. Соня... Неғып мұнша бұзған сені, уақа емес, бәрі де кетеді.

Садовскийдің үйінде. Капитан посылканы ұстап әндете кіреді, амандасады. Садовский бұл кіргенде посылканы көріп орнынан тұрады.

К а п и т а н. Пожалуйста, күдіктенбеңіз. Тізімімен тексеріңіз.

С а д о в с к и й. Иә, иә, бәрі орнында ғой. Рақмет.

К а п и т а н (*тұрын*). Тынышсыздық келтірдім, ғафу етіңіз. Бір оқыс қаташылық, жаңылыс.

С а д о в с к и й. Әлде, кім екеніңізді енді айтарсыз?

К а п и т а н. Менің кәсібім тым көп.

С а д о в с к и й. Қалай, қалайша?

К а п и т а н. Қалайша? Көрмедіңіз бе, артық сөзді жек көрем, мұнда анаңыздың суреті мен хаты бар. Кісі өміріне қол сұққым келмейді.

С а д о в с к и й. Рақмет.

К а п и т а н. Тоқымаңыз да бар. Қалғанына жауапты емеспіз. Қиыр шет қой, өзіңіз білесіз.

С а д о в с к и й. Иә, иә, әрине.

К а п и т а н. Азық-түлік магазині алыста.

С а д о в с к и й. Ұрлап, тонап алып, енді тәлкек қыласыз.

К а п и т а н. А, сіз наразысыз ба?.. Ұрлығым таза емес пе? Онда таза түрде талап та алалам.

С а д о в с к и й. Кетіңіз, мен айғайлаймын.

К а п и т а н. Бекер етесіз, ішіңізден шарап ағып жүрмесін. Сау болыңыз, тағы айтам – сау болыңыз.

С а д о в с к и й. Өзіңіз де сау болыңыз.

К а п и т а н. Е, бәсе! (*Кетеді.*)

Громов кабинеті. Начальник, Соня, үй тазалаушы әйел.

Ү й т а з а л а у ш ы ә й е л . Не бұйырасыз?  
Н а ч а л ь н и к . Шай әкеліңіз.  
С о н я . Мүмкін болса қоюырақ болсын.  
Ү й т а з а л а у ш ы ә й е л . Жәрәйді. (*Кетеді.*)  
Н а ч а л ь н и к . Ну, Соня, айт, өмірбаяныңды.  
С о н я . Несін айтайын. Менің өмірім біреудің түсіне  
кірсе, шошып оянар еді... Иә, иә, мен ұрымын, мен өлексе.  
Н а ч а л ь н и к . Мен тергеп отырғам жоқ.  
С о н я . Түсінемін.  
Н а ч а л ь н и к . Талауға да қатыстың ба? Өзің де  
таладың ғой?  
С о н я . Қару ұстап та таладық...  
Н а ч а л ь н и к . Кісі де өлтірдің бе?  
С о н я (*іркілместен*). Иә, әрине.  
Ү й т а з а л а у ш ы ә й е л . Міне, қою шай.

Садовскийдің бөлмесінде.

С а д о в с к и й (*посылканы ақтарып шешесінің суретін  
алып, жазуын оқып, сүйеді*). “Менің Юрочкама анасынан  
ескерткіш”. Сорлы анам, көремін бе, жоқ па?

Ү й т а з а л а у ш ы ә й е л . Есенсіз бе, мені еденіңізді  
жууға жіберіп еді.

С а д о в с к и й . А, Виктор!

Б о т к и н . Бала күндегі досым. Сіз, Юрий Садовский,  
оңбағансыз.

С а д о в с к и й . Тыңдаңыз, ана жақтан бастаңыз.

Ү й т а з а л а у ш ы ә й е л . Жәрәйді.

Б о т к и н . Садовский, сіз қаншаға сатылдыңыз?  
Ойынды қойыңыз. Сізді келер-келместен бас инженер  
сайлайды. Мәжілісте даурыға сөйлейсіз. Сіз қызулы  
өндірісші болыпсыз. Жағынасыз. Мен сені жаққа ұрғалы  
келдім...

С а д о в с к и й (*үй тазалаушы әйелге*). Ана жақтан  
жу... мен өндірісшімін бе? Мен қызулымын ба? Витя, ол  
былық, сандалу, жалған. Ол елес, досым.

Б о т к и н . Ол, міні.

С а д о в с к и й . Есіңді жи. Сөз емес. Ұмытқанбысың?

Боткин. Білмеймін. Садовский, мен қиналамын. Мен білушем ғой сені... Білемін. Осы сен Юркамысың. Жаным, Юрка... түсінші, мен жарты жыл бойы тұңғыықтамын. Дүниені көрмеймін, уақытты сезбеймін. Бұл өмір – құбыжық.

Садовский. Құбыжық па?

Боткин. Құбыжық.

Садовский. Шешемнің посылкасы.

Боткин. А, менің үй ішім де жоқ... Бір әйел бар еді... ол бір жағым... өзім қуыс кеуде.

Садовский. Тамақ жейік. Не деген?..

Боткин. Менде үн жоқ. Инженерлері бір қаңғырғандар, өне бір шеркеуші тура бұзық. Мынау қай газет? А, “Түзеуші”. (Оқиды.) “Инженер” Боткинге ағаш шлюздің жоспары “тапсырылады”. Рас, тапсырылады.

Садовский. Жоспарлаймысың?

Боткин. Жоспарлаймын.

Садовский. Еріккеннің салдары. Мағанасыз талап. Мындаған адамның өмірін күл ету.

Боткин. Олай емес... Адамды капитал ласынан тазартады. Бұлардың қиялы күн нұрындай жарқын ғой. Міні, “Түзеуші” дейді. Қиялдарының бар жиыны осында ғой. Ойлашы Садовский, неткен есуастық сені мен мені қайта тудырады. Ә, іш пыстырады, санасыздық.

Начальник пен Соня. Үй тазалаушы әйел босаған стакандарды алып өтеді.

Начальник. Жоқ, сен маған анық, тура, берік уәде бер!

Соня. Уәде бермеймін... Тачкені бәрібір тасымаймын... істей алмаймын.

Начальник. Тоқта, тындашы.

Соня. Жыл бойы айтсаңыз да, бәрібір. Бұл бір бос шығын. Ешуақытта істегем жоқ, істемеймін.

Начальник. Сен үлкеннің тілін ал, өмірді мен сенен артық білем.

Соня. Әй, білмеймін... Қаны, айтыңызшы.

Начальник. Айтшы, сен кімді талаймын дейсің? Талайтының кім ғой дейсің?

С о н я. Кәдімгі таза жұрт ше...

Н а ч а л ь н и к. Олар кім, айтшы.

С о н я. Онда не ақым бар? (*Үй тазалаушы әйел шеткерек жерде.*)

Ү й т а з а л а у ш ы ә й е л. Үш ромбы тағып ап, бір салдақымен үш сағат сөйлескені несі? Мемлекетке одан да жаңағы шай қымбат қой...

С о н я (*тұрып сілкініп*). Бұ не? Шын ба, жаным-ау? Маған сіз шын-ақ қол создыңыз ғой. Жақсы, рақмет баршасына да. Ендеше, уәде бердім, берік уәде. Арақ ішпеймін. Жұмысқа шығам, үйренем. Қош болыңыз.

К а п и т а н. Соня!

С о н я. Костя!

К а п и т а н. Тосып тұрмын. Бірге ішейік. Закуска қайда? (*Үн жоқ.*) Сонька, сені мыналар... Соня, сені ренжітті ме, әлде!

С о н я. Жоқ.

К а п и т а н. Ендеше, ішейік.

С о н я. Костя, мен ішпеймін.

К а п и т а н. Соня, саған не болды, аурумысың?

С о н я. Костя, мен серт бердім. Өздігімнен, шыныммен бердім. Түсіндің бе мені?

К а п и т а н (*кейін басып*). Жақсы адамдар көз алдымда бітіп барады. Жердің нәрі жойылады. (*Скрипкашыны тоқтатып.*) Осылардың мені қайта тудырғанын бір тамашаласам екен...

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

### ІІ АКТ

#### *Бірінші эпизод*

Тоғай іші, каналдың арнасы. Дама-Нюрка мен Соня тачкеде жүр.  
Қолында арасы бар Диякин шығады, қасында поп Барфолеймей.

Д и я к и н. Ал, бастайық, қазірет Барфолеймей!  
Имандым, дұға қылыңыз.

Б а р ф о л е м е й. Пәлеге сабыр әкелген хазірет Дәуітті еске алайық. Айналамызда зинақорлар неткен көп.

Д и я к и н. Зинақорлар көп.

Б а р ф о л е м е й. Қадим замандағы сияқты, бұл күнде де шетінен сұлу.

Д и я к и н. Ия, сұлу қатындар көп. (*Жұмысқа кіріседі.*)

Т а м а р а. Соня, поп маған көз қысады. Үш сомның шетін шығарады, күзғын!

Б а р ф о л е м е й. Қадимдегі пел қаумын һәләк еткен бұзықтық мұнда да толық.

Д и я к и н. Ия, ойнас көп шығар.

Б а р ф о л е м е й. Сұбықан, ойнас қыламекен?

Т а ң б а л ы ә й е л. Жаңа әулие, байқа, сақалың жұлынып жүрмесін.

Г р о м о в. Тачкені қалай айдауды үйретсендерші. Бос қиналып жүр ғой өздері. Және жұмыс киімін бергізіңіздер.

С а д о в с к и й. Ей, туған.

К а р а с ь. Иә, ваше благородие.

С а д о в с к и й. Ана әйелдерге тачкені ұстауды үйретші.

К а р а с ь. Иә, мақұл, бикештер, начальник сендерге үйрет дейді.

С о н я. Үйрет.

К а р а с ь. Ия, күдірет, сендерді не үшін ғазаптайды. Араларыңда гимназисткелер де бар, ә?

С о н я. Тура гимназиядан алды, үйрет.

К а р а с ь. Тозақ күн ғой, шет мемлекеттер білмейді... Білсе соғысар еді. Бастық қайсының! (*Дама-Нюркаға.*) Қалқатайым, жалаңаш қолыңмен ұстайтын болсаң ұялмай, әуелі алақаныңа түкіріп ал. Онша көп бүгілме. Әйтпесе машықтанбағандықтан барлық он екі мүшен, жұлын тұтаң қаңғақсап ауырады да, ұйқыдан да, тыныштықтан да айрыласың. Тозақтың азабы ғой.

Д а м а-Н ю р к а (*жылап*). Таза әуеде еңбек дейді, жарыс дейді. Осы ма еңбегі? Мынау дерт қой.

С о н я. Оттама енді.

Громов келеді.

Г р о м о в. Ну?

С о н я. Мынау не оттап зар қақсайды?

Г р о м о в (*Карасьқа*). Сен кім едің!

К а р а с ь (*жүресінен отыра қалып*). Фафу етіңіз.

Г р о м о в (*ашулы*). Тұр. (*Карась атып тұрады*.) Сен кімсің?

К а р а с ь. Құлақпын... Курскийдің құлағы.

Г р о м о в. Немене сен, өмір бойы құлақ боп қалғаның ба? Бар, ойлан. Үгітті доғар, ұқтың ба.

К а р а с ь. Ой... ойланайын. (*Шегініп, басын шұлғып жоғалады*.)

Г р о м о в (*әйелдерге*). Қиын ба? (*Соняның тачкесін алып қалай ұстауды көрсетеді*.) Дұрысы осылай, тәсілі бар. Түсіндің бе? Жүкті мына араға сал. Ұстайтын жағың жеңіл болсын. Сонда салмақ түспейді. Сүйемелеп отырсаң болады. Тақтайына күм себіңдер.

С о н я. Түсіндім.

Г р о м о в. Уайымды қойыңдар, қыздар, пайда жоқ. Біздің отанымызда жұмысты бәрібір істейсің. Сендермен шартымыз таза. Біз өз уәдемізді орындаймыз. Сендер де орындаңдар. Ал қолайлы киім бергізу – біздің міндет.

Д а м а - Н ю р к а. Бәрі де тәтті түндегі түстей өтер де кетер.

Г р о м о в. Дұрыс-ақ. (*Кетеді*.)

Т а ң б а л ы ә й е л. Ей, сен офицер, қолыма бостандығымды ғана берші, аржағын көрермін. (*Тачкені ұстайды*.) Ал өмір путевкесі, артист Баталов сәулетайым, тарт...

С о н я. Жөнел, әйтпесе жеті қат көгіңе құдайыңды тіркеп, бәріңді қоса боқтармын.

Н и н к а. Қазірет, патика!.. Әлде жайша бата бересің.

Г р о м о в. Гражданин, мұнда келші.

Д и я к и н. Мен бе? (*Жақындайды*.) Ие.

Г р о м о в. Дәрежең қандай еді, гражданин?

Д и я к и н. Диякин едім.

Г р о м о в. Басқа кісімен одақтас бол.

Д и я к и н. Үйте алмаймын.

Г р о м о в. Неге?

Д и я к и н. Хазірет екеуміздің маһалламыз бір еді. Бірге сотталып, бірге айдалдық, бірге өлеміз.



Г р о м о в. Бәрекезде-ай, сізден жақсы қызметкер шығар еді. Сіздейлер бізде үлкен паяк алады, үй ішімен хат жазысуға да рұқсат алады.

Д и я к и н (*сақалын сипап, Барфолемейге қарап*). Ал, келіңіз қазірет Барфолемей, келіңіз. Тіпті өзі Крыловтың мысалы болып барады ғой. “Аққу, шаян, шортан” дегендей.

Б а р ф о л е м е й. Ә, ә! Құлқының үлкен паякке тартты ма?

Д и я к и н. Пайғамбарым да тірлігінде ішіп, жеуді ұмытпаған.

Б а р ф о л е м е й. Кеткенің бе?

Д и я к и н. Енді қайтейін.

Б а р ф о л е м е й. Оңбағансың сен.

Д и я к и н. Шынын айтқанда, хазірет, сіз арам-тамақсыз.

Б а р ф о л е м е й (*шоқындырып*). Тәңірім бетіңнен жарылқасын.

К а п и т а н. Соня, сен жынданыпбедің? Соня, кім болғансың, қайдасың. Соня, ойланшы. Бетің су, қолың қап-қара.

С о н я. Әй, кетіндерші әрі...

## *Екінші эпизод*

С а д о в с к и й (*макетті қарап*). Сұлу істелген ұлы жұмыс. Қашан үлгіргенсің?

Б о т к и н. Ұйқы қашты. Түндер ұзақ.

С а д о в с к и й. Бәсе, Боткин шайға неге бір келмейді десем, тіпті шынымды айтайын, Ақ теңіздің қорлығайынын тапты ма деп ем. Бұл, сүйтсем, Эдиссон бопты. Мақтарлық іс. Беріктігің, түрің тап оқу бітіріп шыққан күндей. Жасырмаймын, ірі іс, өте ірі... Табыс. Инженерлігіңді құттықтаймын. Шыным – тіпті қызғанамын. Ерекше ақыл... Ер шеберсің, итім. Мұндай іске Нобель бәйгесі беріледі.

Б о т к и н. Мәслихат берші, қайтейін? Сырын аштым, байладым. Енді нетпек керек?

С а д о в с к и й. Қазаншының еркінде!

Боткин. Осының іс болғанын көрсем деймін.

Садовский. Әрине.

Боткин. Юрий, бұл үнінді қой, ойың не, көзге айт.

Садовский. Мен Боткиннің маған кеп, жақтан ұрмақ болғанын, “қаншаға сатылдың, ит болдың” дегенін еске алып тұрмын. Солай еді-ау, ә? Көзге айтсақ, көзге.

Боткин. Оның жөні бір басқа. Мен бояуыңды өзгерттің бе деп едім. Ал мен...

Садовский. Сенікі елес еді... Мен көз алдымда чекистердің бұйрығымен сен істеген тамаша істі көріп отырмын.

Боткин. Мен инженермін, өзінің дұғалығынан басқа түкті білмейтін әлдеқандай поп емеспін. Түсінемісің бұны? Істің көрнектісін сүйемін. Ойласам өнер табамын. Толғанбай, ізденбей, өнер таппай өткізген өмірді ит жесін. Онда өзім-ақ атылып өлем. Сенбеймісің?

Садовский. Сенемін, бірақ инженер бол, құл болма.

Боткин. Өртегім бе мынаны? Солай ма? Айтшы барыңды.

Садовский. Басқа табарың болмаса, тіпті сүйт.

Боткин. Садовский, сен не айтып тұрғаныңды түсінемісің, мынаның ұлы табыс екені көріп отырсың. Сен екеуміз жабайылық күйіне кетіп барамыз, қаңғымайық.

Садовский. Еркін тіршілікте сен қаңғуды айтпаушең, тілегеніңді істеушең.

Боткин. Еркіндікте мен түк істемеушем, енді сол бос жүріс қажытты. Миым, ойым қарсы. Босқа келешекке дәмеленуден шаршадым. Енді тұңғиыққа кете алмаймын.

Садовский. Тура, артты ұмытып – кешірім алғалы жүрмін десеңші.

Боткин. Ақымақ.

Садовский. Қош, туған. *(Кете бастайды.)*

Боткин. Юрий...

Садовский. Орыс оқығаны – өзінің қорлығын бүркейтін сұлу сөзді әрқашан таба алатын. Құл бол, Боткин. Қызыл мансап та мақтанмен қарынға азық бере алады. Бетің түзу. *(Кемеді.)*

Боткин (*терезені ашып.*) Ал сол айтқаны шын болса қайтпим. Мен қорқақтардай өзіме-өзім жалған айтып жүрсем ше? Кешірім істеген болсам не болғаны?

Соня. Химик, екі папирос сыйлаңызшы.

Боткин. Химигің не?

Соня. Терезеден көріп ем, түн бойы отырсыз, жаңа тұз таппақсыз ғой. Мен де түн бойы тұз мәнін ойлаймын. Түн қысқарады, өмір онан да қысқара түседі. Ей, уайым... (*Кете береді.*)

Боткин. Алыңыз, қанша керек?

Пепела. Досым, тажалдың ісіне қол тигізбе.

Соня (*уайымды*). Құдай-ау, осы сен кімсің?

Пепела. Мен таза сәуегеймін.

Соня. Тәйт, қыртпай.

Пепела. Мен әулие Пепела.

Соня. Мен тіке сабаймын сені. Ұқтың ба? Төпелеймін.

Пепела. Саба мені, саба.

Соня. Мерткіткермін сені.

Пепела. Мерткіткір, сіндім, мерткіткір, мен сені таспен... сүйтіп құдайдың алдына тартармын.

Соня. Ә, сен сондаймысың, ендеше мә! (*Соняны Митя ұстай алады.*) Неге соңымнан қалмайды. Мен үшін кімге жалбарынады? (*Митяға.*) Сен кімсің? (*Танып.*) Митя бұл не? (*Пепела дағдылы мін салып, кете барады.*)

Митя. Тыныштал. Ол қыз, дін жөнінде екі пионерді өлтiрген. Тыныштал. Соня, қарашы көкке. Ай жарық. Жүр серуендейік.

Соня (*босанып ап*). Митя жаным, капитанды жұмысқа көндiрiшi. Егер капитан iстесе, мен де iстеймін, ұқтың ба, Митя? Ендi төзімім бітті. Жанымды жаралады.

Митя. Саған ант берейін – Костя-капитан адам болады. (*Кетiседi. Боткин үстелге кеп, телефонды алып.*)

Боткин. Ендi төзімім бітті. Жанымды жаралады. Жолдас Громовтың пәтерiн... Гражданин начальник, қазір мені қабыл алуыңызды сұраймын... Сөйлеп тұрған инженер Боткин.

## Үшінші эпизод. Рур.

Рур қатаң тәртіптің ротасы. Терезе, төбе тақтайдың аз астында, биікте, жұрт нарда. Бұл арада лагерь ішінде қылмыс істегендер отырады. Қазір де капитан, Лимон және солар тобы.

Б е р е т (*әндетеді*). Иығың неге түседі...

Ч а с о в о й. Доғар, бұл рур – қатаң тәртіп орны, демалыс үйі емес.

Б е р е т. Отырдық, отырған соң, сүйтіп, отырамыз. Картаны, бәрібір нені тіксем де ойнаймын. Ұрлықты (*әндетеді*) істеймін, бұзамын да жарамын.

Ә н і. Жыл қаза ма, жиырма ма? Жұмысым жоқ, туғаным, тіпті ойыма алмаймын. Ыбырайым, жұмысқа жоқ, шырайым.

Ч а с о в о й. Тоқтат, бұл рур, қатаң тәртіп орны.

К а п и т а н. Қажаманервімді, жоғал. (*Лимонға.*) Мені ұстатқан кім? Карта ойнайды деп кім айтты? Әлде маған жер шұқы деп үгіттеп жүрген Митька ма?

Л и м о н. Картаға қыз тігуіміз керек емес еді. Жазықсыз қылжақ үшін шатасуымыз жалкі...

Б е р е т. Костя, келші, жұмысқа шығайық.

К а п и т а н. Атама.

Б е р е т. Костя, ойланшы, сүйтсек мынадан шығарады ғой.

К а п и т а н. Мен бұл қуысты өртеймін. Не өлем, не қашып кетем.

Ц ы г а н (*Алешаға*). Неге дөңбекшисің, шайтан? Онсыз да тар.

А л е ш а (*ойнап*). Қайда жатырмыз?

Т р е б у ш к а. Сонда жатырмыз.

А л е ш а. Түсімде...

Д у ш е ч к а. Алеша, түске сенбе. (*Тынышталысады*).

Л и м о н. Костя, басты қатерге салма, қашқанда мені ала кет.

К а п и т а н. Сытыламыз.

Л и м о н. Костя, мен сенімен жүрсем өлмеймін. Бірақ, өзім де саған бір өнер көрсетем.

К а п и т а н. Көрсет.

Л и м о н. Ол қыбланама. Қандай дүм тоғай болсын,

жеті түнде де адаспаймыз. Өзін ұрлап ап ем, жеті тінтуден өттім, тапқызбадым.

К а п и т а н. Сендей адамға миллион жылдық тіршілік берер ем.

Л и м о н. Үйткені, мен өз ісіме артиспін. Пушкин айтпаппеді “Мен өзіме ескерткіш орнаттым, дұға қылыңдар сұмдар, Пушкинді қайтып көрмейсіңдер” деп. Мынау рурда біз текке өлеміз. Біз емес, паразиттер жасайды, үйткені біз ақсүйектер.

К а п и т а н. Оның рас.

М и т я. Аман ба, Костя?

А л е ш а. Аман баш...

М и т я. Менің ойымша жұмысқа көнетін уақыттарың, әрине, болды. Рурда отырған деген не?

К а п и т а н. Митя, бұ сіз қайдан шыққан марксист боласыз? Сіз атақты бандит едіңіз. Міне енді, мәңгі бұзылыпсыз.

М и т я. Костя, қырланғанды қой, тыңдашы.

К а п и т а н. Митя, мен сол жер шұқиды деп шыныңызбен ойлайсыз ба? Мен?

М и т я. Жалған айтасың, Костя, істейсің.

К а п и т а н. Митя, сіз бір-екі тетіктен айрылыпсыз. *(Маңдайын қағып.)* Митя, сіздің медалыңыз бар-ау! Сіз ферғауынсыз ғой.

М и т я. Бұл ударниктің значогі.

К а п и т а н. Оның өмірге не мағынасы бар?

М и т я. Кесігім он жыл еді, енді алтыға түсті. *(Капитанға книжкесін ұсынады.)* Көр, міні. *(Капитан оқиды.)* Каналды қазамын да босанамын.

К а п и т а н *(книжкені қайта беріп)*. Мен ішін ұрамын да қашамын.

М и т я. Сені ұстап ап қайта әкетеді, а мен азат граждан боп кете барам.

К а п и т а н. Митя, жөнелсеңізші. Осы сөздер құлағымды сасытты. Өтінемін, Митя, менен аулақ кет.

М и т я *(шегініп)*. Тыңдашы, капитан...

К а п и т а н. Біз бір кезде қабақпен ұғысатынбыз.

М и т я. Қош. *(Кетеді.)*

К а п и т а н *(жалғыз)*. Сволочь... Сөзінің ұтымдысын карашы.

Л и м о н. Зекс.

К а п и т а н. Мен үйде жоқпын.

Л и м о н. Хозяин үйде жоқ.

М и т я. Қой, Костя, қойдың ба енді?

К а п и т а н. Жуликтер, тұрындар төсектен. *(Жуликтер бар жақтан жүгіріп кеп капитанды қоршайды.)* Қырандар, маған қайсының қосыласыңдар – қол көтер. Анаған кім көтереді? Сіз ұтылдыңыз.

М и т я. Сен кім болдың Костя, байқа. *(Капитанды лодыр қып салған суретті көрсетіп.)* Мынау саған арналған.

К а п и т а н. Мен суретке қарамаймын.

М и т я. Қырланбай тоқта, оқы.

К а п и т а н. Үгіт менің көзіме жәйсіз тиеді. *(Плакатқа қарап.)* Мұны кім салды. Мен білем, кім екенін. Қайда пышақ?

### *Пантомима*

К а п и т а н. Әкетіндер мынаны. Бұл сатылған.

М и т я. Костя, сен жұмыс қылам деп уәде беріппең?

К а п и т а н. Тағы, тағы кеп жанымды тырнадыңыз ба?

М и т я. Досым, мен де бұзық ем ғой.

К а п и т а н. Мен бұзықпын, бұзық боп қалам. Түзелгім келмейді, мен кісі өлтіргішпін.

М и т я. Ал несін айтасың?

К а п и т а н. Мен жұмыс істемеймін. Істемеймін. Кетіңіз... Бәріңді пышақтаймын... Өзімді де жарам... кет. *(Екінші біреуіне.)* Кет... *(Жалғыз.)* Спирттен бір ғана жұтып, көрге кірсем екен.

С о н я. Костя, саған не болды? *(Айнала қарап.)* Шақыр дәрігерді.

К а п и т а н. Бұлар қан көрмей маған жабысуын қоймайды. Егер енді мен...

С о н я *(қатаң)*. Сен мені білемісің?

К а п и т а н. Сені білемін.

С о н я. Маған сенесің бе?

К а п и т а н. Саған сенем.

С о н я. Ендеше, қазір сен ақымақсың.

К а п и т а н (*таңданып*). Қойшы.

С о н я (*дәрігерге*). Таңа беріңіз... Қорықпаңыз. (*Дәрігер капитанның қолындағы пышаққа нұсқайды. Соня пышақты алады.*) Таңа беріңіз. Мен білсем, мұнда қарайтын дәнеңе жоқ.

К а п и т а н. Дәрігер, айтыңызшы, осы бір каналды қайдан тапты осылар?

Д ә р і г е р. Сабыр.

К а п и т а н. Дәрігер, сіздің әлде бір тамшы капліңіз жоқ па?

Д ә р і г е р. Қазір тамызамын.

К а п и т а н. Тамызғаны несі? Барыңыз, дәрігер, пожалуыста, барыңыз. Бұларға жуликтердің жұмыс істегені неге керек?

### *Төртінші эпизод*

Громов кабинеті. Шлюздің макеті стол үстінде. Боткин соны айналдырып жүр.

Б о т к и н. Дворян, ақсүйек, зиянкес болсам да менен проект сұрады. Нормылар өзгерген. Айналаң қым-қуыт, сен жас күшіктей түк ұқпайсың.

С а д о в с к и й. Енді сені жақтан ұрсақ жауапқа да тартылармыз.

Громов кіреді.

Г р о м о в. Құтты болсын айтам. Сіздің проектіңіз Ленинградта сыннан өтті, міні...

Б о т к и н. Мүмкін бе?

Г р о м о в. Пожалуыста, аурусыз ба? Әлде тұмау ма?

С а д о в с к и й. Жоқ.

Г р о м о в (*Садовскийге*). Инженер, су сабасына қашан түседі?

С а д о в с к и й. Әуе райы білет те.

Г р о м о в. Сүйтіп, сіз білмейсіз бе?

С а д о в с к и й. Мен метеоролог емеспін.

Г р о м о в. А, мен кім? (*Үн жоқ.*) Инженер Боткиннің шлюзіне қанша ағаш керек екенін білдіңіз бе?

С а д о в с к и й. Шамалауға болады.

Г р о м о в. Кешіккенсіз.

С а д о в с к и й. Жаңа іс қой.

Г р о м о в. Маған ше? (*Үн жоқ.*) Ағашты қайдан алатынды білесіз бе?

С а д о в с к и й. Осы маң шығар.

Г р о м о в. Сүйтіп, қанша ағаш керегін, қайдан алатынды, қашан ағызатынды да білмейсіз. Онда сізбен сөйлесетін сөзім жоқ. Ағаш ағызуға сіз барасыз.

Б о т к и н. Кіммен?

Г р о м о в. Ұрылармен. Күлесіз бе? Проект проект болсын. Бірақ бір жұмада су кемиді. Ағаш болса әзір, жоғарыда бір аралда жатыр. Керек саны маған мәлім. Бірақ қандайы керек екенін менен сіз жақсы білесіз. Осы бүгін жөнелесіз.

Б о т к и н. Бір жұма дейсің бе? Онда үлгерерміз...

Т ә р б и е ш і. Бұйрығыңыздың бәрі орындалады, жолдас начальник.

Г р о м о в (*Митяға*). Иттер отыртып кетіп жүрмес пе?

М и т я. Түк етпейді. Мынандай әзірліктен соң, түк етпейді.

Г р о м о в (*Боткинге*). Сіз мына кісіні білесіз бе?

Б о т к и н. Танысқанымыз жоқ, бірақ естігем: жуликтерді түзеуші маман ғой.

Г р о м о в. Отыр. Бұл адамның өмірбаяны граф Монте Крестонікіндей.

М и т я. Графты қойшы! Әшейін ғана жулик.

Г р о м о в. Сен Ростовта банкіні талағаныңды айтшы.

М и т я. Өткен іс қой.

Г р о м о в. Айт, ұялма.

М и т я. Баяғы сол күндіз, маскі киіп, банкіге кірдік: “жат” деп әмір қылдым. Отырғандар тегіс жата қалды. Жай қызметкер ғой бәрі, әртүрлі кооператившілер маскеден өлердей қорқады. Қолымда бір-ақ қана бұзылған браунинг бар, тіпті қорықпаса сиясауыттың өзімен-ақ ұрып жығар еді. Бопса.



Г р о м о в. А, сендермен бір үлкен жыртқыш бірге барады. Айтпақшы, Костя, капитанды келтіріндерші. Жалғыз кірсін. Комендантқа айтындар, екі қарауылшының аспабын әкелсін. Және Петин мен Пыжовты тез жіберіңіздер, уақыт тар... Көрдiңiз бе? тамаша сүңгуір, басына баға жетпейдi. Епронға әзірлеп жүрмін.

Б о т к и н. Шын-ақ істей ме? Сену қиын-ақ.

Г р о м о в. Неге? Сіз де істеп жүрсіз ғой.

Б о т к и н. Мен ұры емеспін ғой.

Г р о м о в. А, ол зиянкес емес қой.

Б о т к и н. Бәлки, дұрыс шығар.

Петин мен Пыжов.

Г р о м о в. Сендер қызыл әскерде болдыңдар ғой?

П е т и н } Болдық.  
П ы ж о в }

Г р о м о в. Ұрлық қылдыңдар, ә?

П ы ж о в. Азырақ...

Г р о м о в. Петин, Пыжов!

П е т и н. Петин!

П ы ж о в. Пыжов!

Г р о м о в. Сендер, ағаш ағызатын экспедицияның мүлкін күзетесіңдер.

П ы ж о в. Күзет. Немен?

Комендант кіреді.

Г р о м о в. Қолдағы қарумен.

П е т и н. Жолдас, серт берем.

Г р о м о в. Ия, ғажап.

К а п и т а н. Ал.

Г р о м о в. Қызды картаға тігетін сенбісің?

К а п и т а н. Тұтқынмен сыпайы сөйлеу шарт, сен демеуіңізді сұраймын.

Г р о м о в. А, мен сенімен жайша сөйлеспекпін. Қарсымысың?

К а п и т а н. Сіз начальниксіз ғой.

Г р о м о в. Мен сенің құрдасыңмын. Қай жылы тудың?

К а п и т а н. Тоқсан сегізінші.

Г р о м о в. А, мен тоқсан тоғызыншы жылы туғанмын.

К а п и т а н. Ромбы бергендері аз ба?

Г р о м о в. Картаға қыз тігесің, отырасың, бұның не? Ұсақ бұзақылық. Ақылды адамсың, қалай төмендегенсің. Бойыңа қарашы. Құнсыз, мазақ қой... Міні, инженер. Сен үшін мен ұялам.

К а п и т а н. Атып таста, апар да бітір.

Г р о м о в. Өмір оқ үшін дейсің бе? Арзан желік. Жастықты 21-ге саласың. Қырланған боласың. Қуаныш, намыс, дос, отан дегеннен түк жоқ. Былғаныш, арақ, жезөкше... а, сенде қайрат, қажыр да, ақыл, талант та бар.

К а п и т а н. Қояйық, начальник. Сұрағыңызды беріңіз.

Г р о м о в. Отыр. Сен ағаш ағызатын экспедицияның начальнигі боп сайландың. Мынау шлюздерге ағаш керек. Су қайтқанша ағашты ағызып алмасақ, жер болғанымыз. Комендант саған сенеді. Жағалатып, сипалайтын түк те жоқ. Доктор, сіз экспедиция начальнигінің қарамағында боласыз. Уақыт кетпесін, барып, керек затты түгендеп алыңдар. Сүйтіп, осы бүгін жөнеліңіздер. Болды...

### *Бесінші эпизод*

Ағаш ағызуға кетерде.

З а в х о з. Алыңыз... атыңыз кім? Бір жәшік темекі. Бұл жақта байлық. Неменесін ұстайсыз. Сәндеп ораған. Міне, бұл пұл десеңіз пұл-ақ емес пе, “Мостроптікі”. Айтпақшы “Мостроптың” барлық басқармасы осында отыр... Бұншалық сенбейтін адамды көргенім осы.

К а п и т а н. Ей, сарсүйек завхоз. Сенімен істес адамның бәрі мендей болса, көп балалардың әкелері айдалмас еді, үйлерінде отырар еді. Сіз ұрлық та істемеген болар едіңіз.

З а в х о з. Е, рас, айтасың, ал, тағдыр, қол қой.

К а п и т а н. Тоқтаңыз, пысықай Испания емес. Мен сылдыр күйге сенбеймін. Екі баланы шақырып ем, әне солар келе жатыр. Түсіндіңіз бе?

Л и м о н. Түсіндім.

А л е ш а. О не, Костя? Кісі жинап жүргенің не, сенің?

Л и м о н. Бұ не запас?

Б е р е т. Сырынды ашшы.

К а п и т а н. Қазір ашам. *(Жәшікке шығып сақтана.)*

Паек алғыларың келе ме?

Б е р е т. Бұ не сұрау?

Л и м о н *(айқайлап)*. Жұмыс қой. Ә?

К а п и т а н. Сендер менімен таласпақпысыңдар? Сендер сөзге ұмытшақсыңдар. *(Лимон шегінеді.)* Балалар, мен былшылды сүйемеймін. Маған сенесіңдер ме?

Л и м о н. Саған бәріміз де сенеміз.

К а п и т а н. Мен сендерді жақсы көрем, балалар, ойлансам, жаным ашиды. Денсаулықтарың қымбат қой, жойылып барады. Сендерге таза ауа мен өзен бойының серуені қажет. Бірақ сендер тәжірибелі адамсыңдар. Бұл ара больница емес. Егер сендерге қараңғы іс істесем талқанымды шығарасыңдар, білемін. Ғұрып пен намыс – езгілік жұмыс. Бізге әмірші жоқ. Бұл істің жалғыз иесі менмін. Түсіндіңіздер ме? Білсем деймін, сіздерге қолдарыңызды көтеру қиын болмасбекен? *(Тым-тырыс.)*

А л е ш а. Әзірмін, капитан.

К а п и т а н. Крейсерге рақым етіңіздер. Старосталар темекіге список түсір. Обед бір қазаннан, а, темекі әркімнің бас-басына. Немене, сіздер переселенсіздер ме? Әлде құлақсыздар ма? Жүкті ертегінің перісіндей көз жұмғанша тиеулеріңізді сұраймын. Айну, алдау, уа мен бармаймын. Сізді неге маған қосты? Начальникпісіз?

Б о т к и н. Досым, мен де өзіңдей қамаудағы адам. Менің, ешбір правом жоқ.

К а п и т а н. Ендеше неге барасыз?

Б о т к и н. Сіз ше?

К а п и т а н. Жұмысқа.

Б о т к и н. Мен де соған. Мен ағашты өзім таңдап алам.

К а п и т а н. Егер бірдеңеңізді ұрласа ренжімеңіз, маған айтыңыз. Бәрін де қайырып береді. Кемеге мініңіз. *(Боткин кетеді.)*

Т ә р б и е ш і. Ей, Дорохов. Оқып ал... көп жәйді түсінесің. *(Кітаптар береді.)*

К а п и т а н. Менің пайдаланатыным ақ қағаз, жазулысын жауып қой.

Т ә р б и е ш і. Шыныңды айт, оқымаймысың?

К а п и т а н. Ашық айтам, оқымаймын.

Т ә р б и е ш і. Өзіме бер. (*Кітаптарды алып, бір газетті бітіріп қарап.*) А, мына мақаланы не қылсаң да оқы. Не істейтінінді қазір ұғасың. Громовтың бұйрығы.

К а п и т а н. Оқын, шын айтам.

Т ә р б и е ш і. Ал.

К а п и т а н. Жалғыз-ақ, үгіттеме мені. Оған шыдамаймын.

Т ә р б и е ш і. Ал, мақтанып қайтуларыңызды тілеймін.

К а п и т а н. Егер менің орныма бір тал түгім ғана қайтса, онда шешеме хат салыңыз. Білсем екен, бірінші свистокты неге бермейсіз?

П а р о х о д к а п и т а н ы. Асығыс жоқ.

К а п и т а н. Капитан, сіз бұл суға шомылмағалы көп болды ма? (*Жымып*). Менің жігіттерім жас, сізді шомылдыра алады. Капитан (*газетін сілкіп тұрып*), мен мемлекет тапсырмасын орындамақпын. Шомылғыңыз келмесе екінші свистокты беріңіз.

П а р о х о д к а п и т а н ы. Мені қорқытпауыңызды сұраймын.

К а п и т а н. Капитан, менің өкінерім жоқ. Қаны, қыбыр етпей тұрып, жөнелтіңіз пароходты. Ал енді бір тал түгіңіз шығын болмайды.

П а р о х о д к а п и т а н ы. Но, пассажир, но, бандит!

### *Алтыншы эпизод*

Ағаш ағызатын өзен жағасы, тоғай елсіз. Капитанның тобы. Ортасында өзі, мұңайғандық, панасыздық уайымы бар.

Ц ы г а н. Аспаны ылай су тәрізді... Боп-боз.

А л е ш а. Кәдімгі шет аспаны.

Ц ы г а н. Жері ше?

А л е ш а. Кәдімгі шет жер.

Ц ы г а н. Кәдімгі, кәдімгі... Осы сен неден жаралғансың?

Б е р е т. Келдік! Арасан курорты ғой.

А л е ш а. Кәдімгі, шеттегі курорт.

Л и м о н. Мұнда енді, әрине, ұрлайтын дөнеңе де жоқ. Тыныштық.

К а п и т а н. Дәрігер, білсем екен, мына халықтың ішінде ауруы бар ма, осы.

Д ә р і г е р. Бәрі де сау.

К а п и т а н (*барлығына*). Ендеше не бар? Ойларың не, уайымды жоюға бұйырамын. Маған шаштаразы керек. Повар керек. Ас пен шаштаразы болмаса, адам су түбіне балтадай батады. Шатыр тігіңдер, бастандар тіршілікті. А, тіршілік рақат, әзіл ғой, бозбалалар. Цыган, тік шатырды. Ужин... иісі Финляндияның шегіне білінсін. (*Шаштаразға.*) Мына ұйқы басқан ұсқындарға адам пішінін беріңіз. (*Душечкаға.*) Қолыңызды көрсетіңізші, жарықтық. Түсінікті. Өнерлі қол. Барып, ағаш тасыңыз. Ұялмаңыз, бәрі өзіміз ғой. Жарықтығым, барыңыз.

Б о т к и н (*жүгіріп кеп*). Бұлары несі? Ағаштың ылғи ұсағын алады. Менің шлюзіме жарамайды ғой. Үлкен ағашты алғысы келмейді.

К а п и т а н. Абыржымаңыз, бала ғой. Бала емес пе бұлар. Өмірде жұмыс қып көрмеген ғой. Әлі бәрін де алады. Адамға еппен келу керек қой... Жоқ, бұлай істеу түкке тұрмайды. Бұл іс емес, құр еліктеу. (*Жүгіріп өтіп бара жатқан Лимонға.*) Әй, бәйгебоз. Маған, бұрын драма жазушы болған біреу керек.

Л и м о н. Мұнда ондай жоқ қой.

К а п и т а н. Қап. (*Боткинге.*) Бұ қандай жұрттың ортасына түстім? Әлде сіз драматург болған шығарсыз?

Б о т к и н. Жоқ, болған емен.

К а п и т а н. Сіз үндеу сөз жаза аласыз ба?

Б о т к и н. Жоқ, жаза алмаймын.

К а п и т а н. Кұдай-ау, маған қалай тартқансыз. Ал ендеше барыңыз. Бірдемені соқалау керек. Жолдас жорталар, жолдас шпана, жолдас сұмдар, бұрынғы жуликтер! Жоқ, мына жуликтер жұмыс істемейді. Бәрі бірін-бірі қостайды. Жұлқы мына жұмысты, мақтанып қайтамыз. Жасасын Беломор канал! Ура! Аз боп жатыр. Жұмыс қылмайтындарға тамақ жоқ. Сеземісіндер. Факт... Осы чекистердің басқаша емі болады деуші еді-ау. Олар адамды жік-жікке бөледі.

Бірақ сөзбекен? Мен чекист емеспін ғой. Менің туған ортам мынау бандиттер ғой. Жұмыстан қашқанға тамақ та, темекі де, етік те жоқ. Ол бұл ұрмақта Хауа анадан айрылған адамдай сандалады. Түсінікті ме? Бүлінбеңдер?.. Саша, сал суретті. Тезінен. Болмаса мойныңды үзем. Білсем екен, сіз биші әйел емессіз бе?

Б е р е т. Менің бауым.

К а п и т а н. Сіз мұнда “Балет биін” билемексіз бе? Сіз әлде биші Гельцер ханымсыз ба?

Б е р е т. Жоқ, мен оның өнерін сүйешімін.

К а п и т а н. Білсем екен, сіз саясат адамы емессіз бе? Әлде бітім конференциясына келгенбеңіз? Әлде сізге ақ перчатка керек шығар?

Л и м о н. Біздің сүйетініміз гражданин Бизеннің тақпақтары. (*Әндетеді.*)

К а п и т а н. Алеша, сіз тақ он бес минут отырдыңыз – сіз қиялға берілгіш адамсыз. Алеша, бұл жер сізге кітапхана емес.

А л е ш а. А, өзің істеп жүрмісің? Начальник болғансып!

К а п и т а н. Алеша, сіз менімен ұрыспақсыз ба?

А л е ш а. Қойшы, капитан, ескі машығыңды... үйтіп ісіміз оңбайды.

К а п и т а н. Алеша, сіз аңқау жігітсіз.

А л е ш а. Ойлан, капитан. (*Кетеді.*)

Б о т к и н. Жолдас начальник. Өздері тамаша халық. Істері өндіп барады.

К а п и т а н. Бұлар дүлдүл емес пе. Аттың құлағында ойнайтын сайтандар ғой.

## *Жетінші эпизод*

Садовский баяндамасы.

Г р о м о в. Отырыңыз, Юрий Николаевич, солаймеді?

С а д о в с к и й. Иә, бір кезде солай атаушы еді.

Г р о м о в. Ағаш келіп жатыр, Юрий Николаевич. Ғажап па? Қалай ойлайсыз? Бұ қайдан келіп жатыр? Әлде тәңір жібере ме?

С а д о в с к и й. Инженер Боткин ағызып жатыр.

Г р о м о в. Біздің инженерлер қалай ағаш ағызады, тырысады. Осы үшін бір тартайықшы. Ал өзендер қалай, Юрий Николаевич, су азая ма?

С а д о в с к и й. Иә.

Г р о м о в. Мен сіздің баяндамаңызбен таныстым, инженер Садовский, қосарыңыз бар ма, жоқ па?

С а д о в с к и й. Баяндамада мен барды айттым.

Г р о м о в. Айттыңыз ба, құр тердіңіз бе?

С а д о в с к и й. Олай деуге де болар.

Г р о м о в. Құлаттыңыз... Олай деуге бола ма?..

С а д о в с к и й. Мен, айыптағыш сөздерге үйрендім ғой. Атуға бұйырылып ем, егер өлім жазасын айдауға түсірген кешірімді қата десеніз, мен сіздің өміріңіздемін, еркіңіз білсін.

Г р о м о в. Біз сотта отырғанымыз жоқ. Совет үкіметінің тапсыруы бойынша канал қазып жатырмыз. А, сіз бұған әлі күнге сенбейсіз.

С а д о в с к и й. Сіз екеуіміздің туысымыз екі басқа ғой.

Г р о м о в. Сол себепті сіз маған қалжақ доклад жазасыз. Инженер, сізді менің түсінетінімді көптен бері білесіз. Қалжақты қояйық. Доклад... қағаз... мың жарымдай шет жұрттың сөзі... Громов түк түсінбейді. Жоқ. Шет тілге тығыла алмайсыз, Юрий Николаевич, ұятқа ұшырайсыз. Мен барлық инженерді жиям да, өзімнің шешуімді қосып, оқып берем. Сонда сіз мазақ боласыз. Сүйтіп не білмей жаздым, не әдейі жаздым деп біреуін мойынға аласыз. Түсіндіңіз бе? Сіз, мемлекетті билеп жүрген надан, шалағай адамдар дейсіз ғой. Сіз айналадан ешнәрсені көрмейсіз. Білімді адам болсаңыз да біз каналды неге қазамыз, сізге кешірімді неге береміз, қолыңызға үлкен істі неге табыс қыламыз, және мен чекист сізбен неменеге сөйлесем — осының бәрін де түсінбейсіз. Қайта маған қалжақ доклад жазасыз. Өзін тіпті латын тілімен жазасыз... Әлде сіз әйел ауруының дәрігерісіз бе? Тіпті бәрі де уайым болмас еді. Бірақ сіз дәуірден қалып барасыз, өмірде бір өлі жан боп барасыз...

С а д о в с к и й. Осы әңгіме де начальник пен қамаудағы адамның арасын белгілейтін программаға қосыла ма?

Г р о м о в. Большевиктердің әрқашан программамен іс қылатыны сізге мәлім. Инженер, ерік өзіңізде.

К а п и т а н. Экспедиция ісін тамам етті.

Г р о м о в. Білемін, сенің еңбегің үшін, кесігіңнен бір жылың кеміді.

К а п и т а н. Мақұл.

Г р о м о в. Отыр. Мұнда рапорт жаз. Жалғыз-ақ, ұры сөздерін қоспа. (*Садовскийге.*) Не айтасыз, инженер?

С а д о в с к и й. Мен, мен докладымды өзім жойдым. Мүмкін болса, бұл оқиғаны ұмытыңыз. Қазір бар мәселені екі-ақ бет қып жазып берем.

Г р о м о в. Отырыңыз, жазыңыз. Бірақ шет тілдер болмасын. (*Капитанға.*) Сені атақты күйші дейді ғой.

К а п и т а н. Бұрын тартушем... Вагнер сарынын.

Г р о м о в. Мәскеуден баян жаздырып алдырам. (*Садовскийге.*) Бірнәрсе айтпақсыз ба?

С а д о в с к и й. Зор өтінішім. Артымда анам қап еді. Жалғыз еді, соны осында алғызуыма бола ма?

Г р о м о в. Бір-екі күнде жауабын аласыз. (*Шығады.*)

С а д о в с к и й. Осы сіз кімсіз? Айтыңызшы.

К а п и т а н. Мен — Костя-капитан ғой.

С а д о в с к и й. Сіз кемешісіз бе?

К а п и т а н. Мен ұрымын.

С а д о в с к и й. Ашық сөйлесейікші.

К а п и т а н. Пожалуйста.

С а д о в с к и й. Сіз, міні, ұрысыз... Ренжімеңіз.

К а п и т а н. Ренжімейтін болғаным 18 жыл болды.

С а д о в с к и й. Ұры, сіз айтыңызшы осы, жұмысқа қалайша шықтыңыз? Қайтіп осылай өзгердіңіз?

К а п и т а н. Менен сұрайтыныңыз не? Мен Достоевский ме екем?

С а д о в с к и й. Ұғыныңызшы, маған өте қажет. Бірақ сіз түк ұқпайсыз.

К а п и т а н. Мен сіздің жүрегіңіздің соғуын байқасам, өзіңіз түк ұқпайсыз. Чекистер әр адамның алдына баспалдақ қояды да: көтеріл, өрле, неғұрлым биіктесең солғұрлым өмір сұлулана береді дейді. Бір сатыда сіз жақсы киім аласыз, екіншіде азық, содан ударниктік басқышы бар, сүйте-сүйте сіз тіпті лагерьде отырғаныңызды да ұмытасыз. Сізге әйеліңізді алдыруға рұқсат береді. Сонымен тағы



бір саты бар, оған жеткенде барлық он жылдық кесіміңіз бір-ақ өшіріліп, ұйқыда көрген түстей айыға салатыны да болады. (*Садовский сөйлемек болады.*) Жо, тұра тұрыңыз, бірақ чекистер сіздің көтерілуге бекінген, бекінбегеніңізге карап отырмайды. Олар біздің мінезімізді біледі. Біреуіне бет нұсқаса, екіншісіне айдаушы болады, үшіншісі – мысалы сіз болсаңыз, екі-үш рет түймештеп қойса, сонда жаңағы басқышпен сіз жүрегіңіз лүпілдеп соғып өзіңіз де жөнелесіз.

С а д о в с к и й. Сіз мұны оқып алдыңыз ба? Осының бәрін қайдан білдіңіз?

К а п и т а н. Менің біраз көңілсіз оқиғаларым болған еді және тегінде ұры өмірді суреттей алмайтын болса онда ұры болмай тіс дәрігері болғаны әбзәл. Мен тағы бір жайды білем. Сыр. Егер сіз, ең жоғарғы сатыға шығып ап, зәуі сайтан содан төмен құдисаңыз, иланыңыз, ол өте қайғылы сапар болады.

С а д о в с к и й. Рас, рас, сіздің сөзіңіздің көбі шын.

К а п и т а н. Мен Достоевский емеспін, бірақ тетігін түсінемін. Бұл баланың әдемі берік қаламы бар екен-ау, паркер.

С а д о в с к и й. Сіз не дедіңіз?

К а п и т а н. Жай, көңілдің бір өз күйі.

### *Сегізінші эпизод*

Костяның барагы.

Г р о м о в. Адал еңбектерің үшін бәріңе де үш айдан шегердік.

Д а у ы с т а р. Көтер начальникті!

Г р о м о в. Тоқтаңдар. Ал дамбыға тас тасуға барамысыңдар?

Д а у ы с т а р. Барамыз.

Г р о м о в. Ендеше көтере беріндер. (*Көтеріседі.*) Тоқта, моншаға неге бармайсыздар? Тазалық комиссиясы қайда?

Д у ш е ч к а. Біз.

Г р о м о в. Бит басын ба? Штраф керек пе?

Д у ш е ч к а. Моншаға әзірміз, гражданин начальник.

Г р о м о в. Ендеше бөгелме.  
Д у ш е ч к а. Мақұл бөгелмейміз. Сен қайдан шықтың?  
М а х н о. А, сен өзіңнің көкірекшеңді көрсетші.  
Д ә р і г е р. Тезінен мынаны моншаға жіберіңдер,  
бөгелмесін.  
Д у ш е ч к а. Бас аяқты.

### *Тоғызыншы эпизод*

Үстелдер.

С о н я. Костя, сенің жайың газетке жазылыпты. Сен еңбек геройысың. Қазір біз сенің тойыңды тойлаймыз.

К о с т я. Ол жаңсақ басылған... Өмірімдегі бір көңілсіз қателесу. Соня, ұрының адал сертін берейін. Мынау шпана істесе істесін, бірақ мен мүлде жоқпын.

С о н я (*шаршағандай*). Сүйтіп, айтар сөз де жоқ па?

К а п и т а н. Жоқ.

С о н я. Бақыл бол.

К а п и т а н. Неге?

С о н я. Мен, осы жалған геройды социалдық жарысқа шақыра кеп едім.

К а п и т а н. Сіз қалай айттыңыз? Көзіме бұлдыр көрінесіз-ау.

С о н я. Осындай сімтікті газетке жазып... Түсінбеймін.

К а п и т а н. А, сіз қызғанамысыз.

С о н я. Сен үшін басқалар істеген. А, сен мансапқор — нахалсың.

К а п и т а н. Соня, мен әйелді ұрмаймын, таптайтұғым.

С о н я. Жарысқа түс!

К а п и т а н. Түстім.

С о н я. Жүз он!

К а п и т а н. Жүз жиырма!

С о н я. Жүз елу!

К а п и т а н. Екі жүз!

С о н я. Қабыл алдым!

К а п и т а н. Пожалуйста!

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

### III АКТ

#### *Бірінші эпизод*

Десятник. Социалды құрылыстың қорытындысын жариялаймын. Шамалағанда.

Капитан. Ей, Ескендер Зұлқарнайын, тездетсең қайтеді.

Десятник. Шамалағанда, шамалағанда әйелдер бригадасы – жүз елу процент толтырған, а сендер...

Капитан. Сіз қаны азайған жансыз. Бала күніңізде балық майын бермепті ғой. Иістеніп кетпесе едіңіз.

Десятник. Қалжыңды қойсақ нетеді?

Капитан. Қалжыңға сіз қол емессіз?

Десятник. Шамалағанда, әйелдер бригадасы жүз елу процент толтырған, а сендердікі (*капитанға*) жүз жиырма.

Даманюрка. Қарауыл! Талады мына ұятсыз.

Нинка. Туды ұрлады.

Таңбалы әйел. Ұр өзін.

Даманюрка. Өй, сүмелек ит.

Таңбалы әйел. Үндемей ұр.

Даманюрка. Өй, у жеген.

Таңбалы әйел. Бер, тұмсықтан.

Даманюрка. Көнің құрғыр, ит жемес, сайтанның сапалағы бұл, туға біздің қалай жеткенімізді білемісің сен? Қатырайын ба, осы?

Берет. Ханым, бұныңыз өрескел ғой. Ханым, мен сізге сенемін.

Соня. Бұл өлексе. Тастандар оны.

Берет. Менікі қалжың ғой, ханым.

Даманюрка. Кет, исінді мұңкітпей. Жолдастар, ура!

Берет (*Соняға анадайдан*). Өлексе... а, сенің өз атың кім? Біз ниет қылсақ мұндай туды дюжиналап аламыз.

Барлығы. Ура! Ура!

Капитан. Мен осында неге отырмын, ойымша өзім Стенка Разин босам керек.

Ана. Сен маған не айтасың? Неменеге иландырмақ боласың? Каторгының аты каторгы. Оған құдай қарғаған жерді әдейі таңдап алады.

А л е ш а. Сіздің іздегеніңіз кім, апай?  
А н а. Іздегенім балам.  
А л е ш а. Еһ, апай, мұнда бала көп қой. Қайда екен  
өзі?  
А н а. Лагерьде.  
А л е ш а. Еһ, апай, лагерь үлкен ғой. Фамилиясы кім?  
А н а. Бұрын инженер болған — Садовский.  
А л е ш а. Ә-ә! Ол кісіні біз білеміз.  
А н а. Білесіздер ме?  
А л е ш а. Апай, инженер Садовский үлкен кісі.  
А н а. Үлкен кісі?  
А л е ш а. Инженер Садовский — бар жұмыстың  
начальнигі.  
А н а. Жұмыстың начальнигі?.. Онда кешірім жасаған  
ба? А, сен өзің кімсің, шырағым?  
А л е ш а. Бандитпін.  
А н а. Құдай шебер... Қойшы, қарағым.  
А л е ш а. Несін жасырайын, апай-ау. Бандит болған  
соң, бандит сол.  
А н а. Апыр-ай, кісі де өлтірдіңіз бе?  
А л е ш а. О да болды. Кәдімгі іс қой.  
К а п и т а н. Амансыз ба, апай, мен сізді көптен білем.  
А н а. А, мен сізді көрмесем керек.  
К а п и т а н. Иә, апай, өмір деген — қызық түйін.  
Сіз күйзелмеңіз. Балаңыз үлкен істің командирі. Біз мұнда  
Панамский каналды қанжығаға бөктердік.  
А н а. Сізге мына портсигар қайдан келді?  
К а п и т а н. Мен бұны Мәскеуден... Торгсиннен  
сатып алдым.  
А н а. Ғафу етіңіз. Бұл менің байымның портсигары  
ғой.  
К а п и т а н. Қап, байыңыздың бұны торгсинге сатуы  
бекершілік болған екен.  
А н а. Менің байым ерте қайтыс болған.  
К а п и т а н (*кетіп бара жатып*). Онысы тіпті өрескел  
екен.  
А н а (*нәрселеріне ұмтылып*). Катыржан, бандит  
өңшең.  
К а п и т а н. Митя, не болғанын көремісің.  
М и т я. Мен саған ойлан дегем. Өзің істеуің керек.  
К а п и т а н. Біздің жуликтерден коммуна шыға ма?

М и т я. Кезін өткізбе.

К а п и т а н. Бақасыңызды доғарыңыз. Бұрынғы ұрылардан коммуна құрастырамын. Түсінікті ме? Ішкілік үшін арадан аластаймыз. Таңбалаймыз. Осы шартқа алдымен өзім көнем. Ұрлық үшін арадан аластаймыз, таңбалаймыз. Тәшкені мен өзім ұстаймын. Есте тұтыңыз. Менің фамилиям Дорохов – ұры аттың бәрі жойылады, сонымен шырақтарым, менің атым Константин Константинович.

А л е ш а. Алексей Егорович.

К а п и т а н. Константин Константинович.

С а ш а. Александр Христофорович.

К а п и т а н. Константин Константинович.

Л и м о н. Мен бұл көрініске сенбеймін.

К а п и т а н. Әй, Берет, адамша атыңыз кім?

Б е р е т. Коля.

К а п и т а н. Коля... Константин Константинович.

Б е р е т. Николай Васильевич.

К а п и т а н. Жаным-ау, Гогольмін де. Коля, біздің баракқа тәрбиешіні шақырыңыз. Біз коммуна жасайтын болдық, соған ережелерін айтып, кеңес бересің де. Жолдастар, барыңыздар, ойланыңыздар, бұл өмірлеріңіздегі үлкен іс болады. Көп сөздің не керегі бар?

Г р о м о в. Сіз жолаушысыз ба?

А н а. Иә.

Г р о м о в. Балаңызға келдіңіз бе?

А н а. Иә.

Г р о м о в. Фамилияңыз кім?

А н а. Садовская.

Г р о м о в. Менің машинамен апарып салыңдар.

К о м е н д а н т. Машинамен? Мақұл. Маған еріңіз.

М а р г а р и т а И в а н о в н а. Қиыр түстікке қалай ұштыңыз, соны айтыңызшы.

К а п и т а н. Мен көп ұштым. Бірақ ұшқан сайын отыра бердім. Бүгін енді отырмайтын боп ұшармын деп шамалаймын. Әлде бұл биіктен де құлармын, ондай күн болса сіз маған достың майда қолын ұсыныңыз. Мен сізге ғашық болдым, Маргарита Ивановна. Жүректі қажарғандай бір кезде ұшырасып ғашық болдым.

М а р г а р и т а И в а н о в н а. Сіз жұмбақпен сөйлейсіз.

К а п и т а н. Өткеннің тұманын сүйесіз бе, жоқ келешектің таңын сүйесіз бе? Осыныма жауап беріңізші?

М а р г а р и т а И в а н о в н а. Келешекті сүйем, әрине.

К а п и т а н (*құшақтап сүйін*). Біздің болашағымыз үшін! Өмір аспанына самғау үшін!

М а р г а р и т а И в а н о в н а. Сіз менің жанымсыз, өмірімнің ең бір бақытты бір кеші осы.

К а п и т а н. Несін айтасыз, сөз қажет емес.

### *Екінші эпизод*

Г р о м о в. Комендант, кемпір қайда?

К о м е н д а н т. Кетті.

Г р о м о в. Сіз анаңызбен көрістіңіз бе?

С а д о в с к и й. Қашан? Тоқтаңыз... шешем осында ма?

К о м е н д а н т. Начальник, мен шешесін көлікке мінгізіп жібердім. Машина, не ғой деп ем...

Г р о м о в. Сіз чекист емессіз.

С а д о в с к и й. Уақа емес, нетпеніз... көрісеміз ғой...

Г р о м о в. Сіз түсінбейсіз, инженер. (*Комендантқа.*) Бір айға қара жұмысқа барасыз. (*Комендант кетеді.*)

А н а. Анда апарды, мұнда апарды, әлі баламды тапқам жоқ. Осынысы бір тыныш жер екен. Отырайында, тосайыншы.

С а д о в с к и й. Мен тыңдап тұрмын.

А н а. Юрочка...

С а д о в с к и й. Қайда жүр әлгі Боткин.

А н а. Юрочка.

С а д о в с к и й. Апа-ау, мұнда қайтіп келдің? Иә, иә... Мұнда не істеп жүрсің?

А н а. Білмеймін.

С а д о в с к и й. Көпірді салды деймісің? Жақсы!

А н а. Юрочка, осы сенбісің?.. Уақа емес, уақа емес. Ол бос емес, жұмыс, жұмыс. (*Қоңырау.*)

С а д о в с к и й. Иә, иә, солай.

А н а. Аман-сау, аяғында етік, жұмыстың начальнигі.

С а д о в с к и й. Александров бригадасын тез жіберіңіздер.

А н а. Начальник.

С а д о в с к и й. Алло, Громовтың нұсқауын күтемін. А, сіз біздің. Иә солай... Қазір, жазып алайын, апа, ұста.

А н а. Ұстауды қойшы, Юрочка, мен саған өзің сүйетін, майға пісірген алма салған самса әкелдім, Юрочка, келші бетіңнен сүйейін.

### Үшінші эпизод

К а п и т а н. Коммуна, ә? Қызыл тулы коллектив, ә? Өндірісшілер. *(Үн жоқ.)* Дәуірлейміз. Факт. Тұр, жолдастарыңа жауап бер, кеше жұмысқа шықпадың, поселкадан арақ алыпсың, қайда болдың?

Б е р е т. Бозбаланың бір келіншекпен жүргісі келіпті.

Ц ы г а н. Бір жолға кешіріледі.

Б е р е т. Мұнда ақымағың жоқ. Бірінші жол... *(Ашуланып.)* Мен барып стансаны талап астын-үстіне шығарып, талқандасам да, сонан соң бірінші жол деп шарт жаза тілесем.

С а ш а. Біз нәзік бойжеткенбіз... Солай ма? Нәзіктік күйректік... солай ма? Кім деп білесіндер? Председатель сөйлесін.

К а п и т а н. Жолдастар, дауысқа саламыз ба?

Б е р е т. Сал дауысқа.

К а п и т а н. Коммунадан шығару жайын дауысқа қоямыз.

А л е ш а *(ақырын)*. Қиыр бір шеттен... Қатыным келген енді. Мен оған жаңа өмірге кірістік деп жазып ем... жолдастар, бауырлар, адамсыздар ғой... Қиыр шеттен қатыным келді. Мен оған жаңа өмірге кірістік деп жазып ем.

К а п и т а н. Серт ше?

А л е ш а. Ударниктің адал сөзімен серт етем...

К а п и т а н. Жолдасқа адамша қарау жөнін дауысқа қоямын. *(Жұрттың бәрі әуелі қолдарын түсіріп, артынан қайта көтеріп алысады.)*

А л е ш а. Коммуна, ә?

К а п и т а н. Жаңа өмір, ә. Ойнап көр. *(Өзінің ерекше*

*сырлы бір күйін ойнай жөнеліп, кенеттен тоқтай қалады. Баянның бір тілі үзіліп жерге түседі.)* Бір жансыз сволочө істеген екен мына баянды. Жүріңдер, үйге қайтайық, достар. Ал ертең плотинада іс қайнайды.

С а д о в с к и й. Ну, қалай, Константин Константинович.

К а п и т а н. Мынау менің өмірімдегі ең соңғы ұрлығым еді, алыңызшы осыны. Ал ертең плотинада біз өнер алдын көрсетеміз.

С а д о в с к и й. Қандай кісі еді, қандай адам болып келеді.

### *Төртінші эпизод*

Садовскийдің конторы.

К а п и т а н. Есенсіз бе, Маргарита Ивановна. *(Анау болар-болмас бас изеген сияқты.)* Менің басыма қайғы түсті, бір-екі тамшы желім беріңізші. *(Үн жоқ.)* Сіз мені ұмытып қалғансыз ба?

М а р г а р и т а И в а н о в н а. Мен сіздің қаныпезердің бірі, ұры екеніңізді білмеппін. Сіз мені, жақсы адамның, жас қызын қор еттіңіз... Қор еттіңіз. Ұшқыш... деп сендім, неткен маскара... Сіз қаныпезердің бірі, ұры... *(Сызықшыға.)* Не болдым, Макс.

К а п и т а н *(жымияды)*. Сонда да, бикеш, екі тамшы желім беріңізші. *(Үн жоқ.)* Мен қайғыдамын, бикеш. Баянымның бір тілі түсіп қалды.

М а р г а р и т а И в а н о в н а. Макс, біз жұрттың бөріне желім бере бермейміз деңіз, ана гражданинге.

М а к с. Гражданин бұл жер Мәскеу емес. Сатып та, ұрлап та ала алмаймыз, түсінесіз ғой.

М а р г а р и т а И в а н о в н а. Мен болдым, Макс.

М а к с. Жүрейін. *(Олар кетеді.)*

К а п и т а н. Еһ, бикеш, сіз неткен құнсыз, сұм едіңіз, бикеш! Күлкі ғой. Мен ескі ұры, коммунаға председатель – атақты ударникпін, дүниеге даңқы шыққан істің қайраткері боппын. Қандай сұлу тәрбие алдым. Өле-өлгенше алғыс айтам сіздерге. Уралаңдар. *(Ақырындау.)* Ура! *(Сыбырлап.)* Ура. *(Еңіреп қоя береді.)*



### *Бесінші эпизод*

С о н я. Костя қайда?

Б е р е т. Білмейміз.

С а д о в с к и й. Дорохов қайда?

Б е р е т. Босқа іздейсіңдер.

С а д о в с к и й. Неге?

С о н я (*Беретке*). Капитан құлады ма?

Б е р е т (*Соняға*). Сүйткен болар, көктем... жол кепті... капитан қашқан...

С а д о в с к и й. Кім айтты?

Б е р е т. Мен айтам.

С о н я. Егер Костя біздің туды былғаған болса, антым міні, оны мен өлтірем.

Б о т к и н. Не болды?

С а д о в с к и й. Мыналар Костя қашты дейді.

Б о т к и н. Граждандар, мүмкін, ал достарың шынымен.

А л е ш а. Онда бұның бәрі жалған, керегі жоқ. Мен көнбеймін. (*Жығыла кетеді.*)

С о н я. Костя-капитан үшін... Бір тамшы терімізге татымайтын сволочь үшін қайта басамыз ба? Бұзықтар мекеніне, абақтыға мәңгі қорлыққа қайта кетеміз бе?

А л е ш а. Ал Костя неге бізді сатты. Біз оған сеніп ек... Одан үлгі алып ек. Оны сүюшек.

С о н я. Жоқ. Костя өлді. А, біз тірі қаламыз. Осы ұсынысты кім қостайды? Қол көтеріңдер.

### *Алтыншы эпизод*

Түн. Каналдың елсіз бір шеті. Капитан мен Лимон киімдерін бастарына байлайды.

Л и м о н. Түн емес, қарақат қой. Ал, Костя, каналдан өтіп ап қашамыз ғой. (*Капитан үндемейді.*) Костя, таста, бәріміздің де барарымыз сол ғой. Ешкіміне сенбе, ұрының жанын арзан ойыншық ету ғой. Үмітті қой, жүзейік, капитан.

К а п и т а н. Еһ, бикеш, сіз неткен құнсыз, сұм едіңіз, бикеш!

Л и м о н. Жүзейік ілгері. Жүзейік, капитан, әйтпесе бұл жерде тағы екінші кесік кеседі саған. Сенің ісіңді мен білем ғой.

К а п и т а н. Менің ісімді ешкім білмейді.

Л и м о н. Қойшы, Костя, сен өзінді коммунаның бастығымын деп ойлап ең, а саған ұрысың дейді. Жүзейік, капитан. Біз Ленинградта үш гастроль береміз де, Сухумға тартып, гүл иіскеп жүреміз әшейін. Қайттың ба? Аздың ба? Қой, соңғы банкенді! Бақыл бол, капитан.

К а п и т а н (*ыңыранып*). Неліктен осының бәрі, неліктен? Еһ, бикеш, сіз неткен құнсыз, сұм едіңіз, бикеш!

### *Жетінші эпизод*

Кеш. Громовтың пәтері.

Г р о м о в. Немене бір тамшы желім табылмап па?

Т ә р б и е ш і. Білмеймін міне, оқыңыз.

Г р о м о в. “Мен сіздің қаныпезердің бірі, ұры екеніңізді білмедім”. Осыны істеген кім?

Т ә р б и е ш і. Маргарита Ивановна.

Г р о м о в. Маргарита Ивановнаны он бес күнге әреске ал! (*Телефон.*) Иә... А, барамысың?.. баяғы капитан жайы. Әлгі Дорохов туралы. Немене, қиналма, қиналма деп! Мен мұнда неге отырмын. Ол адамдарды маған тапсырды. Мыңдар, мыңдар – ол сан ғой, нөлдер ғой, а, мыналар – адам.

Г р о м о в (*есік қағады*). Тұра тұр, Варя. Қашқаның рас па?

К а п и т а н. Иә.

Г р о м о в. Қайда қаштың?

К а п и т а н. Сіздерге қарай.

Г р о м о в. Мына суың не?

К а п и т а н. Каналда, өмір үшін алыстым.

Г р о м о в. Кіммен?

К а п и т а н. Әлгі мені еркіндікке бастаған адаммен.

Г р о м о в. Сөйле.

К а п и т а н. Сіз маған тамаша баян сыйладыңыз. Сол

баянымның бір тілі түсіп қап, ол менің өмірлік қуанышымның мәселесі, соған желім сұрай барып ем, маған...

Г р о м о в. Одан арғысын мен білемін.

К а п и т а н. Гражданин начальник, менің өмірімді түсініңізі. Және айтыңызшы, мен су түбіне кеткен мәңгі бұзық мәңгілік, ұрымын ба?

Г р о м о в. Зарланба, сопы қыздардың институты емес.

Т ә р б и е ш і. Әкетейік пе?

Г р о м о в. Жоқ, былай. Жазадан азат, баяны өзіне қайтарылсын, желім берілсін.

### *Сегізінші эпизод*

Уақиғаға қатынасушылардың барлығы.

Г р о м о в. Юрий Николаевич, сізбен және Виктор Михайлович сізбенен де, менің біраз сөйлесуім керек.

А н а. Мен бөгет етпейім бе?

Г р о м о в. Жоқ, бөгет етпейсіз.

С а д о в с к и й. Иә.

Г р о м о в. Сізге сөйлеуге тура келеді. Митингі болады. Мен сіздерді алдын ала хабарландыра келдім. Сіздер мен біз көп істедік. Бастан көпті кешірдік. Мәскеуден радиомен хабар келді. Юрий Николаевич, сіз және Виктор Михайлович, сіз де бұдан былай лагерьдің есебінен шығасыздар, сіздер мезгілден бұрын босатылыпсыздар. Онан соң, Боткинге және сізге де үкімет орден сыйлапты.

А н а. Бәсе, менің балам сол уақиғаға араласқан жоқ деп, мен ұдайы айтушы ем.

Г р о м о в. Мен ерте білдірейін дедім, әйтпесе митингте жариялайды... Біз нервный халықпыз ғой, бастан көпті кешірдік...

С а д о в с к и й. Кетпеңіз. *(Анасына.)* Апа, шыға тұршы.

А н а. Жоқ, енді мен бәрін тыңдаймын.

С а д о в с к и й. Жақсы. Гражданин Громов, мен сізге бірнеше рет хат қып жаза бастасам да, ойдағыдай шықпады. Мен қорқып, шатасып, сізді де, өзімді де алдаған

уақыттарым болды. Тамырын құртайын енді, мен нағыз зиянкес, нағыз қылмысты адам болғамын.

А н а. Юрий, сен не айтып тұрсың?

Г р о м о в. Иә.

С а д о в с к и й. Сүйткен маған орден.

Г р о м о в. Иә.

А н а. Немене, сен өзіңе жала жауып? Жолдас Громов, сенбеңіз бұған. Сандырақтайды әшейін. Өзі осында жылап, маған сенбейді деп түн ұзын.

С а д о в с к и й. Қойшы, апа.

А н а. Жоқ, бұл шын болғандықтан қоя алмаймын.

С а д о в с к и й. Боткин, бері келіңіз. Осында, каналда жүріп ағаш, шлюздердің проектерін жой, көзін жоғалт деп, мен саған айттым ғой, Боткин, ә?

А н а. Жынданған екен мынау.

С а д о в с к и й. Боткин?

Б о т к и н. Не демеуші еді...

С а д о в с к и й. Сен менің жауымсың деп айттым ба, жоқ па?

Б о т к и н. О, нес екен?

А н а. Бәсе, әне, о нес екен?

С а д о в с к и й. Бұл дарақылану емес. Ол менің арыла алмай келген жүгім еді. Егер жазып білдіру керек болса, мен толық етіп дәл атап, жазып та бере аламын.

Г р о м о в. Керек емес. А, біз оның бәрі білетінбіз. Бұл жерге сіз, шын жалынды қызметкер болып келген болсаңыз, ол ғажап болар еді. Онда бәлкі біз сізге сенбес те едік. Шынында біз сізді соттадық, айдадық, жазаладық... Біз ертегіге сенбейміз. Бәрі де білушек. Бірақ ол күйлер сізге де, бізге де өткен күй боп қалды. Құттықтаймын, жолдас Садовский, құттықтаймын сізді, жолдас Боткин.

А н а. Табысыңдар, сүйісіңдер, жоқ, тоқта, кешірім сұра. Анаңнан жасырғансың, анаңнан жасырғансың. Тізеңмен тұрып кешірім сұра. Әйтпесе шықпыртамын сені. Жаман неме.

Г р о м о в. Дорохов!

К а п и т а н. Мен.

Г р о м о в. Мен митингіде саған сөз беремін. Айтарыңды дарялап ал. Өзіңді қалай өзгерттің, жарық дүниенің неден

басталады, бізсіз тіршілік не боп көрінеді? Осының бәрін халыққа толық қып дос бейілмен, шыныңмен айтып бер. Чекистерді мақтама. Адамды қайта тудыратын өмірді айт. Трибунаға саспай шық. Сөйлегенде әрбір сөзің жұртқа қымбат болатын болсын. Ал саспа, ойлан, жалғыз қала тұр.

**К а п и т а н.** Мен осы сөзді нақ жарты жыл ойлағам. Сөзім гармонның тілінде тұрған әндей әп-әзір тұр, жолдас Громов. Менің айтар сөзім аз ба? Шертіп бір көрейін, бәлем, ер көрмеген кәрі қызға, шейін еңіресін.

**Г р о м о в.** Қой, сыр ақтарма.

**К а п и т а н.** Оны білмеймін.

**Г р о м о в.** Менің ойымды ұқтың ба?

**К а п и т а н.** Бағаладым.

**Г р о м о в.** Жолдастар, Сталин атындағы Беломор каналдың бітуіне арналған ең соңғы митингі ашық деп жариялаймын. Сөз Юрий Николаевич Садовскийге беріледі.

**С а д о в с к и й.** Митингте алғаш сөйлеуім осы еді, қиын боп тұр. Бірақ барды айту керек. Осында, маған зор шындықтай болып, үш нәрсенің сыры ашылды. Бірінші— адам баласына білімдінің еңбегі, жалғыз социализм уағында ғана таза, толық нағыз пайда келтіре алады екен. Екінші— коллектив ортасы жеке адамды жақсыға айналдырып, көркейтіп көтереді екен. Үшінші — адам қайта туып, жаңғырып, өмірге екінші рет қайта қосыла алады екен. Мен бұл арадан, жас отанымның жас адамы болып шыққалы тұрмын. Және сол отаным үшін енді өмірді құрбан етуге әзірмін. Барды айтайын дегенім осы еді.

**Г р о м о в.** Сөз Соня Потаповаға беріледі.

**С о н я.** Әлгіде сіз... Әлгіде маған Громов, қарындасым деп... мемлекет маған орден жіберді деп... Әлгіде қарындасым деп...

**Г р о м о в.** Айт, айта түс...

**С о н я.** Түсініңіздерші.

**К а п и т а н.** Соня, сіз жыладыңыз ба, әлсіз әйел деген сол деңіз...

**С о н я.** Мен барымды айттым сіздерге...

**Г р о м о в.** Сөз Константин Константинович Дороховқа беріледі.

К а п и т а н. Мен бір кісіден кейін сөйлейін, рұқсат беріңізші.

Г р о м о в. Шешен әзір емес екен. Мен бұрын дегеннің өзі болғандарды шығарам, рапорт беріңдер, тынышталыңдар...

Б е р е т. Мен шашымды да басқа түрлі тарайтын болдым.

А л е ш а (*өлеңдетін*). Мен рақымсыз бандит едім, әрине... Ел таладым, еңбекті де сүймедім, қара түндей болған еді өмірім, каналға сол әкелген еді, әрине, өткен өтті, жаман түстей сазарып. Міне тұрмын, туғандай боп тазарып. Еңбекпенен өмір кешіп жыр айтам, қуаныштан жас тамады бозарып. Әрине, мен қойдым.

Г р о м о в. Ал, Дорохов.

К а п и т а н. Әлде бір шақта, бала күнімде бір залда скрипка үнін естіп ем, скрипкашы ақ манжеті бар, ақылсыз еврей еді. Мен: басында оны босқа туған жан деп, ата-ананың бір қаташылдығы деп қана тауып ем... Бірақ сол бала скрипкаға көзін салған жерде, мен оны сұлу суреттерге бөленіп кеткендей көрдім. Мен сондай бөгде адамның еңіреуін көп білемін. Чекистерді мақтайын демеймін. Бірақ олар менің өз жанымның шегіне смычок тауып берді.

Сондықтан мен сіздерге баян етейін. Ғафу етіңіздер... Бір минут... көріп тұрсыздар жылайын деген ойым жоқ еді. Келіңіздер, бұны бір-бірімізден жасырайық...

Г р о м о в. Музыка, енді бізге жылаусыз бір күй тартыңыз.

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ



**К. Тренев**

**ЛЮБОВЬ ЯРОВАЯ**

**Бес перделі пьеса**



## Қатысатын адамдар

Любовь Яровая – оқытушы.  
Михаил Яровой – оның күйеуі, офицер.  
Павла Петровна  
Панова – машинистка.  
Роман Кошкин – комиссар.  
Швандя – матрос.  
Хрущ  
Грозной } Кошкиннің орынбасарлары.  
Мазухин }  
Максим Горностаев – профессор.  
Елена Горностаева – оның әйелі.  
Малинин }  
Кутлов } полковниктер.  
Аркадий Елисатов – бейбітшілік ері.  
Иван Колосов – электр технигі.  
Дунька – күтуші әйел, кейін спекулянт.  
Махора – қыз.  
Марья – шаруа әйел.  
Григорий – астыртын күресші.  
Семен – вахмистр. Марияның ұлдары.  
Пикалов – мобилизациямен алынған әскер.  
Фольгин – либерал адам.  
Барон.  
Баронесса.  
Чир – күзетші.  
Би басқарушы.  
Закатов – дінбасы (протоиерей).  
Абыстай – Закатовтың әйелі.  
Костюмов – каптенармус.  
1-комсомолка.  
2-комсомолка.  
Генерал.  
1-конвой.  
2-конвой.  
Помещиктер депутаты.  
Өндірісшілер депутаты.  
Газет сатушы.



Папирос сатушы еркек.

Папирос сатушы әйел.

Байдың әйелі.

Етік тазалаушы.

1-мырза.

2-мырза.

3-мырза.

Гүл сатушы әйел.

Татьяна.

Писарь.

Жұмысшылар, қызметкерлер, офицерлер,  
солдаттар, гимназисткалар, жай адамдар.

## І ПЕРДЕ

### *Бірінші сурет*

Бұрынғы бір байдың дербес үйіне қазір ревком мен басқа да мекемелер орналасқан. Өмір өршелене түскен. Коммутатор, телефондар. Телефонистка телефон қабылдап алып жатыр.

Т е л е ф о н и с т к а (*телефонға кеп*). Иә, жолдас Хрущ па? Қазір! (*Жүгіріп кетеді.*) Жолдас Хрущ! Жолдас Хрущ! Сізді бірінші дивизия шақырады!

Х р у щ (*аппаратқа кеп*). Я, я, я... Солай. Құп. Бір салар ма? Жақсы! Орындалады.

Кошкин бөлмесінен 1-комсомолка шығады.

1-к о м с о м о л к а. Жолдас Хрущ, асығыс телефонограмма бар. Жолдас Кошкин, Мазухин мен сізге тез табыс ет деді.

Х р у щ (*оқын*). Мазухин қайда? Қарындасым, Мазухинді шақыра қойшы.

2-к о м с о м о л к а. Жолдас Мазухин! Жолдас Хрущ шақырады.

Мазухин кіреді.

М а з у х и н. Не қылған экспресс?

Х р у щ. Мінеки, оқы!

Мазухин оқиды. Телефон шылдыры.

2-к о м с о м о л к а. Я! Жолдас Кошкин бе? Қазір!

Кошкин кабинетіне кетеді. Кабинеттен комиссар Вихорь жүгіре шығады.

М а з у х и н. Е-е!

Х р у щ. Жолдас Вихорь, оқы!

В и х о р ь. А-а. Иә-иә! *(Оқиды. Қуанышын сездіртпеуге тырысады).*

М а з у х и н. Білдің бе. Жеглов көпірін... Ақтар алып қойыпты.

В и х о р ь. Я... жаман!

Х р у щ. Кішкене көпірлерді талқандау керек.

В и х о р ь. Сонда кеттім!

Тез кетеді. Хрущ пен Мазухин сөйлесіп кете барады. 2-комсомолка келеді.

2-к о м с о м о л к а *(аппаратқа кеп)*. Бес минуттан соң өзі шақырады.

Панова мен Швандя. Панова қолындағы қағаздарымен машинка жанына отырады.

П а н о в а. Сіз де сонда болдыңыз ба, жолдас Швандя?

Ш в а н д я. Әбден болдым. Мына, мына мен ғой, біздер, қызылдар, жағада едік, а, сіз, мысалы, тап матросқа толған, француз кемесі. Ап-айқын көрініп, естіліп тұр. Сол сәтте біреуі ортаға шыға қап басты-ау кеп. *(Телефон шылдыры.)* Я... тап бастырмалатып: “Жолдастар деп, боржуй мен ақпесерге қарсы қапта” деп *(телефон шылдыры)*, “жетті енді бізге бұлар үшін...” деп...

П а н о в а. Барсаңызшы ана телефонға.

Ш в а н д я *(трубкины алып)*. Ал, ревком... Не қыл дейсің. Ал, иә! Жоғал тап, сайтан! Сенсіз де мен мұнда бұтты-сатты боп басым айналып, мұрын сіңбіруге тап мұршам жоқ. Менің мұнда докладым боп жатса қайтесің. Былшылықпен екпінді істен бөгеме дейім. *(Трубкины алып,*

*отбой берін.*) “Жетті енді бұлар үшін қан...” деп содан кетті, кетті дейім кеп ағып...

П а н о в а. Французша ма?

Ш в а н д я. Французша! Мүлтік жоқ!

П а н о в а. Тоқтаңыз, жолдас Швандя! Сіз французша түк білмейсіз ғой.

Ш в а н д я. Е, оның не білмейтіні бар. Буржуй, қанішер кімге айтсаң де біледі. Содан арман көріп тұрмыз, катерге мініп өзі келеді. Сақал дегеніңіз бе? Шаш дегенің — о да... сақ етпес пе.

П а н о в а. Ол, өзі әлгіңіз кім?

Ш в а н д я. Ой, Маркс. Кім болушы еді?

П а н о в а. Ой, енді бұныңыз өзі... Жолдас Швандя, сіз тіпті аса көп көріп жіберген екенсіз.

Ш в а н д я. Е, аз деп пе ең?

П а н о в а. Маркс баяғыда өлген!

Ш в а н д я. Өлген? Қой-ой, сізше дүние пролетариатына команда беріп отырған кім?

Грозной кіреді. Швандя кетеді.

Г р о з н о й. Жолдас Панова, мынау асығыс қағазды көшіруіңізді сұраймын.

П а н о в а. Әп-сәтте ме?

Г р о з н о й. Әп-сәтте. Қолымның өзі өте шапшаң болғандықтан ауызша өзім оқиын.

П а н о в а. Жоқ... танымын. *(Қағазын алып көшіре бастайды. Грозной бұдан көзін алмайды.)* Маған несіне қарайсыз. Бетіме жазылған ешнәрсе жоқ.

Г р о з н о й. Сіз өзіңіз де суреттей сұлусыз ғой!

П а н о в а. Ой, жолдас Грозной, мені үнемі ұялтасыз.

Г р о з н о й *(құбылып)*. Қалайша?

П а н о в а. Сөзіңізбен, әрине.

Г р о з н о й. А, сіз мені көзіңізбен ұялту ғана емес, терлетіп те жібересіз.

П а н о в а. Ол қауіп екен!

Г р о з н о й. Сізге мен қауіпті емеспін. Ал ана өзге жыландарды ма, көзімнің өзімен есінен тандырам.

П а н о в а. Қойыңызшы.

Г р о з н о й. Жаңа бір доктор кеп еді. Бойы төбеге тіреледі. Сакалы күйектей, көзәйнек... Мен соған, былайша қарап қана қалып ем. Бітті, халас! Бикештей боп ағарып, қалтырай жөнелді.

П а н о в а. Иә, көзіңіз көз-ақ.

Грозной папиросын алып, ұсынады. Былғары пальтосының етегі ашылып, офицер шалбары көрінеді.

Мына костюм қалай жарасқан?

Г р о з н о й. Дәл ме?

П а н о в а. Тамаша. Алтын оқа. Контрреволюция шалбарын неге киесіз?

Г р о з н о й (*қысылғаннан қымтанып*). Әдейі күлкі үшін... сізге бір көрінейін деп... А, міне, қолыңызды беріңізші.

П а н о в а. Неге?

Г р о з н о й. Көресіз ғой. (*Қалтасынан білезік, сақиналар алып*.) Зиянсыз нәрселер ғой!

П а н о в а. Жоқ, жоқ, жолдас Грозной, бұл қажет емес.

Г р о з н о й. Неге?

П а н о в а. Ненің ақысы?

Г р о з н о й. Е енді, сөйтіп татитын болғаныңыз ғой!

П а н о в а. Жұрт не ойлайды?

Г р о з н о й. Ойлап көрсін!

П а н о в а. А, жолдас комиссар көрсе қайтеді.

Г р о з н о й. Е, білезікті жең ішінде, сағатты төсіңізде сақтаңыз.

П а н о в а. Жоқ, жолдас Грозной, өзіңізде қалсын.

Г р о з н о й. Ну, жақсы. Бірақ есіңізде болсын, зауқыңыз қашан соқса, сонда аласыз. Мен жанымда сақтаймын. (*Төс қалтасына тығады*.)

Әйелін ертіп профессор Горностаев шығады.

Г о р н о с т а е в (*дел-салдау, қозғалыстары шошып оянған кісідей*). Кімге сөйлесем екен?

П а н о в а. Мінеки жолдас Грозной.

Г р о з н о й. А, саған не керек?

Г о р н о с т а е в. Сізбісіз. Иә, иә! Жұмысым, винтовкалы адамдар кеп менің кітапханамды печаттап кетті.

Г о р н о с т а е в а. Ал біздің пәтерімізге кіріп алған, шолақ қол комиссар Вихорь, барлық үй сайманымызды алып қойды. Бар мүлікті ластап отыр. Айтқаны боқтық. Үш тауығымызды сойып, солардың қанымен әр жерге: “бауызда буржуйды” деп жазып қойыпты.

Г р о з н о й, Х о-хо-хо. Вихорь азамат. Тапқанын қарасаңшы. Әй, шаян! Тауықпен революция жасайды.

Г о р н о с т а е в а. Сақтап жүрген тауығым...

Г о р н о с т а е в. Мәселе тауықта емес.

Г р о з н о й. Сен өзің кімсің осы?

Г о р н о с т а е в. Мен профессор Горностаевпын.

Г р о з н о й. Борсыған сорпа профессоры ғой. Ха-ха-ха. Саған не керек дейсің. Кітаптарыңды біз оқу үйіне аламыз.

Г о р н о с т а е в. Міне, ең лайықсызы сол болады.

Г р о з н о й. Но, сен бізге нұсқама. Сенің бір басыңда ғой мыңдаған кітап бар! Ал халықтың мыңына бір кітап жоқ болса қайтесің. Тәртіп пе осы?

Г о р н о с т а е в а. Япырау, бұған жұмысын істеу керек қой!

Г р о з н о й. Бұ, қандай жұмыс істейді?

Г о р н о с т а е в а. Кітап жазады.

Г р о з н о й. “Жұмыс!” Біз әлі сенің онда не жазып жатқаныңды көреміз. Әлде контрреволюцияны үгіттеп жатқан шығарсың.

Г о р н о с т а е в а. Иә, иә!

Г р о з н о й. Немене “иә”.

Г о р н о с т а е в. Досым, сенің көзінде қорқыныш тұрғаны несі деймін?

Г р о з н о й. Менің бе. Қорқыныш. Ну, мен сені бір-ақ қорқытайын. Щдвандя, мына контрды маған алып кел.

Кетеді.

Г о р н о с т а е в а. Макс, Макс... Бұ не бұл?

Г о р н о с т а е в. Е, тегі, тауық үшін де біреу жаза шегетін болғаны ғой!

Ш в а н д я (*профессорға жақындан*). Ал, шу. (*Байқап*

*қарап, ұялып шегініп.)* Қой, болмас, мен мүлдем саналы кісі... *(Пановаға.)* Құтым қашты ғой, қалай ұқсас...

П а н о в а. Кімге ұқсас?

Ш в а н д я. Портреті де, фамилиясы да дәл өзі.

Грозной келеді.

Г р о з н о й. Швандя! Неге әкелмейсің тұтқынды!

Ш в а н д я. Әй, әрман әрі. Істің түрін көрдің бе, Кошкинсіз қиналмай-ақ қой!

Елисатов келеді.

Е л и с а т о в. Амансыздар ма, жолдастар. Максим Иванович, Елена Ивановна. Не қып жүрсіздер?

Г о р н о с т а е в а. Мінеки... тауықтарымызды сойып, кітапхананы печаттап қойды комиссар Вихорь.

Е л и с а т о в. Бір минут, жолдас Грозной, бұл қалай?

Г р о з н о й. Әй, ей, контр! Және тіпті тіл тигізеді.

Е л и с а т о в. Бұл профессор Горностаев. Европаға мәлім кісі.

Г р о з н о й. Бізге де мәлім болсын. Я, міне бастықтың өзі де келді.

Кошкин келеді.

К о ш к и н. Аман ба, жолдастар! Жолдас Панова, жиылыстың күн тәртібін жазыңыз. *(Айтады.)* “Оқытушылар съезі мен курстар туралы, яғни оқытушыларды қайтадан оқыту үшін. Қалада қырық шамалы клуб ашу туралы. Көк төбеге бар буржуйды айдап барып окоп қаздыру туралы. Көшу, қондыру, ауғастыру және артығын алу туралы... Екпінді түрде электрлендіру туралы”. Жолдас Елисатов, тағы қандай мәселе бар?

Е л и с а т о в. Бір мәжіліске осы да жетер білем.

К о ш к и н. Жарайды! Және өткерме мәселелер, яғни контрреволюция туралы.

Е л и с а т о в. Жолдас Роман! Сізге мына профессор Горностаевтың өтініші бар.

К о ш к и н. Шын ба?

Г о р н о с т а е в. Иә, иә! Кітапханамды алып қойды.

Г о р н о с т а е в а. Тауығымызды сойып тастады.

Е л и с а т о в. Профессор Горностаев орыс ғылымының мақтаны мен абыройы болған адам.

К о ш к и н (*Горностаевтың қолын қысып*). Мархабат қылыңыз, отырыңыз, жолдас. Әлдеқашан кірісуіміз керек еді. (*Швандяға.*) Жолдас профессордың кітабы лезде қайырылсын және (*Елисаатовқа*) тиюге рұқсат жоқ деп мандат берілсін. Халық ағарту жөнінде сіз бізге қажетсіз, профессор. Мен айтсам, бір жағынан уақытша, өзіме халық ағарту комиссарының міндетін де алып ем. Алысымен жалпыға оқу деген жоспар жайын қаттай бастап едім. (*Горностаевқа қағаз береді.*)

Г о р н о с т а е в (*оқып*). “Еңбекшілерді ағарту жұмысын... Жаппай фуксиндеу туралы”, жолдас ағарту комиссары, сіз сауатсыз екенсіз ғой.

К о ш к и н. Неліктен сауатсыз? Өзім жазып отырғам жоқ па. Оқыған жарық, оқымаған қараңғы екенін білесіз бе?

Г о р н о с т а е в. Білем, естігем.

К о ш к и н. Жоқ, жолдас профессор, сіз жете білмейсіз. Мен көбірек білемін. Сіз оқыған жарық дегенді ғана білесіз. Оны анық көресіз. Ал оқымағанның қараңғылық екенін сіз алыстан, көлденеңнен ғана көрдіңіз. А, мен бар азабын өз басымнан кештім. Сіздің көзіңізге білім сәулесі түсіп тұрса, менікін қараңғылық қаптады, сондықтан бұл қараңғылыққа сізден де мен қатты өшпін, өле-өлгенше алысамын. Ал маған болыспай, қайта саботаж жасайтын кісі болса, ол менен жарық пен қараңғыны бір-ақ алады.

Г о р н о с т а е в. Ия, ия! Көзінде сенім оты бар. Анау маған келгендерде ол жоқ еді. Олар құр нағанды ғана төсейді.

К о ш к и н. Нағансыз... жолдас профессор, революция жасай алмайсыз.

Е л и с а т о в. Дұрыс!

К о ш к и н. Жолдас Горностаев, бір сағаттан соң мына Елисаатов жолдаспен бірге маған рақым етіңіз. Бұл



кісі маған көп көмек етеді, іс істейміз. *(Пановаға.)* Повестка әзірленсін. *(Жүреді.)*

Е л и с а т о в. Әлбетте! Бар күшімізді халыққа береміз. Ғылым бұрын капиталдың ақ құлы еді. Қазір ол пролетариаттың қызыл жолдасы болды. Солай емес пе, жолдас Горностаев?

Г о р н о с т а е в. А. Иә, иә...

Т е л е ф о н и с т к а. Жолдас Кошкин, телефонға! Фронт шақырады!

Кошкин кетеді.

Е л и с а т о в. Максим Иванович, сіз бен біз бұрын да кездесіп едік-ау. Одесса есіңізде ме?

Г о р н о с т а е в. Я, я, есімде, сіз осы тіс дәрігері ме едіңіз?

Е л и с а т о в. Жоқ! О не дегеніңіз! Мен қоғам қызметкерімін және газетшімін.

Г о р н о с т а е в. Иә, иә. Осыған ұқсас бірдеме деп тұрғаным сол ғой!

Елисатов пен Горностаев кетеді. Чир келе жатады.

П а н о в а. Чир, мына пакетті профессор Горностаевқа апарыңыз.

Ч и р *(алып оқиды)*. Өте жақсы. *(Байқатпай есіктің артына тастай салады.)*

П а н о в а. Чир, бүгін тағы кімді көрсеттің?

Ч и р. Бай, жарлығы бірдей үкім етуші тәңір иеге тәслим... китабында айтқандұр; ұйқыдан намаз қайырлы...

Кетеді. Елисатов келеді.

Е л и с а т о в *(Пановаға)*. Қазір ғана хабар келді. Біздің кісілер Жеглов көпірінің бер жағынан өтіпті. Екі күннен соң келмек.

П а н о в а. Ағатай-ау, рас па?

Е л и с а т о в. Шәк жоқ. Қазір дүркірейді.

Швандя кіреді, қолында қағаз, Елисатов кетеді.

Ш в а н д я. Кешіріңіз!

П а н о в а. Құп, жолдас Швандя! Қандай әдемісіз.

Ш в а н д я. Кім, мен бе?

П а н о в а. Я, я, рас, дәл періштедейсіз.

Ш в а н д я. Неге олай қысап қыласыз... *(Дунька кіреді.)*

Жолдас Дуня Фоминишна, есенсіз бе? Нағыз періштенің төресі осы десеңші.

П а н о в а. Япырай, көйлегіңіз қандай тамаша!

Ш в а н д я. Өзіңіз дәл бір гүл... гүл орнатқан шөңкедейсіз ғой. Қолғапшасын-ай...

Д у н ь к а. А, сен жармаспа!

Ш в а н д я. Мен саусағыммен ғана түрттім ғой. Әлгі би дегенде, Дунька Фоминишна, осы барыңызбен көп бересіз бе?

Д у н ь к а. Ә? Онда сіздің жауабыңыз жоқ!

Ш в а н д я. Жоға, сіз де біздей тап барынша саналысыз ғой.

Д у н ь к а. Маған жолдас комиссар керек.

Ш в а н д я. Е, ол уайым емес. Не қылмақ едіңіз?

Д у н ь к а. Онда сіздің жауабыңыз жоқ, сөзім сол-ақ. *(Кабинетке кіргісі келеді.)*

Ш в а н д я. Жоқ, жауабым бар. Шегінуіңізді сұраймын.

Қағаз алып Кошкин келеді.

К о ш к и н *(Пановаға)*. Басыңыз.

Д у н ь к а. Жолдас Кошкин, сізге келдім.

К о ш к и н. Немене?

Д у н ь к а. Маған екі бөлме керек. Мен де жақсы жолдастармен ашынамын. А, ол маған жалғыз ғана жататын бөлмесін беріп, өзінен үлгі солқылдақ отырғышын да алып кетті, анау мейман жайын да берсін де! Оныкінен менің қонағым он есе көп. Ертең комиссар Вихорь кофе ішуге келеді. О қайда отырады? Е...

К о ш к и н. Жолдас, сіз кім едіңіз?

Д у н ь к а. Әрине, күтуші әйелмін.

К о ш к и н. Ендеше, сіз союзға кіріп, өз правоңызды көппен бірге қорғауыңыз керек.

Д у н ь к а. Ол маған ділгер емес. Өзім-ақ қорғандаймын.

Кошкин кабинетіне кетеді. Марья кіреді.

М а р ь я. Қайда әлгілер?

Ш в а н д я. Гражданочка, сен кімге келдің?

М а р ь я. Сыбайы біле ме сендерді, кімің комиссар ең, сенбісің?

Ш в а н д я. Жо, жете қойғам жоқ.

М а р ь я. Қайдам, тұмсығың дәл өзі. Деревнядан келгеніме үш күн. Комиссарыңды тапсамшы. Қайда барсам да мына бір бояулы көбелекті көрем. *(Дунькаға.)* Сен көк түйнек, неге кісі киімін киесің? Саған тігіліп пе еді? Еңбегіңмен алдың ба?

Д у н ь к а. Алғамын, қайтесің, енді бар дүние халықтікі.

М а р ь я. Қайдан халықтікі, бәрін шеңгелдеп ап... Шеш, қу байтал!

Д у н ь к а. Аулақ, шеше!

М а р ь я. Шеш деймін, сұмырай. Былғама киімді. *(Кофтасын сыпырып алады.)*

Д у н ь к а *(жанжалдасып)*. Неге жабысасың, контрреволюция.

М а р ь я. Мен саған көрсетейін революцияны.

Ш в а н д я. Сен немене, құшнашпысың.

Дунька қашады. Швандя Марьяны кейін сүйреп алады.

М а р ь я. Қандай асыл киімді ластады, өлексе! *(Жылайды.)*

Ш в а н д я. Түү, тентек кемпір.

М а р ь я. Қайдағы кемпір. Бар жасым елуде-ақ, талай өмірім алдымда. Ұлдарым да жоғалды. Азапта жалғызбын.

Ш в а н д я. Ұлдарың қайда?

М а р ь я. Қайдан білейін. Біреуі әкесімен сонау соғыста жоқ болды. Екеуі мына соғыста жоғалып отыр. Міне, соқыр басыммен түртініп жүрмін.

Ш в а н д я. Өздері қай жерде соғысқан екен?

М а р ь я. Әуелі өзді-өзі үйде соғысты. Содан айрылысты да, шеше, қош деді. Қош, иттің балалары, кеткеніңнен қайтпа дедім. Шын қайтпады. Қайда дейім.

Ш в а н д я. Өздері кім үшін соғысқан?

М а р ь я. Қайдан білейін.

Ш в а н д я. Білу оп-оңай. Қандай сөздер айтушы еді.

М а р ь я. Гриша Семкаға ұдайы: “сен пәленсің, бандитсің” дейтін.

Ш в а н д я. Дүп-дұрыс. Ендеше, Семка ақ болды.

М а р ь я. Ал Семка Гришаға: “сен ел талағышсың” деп ақыратын...

Ш в а н д я. О, онда ақ Гриша болды. Ал Семка қайда екен бұл?

М а р ь я. Әлде мына қағаз-пағазынан мәлім шығар!?

Ш в а н д я. Тоқта, тұра тұршы, қағазсыз нетер ме екен. Шаруалары қандай еді?

М а р ь я. Ей, Гришка шаруаны не қылсын. Кісі есігінде жүретін... А, Семка құдайға шүкір, мығым еді. Бидайдың өзінен әлденеше пұт. Боқырауға шейін екі малай жалдаушы еді.

Ш в а н д я. Ой, ендеше, бұйым емес. Семканы ақтан ізде, а Гришка осында болу керек. Жүр, көрші үйге барайық, айтып береді. Шеше, революция айтып береді.

Швандя мен Марья кетеді. Любовь Яровая кіреді.

П а н о в а. Әсем келдіңіз, жолдас Яровая!

Л ю б о в ь. Жаяу келдім. Немене, жолдас Кошкин жоқ па?

П а н о в а. Бос емес. Тағы отыз шақырымнан жаяу келдіңіз бе?

Л ю б о в ь. Мен үйреншіктімін, экспресс пен автомобильге дәндеген емеспін.

Е л и с а т о в. А, жолдас Яровая. Саушылығыңыз қалай? Жазылған шығарсыз. Сүзектен кейін деревня тамаша ғой. Мектеп оқуы әлі тез басталмайды ғой. Тұра тұрсаңыз етті.

Л ю б о в ь. Деревняны кеше ақтар снарядпен өртеп жіберді.

Е л и с а т о в. Ақтар. Қайда жүр?

Л ю б о в ь. Кеше жеті шақырым жерде болды.

Е л и с а т о в. Солай ма еді?

Л ю б о в ь. Қазір деревняға кірген де шығар.

Е л и с а т о в. Болмас, біздің әскер бар жерден түріп қуып жүр ғой. *(Кетеді.)*

П а н о в а. Снаряд шошыта ма екен?

Л ю б о в ь. Жоқ, рақат.

П а н о в а. Жолдас Яровая, неліктен маған бұлайсыз?

Л ю б о в ь. Мен сізге жолдас та емеспін, ешбір бұлайым да жоқ... Жолдас Кошкин тез келуші ме еді?

П а н о в а. Келеді. Тоса тұрыңыз. Біз екеуміз де солдаттың тұл қатынымыз. Өз еңбегімізбен күн кешеміз. Жолдас болғанда екі есе жолдас тәріздіміз ғой!

Л ю б о в ь. Тегі, тұл қатынның бәрі бірдей жолдас болмағаны ғой.

П а н о в а. Сіздің еріңіз өлгелі екі жыл болса, менікі өлгелі екі ай.

Л ю б о в ь. Ал онда не болғаны?

П а н о в а. Бәлки, менің жарам жаңарақ та шығар.

Л ю б о в ь. Болар.

П а н о в а. Папирос тартасыз ба? Дәрігер темекісі.

Л ю б о в ь. Жоқ, маған оқытушынікі де болады. *(Өз папиросын тартады.)*

П а н о в а. Жолдас оқытушы, сіз өзіңіз оқып па едіңіз?

Л ю б о в ь. Өте азғана оқыдым.

П а н о в а. Ол көрініп те тұр.

Л ю б о в ь. Е, сіздер өздеріңіз тәуір көру үшін біздің көзімізді әдейі көр қылмап па едіңіз.

П а н о в а. Иә, мен көпті көрдім. Жаңа ғасырлар өсірген бұйымдарды былғаныш етікпен бір сәтте талқан қылғанды да көріп отырмын.

Л ю б о в ь. Өйтіп оп-оңай талқан боп қалса, ол ғасырлардың істегені татымсыз болғаны да.

П а н о в а. Жоқ, ол сын емес. Сіз бен біздің ерлеріміз жақсы адамдар еді. Менің байым әсем архитектор болатын. Сарайлар, шіркеулер салушы еді. Бір ғана биттің шағуынан өлді. Бүгін ол шебер жоқ. Және сарай мен шіркеу салмайды. Оларды бит жеп қойды.

Л ю б о в ь. Басқалар салады.

П а н о в а. Россияда салмас, шырағым. Бұндағы патша бит, сол барды жер...

Л ю б о в ь. Біз оны сығып бітіреміз. Биттен жаман паразиттер бар. Менің байымды бала күнінде шағып, қазір жеп қойған солар. Сіздің байыңыз сарай салып жүргенде, менікі абақтыда отырды. Сіздер өздеріңізге сарай салып, бізге зындан салдыңыздар. Мен бір қызметті тауып орналаса бастасам лезде айдаушы еді: хауіпті дейтін. Бай болса абақтыда. А, сіздің байыңыз герман соғысында болды ма?

П а н о в а. Жоқ.

Л ю б о в ь. Дұрыс. Отанды жау мен құнсыздарға қорғатып, отан ұлдарының өзі сол жауларының артына тығылып отырған. Менің байым кетерінде: Люба, таза жүр, фронттан жаңа дәурен әкелемін. Өткен үшін есеп айырамыз деп еді. Мен қазір соның атынан есеп айырмақпын.

П а н о в а. Байыңыз үшін бе?

Л ю б о в ь. Жоқ, сіздерге сарай салушы барлық құнсыздар үшін.

П а н о в а. Мен өзім де бардың барымен өтеп отырмын.

Л ю б о в ь. Ендеше, квит шығады.

П а н о в а. Жо-жо. Менің де үлкен есем бар. Мен де есеп айырмақпын.

Л ю б о в ь. Еркіңіз. Мен өз есебімді шешемнің сүтімен емгенмін. Біреулер сайрандау үшін туса, біреулер содан жирену үшін туады.

Колосов келеді.

К о л о с о в. Туар мейрам құтты болсын! Люба, амансыз ба? Есенсіз бе, Павла Петровна? Маған Елисагов келеді деп еді. Жай соған... келдім.

П а н о в а. Жай емес, жүгіріп келдіңіз ғой. Тыныс алыңыз. Су жұтыңыз. Емшіңіз міне. Тығыз жәрдем етеді.

К о л о с о в. Ашықтыңыздар ма? *(Нан мен конфет алып екеуіне ұсынады.)*

Л ю б о в ь. Жоқ, рақмет!

К о л о с о в. Ал, қалайсыз!

Л ю б о в ь. Жай, қайтып келдім. Деревняны ақтар өртеп жіберді.

К о л о с о в. Туар мейрам... ой, уақа емес. Жаңадан саламыз.

Л ю б о в ь. Сіз қалайсыз, Ваня!

К о л о с о в. Ертең барып қайтсам ба деп қиял етіп ем. Бүгін міне өзіңіз кепсіз.

П а н о в а. Бақытты екенсіз-ау. Өміріңіз қиялыңыздан озыпты ғой.

К о л о с о в. Менде үнемі солай. Біреудің мейрамын құттықтайын дегенімше өз мейрамым туа қалады. *(Любаға.)* Сіздің өз ажарыңыз жақсы емес қой. *(Телефон шылдыры. Панова трубкуны көтереді.)*

Л ю б о в ь. Ия... жоқ, шаршағандікі ғой. Және бір нәрсе көрдім. Ғажап, жүріңізші.

Кетіседі. Кабинеттен Кошкин, Елисагов, Швандя, тағы басқалар шығады.

П а н о в а. Жолдас Кошкин, телефонға.

К о ш к и н *(келе жатып)*. Фронт жақындаған себепті бүгінгі жиналыс бір сағат ертерек басталсын. Соған шейін тез митингтер өткізілсін. Швандя, Елисагов, қағаздарды жәшікке сала беріңіздер.

Ш в а н д я. Құп.

К о ш к и н *(телефонда)*. Ия, ия! Оһо... Бар буржуй тезінен окопқа айдалсын. Сақтық үшін кеңселер жинала берсін.

П а н о в а. Жолдас Кошкин, қол қойыңыз.

К о ш к и н *(телефонды тыңдай тұрып қол қояды)*. Ия, ия, мынау ескі әріппен жазып жүрген кім?

Е л и с а т о в. Қазына бөлімінің хатшысы ғой. Әлі жаттыға алмай жүр.

К о ш к и н. Бір сөткеге подвалға жабылсын. *(Телефонға.)* Барлық көлік мобилизовать етілсін. Граждандардың тілегені көше берсін.

Кетеді. Колосов пен Любовь келеді.

К о л о с о в. Бұйрық бойынша ішектер ағытылады. Музыка тамам. Көмектесіндер. *(Проводты жинап жатады. Любовь болысады.)*

Л ю б о в ь. Азғана ғана уақытқа... Бәрібір күні санаулы.

К о л о с о в. Горностаевтың терезесінен не көрдім дейсіз.

Л ю б о в ь. Беторамал. Дәл сондайды Мишаға жолға беріп ем.

К о л о с о в. Жер жүзінде біріне-бірі ұқсас орамал аз дейсіз бе?

Л ю б о в ь. Кестесі айнамаған өзім шеккен кесте.

К о л о с о в. Екі жыл өтті, ұмытсаңызшы.

Л ю б о в ь. Ия, өмір шапшаң.

К о л о с о в. Өмір шеккен анау әшекейді көрсеңізші. Дала жақсы ма?

Л ю б о в ь. Ия, жап-жасыл.

К о л о с о в. Сол жасыл далаға адам деген өз туысқанының қанымен қызыл кесте шегіп жатыр.

Л ю б о в ь. Жаңа өмірді шегіп жатыр. Жаңа дүниені қан құнымен алып жатыр.

К о л о с о в. Кісі қаны, арзан төлеу ғой.

Л ю б о в ь. Кісінікі дейсіз бе. Мен ең қымбат қанмен өтедім. Қажет болса өзімдікін де жұмсаймын. Оның қанына татымаспын. Қараңғы, қорқақ мешанкамын. Ол төңкеріс жолында отқа өртеніп жүргенде мен қорқып қалтырап: “қойсаңшы, ашық жұмыспен де пайда келтіресің ғой” деп қыңқылдап жүрдім. *(Бетін басып.)* Еске алсам ұяттан қиналамын. Ол тірі болса, қатарында жүріп отына бірге өртенер ем... Сүзек боп шатасып жатқанымда, көз алдымда



ылғи, соңғы айрылардағы түрін көріп жаттым. Жайқалған егіндік бойлап кетіп барады.

К о л о с о в. Люба, мен болмай басқа бір, мықты адам болсам, барлық өміріммен сіздің көз жасыңызды құрғатар ем.

Л ю б о в ь. Сіз, сіз болмасаңыз, әрине, басқа кісі болар едіңіз, дұрыс айтасыз. Е-ей, уайымшыл.

К о л о с о в. Жоқ, менің де алға қарағанымда қуанғаннан бойым қалтырап кетеді.

Л ю б о в ь. Ол алға қарағандықтан емес, маған қарағандықтан.

К о л о с о в. Иә, әрине, о да бар. *(Зеңбірек даусы.)*

Л ю б о в ь. Әне, есіттіңіз бе. Мынау ма “қуаныш” болмысы. Бүгін олардың мейрамы болсын-ақ, бірақ ең соңғы мейрамы болар.

Панова келеді.

П а н о в а. Есіттіңіз бе?

Л ю б о в ь. Рақат па?

П а н о в а. Жоқ, “қорқыныш!” *(Жүгіре жөнеледі.)*

Л ю б о в ь. Қорықпаңыз. Ол тез басылады.

Кошкин келеді.

К о ш к и н. Жолдас Яровая, амансыз ба?

Л ю б о в ь. Есенсіз бе? Кеше ақтар Чугуновканы өртеп жіберді.

К о ш к и н. Білемін. Сізге сүзектен жазылуға да мұрша бермеді-ау, сайтандар!

Л ю б о в ь. Жазылуды қойыңызшы.

К о ш к и н. Уақа емес. Уақытша эвакуация. Соғыссыз кетеміз. Көп күтгірмей ораламыз.

Л ю б о в ь. Жолдас Кошкин, тоғай ішінде, Тасқазғанда деревня халқы сізді күтіп отыр...

К о ш к и н. Көп кісі ме?

Л ю б о в ь. Әзірше азырақ. Солардан келдім. Егер маған сене алсаңыз...

К о ш к и н. Жолдас Яровая, өткен жолы ақтар келгенде мен сізге өзімнің де, өзге жолдастарымның да өмірін сеніп тапсырғанмын...

Л ю б о в ь. О-ой, тәйір-ай!

К о ш к и н. Сізге барымша сенемін. *(Ақырын.)* Енді, анада бізді тыққан кілетке басқа бір нәрсе тығуға тура келер. Маған жарты сағаттан кейін оралыңызшы.

Кетеді. Панова келеді.

П а н о в а. Жолдас Роман, телефонға!

Беторамал ұстап Горностаева келеді, алысырақта Колосов көрінеді.

Г о р н о с т а е в а. Бұл не бұл... ақтық тауығымды сойып тастады сұмырай. Бір дюжна беторамалымды алып, орнына қалдырғаны міне мына бір лас немесі!

Л ю б о в ь. О кім?

Г о р н о с т а е в а. Әлгі сол, үйімде тұрған бандит, Вихорь!

Л ю б о в ь *(орамалды қарап тұрып бозарып кетеді)*. Мүмкін емес... өзі, дәл өзі. Әріптерін қара. Өз қолыммен...

Г о р н о с т а е в а. Сізге не болды?

Л ю б о в ь. Мен бұны байыма, жолға берген едім... Мынау қайдан алып жүр? Өзім сөйлесем.

Г о р н о с т а е в а. Уа, бүгін таң сәріден біздікінен кетіп қалған.

Л ю б о в ь. Мынаны маған, маған беріңізші.

Г о р н о с т а е в а. Ала қойыңыз. Бірақ маған төлеуін беріңіз. Орамал егіп жүргем жоқ қой.

Любовь орамалды алады. Бетін басып еңірейді. Кетуге айналды.

Колосов пен Горностаева артынан ереді. Кабинеттен Кошкин, Хрущ, Вихорь, тағы басқалар шығады.

К о ш к и н. Сонымен, тығыз міндет — бүгін түнде Жеглов көпірін талқандау саған тапсырылады, Миша.

В и х о р ь. Жеглов көпірінің стратегиялық зор мәні бар...

К о ш к и н. Сен немене, лекция оқымақсың ба?

В и х о р ь. Ондай зор жауапты операцияны біз сенің өзіңнің ғана басқаруыңмен істеуге міндеттіміз.

К о ш к и н. Қазір барлық операция менің басқаруыммен жүріп жатыр – партия бұйрығы. Енді сенің басқаруыңмен көпір талқандалады – менің бұйрығым.

В и х о р ь. Ендеше, маған ең сенімді жолдас бер: Хрущ, Мазухин, Швандя ерсін.

К о ш к и н. Хрущ пен Мазухинді аласың, Швандя менің жанымда қалады.

В и х о р ь. Мақұл.

К о ш к и н. Аталған орындарға тегіс тараңдар. Бір сағаттан соң осында жиналасыңдар.

Кошкин мен Пановадан басқалар кетеді.

Ну, жолдас Панова, сіз қайтесіз. Бізге ересіз бе, ақтармен қаласыз ба?

П а н о в а. Мен ақтарды сүймеймін.

К о ш к и н. Қызылды ше?

П а н о в а. Қызылды сүйем.

К о ш к и н. Е... қызылды несіне сүйесіз. Тегіңіз бізден басқа емес пе!

П а н о в а. Рас, бәрін емес, кейбірін ғана сүйемін.

К о ш к и н. Кімін, мәселен!..

П а н о в а. О, ол соғыс сырындай құпия.

К о ш к и н. Бірақ мәлім ғой!

П а н о в а. Кім ғой дейсіз.

К о ш к и н. Нысанаға алып-ақ жүр ғой.

П а н о в а. Жо, саудаға салып-ақ жүр ғой деңіз. Қалтасы толған алтын. Бәрін маған ұсынады.

К о ш к и н (*қағаздан басын көтерін*). Қайдағы алтын?

П а н о в а. Жүзік, білезік, сағат. Өз жариялауы бойынша қашан тілесем, сонда алмақпын.

К о ш к и н. Ой, сіз... гражданка Панова... байқаңыз!

П а н о в а. Байқадым, гражданин Кошкин.

К о ш к и н. Ойнамаңыз!  
П а н о в а. Ойнамаймын.  
К о ш к и н. Грозной, менің қаным бір бауырым!

Бір-біріне үндемей қарап тұрысады. Кошкин кетеді. Грозной,  
кейіннен Дунька шығады.

Д у н ь к а. Жолдас Грозной, менің грузовигім неге  
алынады?

Г р о з н о й. Қай грузовик?

Д у н ь к а. Жаңа ғана машинаға отырып ем, ол ақырып:  
“тойтарыл” дейді. Уа, мен тіпті түү-түү алдыңғы жылдан  
большевикпін. Автомобильден мен не деп тойтарылам.

Г р о з н о й. Жоғал қалжырамай.

Д у н ь к а. Ой, сен өйтіп оқыранба. Мен өзім де  
шабына білемін.

Г р о з н о й. Кет әрі! (*Қырсыз.*) Жолдас Панова,  
қағаздарды жолға әзірлеңіз.

Д у н ь к а. Өйте берсе мен сонау жолдас Совнаркомға  
да салып барам.

Колосов келеді.

К о л о с о в. Туар мейрам құтты болсын, жолдас  
Грозной.

Г р о з н о й. Қай мейрам? А, түсіндім... Ертең сендердің  
мейрамың екен ғой.

П а н о в а. Жолдас Грозной, ол оның сөйтіп  
амандасатын машығы.

Г р о з н о й. Сен өзің аққа қарсымысың, бізге  
қарсымысың?

К о л о с о в. Дәл сізге қарсы, жолдас Грозной.

Колосов кетеді, Кошкин келеді.

К о ш к и н. Ну, Грозной, сөйтіп ертеңнен қалмай  
кетеміз. Темекінді әпкелші! (*Пановаға.*) Басыңыз: “Әдіс

ретімен аз уақыт қаладан кете тұрып, граждандардың толық тыныштық сақтауы...”

Г р о з н о й. Ех, Рома, буржуйлармен ойынымды кандырмай әкеттіндер ғой.

П а н о в а. Жолдас Грозной, сіз не деген қаталсыз.

Г р о з н о й. Жолдас Панова, революционердің жүрегі болат, төсі темір болуға керек.

К о ш к и н. Рас, Грозной! *(Ананың кеудесін сипап.)* Әй, сенің төсің өзі... алтын ба қалай? *(Тағы қағады.)* Шылдырайды ғой.

Г р о з н о й. Әрине!

К о ш к и н. Ә, кәне көрсетші!

Г р о з н о й. Ну, көрмеге түсем ғой...

К о ш к и н. Ей, Грозной, көрсет, аш омырауыңды!

Г р о з н о й. Қой, Рома, қылжақты!

К о ш к и н. Ой, бол, бұлданба! Өзіміз ғой.

Г р о з н о й. Ой, кетші. Тапқан екенсің.

К о ш к и н *(кәрленіп)*. Жолдас Грозной, аш омырауыңды! Ну.

Г р о з н о й. Иә, түкірдім...

К о ш к и н. Жолдас Грозной, шығар лезде! *(Грознойға наган төсейді.)*

Г р о з н о й *(тапаншасын суырып ап)*. Ну. Бұ не қылжақ!..

К о ш к и н. Революция атынан. Сал тапаншаны столға.

Грозной тапаншасын салады.

Қалтаңда не бар, сал столға.

Грозной қалтасындағы алтындарды салады.

Әй, бандит. Махно. Марш коридорға!

Грознойды коридорға алып шығады. Грознойдың өкірген даусы: “Рома, кеш”. Кошкиннің командасы: “Грозной, тұр дуалға! Тез тұр... Бір. Екі”.

Мылтық тарс етеді. Кошкин келеді.

К о ш к и н (*айта берін*). Баса беріңіз... “Қаланы барлық революциялық тәртібінде қалдырып...”

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

### ІІ ПЕРДЕ

#### *Бірінші сурет*

Көше. Эвакуация аяқталып келеді. Қала сыртындағы зеңбірек даусы енді мылтық, пулемет даусына ауысады. Пұшпақта Совет кеңселері орнаған үйде барлық есік, терезе ашық. Алысырақта шеткі үй жанында Дунька өз жүктерін арбаға тиеп алған. Кетушілер мен қалушылар топтары.

Д у н ь к а. Тұра тұр деймін, албасты. Мынаған әлі отырғышты тығуға да болады. Айнаны үстінен сал. Чемоданды бүйірден қақшит. Ал, жүр шапшаң! Я, құдай-ау!

Кетеді. Чир келеді.

Ч и р. “Ғаси фәндә құдіреттің қаһарынан қашты де”.

Кетеді. Кошкин мен Елисатов келеді.

К о ш к и н. Жолдас Елисатов, автомобильмен жүріңіз деймін.

Е л и с а т о в. Жоқ, Роман, өзіңіз отырыңыз, болыңыз!

К о ш к и н. Мен ең соңынан кетемін.

Е л и с а т о в. Жоқ, мен сөйтеіін. Сіз революцияға аса керек адамсыз. Эвакуация жұмысын ең ақырына шейін мен басқарамын.

Елисатов кетеді. Швандя келеді.

Ш в а н д я. Жолдас Роман, бұл қалай. Соғыс қаланың ішіне тақап қалды. Жеглов көпірі талқандалмағаны ма сөйтіп.

К о ш к и н. Сөйткені.

Ш в а н д я. Біздің жігіттер мен Вихорь да қайтқан жоқ қой.

К о ш к и н. Қайтқан жоқ.

Ш в а н д я. А, бұл... қалай болды.

К о ш к и н. Не де болса болғаны. Қағазды тиеттің бе?

Ш в а н д я. Мейлінше.

К о ш к и н. Жәшіктерді тасыттыңдар ма?

Ш в а н д я. Қазір бітеді.

К о ш к и н. Сылбырсыңдар. Байқаңдар. Партия бұйрығы бойынша: мен, сен, Хрущ, Мазухин, Вихорь бар, осында астыртын жұмысқа қаламыз. Зор міндет. Жеглов көпірін талқандау және жау желкесіне партизан шабуылын жасай беру.

Ш в а н д я. Құп!

К о ш к и н. Қарудың жарымы тоғайда, жарымы мектептің артындағы кілетте. Қатынасымыз Яровая арқылы болады. Бітір де жыраға түсіп ап, Тасқазғанға тарт.

Ш в а н д я. Құп.

Кетеді. Любовь Яровая жүгіріп келеді.

Л ю б о в ь. Неге тұрсыз, жолдас Кошкин! Шығар жолдың бәрін алып қойды ғой.

К о ш к и н. Білемін. Жасыл боп кетеміз. Кілеттегі, ана отын астындағы қаруға мығым болыңыз.

Л ю б о в ь. Саспаңыз.

К о ш к и н. Жолдас Яровая, мен ешуақытта саспаймын. Көрісіп тұратын жер, алаңдағы селдір тоғай. Ал, тез көрісейік.

Л ю б о в ь. Қош! Жөнеліңіз!

Кошкин кетеді. Любовь шығарып салады. Дунька жүгіріп келеді.

Д у н ь к а. Ойбай, құдай-ау! Ойбай, әкем-ау!

Елисатов келеді.

Е л и с а т о в. Неге қайттыңыз, жолдас Дунька?

Д у н ь к а. Ойбай, құдайым-ау, жолдас комиссар қайда деймін. Анда жібермей жатыр. Жолды ақтар алып қойыпты. Өткелге беттеу керек.

Кетеді.

Е л и с а т о в. Сөйт, бетте. Әйтпесе айнаңа зақым келер.

Кетеді. Алыс шеттен Яровой жүгіріп өтіп, жасырынады. Горностаева мен Яровая келеді.

Г о р н о с т а е в а (*Яровая жаққа*). А, шырақ-ай. Қалай: “Буржуйды тауықтай бауызда”, солай ма?

Л ю б о в ь (*алыстан Яровойды көріп*). Ойпыр-ай, кім бұл өзі, бұ кім?

Г о р н о с т а е в а. Е, әлгі менде тұрған Вихорь, талап-талап алса да, қашқанда құр қол ғой.

Л ю б о в ь. Мүмкін емес. Елес қой...

Кетеді. Есіктен екі-үш қызыл әскер көрінеді, жүк әкеле жатыр. Жақындап келе жатқан Махораны көріп шегініседі. Швандя шығады.

Ш в а н д я. Ал, неге тұрдыңдар?

Қ ы з ы л ә с к е р. Әне бір албасты келеді.

Ш в а н д я. Но, ол бұйым емес! (*Махораға тап беріп, құшақтан.*) Ну, қош бол, Анюточка.

М а х о р а. Анюточка? А мен Махорамын ғой.

Ш в а н д я. Уа, қойшы. Не деген иісі әдемі ат. Ну, қош тұрыңыз, уайымдамаңыз.

М а х о р а. Да, мен сізді көріп тұрғаным осы ғой!

Ш в а н д я. Бәсе. Көрісіп болмай айрылысуға тура келгенін қайтейін. Ну, енді жыламаңыз. Швандя қайта оралады.

Қызыл әскерлер Махораға көрсетпей жәшікті алып өтті. Швандя кетеді.

Граждандар өтіп жатыр. Солардың арасында Дунька, кейін Марья шығады.



Д у н ь к а. Ой, құдайым-ай, құдайым-ай! Бастық қайда десеңші. Құрыды-ау жасауым!

М а р ь я. Аналардың ішінде жоқ, енді мыналарын қарайын. *(Дунька.)* А, сен тағы түрленгенбісің. А? Басындағы шөмелесін көрсеңші. Бәлем осы! *(Тап береді.)*

Дунька қашады. Алдынан каптенармус Костюмов шығады.

К о с т ю м о в. Сізге не болды, бикеш?

Д у н ь к а. Әне, әне бір құтырған қатын.

К о с т ю м о в. Не қыл дейді?

Д у н ь к а. Әшейін. Күнәкерсіз! Болысар жан жоқ.

К о с т ю м о в. Ой, тәңір-ай! Рұқсат етіңіз. Аты-жөніңіз қалай?

Д у н ь к а. Авдотья Фоминишна Кулишова. Өзіңіз ше?

К о с т ю м о в. Екінші разряд каптенармус Кузьма Ильич Костюмов. Лайығына орай бөлме керек еді.

Д у н ь к а. Ендеше, рақым етіңіз. Мен жапа-жалғызбын ғой!

Кетіседі. Марья жүгіріп өтіп бара жатыр.

М а р ь я. Мүлдем жоқ. Әй, өлген иттің балалары!

Музыка. Алыста ақтар. Асығып, қысылып Швандя шығады. Аярлы қаранып, бұрыш айналады. Алдынан солдат Пикалов шығады.

Ш в а н д я. Жаныңды жалп етіп басты ма. Сен жолдаспысың, жоқ жерлесісің, қалайсың?

П и к а л о в. Жолдас боп та жүрдім, жолдасқа қарсы боп та жүрдім.

Ш в а н д я. Біздікісің, олардікімісің?

П и к а л о в. Сендік, боқыраудан бері тұтқындамын. Бүгін олар, ертең бұлар...

Ш в а н д я. Темекің бар ма?

П и к а л о в. Бұйырмасын.

Ш в а н д я. Табамыз.

Қатар отырып темекі тартсады. Дауыстар естіледі. Музыка.

Жерің алыс па еді?

Пикалов. Тульский. Сен ше?

Швандя. Курский. Митревка селосы. Швандя боламын, естіп пе ең. Ну, сендерде қалай?

Пикалов. Е, сол, болымсыз. Басында өйткенмен тым онша емес. Сендерде қалай?

Швандя. Бізде басқа. Саналымысың?

Пикалов. Кім?

Швандя. Сен.

Пикалов. Жо, хатталмадым. Сен ше?

Швандя. Мен бе, мейлінше. Төрдің төрінде. Әлгі Маркспен өзің мен өзімдеймін.

Пикалов. Өзі қалай?

Швандя. Шал мығым.

Пикалов. Үйге тез қайтарам дей ме?

Швандя. Тіке дейді, бар капиталды құртқанша тоқтамаймын дейді.

Пикалов. Ой, тоба!

Швандя. Әуелі Ресей капиталын ұшырам да, содан кейін шетелдікін бөксеремін дейді.

Пикалов. Ой, қу шыбын жан. Пішенді тағы да қатын өзі шапты десеңші.

Отрядымен офицер өтеді.

Офицер. Кімсіңдер?

Швандя. Біз қой... Тұтқын әшейін...

Гимназистка жүгіріп шығады.

Гимназистка. Ванечка!

Офицер. Мурка. Міне рақат!

Гимназистка. Тірімісің?

Офицер. Көрмеймісің! (Швандяға.) Апар контрразведкаға. Отырғаны несі жалпыип!

Швандя мен Пикалов бір-біріне аңыра қарасады.

П и к а л о в. Тұтқын қайсымыз?

Ш в а н д я. Сен боларсың.

П и к а л о в. Е, мен алынғалы қашан. Саған қадалмасын.

Ш в а н д я. Ендеше, алып жүр!

П и к а л о в. Қайда алып жүрем. Өзі жат қала...

Ш в а н д я. Тұра тұр, байқайын. Тегі, былай болар.

Пұшпақ айналады. Екеуі де айнала қарап, бірін-бірі көре алмай екі жаққа жөнеледі. Швандяның алдынан Чир шығады.

Ата-ау, енді қайттік, Ремиз! Тесік атаулы кептелген.

Ч и р. Әй, әй құдайдың құлы! Не қып шыға алмап ең?

Ш в а н д я. Жұмыс бөгеді ғой!

Ч и р. Қандай жұмыс?

Ш в а н д я. Әлемнің әкесіндей.

Ч и р. Ой, жүре ғой, құдайдың құлы Феодор, шығарайын. “Маған ерсең жәннәтқа барарсың” деген ғой!

Ш в а н д я. Десе болғаны-ақ.

Келе жатысады. Патруль шығады.

Ч и р. Ей, туған, бері тарт. Міне мынау нағыз қызыл пері!

Патруль Швандяны ұстай алады.

Ш в а н д я. Ой, бәлем тұра тұр, көк соққан азғын. Тозақ отына түссем де сені бір кеп табармын.

Ч и р. А, сен өлер сағатыңда иманыңды, иманыңды айт. Жәллеп дарда тұрып та тәуба қылған. Феодордың әруағына тие берсін, аллаһу ақпар!

Кетеді. Шеркеу қоңыраулары қағылып, поп бастаған буржуйлар ақтың отрядын қарсы алады.

Е л и с а т о в. Ваше превосходительство, ең қиыны,

сұмдардан мәдениет белгілерін сақтау болды. Талай рет өлімге де басты байладық.

Г е н е р а л. Мырзалар! Россия патшалығының тәңір берген иесі, сіздердің бірде-бір қазаңызды өтеусіз тастамайды. Мезгіл жетсін деңіз!

Е л и с а т о в. Міне, мына жарнаманы оқысаңыз нетер екен!

Пүшпақтан Любовь көрінеді. Яровой көріп қалып, аңырып тұрып, аздан соң қуанып ұмтылады.

Я р о в о й. Люба.

Л ю б о в ь (*көріп, тоқтап қап*). Бұл қалай?

Я р о в о й. Люба... Сенбісің?

Любовь аз уақыт дуалға сүйеніп қап, кейін еңіреп байының құшағына құлайды.

Таптым, таптым ғой. Қуанышым. Любушка!

Л ю б о в ь. Тоқта. Тоқташы. Осы сенбісің. Түс емес пе. Тірі, тірімісің?

Я р о в о й. Тірімін.

Л ю б о в ь. Мишенька! Мишенька! Екі жылдай жоқтап ем. Кәне көріп алайыншы. Аурумысың. Қолың кем ғой! (*Жылаған бойында байының беті мен қолын сүйеді.*)

Я р о в о й. Түк емес. Соғыс қой. Өзің қалайсың?

Көп ішінде Горностаева келе жатады.

Г о р н о с т а е в а. Шырақтарым-ау. Оңбағандар дараға асылыпты. Дворян көшесінде фонарь бас сайын бір большевик асулы тұр. Міне өкімет. Жеттік-ау. Жеттік пе, я құдай, тәубе!

Л ю б о в ь. Миша, кетейік, кетейікші тезірек.

Г о р н о с т а е в а (*Яровойды көріп қап*). А, сен мұндамысың, шырақайым. Кетпедің бе?

Л ю б о в ь. Неге қалдың?

Я р о в о й. Амансыз ба, Елена Ивановна!

Г о р н о с т а е в а. Мырзалар, офицерлер. Арестке алыңдар мына жауызды. Комиссар Вихорь!

Г е н е р а л. О немене, поручик Яровой?

Я р о в о й. Иә, міне, адамның астамшылығын қараңыз. Профессор әйелі, мүлкімді жақсы сақтамадың деп ұрсып тұр. Менің өмірімді оққа байлап жүргенімді қайдан білсін.

Г е н е р а л. Иә, біз сізге бата оқитын боп қойып ек.

Г о р н о с т а е в а. Сөйтп сіз... біздік... біздік пе едіңіз?

Қуанып қолын құшақтайды. Мықты конвоймен Хрущ, Мазухин бастаған жегловшыларды әкеледі.

Я р о в о й (*генералға рапорт берін*). Жеглов көпірін бүлдірмек болған бұзақылар.

Л ю б о в ь. Миша. Сен... Жалған... (*Құлайды.*)

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

### *Екінші сурет*

Түн. Қала сыртындағы жардың елсіз жері. Үн жоқ. Аздан соң Швандя жақындап келе жатады. Оны екі конвой әкеле жатыр. Тоқтасады.

1-к о н в о й. Қай жерде, батыр-ау, бұл итiң қаласы. Аспан жап-жарық. Ал жерде түк көрiнбейдi. Тоқта. Тынығамыз.

Отырысады.

Ш в а н д я (*әндетiн*).

Неткен сұмырай қыз едi-ей,

Неге алдаумен өтесiң...

1-к о н в о й. Сенi сол жерде-ақ асуға болатын едi. Осында жиырма шақырымға айдатқанын сайтан бiле ме?

Ш в а н д я (*темекi тартып*). А, ол жер маған мүлде жақпаған шығар.

1-к о н в о й. А, мен сен бандитті осы арада-ақ квит қып жоқ қылайын деп отырмын. Бәрібір үкімің айтылған.

Ш в а н д я. Е, әрине, ұқыптылығыңа рақмет. Бірақ әуелі мені түрмеге жеткіз.

1-к о н в о й. Оған жеткенше таң атып кетеді де, сені аса алмай қаламыз ғой.

Ш в а н д я. Е, менің оншалық асығысым жоқ.  
(Әндемеді.)

Неткен сұмырай қыз еді-ей,

Неге алдаумен өтесің...

1-к о н в о й. Қой. Итше ұлымашы өзің.

Ш в а н д я. Өлім алдында тамақты кенеп алған жақсы болады... (Әндемеді.)

Демеп пе едің сүйемін мен,

Байға кеткен неткенің.

1-к о н в о й. Ән салма дейім өлім алдында!

Ш в а н д я. А, өлім артынан ән жетпей қалады ғой. Ән өлімге түйткіл емес.

1-к о н в о й. Бәсе, өлімді қолмен қаға алмайсың. Дүнидегінің бәрі пәни жалған. Мына сен ғой большевик, неміске сатылдың да, капитал алдың, о дүниеге бәрібір әкете алмайсың.

Ш в а н д я. Қайда! Жеткізе алмайсың ғой!

1-к о н в о й. Қамтығаның көп-ау, ә?

Ш в а н д я. Шүкірлік.

2-к о н в о й. Қанша алдың? Әйтеуір өлесің ғой, дінді айтып тәубе қылсаңшы!

1-к о н в о й. Әлде, құдай, аз да болса күнәнді кемітер.

Ш в а н д я. Е, тәубе деген оңай ғой, бірақ поп болса десеңші!

1-к о н в о й. Сен шоқыншыдан поп не алсын. Мен-ақ жараймын. Мен шеркеу старостасымын.

Ш в а н д я. А, ну, о да болады.

1-к о н в о й. Ал кәне, имандай шыныңды айт: дін мен отанды сатқаның үшін қанша соқтың?

Ш в а н д я. Е, құдайға шүкір, құр тастаған жоқ. Дін үшін ер басына жүз гульд алдық. Ал отан үшін тік көтере сауда қып стервинг төледі.

1-к о н в о й. Оның патша ақшасына шаққанда не болады.

Ш в а н д я. Жаңылмасам, бір қырық мың болар.  
2-к о н в о й. Ә-әй, шайтан буржуй.  
1-к о н в о й. Ол пұлың қайда?  
Ш в а н д я. Әрине, өз бойымда, мен капиталымды кісіге сенбеймін.  
1-к о н в о й. Кәне, көрсетші.  
Ш в а н д я. Көрсең алып қоясың ғой!  
2-к о н в о й. Әрине. Ату керек паразитті.  
1-к о н в о й. Сөйтіп, о дүниеге әкетпексің ғой.  
Ш в а н д я. Неге! Осы дүниеде дұға қып отырарлық бір тәуір қолға тапсырсам болар еді.  
1-к о н в о й. Бері әпкел. Мен сенімді адаммын.  
Ш в а н д я. Жо, мен одан да мынаған берем, осы сенімдірек.  
1-к о н в о й. Өй, ол батырақ! Менде мұндайына қора толады.  
2-к о н в о й (*біріншіге*). Қара жалмауызды!  
1-к о н в о й. Кәне қолыңнан бер. А, мен саған тәбаракті оқып шығам.  
Ш в а н д я. Тәбарак аз ғой, ағатай-ау.  
1-к о н в о й. Әпкел деймін! Әпкел, әйтпесе осы қазір жатқызамын. Көтер қолыңды, бандит. (*Швандя қолын көтереді.*) Қай жерінде? (*Тінтіп, қалталарын сыр айналдырып шығады.*) Ой, айт деймін!  
Ш в а н д я. Қалтамда еді. Әлде астарды аралап кеткен болар.  
2-к о н в о й. Ой, оның тесік қой.  
Ш в а н д я. Онда тап, түсіп қалған болар.  
1-к о н в о й. Ой, сен сұмырайға мазақ керек пе. Айт, пұлың қайда!  
Ш в а н д я. Пұл сенде ғой, бай. А, мендегі барым осы сиқым мен битім ғой.  
1-к о н в о й. Өтірік айтасың. Немістің ақшасы болмаса сен ел талап, кісі өлтірер ме ең?  
Ш в а н д я. Осы, мен емес, сен өлтіргелі келе жатқан жоқпысың мені. Соның үшін және неміс ақшасымен ақы алғың келеді емес пе. Сатымсақ оңбаған сен емеспісің?  
1-к о н в о й. Оттапсың! Мен неміс ақшасы емес, өз жерім үшін соғысамын...  
Ш в а н д я. Е, мен де сол үшін...  
1-к о н в о й. Не үшін?

Ш в а н д я. Сенің жерің үшін деймін! Тап сенен алып мынаған, жолдасыңа беру үшін соғысамын...

1-к о н в о й (*долданып, мылтығын шапшаң көтерін*). Қорқытпақпысың, бандит! Қылжақ керек. Кәне, тұр былай! Әрі қара деймін, өй, өлексе!

Ш в а н д я. Өй, бұныға машығым жоқ.

1-к о н в о й (*екіншіге*). Әй, ал нысанаға. Не қып тұрсың?

2-к о н в о й. А, сен тиме!

1-к о н в о й. Не дейсің! Ат деймін, әйтпесе өзінді иттей...

2-к о н в о й (*жалт беріп мылтығын оқтанып*). Әй бәлем, доңыз кулак, сен бе, тез...

Ш в а н д я (*2-ші конвойды қолынан ұстай алып*). Жолдас, тоқта. Оғыңды шығын қылма. Елді үркітпейік!

1-к о н в о й. Қара...

Ш в а н д я (*аузын басып*). Сүйре былай, мына жарға.

Екеуі. 1-конвойды қараңғыға әкетеді. Тез оралады.

2-к о н в о й. Енді қайда бардық?

Ш в а н д я. Жер таныс, жол жатық. Бері тарт, жолдас.

Кетіседі.

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

### ІІІ ПЕРДЕ

Кеш батып барады. Бірінші пердедегі бөлме. Ала тулар. Плакат, афишалары би жайын мәлімдейді. “Ресейдің оңтүстігіндегі әскерлерге көмек үшін” деген жазулар. Алысырақта Панова отыр. Колосов провод жүргізіп жүр. Есіктен Любовь Яровая көрінеді.

Л ю б о в ь. Не білдіңіз?

К о л о с о в. Түк білмедім. Бәрінің айтатыны: жегловшылар атылады дейді. Үкімді бекіткен пакетті тосып отырса керек.



Л ю б о в ь. Білеміз, кешірім жоқ. Қашан орындар екен. Жаңа Швандя кеп кетті, Роман жіберіпті. Жолдастарды атуға апара жатқанда жолда тартып алмақшы. Жалғыз-ақ қашан, қай жерде атуын білу керек.

К о л о с о в. Үкімді бекіте салысымен атады.

Л ю б о в ь. Ал сол бекіту қашан келеді екен?

К о л о с о в. Әлде келген де шығар.

Л ю б о в ь. Бәсе! Бәрін білетін Панова!

Би басқарғыш жас жігіт жүгіріп келеді.

Б и ш і. Мырзалар, бүгін таң атқанша билейміз.

Л ю б о в ь. Немене?

Б и ш і. Немене. Би мен үкілі почта. Биді өзім басқарамын.

Афишаны түзеп жүгіріп кетеді.

Л ю б о в ь. Михаилға көріспес үшін мен кетемін.

К о л о с о в. Анадан соң көріскен жоқпысыз?

Л ю б о в ь. Жоқ. Сөйлестік те... бітті.

Кетеді. Панова келеді.

П а н о в а. Қалтаңызда бір нәрсе бар-ау?

К о л о с о в. Бек мүмкін. *(Екі алманы суырып ап.)* Екі нәрсе. *(Сыйлайды.)*

П а н о в а. Кеше, ана бөлмелерде жарық болмады.

К о л о с о в. Патша ағзамның күйшілері, сіздердің ішектеріңіз үзіле береді екен.

Кетеді. Кутов пен Елисатов келеді.

Е л и с а т о в. Қош келіпсіз, полковник. Қайтқаныңызға көп болды ма?

К у т о в. Жаңа ғана. Дәл фронттан. Амансыз ба, Павла Петровна. Его превосходительствоға доклад етіп,

Селезневка тұсында тағы да әдемілеп жеңгенімізді баян еттім. Олжаны білдіңіз бе?

Е л и с а т о в. Бәлі. Жетпіс тұтқын, төрт пулемет қой.

К у т о в. Қате. Жүз жетпіс тұтқын.

Е л и с а т о в. Телеграммада...

К у т о в. Түзетіңіз. Он төрт пулемет және де тоғыз зеңбірек.

Е л и с а т о в. Басылып қойған еді. Бірақ “қосымша хабарлар бойынша” дейміз ғой.

К у т о в. Және армияның көңілі қатты көтеріңкі деп басыңыз. Халық тегіс ерікті әскер қатарына жазылып жатыр деңіз.

Е л и с а т о в. Жау қалай дейміз?

К у т о в. Әбден іріген, үштен бірі дезертир, қалғанын штык, пулеметпен айдап салып жүр. Революция айдаһары өлуге айналды. Енді барлық орыс халқының ұлы Россия үшін жанын салып, “я құдай, жарылқа...” деп шығатын күніне аз-ақ қалды.

Панова кетеді.

Е л и с а т о в. Ештеме әкелдің бе?

К у т о в. Қант.

Е л и с а т о в. Көп пе?

К у т о в. Жеті пұт.

Е л и с а т о в. Бағасы ше?

К у т о в. Жеті жүз мың.

Е л и с а т о в. Полковник, араныңызды ашпаңыз.

К у т о в. Алты жүз. Одан әрі бір тиын шегермеймін.

Е л и с а т о в. Алдым.

К у т о в. Ақшаны қазір түсіріңіз.

Е л и с а т о в. Ертең.

К у т о в. Жо, бір сағаттан бір минут ары кетпесін.

Панова келеді.

Е л и с а т о в. Полковник, осы сөздеріңізді газетке басуға рұқсат па?

К у т о в. Пожалуйста. Құрметті Павла Петровна, сіздің анау сыртқы дос деген сұмдарыңыздың не жаңалағы бар?

П а н о в а. Жаңалығы – жаңа моды. Жаңа билер. Бар Париждің толғағы сол.

К у т о в. Ну, оқа емес, ренжімеңіз, қымбаттым. Қаруларын алсақ, модасын да алармыз. Аркадий Петрович, сіз білдіңіз бе, жақында его превосходительство келеді.

Е л и с а т о в. Әрине, білемін.

К у т о в. Айтпақшы, өткен жолы его превосходительство келгенде көшеде қала халқынан ешкім болмады. Оны его превосходительство байқап қалды.

Е л и с а т о в. Қойыңызшы? Қандай қырағы...

К у т о в. Бұл жолы шара қолдануыңызды сұрайды.

Е л и с а т о в. Қала халқын көбірек жиюды сұрай ма? Ол шараны кім істейді?

К у т о в. Е, шама келгенше, әрине, өзіміз істейміз...

Е л и с а т о в. Павла Петровна, ұқтыңыз ба! Бұл да салық. Бірақ сондай үлкен тапсырманы орындауға уақыт аз деп ойламайсыз ба, полковник. Және біздің техника қандай...

К у т о в. Сіз әзіл көресіз бе?

Протоиерей Закатов келеді.

Мына әкей протоиерей де уағыз-насихат сенімімен жәрдемші болар...

Е л и с а т о в. Е, сіз бір сәрі ғой...

З а к а т о в. Яқшы ғафиятсасыз ба, мырзалар. Его превосходительство келді ме? Тәңірім дүшпанды тағы бір жеңгізді деген ақпар тұғыры ма?

К у т о в. Әбден тура. Уағыз сөз сізге парыз боп қалды.

З а к а т о в. Иншалла. Әлбетте шатлық зор. Жаңа полковник Малининді көрдім, карательный экспедициядан қайтқан екен. Бүкіл дерефнялар ғайып гунаһорлары үшін тәубеге кепті. Менің пайғамбарлық сөздерім жадыңызда ма, мырзалар. Қырық күннен соң Москва шіркеулерінің ғажайып қоңырауларын тындаймыз демеп пе ем?

Яровой мен Малинин келеді.

Міне өзі де келді.

М а л и н и н. Амансыздар ма, мырзалар. Әкей протоиерей, патихаңызды өтінем. *(Қолын созып бата сұрайды.)*

З а к а т о в *(шоқындырып)*. Илаһи амин, оралған сапарың мүбәрәк болсын.

М а л и н и н *(Закатовтың қолын сүйіп, артынан Панованың екі қолын да сүйеді)*. Әуелі әулие қолдың бірін, содан періште қолдың екінсін.

З а к а т о в. Тағзымың жақсы, сөзің дәр-гүмән!

П а н о в а. Фи, иісті майыңыздың аты қандай осы? Шабуыл майы ма? Мына полковник Кутовтың маған фронттан әкелгенін көріңізші, ғажап!

К у т о в. Полковник, табысыңыз құтты болсын.

М а л и н и н. Сіздікі де құтты болсын.

Е л и с а т о в. Нобайын да айта алмайсыз ба?

М а л и н и н. Ә, нобайы десеңіз...

Е л и с а т о в. Ол деревнялардың помещик егінін орып ап, үйлерін талқандауға не себеп болған екен?

М а л и н и н. Тура большевик үгіті!

Е л и с а т о в. Үгітшілері ұсталды ма екен?

М а л и н и н. Мейлінше, бірі қалған жоқ.

Е л и с а т о в. Тыныштық орнату шаралары қандай болды?

М а л и н и н. Деревняны өртеу, кісісіне дүре соғу сияқты берік, тығыз шаралар. Айтпақшы, бұл баспаға баратын сөз емес. Баспаға жібер дейтінім: сол екі жұмалық сапар бойында бар отряды, командирі мен солдатты тегіс деген жерден шықты. Барлығы да дін үшін – дарға, патша үшін – найзаға, Отан үшін – отқа түсуге де әзір болды. А, мынандай қол үшін *(Панованың қолын сүйіп)* от пен суына түсе аламыз.

П а н о в а. Мя, сіздерді онда дар мен отқа салушылар кімдер екен? Қатындар ма?

К у т о в. Рас-ау, бейбіт ел ішінде найза деген бар ма екен, әуелі...

М а л и н и н. Қымбаттым, құлақ салыңыз, ең әуелі большевиктің бейбіт ел арасындағы қауіпі соғыстағы найзадан анағұрлым күшті. Екінші, біз онда найзаны жидтің

күс төсегі мен ханымдарға арналған иісті майлар үшін жұмсағанымыз жоқ, кейбір осындағы күлегештерше...

К у т о в. Үшінші, бейбіт елге барып орыс қатынын жоқ қылғанша, майданда жидті жоқ қылу абзалырақ шығар деймін, әкей протоиерей, ә?

З а к а т о в. Бір жағынан солай-ақ, тіпті екінші, үшінші жағынан әсіресе солай...

Я р о в о й. Мырзалар, бұл дауды шешу үшін ең әуелі кабинетке барсақ, екінші, әкей Закаатовты бұндайдан аулақ етсек жарар еді.

М а л и н и н. Кабинетке рақым етіңіздер, мырзалар.

Барлық офицер көрші бөлмеге кетеді.

З а к а т о в. Ал, Аркадий Петрович, дача жайы қалай? Алайын деп ем.

Е л и с а т о в. Бар, батюшка, сізге өте лайықтары бар. Бұйырыңыз.

Кетіседі.

К у т о в. Қатындармен алысып жүрсіз, ал иегіңіздің астында жегловшылар көпірді тағы талқан ете жаздады.

М а л и н и н. Талқан ете алмады. Мазухин мен Хрущті ұстаған мен.

К у т о в. Сіз бе едіңіз. Оның бәрін істеген поручик Яровой. Сіз өзіңізге босқа таңасыз...

Я р о в о й. Мырзалар, бұл дауды қойсаңыздар екен. Қазіргі уақыт оңай емес. Роман Кошкин қолға түспей, желке жақтың қаупі жойылмайды.

М а л и н и н. Қолға түсіреміз. Орехов қарағайына кіріпті деген хабар жаңа ғана алынды. Ал әне бір, дарға асылар жерде конвойды тұншықтырып кеткен кім еді?

К у т о в. Швандя ма?

М а л и н и н. Ия, ия, Швандя қасқыр сайда дейді. Қазір ғана екі жаққа отряд жіберу керек.

Я р о в о й. Менше, қателесесіз. Сіз отрядыңызбен қарағайды, мен сайды кезіп жүргенде, бұл жақта көпір мен складтар аспанға ұшып жүрмесін.

М а л и н и н. Осы тұста шошыта қимылдау қажет. Ана Жеглов шайкасын Жегловкада аспай, тақ осында бақшаға асу керек.

К у т о в. А, осы әсерлі болар еді.

М а л и н и н. Мен қазір его превосходительствоның рұқсат етуін өтінейінші. *(Телефон трубкасын алады.)*

Я р о в о й. Мен солай істемеуді талап етемін.

К у т о в. Жо, бұның әсері күшті болар еді ғой...

Я р о в о й. Мен өзім де ол сияқты құтырған құлдарды жалғыз бақша емес, тіпті Москваға баратын жолдың бойына асып-ақ қояр ем. Бірақ қазіргі сағатта одан шығатын әсер – дәл түрменің аузында сол Кошкиннің өзі айырып әкетеді.

М а л и н и н. Ну, оған жеткенше Кошкиннің қолымызға да түсер. Ал таңертең жұрт жаңағыдай асулы тұрған өлікті көрсе, ол барлық үгіттен әсерлі болар еді. Ескі тәжірибеге илансаңдар екен.

К у т о в. Біз батыл емеспіз, екіұдайымыз. Болмаса катал жазаны әшкереледің бе, ендеше іске асыр.

М а л и н и н. Шала большевикке де қаттырақ тиісу керек. Жарымын фронтқа жіберіп, жарымын қамау керек.

Я р о в о й. Сонда бар қолға ұстап қалатыныңыз Елисагов па?

М а л и н и н. А, сіз тегі шада большевик болмақсыз ба?

Я р о в о й. Большевикпен алысқанда менің буыным қалтырамайтынын білсеңіз керек еді ғой. Менің ойымша...

М а л и н и н *(зекіп тоқтатып)*. Поручик мырза, кесер сөзім сол, өз ойыңыз өз ішіңізде тұрсын. Алдымен его превосходительствоның бұйрығын бұлжытпай орындаңыз.

Я р о в о й *(ашуын тежеп)*. Мен сіз туралы ойымды өз ішімде қалдыруым керек.

Автомобиль даусы.

К у т о в *(терезеге қаран)*. Его превосходительство.

Барлығы генерал кабинетіне беттейді. Кутов есікті серпіп ашып қап, Колосовты көреді.

К у т о в. Сен кімсің? Не істеп жүрсің есік сыртында?  
К о л о с о в. Мастермін, телефон түзеп жүрмін.  
К у т о в. Кейін кел.

Жәшік көтерген Горностаева, оның артынан Закатов келеді.

Г о р н о с т а е в а. Бұ не болды, мырзалар-ау. Поручик Яровой, Максты тағы отырғызып қойды. Үшінші рет.

Я р о в о й. Қашан?

Г о р н о с т а е в а. Жаңа ғана. Көшеде. Мына жәшіктерді маған беріп, байымды контрразведкаға алып кетті.

Я р о в о й (*Малининге*). Тегі, сіздің кісілер Горностаевты тағы Кошкин деп қалған ғой.

М а л и н и н. Жақсы. Қазір телефонмен білейін.

Горностаева мен Закатовтан басқалары кетеді.

Г о р н о с т а е в а. Үшінші рет. Өзі ауру адам. Бірде-бір жазығы болсашы!

З а к а т о в. Гунәһсіз кісің де, гунәһар да солай дейтін әдет қой, ханым. Бірақ әкім адам момын қойды сүзеген текеден айыраp.

Г о р н о с т а е в а. Күнәсі не? Біресе, большевиктермен неге бірлестің деп еді, ал енді кеп: неге сахарин мен лимонды қыдырып сатасың, неге спекуляция жасайсың дейді.

З а к а т о в. Сүйіктім, қиналмаңыз. Жұртыңыз хадал болса, абырой ала шығады.

Г о р н о с т а е в а. Иә, абырой алса екі шыққаны аз болды ма! Сол абырой сіздің өз басыңызға келсе екен.

З а к а т о в. Несі бар. Ғайса мен әулиелер аштықты да, ғазап қорлықты да көрген. Жұптыңыз ғайыпсыз болса бұл көргені сауап қана болады, тек күпірлік келтірмеңіз. Бұнда большевик жоқ.

Г о р н о с т а е в а. Отырса, сол бүліктер отырса етті. Мынау өз үкіметіміз еді ғой. Тоса-тоса тапқанымыз ба! Бар зиялы — абақтыда.

З а к а т о в. Ханым, зиялылар өздерінің өмір, бақыт бүліктігі үшін қаза шегеді. А, көріп отырғаныңыз солардың

ісі. Нені ексең соны орасың. Міне сіздің жұбайыңыз профессор – сол өзінің биік мінбесінен нені уағыз етті дейсіз. Жас буынға нені үйретті? Патша мен дінді қорғау үшін ән шығарды ма?

Г о р н о с т а е в а. Сіздің маған қадалғаныңыз не, батюшка-ау. Профессор келген соң нені үйреткенін өзінен сұраңыз. А, мен өзіңден сұрайын, сіз нені үйреттіңіз. Уағызыңызды тыңдаған халқыңыз қайда. Профессорлар азғантай-ақ, олардың және аузын басып, менің Максімдей қуғын-сүргінге салушы еді. Ал, сіздің басыңызға алтын тақ кигізіп, бар халықты шәкірт қып бермеп пе еді. Сіздің үйреткеніңіз қайсы?

З а к а т о в. Сабыр етіңіз...

Г о р н о с т а е в а. Сізге құдай патшаны сақтауды тапсырып еді. Біз сіздерге сеніп ек. Сақтадыңыз ба? Тіпті өзіңізді айдап шыққан жоқ па?

З а к а т о в. Сізге бес түрлі дағуа айтуға рұқсат етіңіз!

Г о р н о с т а е в а. Сізді бір дағуаңызбен бірге қуып жатыр.

З а к а т о в. Ендеше, дәл сол бесінші дағуадан бастайын. Сіздің жұбайыңыз қызылдар тұсында кешкі университет ашып, ақтар келгенде қыдырып сахарин сатып кеткені несі?

Малинин келеді.

М а л и н и н. Профессор босады. Қазір осында болады.

З а к а т о в. Әне көрдіңіз бе, ақиқат қандай тез орындалды. Тек дағуа көтеріп, қасилық етпеу керек еді. Зи-я-лы.

Кетеді. Горностаев кіреді.

Г о р н о с т а е в а (ұмтылып). Макс, Макс. Бұ не?

Г о р н о с т а е в. Бұл босанғаным шығар. (Малининге.) Кетуге бола ма?

М а л и н и н. Иә, иә, профессор. Жаңсақтық үшін ғапу етіңіз. Е, сіз бен біз ескі таныспыз ғой. Есіңізде ме?

Г о р н о с т а е в. Иә, иә! Мен сіздің көзіңізді де бір жерде... А, жо, Дуньканың...



М а л и н и н. Не дейсіз?

Г о р н о с т а е в а. Е, ол бұның бір аңқаулығы емес пе, солай!

Г о р н о с т а е в. А, иә, жаңа есіме түсті. *(Анықтап қаран.)* Бәле, бәле жандарм ротмистрі Малинин. Үйімде тінту жасап, кейін мені Вяткеге...

М а л и н и н. Міне, міне. А, бүгін енді босатуға тура кеп тұр. Жаңа достан ескі.

Г о р н о с т а е в. Иә, иә, дәл өзі. Құдыққа түкірме!

Г о р н о с т а е в а. Жүр, жүрші, құдай үшін.

Бұлар мен офицерлер кетеді. Панова көшірілген қағаздарды кабинетке апара жатады. Көрші бөлмеден Колосов шығады. Тоқтатады.

К о л о с о в. Павла Петровна, бұл келген қандай қағаз?

П а н о в а. Аулақ жүріңіз.

К о л о с о в. Жегловшылар туралы ма? Құдай үшін айтсаңызшы?

П а н о в а. Сіздің не айтқыңыз бар?

К о л о с о в. Екі-ақ сөз: басқа ма, сол ма, жері қайсы екен.

П а н о в а. Сізге білу қажет пе.

К о л о с о в. Иә. Олардың өмірі сіздің қолыңызда.

П а н о в а. О, қалайша.

К о л о с о в. Қалайша екенін айта алмаймын, бірақ солай!

П а н о в а. Кетіңіз дереу.

К о л о с о в. Қарағым, абзалым. Сіз аямайды дегенге сенбеймін.

П а н о в а. Аяғанда сізді солармен бірге аспайтынын аяймын. Осы арадан қазір жоғалмасаңыз, аянышым кетеді де, сізді де асады. Мен соны істеймін.

К о л о с о в. Істеніз, бірақ үкімді бекіткен қағаз келді ме, соны ғана айтыңызшы?

П а н о в а. Чир. *(Чир кіреді.)* Монтер жұмысын бітіріпті. Завхоздың кабинетіне апарыңыз.

Чир Колосовты ертіп кетеді. Қараңғы терезеден Кошкин көрінеді, крестьянша киінген, қолында ыдысы бар.

К о ш к и н. Жолдас Панова!  
П а н о в а. Бұ кім, Роман... Сізге не керек?  
К о ш к и н. Тоғайдың жемісін ала келдім. (*Ыдысын береді.*)  
П а н о в а. Батыр-ау, сіз жыңдысыз ба... Ұсталасыз ғой қазір!  
К о ш к и н. Қағаз келді ме? Қашан, қай жерде асады?  
П а н о в а. Кімді?  
К о ш к и н. Ой, бол!  
П а н о в а. Білмеймін!  
К о ш к и н. Білесіз!  
П а н о в а. Жөнеліңіз!  
К о ш к и н (*тапанша төсен*). Ну, сіз мені білесіз ғой. Жегловшы жолдастарымның өмірі маған өз өмірімнен қымбат!

Есік сыртында аяқ дыбысы.

П а н о в а. Кетіңіз. Осында келеді.  
К о ш к и н. Мен бұл нәрсемен ойнамаймын. Тостым!

Кетеді. Чир келеді. “Патшалық күр атақ тап” деп әндетеді.

П а н о в а. Сізге не керек, Чир.  
Ч и р. Шақырмадыңыз ба?  
П а н о в а. Жоқ.  
Ч и р. Кәрі кісі кейде қағас есітеді ғой.  
П а н о в а. Ендеше шоқына жүріңіз.  
Ч и р (*шоқынын*). Жемістің иісін-ай, өзі тоғайдікі ғой. Халық деген тереді. Жасылдардан да қорықпайды.

Яровой кіреді.

Я р о в о й. Чир, не дейсің?  
Ч и р. Жемістің иісі әдемі екен деймін, тоғайдікі ғой.  
Я р о в о й. Бұны сізге кім ұсынды?  
П а н о в а. Табынған жігітім ше.  
Ч и р. Табыну төңірге ғана лайық...

Я р о в о й. Шық шапшаң.

Чир кетеді.

Сізге табынушы кім екенін білуге бола ма?

П а н о в а. Болмайды.

Я р о в о й. Жемісті жасылдау жерінен әкелді ғой. Ер ғой?

П а н о в а. Қорқақ емес.

Я р о в о й. Тегі мұнда бір сүйіспендік романы бар ғой.

П а н о в а. Я, азғана.

Я р о в о й. А, сол кіші романыңыз — өзі үлкен әріппен жазылмай ма?

Бір-бірінің көздеріне қадалысады.

П а н о в а. А, сіз, басқаның сүйіспендік романын оқығышсыз ба?

Я р о в о й. Мен қызғаншақпын.

Есікте Кутов көрінеді, аз тыңдап, көрінбей кетеді.

П а н о в а. Сіз өз әйеліңізді қызғаныңыз.

Я р о в о й. Кімнен?

П а н о в а. Мен шағымқой емес ем... айып етпеңіз?

Я р о в о й. Ал, бірақ сіздің үстіңізден шағым етілсе, сіз де айып етпеңіз.

П а н о в а. Ғажап. Сіз мені өз әйеліңізбен шатастырып тұрсыз ба деймін.

Я р о в о й. Жоқ, мен сізді шатастырып тұрғам жоқ. Ол штабта қызмет жасамайды және жасылдармен жалғасы үшін басымен жауап бермейді.

Кетеді. Кутов келеді.

К у т о в (*өзін-өзі ұстан*). Павла Петровна, мен де қызғаншақпын. Мені осы мырзалардың қайсысына сатып жүрсіз, айтыңызшы бір?

П а н о в а. Шынында танымай және өзіңізді сауда пұлы деп түсінгеніңіз қолайсыз-ақ екен.

К у т о в. Павла Петровна, қинамаңыз. Тағы айтайын, мен сіздің табаныңыздың астына... арымды да, басқа барымды да тастауға әзірмін.

П а н о в а. Сізде абыройдан өзге тағы бірдеңе бар ма еді...

К у т о в. Абыройдан басқа... Лондон банкесінде қырық мың долларым бар. Соның бәрі сенікі, сенікі.

П а н о в а. Полковник мырза, мен төменгі чин адамы емеспін, сіз деп сөйлеуіңізді өтінемін. Екінші, қызметтен бөгемесеңіз екен. Отан қорғаны... сізсіз-ау?

Есікте Елисатов.

Е л и с а т о в. Бөгет жасадым ба?

К у т о в (*ашулы*). Жасаған жоқсыз!

Кетеді.

Е л и с а т о в. Сыртқы дос бекзадалардың тағы не қызығы бар екен? (*Оқып.*) А, Монто-Карло... Білесің бе, көгершінім, мен кеше тағы да жүз доллар ұтып алдым. А, капитан Кульков жүзігіне шейін ұтқызып, атылып өлем деп еді. Мен фронтқа кетуге көндірдім. Онда не оққа ұшады, не доллар табады.

П а н о в а. Сізге неліктен қол шыға береді?

Е л и с а т о в. Өйткені мен ең сенімді жерге бәс қоям ғой. Кульковтей мырзалар аққа ғана қояды – бөлшексіз, бірдің өзін ғана алғысы келеді.

П а н о в а. А сіз қайсысына қоясыз?

Е л и с а т о в. Мен түс талғамаймын. Бірі болмаса бірін қайткенде де аламын ғой.

П а н о в а. Яғни.

Е л и с а т о в. Яғни не Ресейді, не сізді алам.

П а н о в а. Не дейсіз?

Е л и с а т о в. Не Москва барып Ресейді алам, немесе Париж кетіп бөлшексіз, бір ғана сізді алам.

П а н о в а. Сіздің Москва мен Парижде не алатыныңызды

білмеймін. А, бұл жерде жағыңызға тиген шапалақты аларсыз және бір ғана емес, бірнешеуін аларсыз деймін.

Е л и с а т о в. Көзіңіз найзағай, найзағайдай жайнайды-ау! Күн шатырлап кетпесе еді.

Панова кетеді. Дунька кіреді.

Сау-сәлеметсіз бе, Авдотья Фоминишна? Не жақсылық айтасыз?

Д у н ь к а. А, ана фронтқа пропуск керек.

Е л и с а т о в. Біздің қаһарман әскерлерге не апармақ едіңіз?

Д у н ь к а. Жай әншейін ұсақ-түйек.

Е л и с а т о в. Әбзел жұмыс, әбзел.

Д у н ь к а. Е, әрине. Осы дін мен отан үшін бәріміз қан сорпа болуымыз керек қой.

Е л и с а т о в. Керек. А, менің сізге деген жеті пұт қантым бар.

Д у н ь к а. Неден сатасыз?

Е л и с а т о в. Миллион екі жүзден.

Д у н ь к а. Түү, мен кеше ғана жеті жүз мыңнан алдым ғой.

Е л и с а т о в. Бәсе, кеше ғана. А, бүгін... Сіз фронтқа барам дейсіз бе? Сол мүмкін болар ма екен?

Д у н ь к а. Құрып қалса да барасың. Өз пұлыңмен жақсылық ет те және азап кеш.

Е л и с а т о в. Үлкен қимылдар болмақшы, бөгде кісіні жібермейді.

Д у н ь к а. Е, мен өзім де әскердің сыңарымын ғой. Медалім қадаулы, бай фронтта...

Е л и с а т о в. Байыңды қойшы. Өз байлауың не десең де бейбітшілік жағына бейім ғой.

Д у н ь к а. Жә, миллион болсын!

Е л и с а т о в. Бір ғана сіздің жұбайыңыздың соғыстағы қайратын құрметтегендіктен және сіздің бұндағы ізгілігіңізді сыйлағандықтан беремін.

Д у н ь к а. Бәсе, десеңші! Ол онда арпалысады, мен мұнда тыпырлаймын. Соны тіпті есіне алған жан болсашы?

Е л и с а т о в. Жалғыз мен ғой. Әлгі сіздің үлкен айнаңызды сындырғанын білесіз бе?

Д у н ь к а. Ойбай, әлгі өзімнің каптенармусым Кузьма Ильич жүрегімді жұмсаппағанда...

Е л и с а т о в. Е, оныкі кейін ғой. Ал ең алдымен мен: революцияның қорғансыз құрсауы, дауыл қуған көгершін деген мен ғой...

Д у н ь к а. Әй тіпті өтірік айтсаңыз да, білімпаздық сөздерге қарсы шыдар дәтім болмайды... Құмарлығы құрғыр, бір осал жерім.

Е л и с а т о в. Ол мына жуандығыңыздан ғой. Ал қант, ақша, пропуск өзiр болады.

Д у н ь к а. Жарым пұлын екі күннен соң алуға сенесіз бе?

Е л и с а т о в. Ой, сандуғашым-ай, мен өзіме өзім де бір секундқа сенбеймін.

Д у н ь к а. Тіпті ант етейін.

Е л и с а т о в. Маған өз атымнан сенімді нәрсе жоқ, бірақ мен оған да сенбеймін! (*Дунька кетеді. Елисатов есікте тұрып.*) Міне, капитан, біздің отанды жанымен сүйетін Авдотья Фоминична жетсем дейді.

Кетеді. Көшеде күй естіледі, дауыстар. Любовь кіре беріп тұрып қалады, кейін Панова келеді.

П а н о в а. Бұ кім? Чир сізбісіз?

Л ю б о в ь. Жоқ, бұл мен.

П а н о в а. А, жолдас Яровая, кімге келдіңіз?

Л ю б о в ь. Сізге.

П а н о в а. Немене?

Л ю б о в ь. Білейін дегенім... Көмек етсеңіз қайтеді...

П а н о в а. Не керек?

Л ю б о в ь. Менің комсомол шәкірттерімді жауып қойыпты. Полковник Малининге айтайын деп ем, бар ма екен?

П а н о в а. Жоқ.

Л ю б о в ь. Әттеген-ай... Тосайын ендеше.

П а н о в а. Мейліңіз.

Л ю б о в ь. Павла Петровна, мен... жегловшылар жайында... Ваня айтып еді...

П а н о в а. Тыңдаңызшы.

Л ю б о в ь. Жоқ, сіз, сіз тыңдаңыз.

П а н о в а. Ал тыңдайын.

Л ю б о в ь. Жәрдем етіңіз. Айтыңыз, айналайын. Сіздің қолыңызда сондайлық, сондайлық адамдардың өмірі тұр ғой...

П а н о в а. Олардың өмірі менің қолымда анық болса, әлдеқашан түншықтырған болар ем.

Л ю б о в ь. Сенбеймін...

П а н о в а. Арыма сеніңіз. Егер де жегловшылардың орнында ақ қанішерлер болып, менің орнымда сіз болсаңыз күтқарар ма едіңіз соларды.

Л ю б о в ь. Біз бір-біріміздің орнымызда ешуақытта болмаспыз. Бірақ сіз екеуміз де тұл қатынбыз, шын-ақ біздейлердің саны көбейсін деп тілейсіз бе?

П а н о в а. О, тілеймін! Жөнеліңіз!

Чир қағаздар әкеп, столға қойып кетіп қалады.

Л ю б о в ь. Бү не?

П а н о в а. Жаңа почта.

Л ю б о в ь. Ол да осында болар.

П а н о в а. Болса болар.

Кетеді. Любовь столға жетіп кеп, қағаз ақтармақ болады. Чир көрінеді.

Любовь айнала қарағанда Чирді көреді.

Л ю б о в ь. Полковникке келіп ем, жоқ екен.

Ч и р. Жоқ.

Л ю б о в ь. Жұмысым бар еді.

Ч и р. Солай.

Л ю б о в ь. Тосу керек.

Ч и р. Керек. *(Аз кідіріс.)*

Л ю б о в ь. Маған су беріңізші.

Ч и р. Иманға сусаған жаныңызды сулармен шыла...

Л ю б о в ь. Бермедіңіз бе? Әй, азғын. *(Кетпек болады.)*

Ч и р *(жолын бөгеп)*. Азғын емес, менің кітаптағы атым Иов.

Л ю б о в ь. Тұр былай!

Ч и р. Тоса тұрасың.  
Л ю б о в ь. Жақсы. А, сен осы ақ болғанбысың?  
Ч и р. Пәк болып өзгеріп еді – тоны да қардай аппақ  
екен.  
Л ю б о в ь. Е, сөйтіп Ғайса боп шықтың ба?  
Ч и р. Жоқ, қайта ана қызыл жындар ғой, мені дажал  
етіп жүрген.

Малинин кіреді.

М а л и н и н. Немене? Не керек?  
Л ю б о в ь. Менің... білейін дегенім...  
Ч и р. Білейін дегені хаттар көрінеді.  
М а л и н и н. Хаттар? Сіз кімсіз?  
Л ю б о в ь. Мен оқытушымын. Жөнін білейін  
дегенім...  
М а л и н и н. Ненің жөнін?  
Л ю б о в ь. Менің шәкірттерім арестке алыныпты.  
Мынау деген ақсүйек семьялардың тәрбиелі балалары еді...  
Жаңсақтық болды ма деймін.  
М а л и н и н. Иә, мүмкін. Отыра тұрыңызшы.  
Л ю б о в ь. Сөйтіп келгенім, білмегім... босату жайы  
еді. *(Қағаздарды көзімен тінте бастайды.)*  
М а л и н и н *(байқап қан)*. Сіз сөйтіп өтіне келдіңіз  
бе? Білмекке келдіңіз бе?  
Л ю б о в ь. Иә... өтінемін... пожалуыста.  
М а л и н и н. Фамилияңыз кім?  
Л ю б о в ь. Мен... Яровая.  
М а л и н и н. Поручик Яровойдың жақыны емессіз  
бе?  
Л ю б о в ь. Иә... ағайынбыз. Студент күнінде біздің  
имениемізде қонақ болған еді. Бірақ қызыл боп шыққан  
соң біз одан аулақтап едік.  
М а л и н и н. Имениелеріңіз қай жерде еді?  
Л ю б о в ь. Құдай-ау, бұл күнде имениелер қалды ма?  
Ардақты полковник, қай күні, қашан қайырып әпересіздер  
соларымызды.  
М а л и н и н. Сабыр етіңіз, жаным, сабыр, тәңір  
жәрдем етсе тез қайыармыз.



Л ю б о в ь. Бар үмітіміз бір құдай, бір сіздерсіз ғой.  
М а л и н и н. Мерси, мерси. Аянбаспыз. Сөйтіп, мен  
сіздің ісіңіз жайын білейін. Титтей тоса тұрыңыз.  
Л ю б о в ь. Пожалуйста.

Малинин есікті шала жауып шығып кетеді. Любовь қағаздарға қол соза  
береді. Есік шалқасынан ашыла қалады. Малинин қарап тұр.

М а л и н и н. Я! Сізге қандай справка керек, айтыңыз  
шыныңызды.

Л ю б о в ь. Мен сізге түк те айтпаймын.

М а л и н и н. Сіз поручик Яровойдың шын жақыны  
емессіз бе?

Любовь үндемейді. Малинин телефон алып.

Он екі, сізде поручик Яровой бар ма? Қазір келсін!  
(Трубканы іліп.) Сөйтіп жауап бермейсіз ғой?

Любовь үндемейді. Яровой кіреді.

Я р о в о й. Люба...

М а л и н и н. Сіздің жақыныңыз ғой?

Я р о в о й. Әйелім.

М а л и н и н. А, солай ма еді! Мен оны білгем жоқ.

Я р о в о й. Немене.

М а л и н и н. Сіздің әйеліңіз біздің қағазымызға қатты  
қызығатын сияқты.

Я р о в о й. А, сөйтетінін біліп ем... Ғапу етіңіз,  
полковник, бұл бір үй ішінің кішкене драмасы. Менің  
әйелім аса қызғаншақ. Бұл бір сөз. Менің қағаздарымның  
ішінен ылғи әйел хатын іздейді. Ол хаттар кеңсе арқылы  
келеді деп жорамалдайды. Люба, бері жүрші.

Олар кетеді. Көшеде автомобиль даусы, гимн әні.

М а л и н и н. Его превосходительство.

Салтанатты баскомандашыны қарсы алу. Құрметті қарауыл, музыка.  
Антанта өкілдері. Делегаттар. Біреу түз бен нан ұсынады.

**З а к а т о в.** Ваше высокопревосходительство. Селезневкеде дұшпанды жеңгендік құрметіне, сіздей Россия үстінде қалқып жүрген сайып қыран командирімізге құтты болсын айтамыз. Ұшпу, мыңдаған тұтқындар, от шашар зеңбіректер, от төккіш пулеметтер — барлық жәллек, мазлұмдарды отанымыздан орыс халқының бір сәтте айдап тастап, сөйтіп қайырлы сағатта, қырық жерде қырық шеркеуін күле жайнатып күңіретіп отырып, анамыз Москваның ішіне кіріп, тәңір пәрменімен падышам болған әміршімізге өзінің тәж-тақытын әпереміз деп шанамыз.

**Г е н е р а л.** Рақмет.

**А л п а у ы т т а р** өкілі. Ваше высокопревосходительство, біз жерге байланысты қауымбыз, бар иманымызбен сенеміз... Орыс жері халық әміршіге қайтқан уақыттан бастап, сол жерден бөлшек-бөлшектері бұрынғы иелеріне және қайтады деп шанамыз. Себебі бүтін болу үшін барлық бөлшектер өз орнында болуы лазым. Кереметті Россия қайтады. Жеке меншік қайтатын құзыр деп білеміз.

**Г е н е р а л.** Рақмет.

**Ө н д і р і с** өкілі. Ваше высокопревосходительство, біз өндіріс еңбегінің қауымымыз. Біздің де аянышымыз — бүгінде тақ қан болған өндірістер, ұлық әміршінің қолымен ғана бүгінделеді деп білеміз.

**Г е н е р а л.** Рақмет.

**Ф о л ь г и н.** Ваше высокопревосходительство, қызметкер зиялылар атынан бір сауал беруге рұқсат өтінем: осы тегі монархия болғанда қандайы болмақшы?

**Г е н е р а л.** Рақ... Кім дейсіз?

**Ф о л ь г и н.** Конституция монархиясы болса біз құттықтаймыз, ал жалғыз патша әмірі...

Генерал Фольгинге жаман көзімен қарайды. Кабинетке кетеді. Закатов және басқалары бірге кетеді.

**М а л и н и н.** Фольгин мырза, не деген...

**Ф о л ь г и н.** Бірақ менің өмір бойғы қиялым конституция ғой.

М а л и н и н. Ал менің өмір бойғы алысқаным сол конституция болатын.

Барлығы кетеді. Калинин кейіндеп қалып, Пановаға.

Қымбаттым, сөйтіп бүгін таң атқанша билейміз бе?

П а н о в а. Күн шыққанша билейміз.

М а л и н и н. Менің күнім — өзіңісіз! *(Қолын сүйеді.)*

Кутов кіреді.

К у т о в. Полковник мырза, бұныңыз не... Его превосходительствоны... ұмытқаныңыз ба. Мен сіздің даяшыңыз емеспін.

Кетеді.

М а л и н и н. Жақсы ендеше...

К у т о в *(ашулы)*. Жарайды. Мен де есімде тұтамын. Павла Петровна? Не мен, не ол деңіз.

П а н о в а. А? Егер сіз де, ол да емес десем қайтеді?

К у т о в. Павла Петровна! Тегі қауіпті ойынды тастаңыз.

П а н о в а. Жо, тастағанша, әртүрлі жағдайын байқап көрерміз.

К у т о в. Мәселен?

П а н о в а. Мәселен: сіз емес, ол десем?

К у т о в. Онда оны өлтірем.

П а н о в а. Егер сіз де, ол да десем?

К у т о в. Онда сізді өлтірем.

П а н о в а. О. Бүгін менің кісі өлтіргіштерім көбейіп кетпей ме?

К у т о в. Павла Петровна, дәрі көмілген жерде сағырақ болыңыз. Мен сіздің қызылдармен байланысыңыз барын білем ғой.

П а н о в а. Менің қызылдарда не үшін істегенімді жұрттың бәрі біледі.

К у т о в. Ендеше мінеки. *(Ақырын.)* Бүгін менде боласыз, әйтпесе ертең әлгі мәселені контрразведка тексереді. Сағат сегізде, ұқтыңыз ба?

П а н о в а. А! *(Тістеніп.)* Жақсы...

Кутов қолынан сүйіп кетіп қалады. Любовь кіреді.

Л ю б о в ь. Мені сізге Роман жіберді... Ең соңғы келгенім...

П а н о в а. Шын соңғы ма?

Л ю б о в ь. Бұйрық келді ме?

П а н о в а. Келді.

Л ю б о в ь. Ол қайда?

П а н о в а. Полковник Кутовтың портфелінде.

Л ю б о в ь. Осы... рас па?

П а н о в а. Иә, иә!

Дунька жүгіріп келеді. Любовь кетеді.

Д у н ь к а. Бұнда Елисаатов жоқ па, бойжеткен?

П а н о в а. Жоқ, бойжеткен.

Д у н ь к а. Мен шынды айтсам, бойжеткендіктен өткен едім.

П а н о в а. Ал сіз шынды айтпаңыз.

Д у н ь к а. Әй, оны орамалмен бүркей алмайсың. Қап, иттің баласы, жүлік емей кім, осы Елисаатов. Қантының қақ жарымы топырақ. Жақсылығым үшін жапа шеккенімді қайтейін, сайтанның сапалығынан. Ой, тәңірім-ай.

Жөнеледі. Елисаатов пен Кутов келеді.

Е л и с а т о в. Біз дедім, Ваше высокопревосходительство, ар мен алажақтың адамымыз, отан үшін бастың қамын құрбан етеміз дедім.

П а н о в а. Сізге осында Дунька құштар көрінеді. Өзі сізді жулик деп және әлдекімнің баласы деп жүр.

Е л и с а т о в. Біздің бәріміз де Россия ұлымыз, Павла Петровна!

П а н о в а. Жоқ, ол тегі сіздің ата-тегіңізді басқарақ айтатын тәрізді.

Е л и с а т о в. Мен оны қазір айдап шығайын. Қай есікпен кетті өзі. *(Панова көрсетеді.)* Қазір табайын!

Басқа есікпен кетеді.

К у т о в. Жұмысты доғарыңыз. Мен үйге бара жатырмын.

П а н о в а. Жақсы, ендеше бақшаға барып тоса тұрыңыз. Қазір барамын.

К у т о в. Мерси. Тосамын!

Кетіп бара жатып есік алдында Любовьқа кездеседі. Любовь мұның артынан карап қалады. Яровой кіреді.

Я р о в о й. Павла Петровна, генерал сізге шет патшалықтар газетін алып келсін дейді.

Панова кетеді.

Бұнда саған не бар?

Любовь кетпек болады. Яровой жолын бөгеп.

Тоқта!

Л ю б о в ь. Арестке алмақпысың.

Я р о в о й. Люба... Тәңірім-ау... Азабыңды ғана бітірші! Көрістік те айрылыстық. Көргің келмегені ме? Ай болды, түн сайын терезенің алдында жүремін.

Л ю б о в ь. Жүрмеген екі түнің де бар.

Я р о в о й. А... Ол қашан?

Л ю б о в ь. Сот мәжілісінде болған түндерің. Ертеңінде фонарларда кісілер асулы тұрмап па еді.

Я р о в о й. Люба... Бір шақта маған қалтқысыз сенген Люба, қайдасың осы?

Л ю б о в ь. Сен қайдасың?

Я р о в о й. Осында, қасындамын. Сондағы шындығыммен кеп тұрмын.

Л ю б о в ь. Ол шындық менде.

Я р о в о й. Саған оны алмастырып беріп жүр. Ал мен ант етейін, бұрынғы қалпындамын.

Л ю б о в ь. Мен сенің атыңнан, осы бүгінгі сенің қалпыңды мәңгі жек көруге ертеде ант етіп қойғам.

Я р о в о й. Бұл қарғысқа неліктен ұшырадық осы?

Л ю б о в ь. Неліктен?

Я р о в о й. Тындашы, баяғыңша тындашы!

Л ю б о в ь. Баяғы тындағаным бұл адам емес-ті.

Я р о в о й. Сен тындамай, басқа бір нәрсеге қобалжып тұрсың ғой.

Л ю б о в ь. Сенің барлық қорлық сөздеріңді білемін. “Біз революционер атымен жүрген қарын құлымыз. Біз асылзада одақ патшаларды алдадық. Біз қарғыс тиген Кайн қанішер, бұзақы, қаражүзділерміз” дейсің ғой.

Я р о в о й. Жоқ, одан да жаман. Ол айтқандарыңда тым құрыса дін мен отан бар ғой. Мыналарда жалғыз бас қамы мен қарын ғана десеңші.

Л ю б о в ь. Бақыл бол. *(Кетпек болады.)*

Я р о в о й. Тоқтай тұр. Сен аз оқыған көрінесің, Люба.

Л ю б о в ь. Иә, а сен аз көріпсің.

Я р о в о й. О, аса көп десеңші. Замостье тұсынан бір шабуыл жасағалы келе жатыр ек. Бір сәтте, бір топ таңбалы азғындар: “Соғыс жойылсын!” деп айғай салғаны. Біреуі арқама найза қадап, бірі қолымнан атып, кейін қашып кетісті. Немістер тауып ап жарамды жазды. Және өзіме нағыз бостандықты ертеде құрып алған халықтың бүгінде нағыз революция жасап, мәдениетті қорғап жатқан үлгі қалпын көрсетті. Ол бостандық біздің түсімізге де кірмеген екен. Бірақ сол бостандық үшін өзімді де, сені де аямағанымды білесің ғой... Ендеше, сол бастандыққа түкіріп, халық қанына тоғытқан жандарды да аямаймын. Соғыс шегіне жеткенше...

Л ю б о в ь. Команда жасаушы баяғы охранныктер ғой...

Я р о в о й. Ол бір біткен топ. Дауыл ұшырған қу жапырақ қой, оларсыз-ақ көшіміз жетеді.

Л ю б о в ь. Жендеттер ме?

Я р о в о й. Жендеттер онда.

Л ю б о в ь. Сендердің фонарьларыңда асулы ғой.

Я р о в о й. Е, ол фронт. Ал сені бұл фронттың арғы бетіне жібермеймін, Люба. Жіберу үшін тапқам жоқ. Сен екеуіміздің екі айыр жолмен кетуіміз сұмдық қой. Бір-бірімізді таба салысымен екі айрылмақпыз ба?

Л ю б о в ь. Жоқ, одан да жаман. Жолымыз екеу емес. Бір жолда көп қақтықтық, енді біріміз жардан ұшармыз.

Я р о в о й. Люба, мен оған жол бермеймін.

Л ю б о в ь. Құдыретің қайсы! Біз енді бұрынғы адамдар емеспіз: мен күштімін де, сен сорлысың.

Елисатов жүгіріп келеді. Көшеде шу. Халық келеді, арасында  
Панова.

Е л и с а т о в. Мырзалар, сұмдық! Полковник Кутовты өлтіріп кетіпті.

Д а у ы с т а р. Не дейді? Қай жерде?

Е л и с а т о в. Жаңа ғана, осы пұшпақтағы бақ ішінде өлтіріпті. Тегі бір нәрсемен ұрып жықса керек.

Д а у ы с т а р. Тонап кетіп пе?

Е л и с а т о в. Жоқ, портфелін ғана алыпты.

Яровой, Любовь пен Пановаға қарайды.

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

### IV ПЕРДЕ

Кешкі уақыт. Қала бағы. Сусын сататын павильон-кафе. Оркестр.  
Халық. Газет, папирос, тағы басқа уақ-түйек сатушылар.

Г а з е т с а т у ш ы. Соңғы хабар, кешкі газет. Зор жеңіс!

П а п и р о с с а т у ш ы. Жоғары сортты папирос. Мейлінше арзан папирос.

Г а з е т с а т у ш ы. Соңғы хабар, кешкі газет. Ерікті армияның ерлігі. Большевиктер бітешек.

П а п и р о с с а т у ш ы. Ең жоғары сортты папирос, өзі анағұрлым арзан! Он штүгі он-ақ мың!

Г а з е т с а т у ш ы (*папирос сатушыға ақырын*). Любовьтің мектебінде, сағат бірде.

П а п и р о с с а т у ш ы. Құп! Жоғары сортты папирос.

Етік тазалаушының қасында бай қатын әндетіп тұр.

Б а й қ а т ы н. Бар жиғаным, бар асылым барлығы да жоқ болды.

О ф и ц е р (*осы әйелдің қасында тұрып*). Жүріңізші, сәулесім. Қатты өтінемін. Жүріңізші.

Етік тазалаушыға ақша төлеп, столдар тұрған жаққа кетеді.

Ол жақта мас офицерлер мен жалаңаш әйелдер лық толы.

Г ү л с а т у ш ы ә й е л. Пожалуйста, жас жауқазын! Қош иісті бәйшешек!

Г о р н о с т а е в а. Сахарин, сода... Ащы бұрыш, лимон қышқылы.

Г а з е т с а т у ш ы. Соңғы хабар, кешкі газет...

П а п и р о с с а т у ш ы ә й е л. Жоғары сортты папирос, өзі арзан! (*Етік тазалаушыға ақырын*.) Сағат бірде, Любовьтің мектебінде...

Е т і к т а з а л а у ш ы (*естімеген боп*). Бек әдемі гуталин, резинка мен жақсы бау, өздері арзан. Бек әдемі гуталин.

Стол басында Елисатов отыр, алдында план.

Д а у ы с т а р. Елисатов мырза, пожалуйста, маған бірінші қатардан тағы бір жер беріңіз. Бұл тіпті ашқарақтай! Елисатов мырза, бірінші қатардағы жерді маған қалдырыңыз.

Е л и с а т о в. Мырзалар, болашақ курорт “Аркадияның” бос жерлері тегіс сатылып болып қалды. Енді ең соңғы жерлер ғана қалды.

1-м ы р з а. Планды көрсетіңізші, осы менің жерім қай тұста?



Е л и с а т о в. Бұйырыңыз. Жерін көрдіңіз ғой? Тап мына тұрған курорттың үлкен залы.

1-м ы р з а. Қазір анау алабота басқан жер ме?

Е л и с а т о в. Жоқ, алаботаның тұсында ағылшындық бақ болады. Мынау әзірше боқтық үйілген жер, шұрайлы болады.

1-м ы р з а. Жақсы, алдым, пожалуыста задатка алыңыз.

З а к а т о в. Мен, бірінші қатардан тағы бір жер алсам ба деп ем.

Е л и с а т о в. Амал жоқ, осы соңғысы.

М а т у ш к а. Құдай-ау, енді қайттік?

Е л и с а т о в. А, сіз екінші қатардан алыңыз, матушка! Тамаша жер мінеки. “Қиял фонтаны” деген болашақ фонтанның қақ қасы. Ал ана біріншіңізді сата қойыңыз.

З а к а т о в. Сат, апасы. Бол.

Матушка Елисатовқа ақша береді, қағаз алады. 2-мырза жүгіріп келеді.

2-м ы р з а. Елисатов мырза! Маған екі орын қалдырып па едіңіз?

Е л и с а т о в. Бір де орын жоқ, мырзалар. Болашақ курорт “Аркадия” маңындағы жердің бәрі сатылып қойылды. *(Планын орап, ақшасын тығады.)*

2-м ы р з а. А, батыр-ау, мен отан үшін отқа түсіп жүргем жоқ па?

Е л и с а т о в. Бәріміз де түсіп жүрміз. Тіпті болмаса қаракөл елтірісі мен күріш бар, жалғыз-ақ тік көтере аласыз.

2-м ы р з а. Барон, сонымен іс бітті. Петербургтағы сарайыңыз үшін менің қырымдағы дачамды аласыз, үстеуіне бес қадақ қант қостым.

Б а р о н. Тоқтаңыз, костюм ше? Ал монпансье болмасын, қанттың дәл өзі!

Панова шығады, оның соңынан қызғандау Малинин шығады.

П а н о в а. Міне ай да туып келеді. Бірақ мен қиял ете алмаймын. Орыстың айы... Бұл да орыстың қазіргі жеріндей кірлеген, былғанған...

М а л и н и н. Оқа емес, біз оны тазалап тұрып, дөп-дөңгелек қып өзіңізге қайырып береміз.

П а н о в а. Тәңір жарылқасын. Сіз осы қай кезде дөп-дөңгелек ақымақсыз, мас күніңізде ме, жоқ сауыңызда ма? Ашуланбаңыз, мен бір жағынан өзімді айтам. Міне іштім де ақымақ болдым. А, бұрын ақылды болушы ем. Бұл тегі киімімнің жамандығынан болар... Киімі жаман әйел ақылды бола алмайды ғой.

М а л и н и н. Павла Петровна, маған өмір беріңізші, мен сізді ханшадай киіндірейін.

П а н о в а. Маған өмір беріңіз, сонда өзім де Пановадай киінермін.

М а л и н и н. Тоты, тоты...

П а н о в а. Полковник, байқаңыз.

М а л и н и н. О, о... мен байқаймын... Мен өзімнің полковник, жандарм полковнигі екенімді түсімде де байқаймын.

Би басқарушы жүгіріп келеді.

Б и б а с қ а р у ш ы. Мырзалар, би басталып жатыр!  
Ле кавалье ангаже ле дам!

Жүгіріп кетеді. Пановаға офицер жетіп келеді.

Павла Петровна, рұқсат етіңіз. *(Биге әкетеді.)*

Малинин артынан өте бергенде, Яровой жетіп келеді.

Я р о в о й. Полковник Малинин!

М а л и н и н. Мен.

Я р о в о й *(ақырын)*. Сауық құра беріңіз, бірақ сақ болуыңызды өтінемін.

М а л и н и н. А, немене, өлтірушінің ізін таптыңыз ба?

Я р о в о й. Қалай десем екен...

М а л и н и н. Бірақ соларға полковник Кутовта не бар еді?

Я р о в о й. Жұмбақ! Портфелінен бірдеме іздеген тәрізді.

М а л и н и н. Бірақ портфельді тастап кетіпті, бар қағазы да түгел ғой.

Я р о в о й. Әзірше ешнәрсе кесіп айта алмаймын.

М а л и н и н. Қалай құтырады, бәтір-ау! Бүгін-ақ есебін қайыру керек. Үкімнің бекуі келді. Жегловшыларды таң сәрінен бақ ішіне асып тастау керек.

Я р о в о й. Иә, Кошкиннің бар күткені сол ғой.

М а л и н и н. Кошкин алыста.

Я р о в о й. Кошкин осында.

М а л и н и н. Не дейді, қалай осында?

Я р о в о й. Осы қалада деп білем. Мына Қутов ісі соның қолы.

М а л и н и н. Солай-солай... Иә, сізше жегловшыларды бөгей тұру керек қой?

Я р о в о й. Сөз жоқ. Кошкин бір нәрсе әзірлеп жүр. Бір түйін байланып келеді, бірақ ұшығын ұстау қиын. Қазір екеуміз бір-бірімізді сиқыршыдай қуып жүрміз.

М а л и н и н. Иә, мен де соны сезіп ем.

Я р о в о й. Сөйтіп, мен сізден отрядты әзір ұстауыңызды сұраймын.

М а л и н и н. Иә, иә, пожалуыста.

Я р о в о й. Майдан қалай?

М а л и н и н. Күндізгі жайсыз хабардан басқа ештеңе жоқ.

Я р о в о й. Солай ма... Байқаңыз, сақ болыңыз.

Кетеді. Жолдағыларды қағып-соғып Марья жүгіре шығады. Малининді қағып кетеді.

М а л и н и н. Ой, қақпас, кімді қағасың!

М а р ь я. Жоғал! Семканы көріпті осында. *(Верандадан ас ішіп жатқандардың айғайы.)*

Д а у ы с. Хазірет патшамыздың ұрпағының саулығына!

М а р ь я. Соларыңмен қақалып қал!

Д а у ы с т а р. Ура!

М а л и н и н. Сен қатын, не дедің осы?

М а р ь я. Мен не дедім, ештеңе де дегем жоқ.

М а л и н и н. Эй, патруль!

М а р ь я. Не дедім? Жалғыз-ақ айтқаным: соны іше алмай қал дегенім бе?

М а л и н и н. “Соның” кім?

М а р ь я. Мен қайдан білейін? Не жеп жатқанын!

М а л и н и н. Жерсің ендеше дүрені! *(Семен тақап келгенде.)* Ал мынаны!

С е м е н. Ап... ап... апатай..

М а р ь я. О... бұның кім?

С е м е н. Бұ мен, Семен Скопцов қой. Аманбысың, апажан-ау! *(Сүйеді.)*

М а р ь я. Сен... Е, көзің қайда? Өй, иттің балалары. Іздеген бейнетімнен садаға, өңшең. Көріңде өкіргір, өңшең...

М а л и н и н. Ну, сенің бақытыңа балаң да инвалид екен.

Павильонға кетеді.

М а р ь я. Осындай бақ өз балаңның басына келсін. Ал Гришка қайда?

С е м е н. Өзімнің де іздегенім сол, апажан. Жерге кірсе де қоймаймын. Өшімді аламын. Зорықтырып өлтірген екі атым ше, тыққан жерімнен қазып алған жүз сегіз пұт бидайым ше. Қайтарамын орайын. Жерге кірсе де қоймаймын. Атымның өшіне бақалшағын шағамын, бидайымның өшіне шиеттей қып қанын ағызамын.

М а р ь я. Е, өзі де көрде шығар.

С е м е н. Көрде болса табамын. Дүниені шарласам да ақ малымды аламын. Мен қан сорпа боп мал жиғанда қайда жүрген екен ол ку бандит. Мен тырнақтап жимап па ем! Оқып алып, купецтің арзан нанын жемеп пе еді? Сол купецтің ғой тағы өзін атты. Бірге туысқан мені де талатты. Жиырма жылдық бейнетімді бір түнде жоқ қылды.

М а р ь я. Әй, қуарғандар! Жалғыз көзі қалғанын қарасаңшы!

С е м е н. Түк те емес. Мен оның екі көзін бірдей жұмдырамын.

М а р ь я. Өй, төбеңнен ұрғыр, жүр, шелпек пісіріп берейін.

С е м е н. Болмайды, күзетте тұрмын.  
М а р ь я. Ендеше, осында әкелем. Әй қуарған, төбеңнен  
жортқырлар. Қатынды қайдан табам енді сен қу соқырға!

Кетеді. Көлеңкеде Любовь пен Колосов бара жатады.

Л ю б о в ь. Енді нені тосамыз?  
К о л о с о в. Тақ осы түнде болар. Асуға әзірленіп  
жатқан тәрізді.

Л ю б о в ь. Не дейсіз?

К о л о с о в. Абақтыға кештен бастап отряд кірді.  
Ал Чир үйінде құран оқытарлық шелпек әзірлеп жатыр.  
Және ылғи әндетіп иман айтып жүр. Бұл дарға кісі асылар  
алдындағы әдеті. *(Кете береді.)*

Л ю б о в ь. Тез барып Романға айтыңыз. Бұйрығын  
мектеп сыртында тосамын.

Верандадан Фольгин мен Елисатов түседі.

Ф о л ь г и н. Мырзалар! Әрдайым құтқарушы рақымды  
заң ғой!

Е л и с а т о в. Неге айғайлайсыз?

Ф о л ь г и н. Реакцияның қараңғы күшін тоқтатушы  
заң ғой.

Е л и с а т о в. Қайта реакцияны тоқтату заңсыз. Ол  
қимылға егескен қарсы қимыл. Табиғат заңы тоқта деген  
жерде барып өзі де тоқтайды.

Ф о л ь г и н. Оны халық тоқтатады.

Е л и с а т о в. Қазір халықтың өзінде де көзсіз реакция!  
*(Лакейге пұл төлеп верандадан түседі. Алдынан тоқылдақ  
ұстаған Горностаев кездеседі.)* Амансыз ба, профессор!

Г о р н о с т а е в. Есенсіз бе!

Е л и с а т о в. Бұныңыз не?

Г о р н о с т а е в. Не екенін аспабымнан таныңыз.  
Өзіңіз ше?

Е л и с а т о в. Мен құралсызбын. Сақтар түгім жоқ;  
қайыршымын!

Закатов шығады.

З а к а т о в. Жер астындағы фақырлыққа езулік.

Е л и с а т о в. Өзгелер жастансын. Менің ісім сату ғана. Ал, сіздің саудаңыз қайда?

Г о р н о с т а е в. Бітті. Магазинінді де? Бар істі де қатын өз қолына алды. Мені бір тілім нан үшін Дунькаға күзетші қып тағайындайды. Мырзалар, тіл үшін бір ғажайып заман болды-ау. Тіл өзінің дүниеге келгендігі мағынасын қайта тапты. Магазинді қатын өз қолына алды — дәл мағынасында алды. Мынау ше! Бір тілім нан маған да — дәл мағынасында... Мінеки!

Ф о л ь г и н. Атамаңыз, өте дұрыс. Мені бүгін көшеге шығарып тастады — дәл мағынада. Бөлмеме сүзекпен ауыр-

ғандарды кіргізді. Доктор маған жүрегің жаман, жұқса тура өлесің дейді. Ал аурулар сандырақтайды. Өздері былғаныш, бит басқан.

З а к а т о в. Иә, иә, орыс халқы үлкен дәруеш қой. Шіріп, тесіліп, былғанып жатса да, бүкіл әлемге таза, ардақты шындықты мадақтайды. Иә, Россия және ақиқатты қанды азаппен толғатып отырып табады..

Е л и с а т о в. Жо, сіздің бұныңыз дәл мағынада емес. Алмағайып нәрсе ғой. Мүмкін, осының бәрі толғақ емес, құр іш ауруы болса қайтесіз?

Г о р н о с т а е в. Неден іш ауру болады?

Е л и с а т о в. Неден? Ал, мысалы бостандықты көп жегеннен де болады.

Ф о л ь г и н. Осындай көзқараспен Россияда тұруға...

Кетелі.

Е л и с а т о в. Россия қайда? Көзқарас қайда?

З а к а т о в. Көзқарас болмаса дін бар ғой. Халық құдайшыл ғой, сол тәңірінің жолын іздейді.

Г о р н о с т а е в. Иә, иә... Елесін іздейді.

Е л и с а т о в. Соны менің үйімнен жеті рет іздеп келді. Еденіме шейін талқандап, құдай жолына барымды алып кетті. Құдайшылдар тіпті орындығыма шейін алды.

З а к а т о в. Тәңірі оның есесін жүз мәртебе қып қайырады.

Г о р н о с т а е в. Иә, иә... *(Елисатовқа қадала қаран.)* Әлгі осы дача сатушы сізсіз бе?

Е л и с а т о в. Қай жағынан айтасыз?

Г о р н о с т а е в. Қу... Даланың құлдыр қуы...

Е л и с а т о в. Профессор, тегі мынауыңыз аса дәл мағынада боп жүрмесін.

Г о р н о с т а е в. А? Ғапу етіңіз, әлде басқа ма еді?  
(*Елисатов кетеді. Колосов келеді.*) Ардан азғанның белгісі.

Фольгин жетіп келеді.

Ф о л ь г и н. Ардақты профессор, маған бір кеңес қажет.

Г о р н о с т а е в. Кеңес? (*Алыста Горностаеваның даусы: “Сахарин, ащы бұрыш, лимон қышқылы”.*) Осы кімнің айғайы?

К о л о с о в. Ол сіздің әйеліңіз ғой.

Г о р н о с т а е в. Дауысы қандай нашар еді.

Ф о л ь г и н. Профессор, менің шаруам аса үлкен деймін.

Г о р н о с т а е в. Иә. Пожалуйста. Сіз немене? Бриллиант немесе үн жайы ма!

Ф о л ь г и н. Жоқ, мен адал адаммын. (*Ренжіп.*) Осындағы жер комиссиясының мүшесі ғанамыз.

Г о р н о с т а е в. Не айтпақ едіңіз?

Ф о л ь г и н. Айтайын дегенім, осы мәңгілік ішінде әркімнің өмір сағаты бар ғой. Сол сағаты өз цифрын айналып, мезгіл санап жүріп жатпай ма? Менің сағатымның сол сапары қазір қаралы цифрға тақап кеп тұр.

Г о р н о с т а е в. Қысқаша, қара сөзбен айтыңыз.

Ф о л ь г и н. Мені бит шағып алды.

Г о р н о с т а е в. Бұл... дәл мағына ма, түспал ма?

Ф о л ь г и н. Не қылған түспал? Жаңа ғана сықтым...  
Енді қайтпек керек?

Г о р н о с т а е в. Орнын қасыңыз... Көйлек...

Ф о л ь г и н. Сүзектің биті. Екі жұмадан соң мен жоқпын!

Г о р н о с т а е в. Ой, ол дәркүмән.

Ф о л ь г и н. Жо, күмәнсіз... Бұл соншалық ұлы жаңалық! Екі-ақ жұма тірлік, содан әрі табытпын, жоқпын. Но, бірақ екі жұма менікі. Мен енді шексіз зор өміршімін,

келешектен қорқарым жоқ. Тілесем: зор қайрат та, жауыз сұмдық та істей алам. Кісі өлтіріп, жер де өртей алам. Бит шағып, енді мәңгіліктің табалдырығынан аттаған соң жаңағылардың несі бұйым. Ал енді кеңес беріңіз!

Г о р н о с т а е в. Сіздің бит шақпастан бұрынғы кәсібіңіз не еді?

Ф о л ь г и н. Палатада қызмет еттім және құпия түрде болса да бар қиял қылығым конституция еді.

Горностаев тоқылдағын қағып, жүріп кетеді.

К о л о с о в. Тоқтаңызшы, тап сізге лайық бір жұмыс бар. Зор қайрат болады.

Ф о л ь г и н. Мәселен?

К о л о с о в. Бүгін дарға асылатын бес кісі бар, соларды құтқару.

Ф о л ь г и н. Е, большевиктер ғой?

К о л о с о в. Иә, бес адамның өмірі!

Ф о л ь г и н. Бірақ мұнда екі негіз қағысып қалады екен: бірі – адам жанын құтқару, екіншісі – большевикке болысу! Ойлану керек.

К о л о с о в. Жоқ, ойлануға уақыт жоқ.

Ф о л ь г и н. Жоқ, ойлануға әрқашан уақыт табылуы керек.

Кетіседі. Панова шығады, қарсы Любовь кездеседі, ол жұпыны киінген.

П а н о в а. А, ардақты Люба, сіз де биге келдіңіз бе? Бірақ бүгін киім ауыстыратын бал емес еді ғой! (*Любовь кете береді.*) Қайда тарттыңыз? Тоқтаңыз, сұрағанымды айып етпеңіз.

Л ю б о в ь. Сізге не керек?

П а н о в а. Осы әкім қағазы шынымен-ақ Кутов портфелінде болмай шықты ма?

Л ю б о в ь. Оның анығын сіз білесіз ғой!

П а н о в а. Жоқ, ең анығын сіз білесіз.

Л ю б о в ь. Білгенім: Кутов сіздің жолыңыздағы бір кедергі екен.

П а н о в а. Ал менің білуімше: оның жолына сіз кедергі



болдыңыз. Қазір бұны тиісті жерлер білетін болады. Отан қорғаушы асылзаданы көшеде өлтіреді. Жо, жетті енді, кәне, Шарлотта, өзіңнің жегловшыларыңмен бірге дарға қарай рақым ет.

Л ю б о в ь (*жақындап кеп*). Ну, несі бар, бітіріңіз. Әуелден-ақ осыны кәсіп етсеңіз етті.

П а н о в а. Ә, рас, мен білемін. Сіз өлімнен қорықпайсыз. Сондықтан мен сізге өлімнен сонауғұрлым сорақы бір нәрсе ойлап табар ем.

Л ю б о в ь. Сіздер өз бастарыңыз сол нәрсені таптыңыздар ғой, көрдің бишілері.

Кетеді.

П а н о в а (*ызадан булығып*). Ендеше, сені де билетемін бәлем!

Елисатов келеді.

Е л и с а т о в. Павла Петровна, соңғы вальске жүріңіз!

Панованы ертіп әкетеді.

Л ю б о в ь (*ағаш артындағы Чирге қақтығып қан*). Сен де осында ма ең, сұмырай?

Ч и р. Қадір алла, шын ғафур жерімді тепкен байдан және құдайдан безген кедейден жердің үстін тазарт деген.

Л ю б о в ь. Е, сенен тазарт демеп пе?

Кетеді.

Ч и р (*артынан ақырын еріп*). Я, құдірет, құтырған Любовьтің, ызақор Павланың, алдамшы Аркадийдің жанын сақта... (*Яровой өтіп бара жатады*). Ваше блогородие!

Я р о в о й. Иә?

Ч и р. Тәңірім сөзін айтамын.

Я р о в о й. Не сөз?

Ч и р (*бірге өтіп бара жатып сыбырлап*). Жаңа ферғауынның екі қызы портфельді бірдеме етіп бекіту жайын сөз қылды.

Г о р н о с т а е в а (*алысырақта*). Ең әдемі, түйір-түйір сахарин!

Колосов жақындайды.

К о л о с о в. Кәне, бір бөлегін...

Горностаева сатады. Баронесса келе жатып, көз жасын сүртеді.

Б а р о н е с с а. Тәңірім-ай, тәңірім!

Г о р н о с т а е в а. Баронесса, сізге не болды?

Б а р о н е с с а. Естімедіңіз бе? Петербургтегі жеке меншік үйді айырбастап қойды. Костюм мен қантқа қызықты. Қайтіп шыдайын, беззада емес пе ем!

Г о р н о с т а е в а. Шырағым-ау, сенікі әйтеуір айырбастап бір нәрсе алыпты ғой. Әлгі менің байым ғой есуастай барды құртқан. Біреу сода сұраса, ол сахарин береді. Мың сом қағаз берсе, бес мыңдықты сдачаға береді... Бірнеше күн нан да көрмейтін болды?.

Б а р о н е с с а. Біз де солай... Таң атысымен құр шай... Енді Петербургке қайтқанда гостиницаға түсеміз-ау! (*Жылайды*).

К о л о с о в. Рақым етсеңіздер қайтеді. (*Сумкасынан ақ нан алып ұсынады*.)

Б а р о н е с с а. Бұл қалай?

К о л о с о в. Алыңыз, қашпаңыз!

Б а р о н е с с а. Бірақ мен сізді танымаймын ғой!

К о л о с о в. Оқа емес, өзі жаңа піскен нан.

Б а р о н е с с а. Түу, ыңғайсыз-ау...

К о л о с о в. Тұра тұрыңыз, кесіп берейін. (*Горностаеваға беріп жатып*.) Рақым етіңіз.

Г о р н о с т а е в а. Жоқ, қайтесіз... Бірақ мен сізді көрсем керек. Ал өзіңіз ше?

К о л о с о в а. Е, мен тоқпын. Пирожный болмаса керегі жоқ.

Горностаева. Тәттіге құмар екенсіз-ау!

Баронесса. А, Елена Ивановна, сіз бранушвейгскойдің пирожныйын қалай көресіз? Түу, бір тамаша ғой.

Горностаева. Жо, жеміс салған қаттама тортты айтсаңызшы. *(Екеуі де түкірігін жұтып, шапшаң сөйлейді.)*

Баронесса. Бәле, померанцевтің қатығы-шы... саусағыңмен шұқырайтып, ақ уыз май құйып... Ойпырай, исін айтсаңызшы... Әлгі графиня...

Горностаева. Оймақтай қаттамалар, шетіне жұмыртқа жағып, ортасына жеміс салса... О-ой, қандай кып пісіруші ем, уай келіп...

Баронесса. Не дейді енді, барғанда қонақ үйім, буфет үйім бәрі кісінікі бола ма? *(Жылайды.)*

Колосов. Сабыр, сабыр етіңіз. Міне груша алыңыз.

Баронесса. Әкей Закатов: “алты жұмадан соң” дейді.

Колосов. Закатовыңыз өтірік айтады. Сабыр етіңіз.

Баронесса. Сіз не деп тұрсыз?

Горностаева. Сізше, өтірік айтпайтын кім?

Колосов. Мен.

Баронесса. Ендеше, Петербургке қашан жетеміз?

Колосов. Ну, тез болмайды.

Горностаева. Бір жылдан соң дейсіз бе?!

Колосов. Оны да айта алмаймын.

Баронесса *(айғайлап)*. Сіз осындай ма едіңіз?

Горностаева. Не деген әдепсіз!

Баронесса. Мен қазір айғай сап, жаптырайын бәлем сені!..

Колосов. Сіз әуелі мынаны жеңіз.

Баронесса. Мені жеммен ала алмайсыз.

Айғайға мырзалар жүгіріп келеді.

1-мырза. О, немене, баронесса?

2-мырза. Не боп қалды?

Баронесса. Е, мына большевик ашық үгіт жүргізіп тұр.

Г о р н о с т а е в а. Үкімет-ақ екен!  
2-м ы р з а. Қайсы, мынау ма! Мен қазір охранканы  
шақырайын.

К о л о с о в. Е-е! Жегенің ас болсын!

Жөнеледі.

1-м ы р з а. Ұста, ұста! Большевик!

Қарбалас айғай. Чир мен Дунька шығады.

Ч и р. Ұр, туғандар, Сима, Хама және Ахветті!  
Д у н ь к а. Ой, тәңірім-ау! Енді қайттік! Ұйымдас  
шапшаң!

Д а у ы с т а р. Қайда большевик?

– Кім большевик?

– Бұ не, бәтір-ау?

– Қалаға кеп қапты большевик!

Үйлердің көлеңкесіне халық жиналады. Орталарында Любовь, Панова.  
Қуанышты сыбыр шошынған айғаймен араласады.

– Біздің кісілер келе жатыр!

– Жолдастар, жегловшыларды әкеледі!

– Құтқарайық, жолдастар!

– Извозчик, жүр вокзалға!

– Жүз мың!

– Слободкеге кеп қапты...

Д а у ы с т а р. Кошкин баронессаны бауыздап кетіпті.  
Барлығын бір-ақ қыру керек!

## V ПЕРДЕ

Ақ армия штабының қорасы. Кешкі мезгіл. Күтпеген жерден актёр  
көшіп жатыр. Паровоз, автомобиль, обоз дауыстары, офицерлер  
жүгірісіп жүр. Террасада Яровой қағаз ұстап тұр. Телефон шылдыры.  
Малинин келеді.

М а л и н и н. Міне бұйрық, его превосходительство, жүріп бара жатып, жөнелту жұмысын маған тапсырды, қала күзетін сізге тапсырды.

Я р о в о й. Мақұл.

М а л и н и н а. Көмек алу үшін одақтастарға кетеміз.

Я р о в о й. Кетесіздер, ал мұнда алысатын біз ғана...

М а л и н и н а. Біз дегеніңіз кім?

Я р о в о й. Біз деген сіз емес.

М а л и н и н а. А? Иә... Ну, несі бар алысыңыз. Я, айтпақшы, его превосходительство, кеше ұсталған Кошкинді және жегловшыларды түрме ішінде жоқ қылуға бұйырды.

Я р о в о й. Тегі, генерал, мен Кошкинді босатып жіберу үшін ұстады деп ойлады ма екен!

Нәрселерін алып барон мен баронесса келеді.

Б а р о н. Баронесса, болсаңызшы!

Б а р о н е с с а. Менің тағы есім ауып тұр ғой.

Б а р о н. Полковник, құдай үшін, автомобиль беріңізші.

М а л и н и н. Мырзалар, мен бере алмаймын, поезға ұмтылыңыздар.

А д ъ ю т а н т. (*Малининге*). Полковник мырза... (*Қағаз береді.*)

Б а р о н е с с а. Мені онда тұншықтырады ғой!

Горностаевтар келеді.

Г о р н о с т а е в. Кімді тұншықтырады?

Б а р о н. Баронессаны.

Г о р н о с т а е в. Оны қойшы. А, мұнда міне бірнеше адамды өлтіргелі жатыр. (*Малининге жақындап.*) Мырзалар, болмайды...

Б а р о н. Кімді айтады?

Г о р н о с т а е в а. Жегловшыларды айтады. Қамын жеген кісісін көрсеңізші.

Б а р о н е с с а. Ал, мен әлсіз әйел болсам да, оларды өз қолыммен тұншықтырам.

М а л и н и н. Ал, мырзалар, асығындар!

Кетеді. Барон мен баронесса артынан ереді.

Б а р о н. Ал автомобиль ше?

Елисатов кіреді.

Б а р о н е с с а. Елисатов мырза, келісім қағаз қайда?

Е л и с а т о в. Мен оны өзіңізге, заграницеге жіберем.

Б а р о н е с с а. Жалғыз-ақ қайта келгенде мен тура имениеге түсетін болайын.

Е л и с а т о в. Қам жеменіз. Қош болыңыз.

Штабка кетеді.

Г о р н о с т а е в а. Макс, құдай үшін жүрейікші біз де.

Г о р н о с т а е в. Леля, сен білесің ғой... Мен шет елге ғылыми мақсатпен ғана барамын.

Г о р н о с т а е в а. Ну, сол ғылыми мақсатпен кетейік.

Кетіседі. Чемодандарын алып бірінші және екінші мырза келеді.

Ханымдар да бар.

1-м ы р з а. Мырзалар, мырзалар, одақтастардың ғажайып кемесі кепті. Жағада күзетте тұрған солдатты алдымен мен көрдім.

1-д а м а. Бір сәтте теңіз үстінде будақ-будақ түтін... Мүржалар.

2-м ы р з а. Ал, бірақ штаб неге түк білмейді?

1-д а м а. Е, өйткені — ғажап қой!

Закатов пен матушка чемодандарымен шапшаң келеді.

2-м ы р з а. Ғажайып болса, әкей-протоиерей алдымен білген шығар.

2-д а м а. Әкей-протоиерей, сіз ғажайып кеме жайын естідіңіз бе?

З а к а т о в. Қайда екен?

1-д а м а. Теңізде... Түтіні мен мұржасы көрініпті.

З а к а т о в. Мүмкін, бәрі де мүмкін, балаларым.

Комендант жүгіріп бара жатады.

Комендант мырза, мына матушка екеуімізге төрт орынды автомобиль берілмек еді.

К о м е н д а н т. Я-я, әзір тұр. Он үшінші номерлі.

М а т у ш к а. Ой, номері ырымға жаман екен. Тым құрымаса он төртіншіні беріңізші.

Е л и с а т о в. Москваға барасыз ғой, батушка?

З а к а т о в. Мен сіздерді Москваға шақырып ем, сіз дінсіздер, күмән келтірдіңіздер ғой.

2-д а м а. Ғажайып кеме, батушка.

З а к а т о в. Балаларым, тәңірінің ғажайыбына талпынып... Бірақ бастаушы ұстазыңыз болсын. Комендант мырза, менің автомобилім қайсы?

Кетеді. Сахна сыртында автомобиль жанында дау шығады.

Е л и с а т о в. Парижге кеттің бе, Авдотья Фоминишна!

Д у н ь к а. Е, сұмдармен бірге қашушы ма ем!

Кетеді. Сахна сыртында автомобиль жанында дау шығады.

З а к а т о в. Балам Евдокия, бекер отырғансыз, машина біздікі.

Д у н ь к а. Тастаңыз, батушка, ондай хал-ахуалдарыңызды. Шегінетін мен емес.

М а т у ш к а. Қойыңыз! Құдай жолындағы автомобильге кептелетін сенің бөксең бе екен!

Г о р н о с т а е в (*таласқандарға қарай ұмтылып*).  
Дуныканы Еуропаға жіберіңіздер, жіберіңіздер.

Е л и с а т о в (*штабтан шыға айғайлан*). Павла Петровна, мен мұндамын. Автомобильге отырыңыз. Бір гана қағазды реттеп алайын. Бір минутке...

Штабқа кетеді. Панова шығады.

П а н о в а (*Елисатовтың соңынан*). Ал, тез болыңыз... (*Келе жатқан Любовьқа.*) Е, сәулешім, байыңыз керек пе? Әрі кеңес, әрі махаббат. Неменеге келістіңіздер, Кошкинге ме?

Л ю б о в ь. Ол қалайша?

П а н о в а. Қалайша, саттыңыз ғой.

Л ю б о в ь. Сен бетпақ, саттың.

П а н о в а. Қате айтасың, сәулешім. Сатқанда дос сатады. Мен жауымды ұстаттым. А, сенің көмегіңе рақмет.

Л ю б о в ь (*тапаншасын ұстай алып*). Санаулы оқты саған жұмсау да арам.

П а н о в а. Міне енді біз “сен” десіп жүзбе-жүз сөйлесейік. (*Бетін тақап, ақырын, қадап сөйлейді.*) Сен жыланнан да жамансың. Ғасырлық көнесінен жап-жасыл боп кеткен мына көзіңізді өлердей жек көрем. Ажымды маңдайыңды, уланған бейшара ойыңды. Еріндерің жыланның балаларындай иреңдейді. Миллион басты айдаһар! Өмір бойы жиренумен өтермін.

Л ю б о в ь. Сенің өміріңе қалған бар сыбаға сол ғой, тілі суырылған жылан. Жерімізден алып кет өлексенді.

П а н о в а. Жорғаландар сол жерде, сүзек биттері.

Елисатов келеді.

Е л и с а т о в. Павла Петровна, мен әзірмін, автомобильге рахым етіңіз. Бір жұмадан соң екеуіміз Парижде боламыз.

Екеуі кетеді. Террасаға қағаз қараған бойында Яровой шығады.

Любовь оған жақындайды.



Я р о в о й (*басын көтерін*). Люба!  
Л ю б о в ь. Кошкин мен жеголовшыларды босат.  
Я р о в о й. Люба, бұл орындалмайтын тілек.  
Л ю б о в ь. Бұл тілек емес, шарт.  
Я р о в о й. Кімнің шарты?  
Л ю б о в ь. Менікі. Мен кеше саған Кошкинді ұстап бердім, бүгін қайтар деймін.  
Я р о в о й. Сөйтіп, мәселе жалғыз Кошкин туралы ғой?  
Л ю б о в ь. Жақсы. Әуелі Кошкин басын босат.  
Я р о в о й. Мен оны бір күнге жалдамаға алды деп білемісің өзің?  
Л ю б о в ь. Қылжақ керек пе? Көзіме қара менің. Әлде ең соңғы көргенің болар. Кеше, кеше неге келдің маған?  
Я р о в о й. Люба, өзімнің саған тиісті жаныммен ант етейін, сені ғана іздеп ем. Аналар кездеседі деп ойламап ем.  
Л ю б о в ь. Ендеше, антыңды ақта – босат мыналарды. Құтқар соларды, бұны сен істей аласың ба?  
Я р о в о й. Істей алсам, алдымен сені олардан құтқарар ем. Жетті, Люба. Бұл өлім майданы. Құлаш сілтесіп тұрмыз. Кімнің көзі тайса, соның басы ұшады. Сен маған көзің тайдыр демекпісің?  
Л ю б о в ь. Сен ғой кеше алдаумен менің көзімді тайдырған. Жыландай жер бауырлап кеп жүрегіме кіріп, өлтіре шаққалы кепсің ғой.  
Я р о в о й. Кездейсоқ оқиға килікті, сен айыпты емессің.  
Л ю б о в ь. Айыпты емес? Сенің құшағыңа бас иіп ем, бірақ сенің аяқ астыңа қандай бастарды түсіріп отырмын. (*Телефон шылдыры.*)  
Я р о в о й (*аппаратқа барып*). Я, немене? Қазір жетемін. Ну, қош бол, Люба, мені үшінші рет өлдіге сана.  
Л ю б о в ь. Сен... сен құтқармағаның ба?  
Я р о в о й. Бар енді... уақыт жоқ.  
Л ю б о в ь (*қалтасынан тапаншасын жұлып алып*). Міне...  
Я р о в о й. А... Бұны сен жақсы тауыпсың. Ақылдысың. (*Алдына тұра қап төсін ашады.*) Шындап өлтір.

Л ю б о в ь. Жоқ, сенің өлім жазаң алдында!

Тапаншаны өз кеудесіне бұра береді. Яровой секіріп кеп жұлып алып,  
жанына тығады.

Бұның азғантай ғана бөгеуіл ғой. Бәрібір Романды  
өлтiрсең, мен өзімді өзім өлтiрем.

Яровой қоңырауды басады. Қарауыл солдат келеді.

Я р о в о й. Мына әйел анау бөлмеге қамалсын. Мықтап  
күзетілісін.

Қарауыл Любовьті алып кетеді. Колосов жүгіріп келеді.

Сізге не керек?

К о л о с о в. Мен Любовьқа келіп ем.

Я р о в о й. Аһа.. Тыңдаңыз, мен сізді білемін, сондықтан  
сіз азатсыз. Сіз Любаны дереу, қала ішінен аулаққа алып  
кете аласыз ба?

К о л о с о в. Жоқ.

Я р о в о й. Неге?

К о л о с о в. Ол жүрмейді.

Я р о в о й. Неге?

К о л о с о в. Кошкинді босатыңыз.

Я р о в о й. Барыңыз, ендеше.

К о л о с о в. Қандай зор іс істеген болар едіңіз...

Я р о в о й. Барыңыз, әйтпесе Кошкин барған жерге  
сіз де барасыз.

К о л о с о в. Мен дәл соны тілеймін. Любаны харап  
қылмаңыз. Бұл дертті көтере алмайды. Қажет болса  
Кошкиннің орнына мені алыңыз.

Я р о в о й. Сіз кімге керексіз?

К о л о с о в. Бәрібір мен де сіздерге зияндымын.

Я р о в о й. Жоқ, сіз зиянсызсыз. Жөнеліңіз. Бірақ,  
бір сағаттан соң қайта оралыңыз, Любаны сіздің ғана  
қолыңызға табыс етем.

Кетеді. Жүріп бара жатқан машинаның даусы. Колосов көшеде,  
алдынан офицер киімін киген Швандя шығады.

Ш в а н д я. Жолдас Колосов?

К о л о с о в. Сіз кімсіз?

Ш в а н д я. Танымай тұрсыз ба?

К о л о с о в. Швандя!

Ш в а н д я. Тап өзі.

К о л о с о в. Ерте шыққансың.

Ш в а н д я. Кеш десеңіші. Жолдастарды құтқару керек.

К о л о с о в. Любаны жаңа арестке алды.

Ш в а н д я. Қай жерде?

К о л о с о в. Осында, Яровой. Қарауыл қойып, өзі кетіп қалды.

Ш в а н д я. Ендеше, шақыру керек. Бастықтан кім бар екен.

К о л о с о в. Ешкім жоқ, часовой ғана бар.

Ш в а н д я. Е, ендеше бұйым емес, жүр!

К о л о с о в. Немене сен. Тартып аламысың?

Ш в а н д я. Неге? Жақсылықпен аламыз. *(Колосовқа айғайлап.)* Әмірімді тында. *(Террасаға шығып.)* Смирно. Мен сендердің большевиктік істеріңді жоямын. Жеңдік дейсің ғой. Өтірік айтасыңдар, қызыл сайтандар! Фронт қайта бекіді. Генералдар қайтып келді. Бәрі қайтып жатыр. Мінеки, пакет. *(Пакет суырып.)* Қазір маған екінші провод орнат. Ну? Әй, ереуілшімісің? *(Қарауылға.)* Поручик Яровой қайда?

Қ а р а у ы л. Кетіп қалды.

Ш в а н д я. Қайда кетті?

Қ а р а у ы л. Біле алмадым.

Ш в а н д я. Білу керек, айуан. Әлде сен де қызылмысың. Көрсетермін, бөлем. *(Телефон трубкасын алып.)* Бикеш, екі мың екі ноль номерін беріңіз. Поручик Яровой? Сөйлеуші прапорщик... князь Курносовский. Тап өзі, сізге тығыз пакет бар. Қарауылға берем бе? Құп. Қай большевик қатын? Арестегі ме? Қазір білейін. Қарауыл, аресте әйел бар ма еді?

Қ а р а у ы л. Дәл солай.

Ш в а н д я *(трубкеге)*. Дәл солай. Бар екен. Сөйтіп, оны

қайтеін? Түрмеге өзің апар? Құп, жол... поручик мырза... Мен оны қазір алайын. Шұрқ етпеңіз. Мен тырп еткізбеймін. Қарауыл пакетті күзетсін дейсіз бе? Құп, сау бол. Бонжур. (*Қарауылға.*) Әкел әлгі қатынды, түрмеге әкетемін. Ал сен мына пакетті ұста да, онымен поручикті тос.

Қ а р а у ы л. Бұйрықсыз қалай болады?

Ш в а н д я. Не дейсің? Телефонды естімеген шығарсың? Мен сенің мүкісіңді арылтармын. Ну, бол, аш! Тұтқын, шық былай, марш. А, сен пакетке сақ бол.

Қ а р а у ы л. Қалай айт деп бұйырасыз?

Ш в а н д я. Саңыраумысың. Подпоручик князь Курносковский бұйрығы де. Монтер, бітірдің бе? Бар. (*Қарауыл кетеді.*) Ал, жолдастар, бытырайық, жөнеліңдер!

Кетеді. Любовь пен Колосов көшеде, тұйықта жұмысшылар жүр.  
Күбірлеген дауыстар.

Д а у ы с т а р. Толайым, бәрі жөнелген бе деймін.

– Соңғы эшелон кетті ғой.

– Жалғыз түрме мен вокзалда қалды.

– Бұл не, жолдастар-ау? Шынымен-ақ жегловшылар құрығаны ма?

– Енді қайттік?

– Қайтер едің?

– Тағдыр ғой.

– Кіріссек қайтеді?

– Тағдыр да құр қол ма?

– Япыр-ау, анда Кошкин, Хрущ, Мазухиндер бар ғой, шынымен бергеніміз бе?

– Беріп қойып тұрып, бергеніміз бе дейсің-ау.

Т а т ь я н а. Беріп-беріп қойыңдар. Беруге мастерсіңдер. Хрущ сендер үшін отқа кетіп бара жатқанда “Хрущ барсын” дедіңдер. Енді Хрущтар асыларда: “Хрущ асылсын” дейсіңдер ғой. (*Жылайды.*)

1-ә й е л. Дұрыс айтады.

2-ә й е л. Дұрыс емей немене... Жақыны ма екен. (*Мазақтан.*) “Құр қол” дейді. Ендеше, қолдарыңды кеп байлап, менің байымша фонарьға асқанша тосыңдар, сөйтіп... Байым фонарьда, үш балам фонарь түбінде...

Саусақтарын әкесіне созады. Мен болсам міне... Тосындар, сөйтіп.

Д а у ы с т а р. Біздің кісілер Громовойдың бер жағасына өтіпті ғой. Таңертең жетеді.

– Жо, таң біліне жетеді.

– Шын-ақ құтқармағанымыз ба?

Любовь жақындайды.

Л ю б о в ь. Жолдастар, таң ата мұнда фронттағы қырандар жетеді. Ал енді кеш бата жаумен осы арада алысып жүрген жолдастарды дарға асады.

Ж ұ м ы с ш ы. Біз де соны айтып тұрмыз ғой.

Л ю б о в ь. Қалайша қол қусырып таңды тосып отырасыздар, ә? Ертең жауынгер жолдастардың жүзіне не деп қарайсыңдар?

Ж ұ м ы с ш ы. Қарамай суалып қалсын ол көзіміз.

Л ю б о в ь. Немен қарсы аласыздар? Ерлердің бусанып тұрған өлігімен қарсы алмақсыздар ма? Ақтың тұзағынан ер бауырларыңды айырып алу үшін не істедіңіздер демей ме? Сонда не айтасыздар?

Д а у ы с т а р. Рас қой, жолдастар-ау?

– Құтқарамыз.

– Бұғып қалу масқара.

– Жүр, құтқарамыз.

Л ю б о в ь. Жолдастар, ендеше мектеп артындағы алаңға келіңдер, қару түгел.

Д а у ы с т а р. Ура!

– Тсс... ақырын... тарай беріңдер.

– Соқ телефонды заводқа.

– Түрме қасындағы алаңға жиналамыз.

Халық кете береді. Алыста қалың дүбір. Буржуйлар шошына қашып жатыр. Ақ армия да шегініп барады. Жаралы мен аурулары да бар.

1-г р а ж д а н и н (*2-сіне*). Не сатасыз?

2-г р а ж д а н и н. Түк те сатпаймын.

1-г р а ж д а н и н. Әлде бірдеме бар шығар. Ақшасына қарамаймын. Ботинкаңызды сатасыз ба? Қажет еді.

2-г р а ж д а н и н. Е, менің өзіме де қажет. (*Кемеді*).

1-г р а ж д а н и н (*артынан ерiн.*) Жүз мыңға қалайсыз?  
Алыңыз деймін.

3-г р а ж д а н и н. Ақтың ақшасы жойылды. Жаңа  
кассада жариялады. Өкімет-ақ екен. Енді қайттік?

4-г р а ж д а н и н. А, менде, құдайға шүкір, Керен мен  
Николайдан басқа түк жоқ. Бастан-ақ біліп едім.

Кетіседі. Яровой шығады.

Я р о в о й. Тыныштық па?

Қ а р а у ы л. Дәл солай, господин поручик.

Я р о в о й. Арестант әйел ше?

Қ а р а у ы л. Бұйрық бойынша подпоручик мырзаға  
табыс еттім.

Я р о в о й. Не дейді? Кімге?

Қ а р а у ы л. Князь Курносовскийге, әлгі  
телефонмен...

Я р о в о й (*бос бөлмені қаран*). Сен... мұнда не бағып  
тұрсың?

Қ а р а у ы л. Пакет күзетуде.

Я р о в о й (*бос пакетті жыртып-жыртып карауылдың  
бетіне лақтырып*). А, аттырамын сені! (*Телефон шылдырайды.  
Ұмтылып телефонға.*) Я, халық? Түрмеге? Алаңға ротаны  
шығарып, пулеметтер құрылсын. Бұйрық тосындар.

Семен жүгіріп кіреді.

С е м е н. Поручик мырза! Халық түрмеге ентелеп тұр.  
Тіпті тас лақтырады.

Я р о в о й. Атындар алдыңғыларын.

С е м е н. Бәсе десеңші, ал өне бір оқытушы салдақыны  
жатқызайық па?

Я р о в о й. Ол кім?

С е м е н. Е, әлгі кешегі Кошкинді жасырған ше? Өзім-  
ақ жайратамын.

Я р о в о й. Тиюші болма... Бұйрық күт. Ол тірідей  
ұсталсын.

С е м е н. Ну, соғыссыз бермейді.  
Я р о в о й. Бар. Бұйрықты телефоннан тос.  
С е м е н. Тосуға болмайды ғой.  
Я р о в о й. Бар деймін.

Семен кетеді. Яровой телефон жанында толқып жүреді. Трубкины бір алып, қайта іледі. Анық естілмейді. Телефон шылдырайды. Трубкины алады.

Білемін. Бұйрық тоссын. Қақпаға шегінсін.

Малинин жүгіріп кіреді, артынан Чир.

М а л и н и н. Поручик Яровой, сіздің істі бөгейтініңіз қалай? Неге ат деп бұйрық етпейсіз?

Я р о в о й. Үлгереміз.

М а л и н и н. Қалай үлгересіз? Бір большевик қатын солдаттардың қақ қасына барыпты. Үгіттеп жатыр дейді.

Ч и р. Ол әлгі сіздің қағазыңызды тінтетін қатын.

М а л и н и н. А, сол ма еді. Енді түсіндім, поручик мырза. Дереу атуға бұйырыңыз.

Я р о в о й. Кісі үкіміне қатыспауыңызды сұраймын.

М а л и н и н. Мен полковникпін.

Я р о в о й. Бұндағы барлық үкімет билігі маған берілген.

М а л и н и н. Бұйрық етіңіз, болмаса мен сізді азғын есебінде арестке алам.

Я р о в о й (*тапаншасын жұлып ап*). Ну!

М а л и н и н. Большевикке кетесіз ғой.

Я р о в о й. Сіздер болмасаңыздар, большевиктер жоқ болар еді.

М а л и н и н а. Поручик Яровой, артымнан еріңіз.

Я р о в о й. Полковник Малинин, чемоданыңызға барыңыз.

М а л и н и н. Бұйрық еттіңіз бе?

Я р о в о й. Осы бұйрықты орындаңыз.

М а л и н и н. Біз әлі сөйлесеміз, большевик!

Кетеді. Семен жүгіріп келеді.

Семен. Поручик мырза! Бүне, бәтір-ау, жегловшыларды тірідей тастағанмыз ба?

Яровой. Жегловшыларды? Осы минуттан бастап ату керек. Жөнел!

Семен. Маған оларды бермейді ғой.

Яровой. Қазір телефонмен бұйрық етемін (*Телефон соғады.*) Түрмені беріңіз. (*Телефон соға береді, бірақ жауап жоқ.*) Сайтан!

Офицер жүгіріп кіреді.

Не болып жатыр?

Офицер. Халық түрмені алып қойды.

Яровой. Алды? А солдаттар қайда?

Офицер. Солдаттар қарсыласпай қалаға ығысты, бір бөлегі вокзалға кетті.

Яровой. Өте жақсы. Поручик, түнге шейін еркіншілік біздің қолда. Түнде қарағайға кіреміз. Соғыс әлі де бар.

Офицер. Соғысатын кім?

Яровой. Одақтастардың көмегіне сүйеніп, отанның адал ұлдары соғысады.

Офицер. Ұлдары? Отан? (*Ысқырып, погондарын жұлып ап.*) Жоқ, мен дәмін татқанмын.

Жөнеледі.

Семен. Поручик мырза, большевиктер билеп барады. Бар қорадан қаптай шығып ылғи қызыл ту іліп жатыр. Қайдан алғанын да білмеймін. Жағалай арестке алып жатыр.

Яровой. Қоршап алып атыңыздар.

Швандя мен бірнеше жұмысшы келеді.



Ш в а н д я (*Яровойды нұсқап*). А, міне дәл өзі. Алындар,  
жолдастар!

Яровой (*тапаншасын жұлып ап*). Ну!

Оқ атып қашады. Патруль артынан қуып кетеді. Горностаевты айдап  
Пикалов шығады.

Г о р н о с т а е в. Ардақты досым! Адам деген қанша  
шындық ойлап шығарды осы?

П и к а л о в. Естіген емен.

Г о р н о с т а е в (*тоқтап, Пикаловтың етігін  
сілкіп*). Талай мың деңіз... Ал, егер қашан мыңдаған ұсақ  
шындықтан бір үлкенді жасаймыз десе... ол егеуқұйрықтан  
бір үлкен піл жасаймыз деген тәрізді болады.

П и к а л о в. Өй, өзің неге сілкесің мені? Мен саған  
алма ағашы ма едім? Тұтқын конвойды сілікпей тек жүру  
керек.

Г о р н о с т а е в. Бірақ сен екеуміз әлі жүрміз, әлі  
жүрміз, түк таппадық қой.

П и к а л о в. Е, жақсы ұлық атаулыны жын қағып  
кеткенге мен айыпты деймісің?

Г о р н о с т а е в. Мені жаманына табыс етші.

П и к а л о в. Жаманның әлі келмейді. Осында екеуі  
шарпысып, бірі: “пакетті оған апарып бер!” деп ақырады.  
Тағы біреуі: “мына пакетте “өте шұғыл” деп жазылған —  
пакетпен бірге өзін де сүйре” деп айқайлайды. Ал  
шайтанның өзі қайда жоғалғанын қайдан білейін. Тауып  
көр көне.

Г о р н о с т а е в. Соның өзі бізді тауып алғанша тоса  
тұрсақ қайтеді? Өйткені соның керегі бізге аз болса да,  
біздің соған керегіміз көбірек болар.

П и к а л о в. Тос, тоспа, әйтеуір, шалым, мен білсем:  
сені өте шұғыл пакетпен ап жүрген соң біттім деп біл.  
Иманыңды айта бер.

Кетеседі. Алыстан Яровой елес етеді. Патруль келе жатады, алдынан  
Чир шығады.

Ч и р. Әмір етіп, пендем ауынды салып көр, береке табасың дейді.

П а т р у л ь. Ата, сен не шатып тұрсың?

Ч и р. Ауынды осы кварталға сал, жолдастар, үлкен шортан ұстайсыңдар.

П а т р у л ь. Е, сенікі не?

Кетеді. Швандя шығады, қарсыдан чемоданын арқалаған саудагер әйелімен кездеседі.

Ш в а н д я (*солардың соңынан*). “Анам мені ұзатқанда бар туғаным қаптап еді-ау!” (*Махора келеді. Швандя бұған қақтығып қап.*) А, Махорочка, осы сіздің жүдей қалатыныңыз қалай?

М а х о р а. Сендерді сағынып.

Ш в а н д я. Ылғи ақтармен сыбайлас болдыңыз ғой?

М а х о р а. Бәле, ақты бойыма дарытатын мен бе екем?

Ш в а н д я. Е, алдыңғы күн, осы арада, дәл осы бір жеріңізді биязылап шымшып алған кім еді?

М а х о р а. Жаным-ау, шын сіз бе едіңіз?

Ш в а н д я. Дәл өз қолым.

М а х о р а. Бәсе, сонда-ақ біле қойып едім.

Ш в а н д я. Сөйтіп, сіз толық саналы екенсіз. (*Чирге қадалып тұрып, жақындып.*) А, Чир, алдияр... Әлде танымай қалдың ба?

Ч и р. Я, тәубә жасаған... Асылған құлың Феодор... Мен саған тәбәрәк оқып, тәңірім дәргеһіна қабыл ал деп ем...

Ш в а н д я. Ой, ол қабыл алмады ғой. “Менің көз алдыма сені кім шақырды” — дегені ғой. “Чир жіберді ғой, құдайеке” деп ем. “Әй, надан, өзін жіберші, мен оған әп-сәтте танығайын” — деді. Мен “күп, жолдас” деп қайта салдым. Сөйтіп, міне, тап сені шақыра келдім, марш!

Ч и р. Жанды алуға, Федя, періште жіберіледі.

Ш в а н д я. Мен де құдайға соны айтып ем. “Жоқ, матрос сенімдірек болады” деді ғой. Балалар, алыңдар мынаны!

Ч и р. Бұл өгірік айтады, жолдастар. Ешбір құдай деген жоқ қой.

Ш в а н д я. Ендеше, мені неге жібердің?  
Ч и р. Қызық көрсін дегем. Босатыңыздар, жолдастар,  
құдай жоқ, оңбайын жоқ дейім.  
Ш в а н д я. Сен кітап сөзін сөйле.

Бәрі кетеді. Пикалов шығады, артында Горностаев, бұл бөріктен  
айрылған.

Г о р н о с т а е в. Біреу құдайдан қатты безіп жатыр...  
Тегі жақынын таныған ғой. Ал, досым, енді қайда  
барамыз?

П и к а л о в. Шайтан біле ме, қайдам.

Г о р н о с т а е в. Барар жер жоқ болса, кел енді  
отырайық. Әлде ақыл табармыз.

П и к а л о в. Ақыл тұрмақ, сен бөркіңнен де айрылып  
қалдың ғой.

Г о р н о с т а е в. Саған қалай көрінеді, осы біз шындықты,  
сол шындық жолынан ауа жайылып іздеп жүргеніміз жоқ  
па? Өйткені, шындықты тығыз жолдың табанынан іздеп  
жүргенде ол дәл кеуденде боп шығады ғой.

П и к а л о в. Сорыма жабысқан пәлесің сен бір. Осы  
сенен қайтсем құтылам?

Г о р н о с т а е в. Білмеймін. Саған пара берер ем,  
бірақ түгім жоқ.

П и к а л о в. Мен ныспы пара алып көргем жоқ.

Г о р н о с т а е в. Өзіңе беріп пе еді?

П и к а л о в. Жоқ.

Г о р н о с т а е в. Маған де берген емес.

П и к а л о в. Осы сен қай тапсың?

Г о р н о с т а е в. Мен профессормын.

П и к а л о в. Циркте ойнаймысың?

Г о р н о с т а е в. Неге олай дейсің?

П и к а л о в. Е, бағана әлгі егеуқұйрық пен піл жайын  
кисындырып айттың ғой.

Г о р н о с т а е в (*бұған үңіле қаран*). Тыңдашы... Сен...  
жаңа өмірдің азаматысың...

П и к а л о в. А? Мен.

Г о р н о с т а е в. Осы мені әншейін расходқа шығарсаң  
кайтеді?

П и к а л о в. Ой, бір көк ми екенсің.. Ал мына қағазды қайтем? Қолды кім қояды?

Г о р н о с т а е в. Мен саған өлдім деген расписка берейін.

П и к а л о в. Жо... менің оған машығым жоқ.

Г о р н о с т а е в. Машығың не еді?

П и к а л о в. Не болсын? Қатын әнеки ұлтарақтай жерде жалғыз арпалысып жүр. Тегі, атымыз өлген болар... Былтырғы көктемде үш пұт астықты құдамнан қарызға алып ем! Биыл о да жоқ... Ой, осы сен өзің мені алдаусыратпашы тек!

Швандя келе жатады.

Ш в а н д я. А, жолдас Макс? Е, досым, сен де отыр ма ең? Бү немене?

П и к а л о в. Бұл бір қып-қызыл шатақ...

Ш в а н д я. Өй, өзің немене, әлі тұтқында жүрмісің?..

П и к а л о в. Тұтқын болса бір сәрі ғой... Одан да жаман. Өзім айдап жүргем жоқ па, пакеті және бар сілең қатқырдың... Енді қайттім.

Ш в а д я. Пакеті кімге жазылыпты?

Г о р н о с т а е в. Тәрізі маған болу керек. Бірақ міне осыны ашатын кісі жоқ.

Ш в а н д я. Ендеше ол бұйым емес! *(Пакетті жыртып, қағазын айналдырады, жөндеп тани алмайды да Горностаевқа береді.)* Оқышы, әке, менің даусым қарлығып қапты.

Г о р н о с т а е в *(оқиды)*. “Сақтау қағаз. Бұл қағаз иесі профессор Максим Горностаев Совет өкіметінің айрықша күтетін адамы... Арестке алынбасын... жан-жақты көмек берілсін...”

Ш в а н д я. Ой, мынау менің көзімше жазылған-ды, бірақ жіберуге мұрша келмей қалған болатын.

П и к а л о в. Бәсе, сергелдең болғаным содан екен-ау!

Г о р н о с т а е в. Көрдің бе, досым, бар нәрсенің түбі барып мағыналы себепке тірелді.

П и к а л о в. Енді бұны қайтеміз? Дуалға тұрғызып атамыз ба?

Ш в а н д я. Өзің бір дуаласың ғой, санасыз!

П и к а л о в. Е, әлі жазылғам жоқ па?

Ш в а н д я. Бұл жолдас Макстің басы айдай әлемге әйгілі болады, ә, сен дуалға тұрғызам дейсің! Жүр, Макс әке, мен сізге қазір бәрін таныстырып берейін. Ол бізге бұйым емес.

Кетіседі. Қолының жарасын таңып Любовь келе жатады.

К о л о с о в (*қарсы ұмтылып*). Люба, құтқару қажет... қамауда қалды.

Л ю б о в ь. О кім?

К о л о с о в. Кім болсын, Михаил да...

Л ю б о в ь. Сөйтiп ол кетпеп пе едi? Тағы да торымақ кой?

К о л о с о в. Өзiн торып жүр. Осы бiр көшеде қашып жүр. Бiрақ қамауда. Қайда тығам?

Л ю б о в ь. Кеудене, жүрегіңе тық. Кеше ол мені жүрегіне басып тербетiп “көгершiн” еттi ғой. Мен оны шағайын.

К о л о с о в. Люба, өзіңізді харап етпесеңізші. Тығылығыңызы мектепке.

Л ю б о в ь. Сіз жөнеліңіз, әулие.

Яровой жүгіріп келеді.

Я р о в о й (*Любовьқа қарай жүрiп*). Люба? (*Любовь шұғыл терiс айналады.*)

К о л о с о в (*есiкке таяй берiп Яровойға*). Бері қарай!

Я р о в о й (*аз ғана кiдiрiп*). Ал, бәрібір.

Екеуі де есік артына кетеді. Қуып жүрген патруль кіреді. Қарсыдан кемпір шығады.

П а т р у л ь. Апай, офицер қалай қашты?

К е м п і р. Жарығым, ол қашқан жоқ. Мына есікке кірді.

Патруль есікті аша береді, қарсы алдынан Колосовтың киімін киген  
Яровой шығады.

П а т р у л ь. Офицер Яровойды білесіз бе?  
Я р о в о й. Білмеймін.

Өте береді.

К о л о с о в (*Яровой киімінде*). Ол мен.

П а т р у л ь. Жүр.

Я р о в о й (*Любовьтің қасынан өте беріп*). Қош бол,  
Люба.

Л ю б о в ь. А, сен бұндай құрбандықты қабыл алушы  
ма ең? (*Патрульге.*) Тоқтаңдар, жолдастар, мынау Яровой  
емес. Маскарад жасап жүрген мына дуана ғой. Яровой  
былай қашып кетті.

Патруль солай жүгіреді.

К о л о с о в. Люба, бұл өзіңізді қайткеніңіз?

Алыстан қуанышты халықтың дабыры күшейе береді. Сол халық  
ортасында Кошкин мен жегловшылар, бұларға жұмысшы еркек, әйел  
қуана ұмтылады. Әр жерде шошынған буржуйлар бүрісіп тұр.

Д а у ы с т а р. Жігіттер, мынау Кошкин мен  
жегловшылар! Ура!

Т а т ь я н а. А, Хрущ? Менің ағам ше? Ағамды көрген  
бар ма?

Д а у ы с. Хрущ әзір көрінбейді.

Т а т ь я н а. Ендеше, асқаны ма?

Кошкин бастаған халық жегловшылары мен барлығы уралаған айғаймен  
алаңға толады. Татьяна Кошкинге ұмтылады.

Хрущ қайда? Ағам қайда? Шын-ақ асқаны ма?

К о ш к и н (*жымып*). Асарсың оны... Көтеретін фонарь табылмас. (*Топ ішінен Хрущ шығады.*) Өзінің өскенін көрсеңізші! (*Татьяна Хрущтің құшағына ұмтылады.*)

Х р у щ. Амансыз ба, жолдас Яровая! Сізді алдымен күйдірді-ау?

К о ш к и н. А, біз решетка артында қол қусырып отыра бердік те, құр ғана тамашалай бердік. (*Күліп.*) Бірақ, жолдастар, қол қусырып отыруға ерте. Жау кезі келсе кеңірдектен ала түсейін деп баспа қып тұр. Бәрің де шолғыншы болыңдар!

Отрядымен Швандя шығады.

Ш в а н д я. Жолдас Роман! (*Ұмтылып, мойнынан құшақтан.*) Сол енді, сол... сол...

К о ш к и н (*аялы*). Немене? Немене, Федя?

Ш в а н д я (*көзінен бір нәрсені сілкіп тастап*). Ремизгге отырып ек, қайта айықты-ау.

Горностаев пен Пикалов келеді.

(*Айғайлап.*) Бөркі табылды ма?

П и к а л о в. Табылды, бірақ пәле... өзінікі емес, кісінікі.

К о ш к и н. Жолдас Горностаев! Амандығыңызға қуаныштымыз. Сөйтіп қараңғылықпен алысамыз ба?!

Г о р н о с т а е в. Иә, иә. Мен дәл сол туралы: міне бөркі бар досым туралы.

Марья жүгіріп кеп Григорийге ұмтылып.

М а р ь я. Сен... А Семка ше?

Г р и г о р и й. Семка маған көр қазып жүр.

М а р ь я. Қай жерде?

Ш в а н д я. Шеше, не теңіздің аржағынан немесе осы арада қасыңнан қазбақ.

Түкпірден Яровой қашып шығады, Патруль қуып келеді. Яровой Кошкинмен кездесіп қалады.

К о ш к и н. А! Комиссар Вихорь! Міне тағы кездестік, бірақ айтысар сөз де жоқ. Сөйтіп... бақыл бол!..

Я р о в о й. Қош бол, Люба!

Л ю б о в ь (*бұдан сырт айналады. Яровойды ұстап әкетеді. Любовь артынан қарап, күрсініп көзін жұмып, тез түзеліп, Кошкинге.*) Жолдас Роман, отын астындағы қару бүгін тиісті кісілерге табыс етілді.

К о ш к и н (*қолын қысып*). Рақмет, мен өрқашан сізді адал жолдас санағам.

Л ю б о в ь. Жоқ, мен, мен бүгіннен бастап қана адал жолдаспын.

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Соңы



**Ғылыми  
түсініктемелер**





## “Абай (Ибрагим) Кунанбаев”

(1845—1904)

### Жизнь и творчество

Мақала алғаш рет “Литература и искусство Казахстана” журналының 1940 жылғы №1 санында жарияланып, соңынан Абай Құнанбаевтың орыс тілінде “Художественная литература” баспасынан жарық көрген өлеңдер мен поэмалар жинағына (А. Құнанбаев. Лирика и поэмы. Гослитиздат, 1940) алғысөз ретінде берілген. Алғашқы бетінде қазақ және орыс тілдерінде жинақтың орыс жазушысы Л. Соболевтің жалпы редакциясымен, М. Әуезовтің алғысөзімен шыққандығы туралы жазылған. Л. Соболевтің Абай туралы “Поэт-мыслитель” (5—10-бб.) деген мақаласы бірінші беріліп, одан кейін осы М. Әуезов жазған өмірбаян 11—30-беттерден орын алған. 205 беттен тұратын кітаптың көлемі 13 баспа табақ, қанша таралыммен шыққандығы көрсетілмеген. Абай өлеңдерін аударуға А. Глоба, А. Штейнберг, М. Тарловский, М. Петров, Д. Бродский, Л. Длигач, Л. Шифферс, В. Рождественский, П. Шубин, Л. Руст, Л. Неуай, А. Ромм, О. Румер, В. Бугаевский сияқты аудармашылар қатысқан. Бұрын бірлі-жарым ғана өлеңдері жеке аудармамен жарияланып жүрсе, енді орталық баспадан Абайдың 88 өлең, үш поэмасының жеке кітап болып шығуы сол уақыт үшін айтулы оқиға еді.

М. Әуезовтің мақаласы орыс тілді оқырманға Абайдың өмірбаяны мен шығармашылығы туралы толық мағлұмат береді. Мақаланың тағы бір нұсқасы “Прииртышская правда” газетінің 1940 жылғы 6 қазандағы санында жарияланған. Кітаптағыға қарағанда мұнда да кейбір сөйлемдер, сөздер ауыстырылған. Мақаланың журналда жазылған алғысөз ретінде берілген нұсқасында көптеген жаңарту бар. Ол өзгерістерді көрсету үшін екі басылымдағы үзінділер қатар келтірілді.

Кітапта: “Ранние детские годы Абая прошли в тяжелой обстановке семейного разлада...”

Журналда: “Ранние детские годы Абая прошли под тяжелыми впечатлениями семейного разлада...”

“Живя в молчаливой отчужденности от Кунанбая...”

“Чувствуя молчаливую отчужденность к Кунанбаю...”

“Забота, наставления и ласка этих двух матерей резко отличались от всех поступков, привычек и установлений отца”.

“Забота, наставления и ласка этих двух матерей всегда противостояли тому холоду жизни, который веял от всех поступков, привычек и установлений отца”.

“За пять лет учебы в этом медресе прилежный и необыкновенно способный мальчик сумел получить многое”.

“За пять лет учебы в этом медресе прилежный и необыкновенно способный мальчик преуспел во многом”.

“...старательный мальчик – старательный юноша”.

“Впоследствии Абдрахман получил...”

“Из этих детей Абая Абдрахман получил...”

“Они затопили канцелярии губернаторов...”

“Одновременно идут потоками канцелярии губернаторов...”

“По этим доносам об опасной деятельности Абая в его аул нагрянули с обысками”.

“Пользуясь этими данными обо всей опасной деятельности Абая, выезжают в его аул с обыском чины семипалатинской полиции”.

1. 23-б. **“Переводя Крылова, к которому он относился с ясной простотой, Абай слегка изменял дидактическую часть басен, перерабатывая их применительно к казахскому мышлению в новые сентенции”** – Абай Крыловтан 13 мысал аударған. Соның ішінде мына 5 мысалды М. Әуезов жоғары бағалаған. Олар: “Есек пен бұлбұл,” “Қарға мен бүркіт”, “Шегіртке мен құмырсқа”, “Піл мен кәнден”, “Түлкі мен қарға”. Қалған сегіз мысалды сынап, оларды Абай аударды дегенге күдік айтқан. Бұл мысалдардың барлығы 1909 жылдан бері шыққан өлеңдер жинағына түгел енгізілген.

2. 23-б. **“С огромной тщательностью и особенной любовью переводил Абай стихи Лермонтова. Из них “Кинжал” – “Кинжал” өлеңі “Қанжар” деген атпен 1896 жылы аударылған. “Сүйкімді болат қанжар тұрсың жайнап” деп басталады. Өлеңнің орысшасы 16 жол, қазақшасы 12 жол. “Выхожу один я на дорогу” – 1886 жылғы Абай аудармасында “Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз...” 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Өлеңге композитор І. Жақанов ән шығарған.**

3. 23-б. **“Переведенные им отрывки “Евгения Онегина” – скорее не перевод, а вдохновенный пересказ пушкинского романа”** – Сөз А.С. Пушкиннің атақты романынан Абай аударған үзінділер туралы. Олардың ұзын саны 6-7 өлең. Кейбірі хат түрінде жазылған.

Мақала М. Әуезовтің 50 томдық академиялық басылымына Абай кітабына басылған нұсқа бойынша дайындалды. Жазушы мұражайының қолжазба қорында мақаланың түпнұсқасы сақталған (1/ 238-бума). Мақала осы басылымға бұрынғы жарық көрген нұсқаларымен салыстырыла отырып әзірленді.

*К. Рахымжанов*

## “Марабай мен Мардан”

Бұл мақала 1941 жылы “Социалистік Қазақстан” газетінің 2 сәуір күнгі №77-санында жарық көрген. Онан бергі кезеңде жазушының көптомдықтарына енгізілмеген. М. Әуезов мұрағатында мақаланың қолжазбасы сақталмаған. Бір ескерерлік жайт – М. Әуезов шығармаларының библиографиялық көрсеткіштерінің барлығында дерлік аталмыш мақаланы “Социалистік Қазақстан” газетінің 1940 жылғы 4 сәуірдегі 77-санында деп қате көрсеткен. Бұл томда “Социалистік Қазақстан” газетінің осы 1941 жылғы 2 сәуір күнгі 77-санындағы нұсқа беріліп отыр.

1941 жылдың 1 ақпанында Академиялық драма театрында Ш. Құсайыновтың “Марабай” атты пьесасының премьерасы өтеді. Пьесаны қоюшы режиссер – А. Тоқпанов, суретшісі – Қ. Ходжиков. Актерлер Ш. Айманов – Марабай, Е. Өмірзақов – Есіркеп, С. Қожамқұлов – Сабатай, С. Телғараев – Үдері, С. Майқанова – Алма (Б. Кундакбаев. Путь театра. Алматы: Жалын, 1976. С. 87–88) рольдерін сомдайды.

Сахнада жаңа заман адамдарының бейнесін жасауға сол тұстағы ресми идеология аса құлықты болғанға ұқсайды. Пьеса сахнада қойылысымен “Социалистік Қазақстан” газетіне “Академиялық драм театрда қойылып жатқан “Марабай” пьесасы туралы” деген айдармен бірнеше мақалалар қатар жарияланған. Солардың ішінде М. Ақынжановтың “Арманы мол – дәрмені аз пьеса”, Ф. Мүсіреповтің “Жаңа тақырыпқа жаңа спектакль”, есімі белгісіз газет тілшісінің “Марабайдағы” совет адамдарының образдары туралы” атты мақалалары бар. М. Әуезовтің “Марабай мен Мардан” атты мақаласы да жоғарыда аталған айдармен жарияланған.

“Жазушылардың Марабайды көрсетуі жалаң қабат емес, жан-жақты”.

М. Әуезовтің мақалада шығарма авторын “Жазушылардың” деп көпше түрде беруінің өзіндік себебі бар. Бұған дейінгі зерттеулерде “Марабай” пьесасының авторы ретінде белгілі драматург Ш. Құсайынов жалғыз аталып келді. Сол тұстағы дерек көздерінің көрсеткеніндей “Марабай” пьесасының авторлары Ш. Құсайынов пен М. Қайыбалдин еді. М. Әуезов өз мақаласында шығарма авторлары жайлы “Жазушылардың” деп жалпылама берсе,

Ғ. Мүсірепов “Жаңа тақырыпқа жаңа спектакль” (Социалистік Қазақстан. 1941. №77) атты мақаласында шығарма авторларын “Ш. Құсайынов пен М. Қайыбалдин” деп анық жазады.

Мәулікеш Қайыбалдиннің “Марабай” пьесасының авторлығынан “қысқарып” қалу себебі оның 1941 жылы тұтқынға түсуімен байланысты болса керек. Тарихи деректерге қарағанда, ол соғыстың алғашқы айларында-ақ тұтқынға түсіп, Германияға жөнелтілген. 1941 жылдың 18 қыркүйегінде фашистердің қолына түскен Хамза Абдуллин өз естелігінде былай деп жазады: “Веньямино” лагерінде 40 мың тұтқын тұрдық. Барлығы Орта Азия мен Қазақстанның мұсылмандары. Бір күні, дәлдеп айтқанда, қарашаның 10-ы күні біздің лагерьде әдемі киінген екі адам пайда болды. Біреуі — қазақ Біләл, екіншісі — өзбек Мирахмет. Екеуі көптеген журнал көтеріп келді. Әр 100 кісіге бір журналдан таратты. Алып оқи бастадық. Журналдың аты — “Милли Түркістан”. Редакторы — профессор Иохан Вензинг. Бірінші бетінде әдемі етіп салынған Мұстафа Би Шоқайұлының суреті бар...

Осыдан соң: “Асан қайғы” деген біреудің үлкен мақаласын оқыдық. Мақала өте күшті жазылған. Соңғы 25 жылдағы келімсектердің елімізге әкелген әлекетіне талдау жасапты. Мағжан, Сәкен, Бейімбет, Жүсіпбек, Ілияс, Ахмет, Әлихан, Әлімхандарды айтып, шерге шомады.

Біләл мен Мирахмет Асанның — Мәулікеш Қайыбалдин екенін бізге айтып берді” (Абдуллин Х. Жау қолында қалған жазушылар// Мұстафа мен Мағжан — Тұран елінің даналары. Алматы, 1993. 69—70-бб.). 1941 жылдың 10 қарашасында М. Қайыбалдин мақаласының “Милли Түркістанда” жүруіне қарағанда ол соғыстың алғашқы айларында-ақ тұтқын болған деген қорытынды жасауға болады.

Сол кезеңдердегі “Түркістан легионына” қатысты тарихи құжаттарда оның есімі көп кездеседі. Ол сондағы бас көтерер азаматтардың бірі болғанға ұқсайды. Ал оның өміріне қатысты деректерді де біз Х. Абдуллиннің еңбектерінен кездестіреміз:

“Мәулікеш 1913 жылы туған. 21 жасында Мәскеу университетінің тіл-әдебиет факультетін ылғи “беспен” бітіріп келіп, Алматы университетінде орыс әдебиетінен сабақ берген. Шығарманы екі тілде бірдей жазатын. Өзі өте бауырмал, оның үстіне қалжыңшыл, жүрген жерін күлдіріп жүретін. Иса Байзақов, Қасым Аманжолов, Несіпбай Манашев, Ғабдол Сланов, Абдолла Жұмағалиевтермен достас болатын.

Берлинде Мәулікеш сегіз айлық аудармашылар курсына екі айда бітіріп кетті де, Майндағы Франкфурт университетінің неміс философиясы мен ағылшын факультетіне барып түсті. Барлық пәннен беске оқыды. Турасын айтсақ, Мәулікеш бойына

адам баласының барлық жақсы қасиеттерін түгел жиған, ересен білімпаз, асқан ақылды, өз халқының керемет мақтанышы болардай адам еді. Естуімше, Мәулікеш алпысыншы жылдары Германия жерінде қайтыс болған сияқты” (Абдуллин Х. Жау қолында қалған жазушылар// Мұстафа мен Мағжан – Тұран елінің даналары. Алматы, 1993. 74—75-бб.).

Осылайша елімізде қалыптасқан саяси ахуалға сәйкес М. Қайыбалдин есімі шығарма авторлығынан алынып, аталмай келген.

*М. Ахетов*



## “Көркем әдебиеттегі отансүйгіштік”

Мақала тұңғыш рет “Социалистік Қарағанды” газетінің 1941 жылғы 5 шілдедегі санында жарияланған. Жазушының бұрын-соңды жарық көрген жинақтарына, басылымдарына енгізілмеген және қолжазба нұсқа сақталмаған. Бұл мақала фашистік Германияның Советтер Одағына баса көктеп кірген басқыншылық соғысының он үшінші күні жазылып, басылым бетінде жарық көреді. Бұдан үш күн бұрын, яғни 2 шілде күнгі “Социалистическая Караганда” газетінде М. Әуезовтің осы мақаласының орысша нұсқасы “Идея патриотизма в художественной литературе” деген атпен жарияланды. Орысша мәтіннің қолжазбасы жазушы мұражайында сақтаулы түр (“Әуезов үйі” ФМО. 238-бума. 58—62-бб.). Салыстыру барысында екі мақаланың мазмұны бірдей екендігі және автор қазақшаға өзі аударып ұсынғаны байқалады. Ал қазақшаға аударылған мәтіннің қолжазбасы сақталмағандықтан, жазушының академиялық жинағына газеттегі нұсқа негіз болып, мәтін өзгеріссіз жіберілді.

1. 29-б. **“Ертегідей ескі замандардың өзінде де шет жаулардан отанын қорғаған халық батырлары Илья Муромец, Добрыня Никитич...”** — Илья Муромец пен Добрыня Никитич — орыстың батырлық жырларының кейіпкерлері, халық батырлары.

2. 29-б. **“Герой халық баяғы заманда немістен келген жауларды Чуд көлінде ойран еткен Александр Невский атын да жадында жақсы сақтаған”** — Александр Невский (1220—1263) — орыстың мемлекет қайраткері, қолбасшы, Новгород князі. Русьтің солтүстік-батыс жерлерін швед, неміс басқыншыларынан қорғаған орыс әскерлерін басқарған және Чуд көліндегі даңқты жеңіс те оның есімімен тікелей байланысты. Ал Чуд көлі — Псков облысы мен Эстон жеріндегі көл. Жылыкөл бұғазы арқылы Псков көлімен жалғасады.

3. 29-б. **Минин мен Пожарский** — XVII ғасырдың басындағы поляк-литва және швед басқыншыларына қарсы жасақ құрып, халықты біріктірген. Кузьма Минин — Төменгі Новгород земство старостасы, ал жасақтың әскери басшысы Д.М. Пожарский — князь болған.

4. 29-б. **Иван Сусанин** (т.ж. белгісіз –1613) – орыс халқының XVII ғасыдың басында поляк басқыншылығына қарсы күрескен батыры. Оның есімі халықтың аңыз әңгімелерінде сақталған.

5. 30-б. **Суворов** (1729—1800) – орыстың атақты қолбасшысы, алдыңғы қатарлы соғыс өнерін жасаушылардың бірі, генералиссимус.

6. 30-б. **Кутузов** – Кутузов Михаил Илларионович (1745—1814) – орыс қолбасшысы, генерал-фельдмаршал.

7. 30-б. **Щорс, Пархоменко** – екеуі де 1918—1920 жылдардағы Азамат соғысының батырлары. Н.А. Щорс (1895—1919), А.Я. Пархоменко (1886—1921) – совет әскери қайраткерлері.

8. 31-б. **Богдан Хмельницкий** (1595—1657) – украин мемлекет қайраткері, қолбасшы, Украина гетманы.

9. 31-б. **“Гэсэр”** (толық аты “Гэсэрида”, “Дүние жүзіндегі он елдің билеушісі Гэсэр хан туралы повесть”) – Гэсэр хан туралы Орталық және Шығыс Азияда ауызша да, жазбаша да өте кең таралған жырлар мен аңыздар топтамасы.

*Е. Қаныкейұлы*

## **“Идея патриотизма в художественной литературе”**

М. Әуезовтің 1941 жылы жазылған мақаласы “Социалистическая Караганда” газетінің 2 шілдедегі санында шыққан. Ұлттық кітапханада сақталған газет нөмірінің беті жыртылған. Сол себепті мақаланың бір абзац көлеміндегі мәтіні табылмады. Мақаланың қолжазбасы сақталмаған. “Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорында мақаланың машинкаға басылған кирилл әрпіндегі нұсқасы (238-бума. 58—62-бб.) сақталған. Сақталуы жақсы. Мазмұнында айырмашылық жоқ. Мақала жазушының 12 томдық, 20 томдық шығармалар жинағына кірмеген.

Фашистік Германияның Кеңестер Одағына тұтқиылдан жасаған шабуылынан он-ақ күннен кейін шыққан мақаласында автор көркем әдебиеттегі отаншылдық идеясының тарихи негіздері жайында айтады. М.Әуезов мақаласында Илья Муромец, Добрыня Никитич образдарына, патриоттық халық поэзиясының үздік ескерткіші “Слово о полку Игореве”, Александр Невскийдің, Кузьма Мининнің, Пожарскийдің, Иван Сусаниннің, Александр Суворовтың, Тарас Бульбаның ерлік даңқына, Л. Толстойдың “Соғыс және бейбітшілікіндегі” ерлерге тоқталған. М. Әуезов содан кейін Азамат соғысының батырлары Чапаев, Щорс, Пархоменко, Амангелді туралы айтады. Давид Сасунский, Жәңгір, Манас, Едіге, Қобыланды, Гәсэр сынды даңққа бөленген тұлғалардың есімдеріне тоқталып, олардың халық жадында қалуының сырына үңіледі.

Мақала авторы өз ойын қорыта келе, “ақын, жазушылардың негізгі міндеті совет халқының рухани күшін жауды жеңуге жұмылдыру” деп атап көрсетеді. 50 томдық толық шығармалар жинағының бұл томына мақала газеттегі нұсқасы бойынша беріліп отыр.

М. Әуезов бұл мақаласын жазған кезде Қарағанды, Балқаш, Жезқазған өңірінде 26 маусым мен 10 шілденің арасында бір топ жазушылармен бірге іссапарда болып, құрамында Т. Жароков, Ш. Қошқарбаев, В. Чугуновтар бар жазушылар бригадасын басқарған. Осы сапар кезінде “Патриотизм және совет халқының ерлік дәстүрлері” атты тақырыпта баяндама жасаған. Осы себепті мақаласын Қарағандыда шығатын газетке берген.

*Р. Қайшыбаева*

## “Будем писать для детей”

М. Әуезовтің бұл мақаласы 1940 жылы “Ленинская смена” газетінің 20 қаңтардағы санында шыққан. Жазушының 12 томдық, 20 томдық шығармалар жинағына кірмеген. Жазушы мұражайының архивінде мақаланың қолжазбасы сақталмаған.

Мақала 1930 жылы желтоқсан айында Мәскеуде өткен Совет Жазушылары одағының балалар әдебиетіне арналған пленумы қарарларына жауап ретінде жазылған. Пленумда С. Маршак, К. Чуковский, А. Фадеевтер баяндама жасайды.

М. Әуезов осы мақаласында өзінің балаларға арнап шығарма жазбағанын ескерте отырып, енді колхоздағы мал шаруашылығы тақырыбынан балаларға арналған повесть жазбақ ниетін айтады. Бұл мақалада алғаш рет балаларға арналған пьесаларды сахнада қойып көріп, көрерменге ұсынуға болатын шығармалар негізінде жастар театрын ашу туралы мәселе көтерген.

“Ленинская смена” газетіндегі М. Әуезовтің бұл мақаласы шыққан санының бір беті түгелдей балалар әдебиеті мәселелеріне арналған. “Будем писать для детей” мақаласымен қатар Т. Жароковтың “Готовлю детские поэмы”, С. Мұқановтың “Мои мектебы”, П. Ветровтың қазақ халқының бай фольклорын балалар әдебиетіне пайдалану мәселесін көтерген “Детям хорошую книгу” атты мақалалары қатар берілген.

*Р. Қайшыбаева*

## “Казахский эпос и дореволюционный фольклор”

Бұл мақала – “Эпос и фольклор казахского народа” мақаласының ықшамдалған нұсқасы. Ол 1940 жылы “Песня степей. Антология казахской литературы” (Под редакцией Л. Соболева. М.: Художественная литература, 1940. С. 11–17) кітабына алғысөз ретінде жазылған. Мақаланың қолжазбасы “Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорында (238-бума, 103–115-бб.) сақтаулы.

Мақалада шолу сипаты басым. Мұнда негізгі фольклор туындылары мен халық ауыз әдебиетіндегі неғұрлым қызғылықты шығармаларға қысқаша сипаттама берілген. Соның ішінде батырлар жыры мен лирикалық дастандардың образдар жүйесі, мазмұн ерекшелігі, көркемдік әлемі ашылады. Мақалада ертегілік эпос пен жыр, аңыздарға көбірек көңіл бөлінеді. Зерттеуші көлемі аз, шағын түрде қазақ фольклорының аса бай мазмұны мен сан қырлы қасиеттерін ашып береді.

1. 39-б. “...покорение Казани Иоанном Грозным” – Иоанн Грозный, Иван IV (1530–1584) – “барша Русьтің” ұлы князі (1533 жылдан), бірінші орыс патшасы (1547 жылдан), Василий III-нің баласы. 1552 жылы Қазан хандығын, 1556 жылы Айдарханды бағындырған. Оның билігі кезінде Англиямен сауда байланыстары қиылып тасталды (1553 ж.), Москвада бірінші рет типография құрылды. Иван Грозный патшалығы тұсында Ресейдің Балтық теңізіне шығу үшін Ливон соғысы (1558–1583 жж.) жүргізілді және Сібір жерлерін қосып алу басталды (1581 жылдан бастап).

2. 39-б. “**былина о Шоре Нарокове**” – Бұл батырлық жыр шамамен XVI ғасырда туған. Зерттеушілер оны Ноғай батырлары туралы қыпшақ эпосына жатқызады. Жырда тама руындағы бір перзентсіз адамның құдайға құлшылық етіп сыйынуынан пайда болатын Шора батырдың ерлігі баяндалады. Ол ноғайлы халқының құрамында ойраттар мен қалмақ ханына қарсы күреседі. Оқиға негізінен Қазан қаласында өтеді.

Әдебиеттанушы ғалымдар Шора батырдың түп бейнесі деп Н.М. Карамзиннің “Ресей мемлекеті тарихындағы” 1546 жылы Қазан хандығында өлтірілетін қырымдық Шора деген азаматты көрсетеді. Академик А.С. Орлов Шора батыр туралы әңгіме-

киссаларды XVI ғасырдағы “Қазан жылнамасындағы” Чюра Нарыкович жайлы повеспен байланыстырады.

3. 39-б. “**Былина об Алпамысе**” — Бұл дастан ертегілік-батырлық архаикалық эпика негізінде XV ғасырда көшпелі өзбек шейбанилердің ортасында айтыла бастады. XV ғасырдағы көшпелі өзбектер, оның ішінде Алпамысқа қарасты қоңыраттар өзбектер ғана емес, қазақ пен қарақалпақтың да этникалық құрамын қалыптастыруға үлес қосқан. Сондықтан да Алпамыс туралы эпос үш халыққа да ортақ. “Алпамыс” жырын башқұрттар, Қазан татарлары, алтайлықтар, тәжіктер, орта азиялық арабтар да біледі. Ғалымдар оның сілемдерін оғыз эпосынан табады. Мәселен, В.М. Жирмунскийдің ойынша жырдың көне нұсқасына алтайдың Алып-Манашы жақын. Алпамыс жыры Сырдария алқабына IX—X ғасырларда оғыздар арқылы келді және өз бетімен жаңадан толысу, даму сатыларынан өтті, әрі кейіннен Самар-Қазан жайлы эпикалық циклге енді (“Китаб-и дэдэм Коркуттағы” Бамсы-Байрек хақындағы әңгіме”). Бұл дастанның басқа бір версиясы Қазақстандағы қыпшақ тайпалары арқылы Башқұртстан мен Волга бойына тарады. XVI ғасырдың басында көшпелі өзбектер осы жырды Оңтүстік Өзбекстан жерінде көлемді эпикалық поэмаға айналдырды.

4. 42-б. “**Параллельные варианты этой поэмы**” — М.О. Әуезов “Қозы Көрпеш — Баян Сұлу” атты мақаласында бұл поэманың ойрат тіліндегі (“Қозы-Еркеш”), барабин татарлары арасындағы (В.В. Радлов жазып алған) нұсқалары бар екенін меззейді. 1912 жылы Қазанда “Қозы Көрпеш — Баян сұлудың” бір варианты орыс тілінде жарияланған.

5. 42-б. “**...подобно именам Ромео и Джульетты на Западе**” — Ромео мен Джульетта — Қайта өрлеу дәуіріндегі іргелі ағылшын драматургі әрі ақыны Уильям Шекспир трагедиясының кейіпкерлері. “Ромео мен Джульетта” трагедиясы 1595 жылы жазылған.

6. 44-б. “**Похождения Рустама**” (по Фирдоуси)” — Әйгілі парсы және тәжік ақыны Абу-л-Қасым Фирдоусидің (нақты өмір сүрген жылдары белгісіз; зерттеушілердің пікірлерінше 932 мен 941 жылдар аралығында туып, 1020 және 1026 жылдар аралығында дүниеден қайтқан) “Шахнама” эпосындағы кейіпкер жайлы сөз болып отыр. “Шахнама” (бірінші нұсқа 994 жылы жазылып, екінші нұсқа 1010 жылы аяқталды) — “Патшалар туралы кітап”; үш бөлімнен тұрады: 1) мифологиялық бөлім (Иранның алғашқы он патшасы хақында), 2) батырлық бөлім (Иран батырлары ішіндегі ең ірісі, ең ізгіліктісі Рүстемнің істерін басым баяндайды); 3) тарихи бөлім (нақты тарихи патшалар — Сасанидтер өмірінің әр кезеңіне арналған).

“Похождения Жимигида” тәрізді көне түрік ертегісіндегі Жанышменда (Джанышменда) немесе араб-иран ертегісіндегі Жәмшігіт (Джамшигида. X—XI ғғ.) атты қаһарманның ерліктері айтылса керек.

7. 44-б. “**Казахские варианты “Кёр-Оглы”** – XVII ғасырда шыққан “Кор-Оглы” (“Гороглы”) эпикалық циклдары айтылып отыр. “Көрұғлы” туралы эпосты оғыздар тудырған деп есептеледі. Мұнда теке-түрікменнен шыққан ер жігіт Раушан (Көрұғлы — кейін қойылған аты, түрікше мәні “соқырдың ұлы” деген сөз) туралы әңгіме болады. Эпос әзірбайжан, түрікмен, түрік, өзбек, қазақ, қарақалпақ, ноғай, тобыл татарлары, армян, грузин, күрді, тәжік, ортаазиялық арабтар арасында кеңінен таралған.

Көрұғлы туралы жырдың негізі Оңтүстік Әзірбайжанда (демек, ирандық Әзірбайжан) түрікмен-әзірбайжандар арасында қалыптасқан. Оңтүстік әзірбайжандық негізге түрік, армян, грузин, түрікмен версиялары жатады. Алайда түрікмен нұсқасы өзбек, тәжік версияларында діндік ерекшеліктерімен дамытыла түсті (Бұл нұсқаларда Көрұғлы көрде туғанды білдіреді, бас қаһарманның бейнесі өзгереді: ол енді “қайырымды қарақшы” емес, “данышпан патша”). XVII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдаң басында толық қалыптасқан өзбек версиясына қазақтың Көрұғлы туралы әңгіме, дастандары ұқсас.

8. 44-б. “**Лейла и Мажнун**” — “Ләйлі — Мәжнүн” — аса ірі әзірбайжан ақыны әрі ойшылы Илияс ибн Юсуф Низами Ганджевидің (дәл өмір сүрген жылдары белгісіз; 1141—1143 жылдары туып, 1203—1205 жылдар шамасында дүниеден озды) поэмасы. “Ләйлі — Мәжнүн” 1188 жылы шируаншах Ахсатон І-дің тапсырысы бойынша жазылды. Оның негізіне Таяу Шығыс елдеріне кеңінен мәлім оқиға: араб ақыны Мәжнүн мен ғашығы Ләйлі арасындағы бақытсыз махаббат туралы көне аңыз алынған. Бұл поэма Шығыс поэзиясында терең із қалдырды. Оған еліктеп, парсы, түрік, күрді және басқа тілдерде көптеген көркем шығармалар пайда болды.

“Казахский эпос и дореволюционной фольклор” “Эпос и фольклор казахского народа” мақаласының ықшамдалған варианты болса да, одан біраз айырмашылығы бар. Мәселен, салыстыра қарау барысында 1939 жылғы нұсқамен арада төмендегідей өзгешеліктер анықталды:

1) 1939 жылғы вариантта: “Эти поэмы зачастую составляют поэтическую параллель подлинных исторических событий” (105-б.); 1940 жылғы басылымда: “Это поэтические рассказы о подлинных исторических событиях” (11-б.). Бастапқы сөйлемде батырлық

---

\*Салыстыру үшін 1939 жылы “Литература и искусство Казахстана” журналында басылған мақала нұсқасы алынды.

дастандар шындықтан тәуелсіз және онымен жарыса өмір сүретін өзгеше әлем. Екінші жағдайда поэмалардың баяндаушылық сипаты баса көрсетіледі де, олар нақты өмір оқиғаларының поэтикалық сипаттамасы боп қана қабылданады.

2) 1-нұсқада Қазан хандығының ыдырауы сияқты тарихи оқиға еске алынса, екінші нұсқада Қазанды Иоанн Грозныйдың бағындыруы жайлы айтылады.

3) 1939 жылғы нұсқада: “Когда и кем впервые были сложены эти былины... – установить невозможно” (106-б.); 1940 жылғы нұсқада: “Когда и кем эти былины были сложены... – установить невозможно” (11-б.). “Впервые” сөзінің алынып қалуы сөйлем семантикасына өзгеріс енгізеді. Әдепкіде шығарма авторының кім және қашан болуын білу қажеттілігі бар болса, кейінгіде жалпы поэма авторлары жайлы ғана сөз болады.

4) Алғашқы нұсқада: “Отличительную черту былин... составляет преобладание социальных мотивов их поступков над личными” (106-б.); кейінгіде: “Отличительная черта былин... – преобладание социального, общественного мотива над личными” (11-б.). “Общественного” сөзінің қосылуы арқылы қаһарманның халықпен байланысына күштірек назар аударылады, оның іс-әрекетіне қатысты дәйектеме салмағы артады.

5) 1939 жылғы нұсқада батырға байланысты “...сам идет войной на враждебные племена...” (106-б.); 1940 жылғы нұсқада: “Свою удачу он проявляет... в походе против враждебных соперничающих племен” (11–12-бб.) деген сөздер бар. Соңғы жағдайда автор поэма кейіпкерлері өзінің басты жаулары, басқыншылармен ғана емес, қарсыластарымен де соғыса алатынын көрсетеді.

6) 1939 жылғы нұсқада: “...богатырь-олицетворение силы своего рода, водитель его рати ...” (106-б.); 1940 жылғы нұсқада: “Богатырь – ... олицетворение своего рода, водитель его войск” (11-б.). Әдепкіде батыр белгілі бір рудың нақты қасиетін танытса, соңғы басылымда ол өз руына тән барша сипаттарға ие (бұл күш-қайрат, ізгілік, ақыл-ой, ерлік, т.б болуы мүмкін).

7) Алғашқы нұсқада: “...коллективное участие эпических певцов многих поколений не нарушило единство стиля... былин” (106-б.); кейінгі нұсқада: “...коллективное участие акынов и жырши многих поколений в расширении и украшении той или иной былины почти не нарушило единства стиля” (12-б.). Екінші жағдайда автор, біріншіден, батырлар жырын орындаушыларды нақтылайды; екіншіден, олардың бұл іске қатысу дәрежесін көрсетеді; үшіншіден, “почти” сөзін қосу арқылы олар жыршы мен акын жырдың стиліне қандай өзгеріс әкелгенін аңғартады.

8) Поэмалар мазмұнына аксүйектік идеология әсерін байқау үшін М.О. Әуезов 1940 жылғы басылымда бұрын жоқ мынадай



түсінікті енгізеді: “... борьба и героизм идущей с батыром массы оставляются в тени. Народ фигурирует лишь как фон, воины — как статисты” (12-б.).

9) 1939 жылғы нұсқада: “Следующим обязательным этапом становления героев является его женитьба” (109-б.) 1940 жылғы нұсқада: “Первым и обязательным этапом личной судьбы батыра является его женитьба” (12-б.). Екінші жағдайда қаһарманның үйленуі оның тағдырындағы бірінші кезең, ал 1939 жылғы басылымда ол бірінші кезең батырдың тууынан соң барып аталады.

10) Батырға лайық тұлпарлар туралы автор 1939 жылы “клички богатырских коней известны в народе, как и имена самих героев” (109-б.), — деп жазса, 1940 жылы: “Имена богатырских коней... известны казахскому народу наравне с именами их хозяев-батыров” (12-б.) деп ой қорытады. Кейінгі мәтінде “клички” сөзін “имена” сөзімен ауыстыру нәтижесінде сөйгүліктер атауы оның иесімен байланыстырылады, батырмен бір деңгейге қойылады.

11) 1939 жылғы вариантта: “Жыр — семи-восьми сложный стих с объединением строк не в строфы, ... а в тирады” (109-б.); 1940 жылғы нұсқада: “Жыр — это семи-восьмисложный стих с различным качеством строк в строфе (от четырех до четырнадцати)” (12-б.). Бұл жерде аздаған қайшылық бар. 1939 жылғы мақалада автор: “В казахском эпосе стиховой строй эпических поэм отличается высокой техникой: конечная рифма, одинаковые зачины строк...” (109-б.) — десе, 1940 жылғы басылымда аяққы үйқас “бегающая” (12-б.) деп түсіндіреді.

Лирикалық поэмаларды сипаттау барысында автор: 1) 1939 жылы бұл жанрды “лирические бытовые поэмы” десе, 1940 жылы тек “лирические поэмы” дейді. Бірінші жағдайда бұл поэмалардың қажетті атрибуты — тұрмыс екені баса айтылса, екінші жағдайда сөз әлгі ерекшеліктен тыс жалпы лирикалық поэмалар жайлы болып көрінеді; 2) 1940 жылғы мақалада Қозы Көрпеш, Баян сұлу мен Ромео, Джульетта өзара салыстырылады. Осы арқылы ғылым-зерттеуші қазақ поэмасы қаһармандарының жалпы адамзаттық мәніне назар аудартады.

1940 жылғы мақалада ертегілік эпосқа қатысты “Жимигидтің бастан кешкендері”, “Көрұғлы”, “Ләйлі — Мәжнүн” тәрізді әлем әдебиетінің үздік мысалдары аталады.

Ән-жыр мәтіндерін қарастыру барысында М.О. Әуезов 1940 жылғы мақалада айтыс өлеңдердің мазмұн құрылымын ашып берді (15-б.).

М.О. Әуезов “Казахский эпос и дореволюционный фольклор” атты қазақ әдебиеті антологиясына кіріспе болған мақаласында туған халқының поэтикалық шығармашылығының мәнділік сырын айқын да ықшам күйде мейлінше жан-жақты таныта білген.

*А. Темірболатова*

## “Бекет”

Пьеса тұңғыш рет 1939 жылы “Әдебиет және искусство” журналының №2 санында (89—107-бб.) латын әрпінде жарияланған. Бұдан соң Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы 1956 жылы шығарған жазушының алты томдық таңдамалы шығармаларының 5-томында (“Бекет”. Төрт актылы, бес суретті күйлі пьеса) жарық көрді. Бұл басылым мен 1939 жылғы нұсқаның арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Ал М. Әуезовтің он екі томдығын, жиырма томдығын дайындауда осы 1956 жылғы басылым түпнұсқалық роль атқарғанын байқаймыз. Өйткені жазушының жиырма томдығындағы “Бекет” пьесасына берілген түсініктемеде: “Пьесаның қолжазба нұсқасы сақталмаған. М.Әуезовтің он екі томдығына “Бекеттің” сол алты томдағы текстісі өзгеріссіз алынды” десе, ал жиырма томдыққа “жазушының он екі томдық шығармалар жинағындағы нұсқасы жіберілді” делінген (427—428-бб.). Және де осы түсініктемеде көрсетілген үш түрлі мысалдағы түзетулер “Бекет” драмасының толыққанды мазмұнын бере алмайтыны салыстыру барысында анықталды. Жазушының алты томдығының 5-томы (369—418-бб.), он екі томдығының 9-томы (285—328-бб.), жиырма томдығының 10-томдарын (213—254-бб.) өзара салыстырғанда кейбір жекелеген сөздердің түсіп қалуы, ауысуы сияқты орфографиялық, техникалық қателерден басқа өрескел айырмашылықтар кездеспеді. Пьесаның жазушы мұражайындағы архивінде латын әліпбиінде жазған қолжазбасы (“Әуезов үйі” ҒМО. 132-бума. Мұхтар Әуезов. “Бекет”. Күйлі драма. 54 бет) сақтаулы тұр. Соңғы 53-ші беті араб әрпімен, 54-ші беті жеке параққа орысша жазылған “Бекеттің” жоспар жобасы. Жалпы жазу дәптері жақсы сақталған. 53-ші беттегі арабша жазылған сөздердің “Бекетке” қатысы жоқ, айта кетсек, 1943 жылы Алматыда М. Әуезов, Қ. Сәтбаевтардың қатысуымен үлкен айтыс өткені мәлім. Соған қатысқан бір топ ақындардың (Т. Көбдіков, С. Әлімбетов, Ш. Қошқарбаев, И. Байзақовтар) Ернар Әуезов дүниеге келгенде айтқан бата-тілек, құттықтау лебіздерін жазып қойыпты. Міне, осы бір бет қолжазбаға беттеліп, түптеліп кеткен. Сондықтан біз бұған тоқталмаймыз. Ал оқушы дәптерінің бір парағына (54-беттегі) төмендегі жоспарын

жазғанда, автор “Бекетті” көркемдік жағынан әлі де қарай түсу мақсатын құнттағанын байқаймыз. Онда:

“Бекет”

I акт

1. Первый хор добавит 2 куплета (или 3 куплета).
2. Песенка Шин-Асиль. Размер: 11 слогов, 11 слогов, 11 слогов, 7, 7, 7, 11 слогов. 2 раза.

2-ой акт. I картинка

Ария Олжая после слов “он сказал земли народа” добавит 4 стиха /11, 11, 8 (4+4 очень сильных. 8/3+5 очень сильных).

2-ая картина

Набег Бекета за сценой хор “Батыр жар” и т.д. заменить слова “Батыр жар”, другими (7, 7, 7, 11.)

3-ий акт

После песни Сержана “родная, отчего ты загрустила так” вставлена песенка (и дуэт с Сержаном) Шин-Асиль из первого акта. Надо оставить имеющийся текст “забытая повесть песни” и т. д. Сделать размер песенки Ш.А. из 1-го акта (11, 11, 11, 11, 7, 7, 7, 11). 2 раза. В 4-ом акте написать арию Бекета после его прихода!” – делінген.

Біз бұл шағын ғана жоспардан М. Әуезовтің үнемі өз шығармаларын жіті қарап, айналып соғып, шыңдап, ширатып отыратынын көреміз. Және де кирилл әрпімен машинкаға басылған (“Әуезов үйі” ҒМО. 133-бума. Әуезов Мұхтар. “Бекет.” Күйлі пьеса. 50 бет.) екінші нұсқасы да сақталған. Жазу қағазының сақталуы жақсы. Жазушының әр жылдарда жарық көрген (1956, 1969, 1982 жж.) басылымдарымен осы нұсқаны салыстырғанымызда бұлардың арасында ешбір өзгешеліктер кездеспеді. Негізгі салыстыру қолжазба (132-бума) нұсқасымен жүргізілді.

Ал үшіншісі жазушының өзі аударған (“Әуезов үйі” ҒМО.167-бума. М.О. Ауэзов. “Бекет”. Либретто оперы) орысша қолжазбасы (44 бет) мен машинкаға басылған 34 бет көлеміндегі нұсқа бір бумада бірге түптелген. Сақталуы жақсы. Барлығы – 79 бет.

М. Әуезовтің “Бекет” аталған күйлі драмасы өлеңмен жазылып, сахнада қойылмай, әдеби нұсқа ретінде қалған.

Пьесаның тарихи негізі Есет Көтібаров басқарған Кіші жүз қазақтарының көтерілісіне (1855—1958) қатысқан Бекет Серкебайұлының өмірінен алынған. Халық арасында “Бекет батыр” аталатын жыр, Ғылым академиясының қорында “Ерназар – Бекет” жыры сақталған. Мұндағы Ерназар Кенжеалыұлы мен

Бекет Серкебайұлы, т.б. 18 адам 1857 жылы наурызда Сібірге жер аударылған. Жалпы алғанда “Бекет батыр” жыры мен М. Әуезовтің “Бекет” драмасының сюжеттік құрылысы мен образдары арасында аздаған айырмашылықтар бар. Жырда Бекеттің Арыстан сұлтанды өлтіруі, содан соң Сібірге айдалуы, артынан оған анасының іздеп баруы, әйелінің көмегімен түрмеден босап шығуы баяндалады. Пьесада Бекет Арыстан сұлтанды өлтірмейді. Ұлыққа жағымпазданған Көкжал, Шемен, Тәйтiктер сұлтанмен ауыз жаласып, Бекетті патша үкіметіне ұстап береді. Сөйтіп, ол Сібірге айдалады да, артынан анасы емес, әйелі Зере іздеп барып босатып алумен аяқталады.

Пьесада да, жырда да кездесетін Арыстан Жантөрин тарихта болған адам. Ол орыс отаршылдарымен ымырада болып 1853 жылы мамырда Есет бастаған көтерілісті аяусыз басып жаншып, қазақ ауылдарын орасан қырғынға ұшыратты. Мәселен, подполковник Кузминскийдің бір отряды ғана 164 ауылды өртеп жіберсе, подполковник Дерышев және майор Михайловтар да қаталдықтарымен көзге түсті. Олардың бұл айуандық қимылдары Ресейден асып, Еуропаға дейін жетеді. Лондонда А.И. Герцен шығарып тұрған “Колокол” журналы (1857) патшаның озбырлық саясатын сынаса, немістің “Аусбург” газеті көтерісшілердің зұлымдықпен жанышталғанын жанашырлықпен жаза келіп, былай дейді: “Көне заманғы соғыстарда немесе моңғол шапқыншылығынан кейін мұндай жантүршігерлік зұлымдық болған емес, бұл қанды қырғын әлі өзінің терең жазылуын күтеді”. Сондай-ақ, “Современник”(1851), “Всемирная иллюстрация”(1860), “Отечественные записки”(1860), “Русский вестник”(1859), “Русский художественный листок”(1860), тағы басқалары бұл көтеріліс туралы кеңінен жазған. Бұл көтеріліс толық деректер бойынша 12 жылға созылған. Осы жылдарда елдік мұң, ұлттық мүдделердің бел ортасында жүріп, жан беріп күрескен батыр ұл Бекет Серкебайұлы халық жадында өзінің қайсар болмасымен қалған болатын. Жырда Бекеттің қаторгіден босап келуі (пьесада қашып шығады) ел жадында мықтап оянған азаттық арманының символы болса керек. М. Әуезов те осы мотивті (сарынды) сақтаған. Ал көтеріліс Сам құмында біржолата талқандалған соң, Есет қозғалыстан бас тартып, патша үкіметіне адал қызмет етуге уәде береді.

Осындай тарихи тұлғаны тірек еткен жазушының “Бекет” драмасының қолжазбасы (“Әуезов үйі” ҒМО. 132-бума) кирилл әрпінде машинкада басылған нұсқамен (“Әуезов үйі” ҒМО. 133-бума) салыстырылып, бұл нұсқаға енгізілмей қалған, түсіп қалған жекелеген сөздер, сөйлемдер, шумақтар қайта қалпына келтірілді. М. Әуезовтің алты томдығы, он екі томдығы, жиырма

томдығы машинкадағы нұсқамен бірдей. Ал қалың дәптерге жазылған қолжазбадағы кейінгі томдықтарда, басылымдарда жоқ, енгізілмеген төмендегі қалпына келтірілген жолдарды кейін автор қайта қарап толықтырған. Өйткені сия қаламмен жазылған мәтінге қосымшаларды алғы беттің ақ жеріне қарындашпен жазып, қай жерлерге енгізу керек екенін қосу белгісімен көрсетіп қойған. Қолжазбадағы бұл жолдар 54-ші беттегі жеке парақтағы орысша жазылған жоспармен дәл келеді. Сондықтан елу томдыққа машинкада басылғаны, жинақтарда шыққандары бар, түгел мәтін қолжазбамен салыстырылып, негізгі нұсқа ретінде ұсынылып отыр.

20 томдықта “Бекет” төрт актылы, бес суретті күйлі пьеса” деп берілсе (Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 10-т. Алматы: Жазушы, 1982. 213—254-бб.), қолжазбада “күйлі драма” деп жазыпты. Елу томдыққа қолжазбадағы нұсқа жіберілді. Келесі қалпына келтіріліп енгізілгендер мыналар:

1. 50-б. 20 томдықта “Қатысушы адамдар” деп берілсе, қолжазбада “Адамдары” — деп жазылған.

2. 50-б. 20-томдықта: “Осип — каторжан”, қолжазбада: “Осип — көрі каторжан”.

3. 51-б. 20-томдықта: “Қыздар мен жігіттер әні”, қолжазбада: “Қыздар мен жігіттер хоры”.

4, 5. 51-б. Жиырма томдықтың 215-ші бетіндегі хордың алғашқы шумағының бірінші, екінші қайырмасынан соң енбей қалған мына шумақтар қалпына келтірілді. Қолжазбада:

“Оң-солынан осы өлкенің,

Ой-қырынан келдік біз.

Асыл жастар бақ тілеуін,

Біз де бірге тілейміз.

Батыр жар,

Бағың бар.

Ақ маңдай,

Бағың бар.

Жас дәуреннің жарастығы,

Ал қызыл гүл жырменен.

Сый-сыпаттың жарастығы,

Шекер, шербет, балменен.

Жарық ерке елдің ері,

Дабыл соқса самғаған.

Сол қыранның сен сыңары,

Арманым жоқ ..... ”

Осындай жекелеген сөздер, тармақтар мен шумақтар әрбір көріністе шартты белгілермен көрсетілді.

*Е. Қаныкейұлы*

## “Бекет” (орысша нұсқасы)

“Бекет” операсының либреттосын М. Әуезов 1938 жылы жазды да, 1939 жылдың 10 қаңтарында “М. Әуезовтің 4 актылы, 5 суретті “Бекет” драмасын қоюға Қазрепертком рұқсат берді”. Осыдан бір жыл өткеннен кейін, дәлірек айтқанда, 1940 жылдың 27 қаңтарында спектакльді Қазрепертком қабылдап алады. Оны талқылауға Тәжібаев, Гасюк, Хелькевич, Ерзакович, Жандарбеков, Мұқанов, Шаргородский, Мүсірепов сынды мәдениет пен өнердің белгілі қайраткерлері қатысады. “Бекет” операсының музыкасын Зильбер жазса, қоюшы-режиссері Байсейітов, суретшісі Ненашев боп бекітіледі. Қабылдап алушы – Қазрепертком басшысы Я. Қапламбеков (ҚР ОММ, 1242-қор, 1-тізім, 658-іс, 6-пар.).

М. Әуезовтің бұл либреттосы қолжазбасы, машинкаға басылған бір нұсқасы мен сахналық бағдарламасы “Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорындағы 167-бумада сақтаулы тұр.

Опера оқиғасы ХІХ ғасырдың орта шенінде өтеді. Бекет – Ақтөбе өңіріндегі екі жақты қыспаққа қарсы халық көтерілісінің жетекшісі. Ол байлар мен феодалдарға қарсы шығып, Арыстан сұлтанды өлтіреді. Ұзақ уақыт далада қашып жүріп, әйтседе сатқындардың кесірінен қолға түседі де, Сібірге айдалады. Әйелі Зере күйеуінің соңынан барып, оның айдаудан қашып шығуына септігін тигізеді.

Халық жадындағы аңыздардың желісі “Бекет” опера либреттосының негізіне алынған. М. Әуезов Бекет пен оның серіктері жайлы батырлық поэмасын жазу үстінде тарихи деректерден алшақтамай, нәзік лирикалық туынды сомдаған.

“Бекет” операсының музыкасын композитор А. Зильбер жазады. Ол шығармада халық музыкасы мен Бекеттің замандасы Құрманғазының туындыларын кеңінен пайдаланады. Опера кейіпкерлерінің мінез-құлқын сипаттауда А. Зильбер лейтмотивтер жүйесін қолданады. Опера музыкасын оркестрге түсірген де автор. Ал операны қоюшы – Қазақ КСР-ның халық әртісі Қ. Байсейітов, суретшісі – А. Ненашев.

Зере партиясын – К. Байсейітова, қарт ақын Жанғара бейнесін – Ержанов жасайды. Сол тұстағы жас артистер Шалқаров (Арыстан), Үмбетбаев (Сержан), Толыбаев (бай Шернияз), М. Абдулин (айдалған адам) ойындарын мерзімді баспасөз талантты орындаушылар ретінде атап өтеді. Зере шешесінің образын артист Мұсабаева, Бекет партиясын Қ. Жандарбековтің өзі сомдайды. Операның үшінші актысында Ш. Жандарбекова үш би орындайды.

Опера премьерасынан кейін 1940 жылдың 24 ақпаны күні “Казахстанская правда” газетінде Ғайша Шәріпованың “Бекет” деген атпен рецензиясы жарық көрді. Автор бұл туындының қазақ опера өнеріндегі елеулі табыс екенін атап көрсетеді. Осымен қабат “Известия” газетінің 1940 жылғы 5-санында Д.В. Пряжников дегеннің “Новая казахская опера “Бекет” деген атпен тұрпайы социологиялық сыни мақаласы жарық көреді. Аталмыш мақалада “либретто авторы ең алдымен шығарманың саяси-идеялық деңгейін қамтамасыз ету керек еді” деген секілді “пайдалы кеңес” айтылады. Шығармаға осы тұрғыдан келген рецензия авторы операны саяси мінбер ретінде қарастырады да, мынадай тұжырымдар жасайды: “Көтеріліске шыққан жасақтардың құрылу тұстары, олардың күресу мақсаты, Бекет пен қалың бұқараның қарым-қатынасы идеялық мағынасы жағынан ең маңызды мәселе бола тұра, назардан тыс қалған”.

Рецензия авторы либреттодағы жекелеген сәтті тұстар ретінде Шернияз, Арыстан, Зере бейнелерін атағанымен, мақаладағы шектен тыс қойылған идеологиялық талап “Бекет” операсының сахналық ғұмырының қысқа болуына әкеліп соқтырады. Бүгінгі күн тұрғысынан либреттоны қайта қарағанда, Бекет пен Зере бейнелеріндегі тарихилық, нәзік лиризм, музыкалық шешімін тапқан жоғары шеберлік пен динамизм “Бекет” операсын қазақ сахнасында қайта жандандыруға толық негіз бола алады.

*Р. Қайшыбаева*

## “Ақ қайың”

М. Әуезовтің бұл пьесасы Әбділда Тәжібаевпен бірігіп жазылған. Жазушының архивінде латын әрпімен машинкаға басылған шығарма нұсқасының бірінші парағында (“Әуезов үйі” ҒМО. 97-бума.) “Бәйге алған пьеса”, 4 актылы, сегіз суретті, “Реперткомнен ұлықсат берілген, №166/39, 25 сентябрь, 1939 жыл” деген түсініктемелер бар. Жазу қағазының сақталуы жақсы, барлығы – 74 бет.

Ал бұдан басқа мұражайдың жеке архивінде екінші нұсқа да сақталған (“Әуезов үйі” ҒМО. 98-бума). Осы бумадағы дүниелер: бірінші – “Ақ қайың”, 4 актылы, 10 суретті пьеса, араб әрпімен жазылған, қолжазба көлемі – 81 бет; екінші – латын әрпімен машинкаға басылып, бірге түптелген осы қолжазба, көлемі – 72 бет; үшінші – латын әрпімен “Ақ қайың” пьесасына жазған қосымшалардың қолжазбасы, көлемі – 23 бет. Бұл үш нұсқа бір бумада (98-бума) бірге түптеліп сақталған. Жазу қағазының сапасы жақсы, барлығы – 176 бет.

“Ақ қайың” кезінде академиялық қазақ театрында сахнаға (1939 жыл, 27 қаңтар, режиссері М.Г. Насонов, суретшісі Э. Чарномский) қойылып, жұртшылықтың ықыласына бөленген. Пьесаның қойылымы туралы С. Мұқанов (Социалистік Қазақстан. 1938. 28 тамыз), Әлдекеев О. (“М. Әуезов пен Ә. Тәжібаевтың пьесасы туралы”. Социалистік Қазақстан. 1939. 6 қараша), Т. Елеуовтер (Әдебиет және искусство. 1940. 5 қаңтар) басылым беттерінде мақала жазып, әр тарап пікірлер айтқан. “Ақ қайың” тұңғыш рет “Әдебиет және искусство” журналының 10-санында жарияланды. Бірақ жазушының әр жылдарда шыққан алты томдығы, он екі томдықтарының ешқайсысына енбеген. Тек жиырма томдықта ғана жарияланды (Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 10-т. Алматы: Жазушы, 1982. 255–306-бб.). Бұл басылымға “Әдебиет және искусство” журналындағы басылым мен жазушы мұражайындағы 97-бумадағы латын әрпіндегі машинкаға басылған нұсқа негіз болған. Салыстыру барысында байқалғаны: бұлардың арасында ешбір айырмашылық жоқ, олар жиырма томдықтағы түсінікте де айтылған. 97-бумадағы 4 актылы, 8 суретті пьеса жиырма томдағы басылымында “төрт актылы,



тоғыз суретті пьеса” деп жарияланғанда, бумадағы бірде “перде”, бірде “сурет”, қайсыбір суреттер “акт”, “картина” деп әртүрлі жазылып, орындары ауысқан. Екеуінің көрініс сандарының жазылуында өзара сәйкессіздік болғанымен, негізінен бірдей екені анықталды.

Жоғарыдағы аталған нұсқаларды (басылымдағы, жиырма томдықтағы, 97-бумадағы) қолжазбамен (98-бума) салыстыру жұмысы жүргізілді. Осы салыстыру барысында мынадай айырмашылықтар қалпына келтірілді: қолжазбаның беташар бетінде: “Пьесалар бәйгесіне. Дебиздер: Күреңше. Торша. “Ақ қайың”. 4 актылы, 10 суретті пьеса. Посвящается памяти В.В. Куйбышева (Шығыс алашордасы мен атамандарды, ақ генералдарды талқан еткен жыл жайы)” деген ескертпелер бар. Қолжазбаның 144-ші бетінде: “С е р г е й . Ал, жол болсын, жөнел! (*Жөнеледі.*)” деген сөзбен сегізінші сурет жабылады, ал, жиырма томдықта бұл диалог ары қарай жалғасады. 20 томдықтың 300-ші бетінен: “С е р г е й . Ал, жол болсын, жөнел! (*Жөнеліседі. Барбар келеді.*)” деген сөзбен жалғаса, Барбар, Ербол, Сергейлердің өзара диалогтары – Теміршоттың сөзімен аяқталды (302-б.). Көлемі бір жарым беттей болатын бұл қосымша жазушының өз қолымен енгізілгені айқын, бірақ басқа нұсқаларда осы бет кездеспеді. Бұл сегізінші суреттен соң келетін тоғызыншы сурет жиырма томдықта жоқ, қолжазбадағы оныншы сурет кітапта тоғызыншы сурет болып берілген, сондықтан қолжазбадағы тоғызыншы сурет (144—148-бб.) қайта қалпына келтіріліп, енгізілді де, елу томдықта “Ақ қайың” төрт актылы, он суретті пьеса болып түзетіліп жіберілді. Қолжазбадағы тоғызыншы сурет авторлық ремаркадағы “Малды ауылдың қыстауы...” деп басталатын сөйлемдерден кейін Бондыр мен Шынтастың диалогымен аяқталады. Жиырма томдықтың 261-бетіндегі “С е р г е й . Әй, құнарлы іс шығамекен?” деген сөйлемдегі соңғы сөз, қолжазба бойынша “шығар ма екен?” болып, төртінші акт, сегізінші суреттегі “Шынтас – І-қайықшының” орны ауысып кеткендіктен, қолжазбадан: “І-қайықшы – Шынтас” деп түзетілді.

Жазушы шығармаларының академиялық жинағының түсініктемесіне үшінші нұсқаны толықтай енгіздік. М. Әуезовтің латын әрпінде жазған (“Әуезов үйі” ФМО. 98-бума. 154—176-бб.) қолжазбасының қосымшасы – “Ақ қайың” пьесасының кейіпкерлеріне берілген авторлық мінездемемен әрбір көріністі толықтырмақ ойлар. Мұнда Қалқаш – Алтыншаштың досы, Бесбілезіктің есімі – Сәуле, Қаланың бай саудагері Ғабдолла мен оның ығында жүретін Таз, Иткөрмес, Сары, Уғтай, Бибіғайша сияқты қосымша кейіпкерлер енгізілген. Ақ офицер Столбов, қарапайым қайықшы жұмыскерлер Ботбай мен Қырықбайлар

жазушының қосымшасында кездескенімен, өзге басылымдарда жоқ және ешбір өзгеріссіз елу томдыққа жіберілді. Міне, бұл қосымшалар төменде ретімен беріліп отыр. Қосымшаның алғы беті:

**“Ақ қайың”. 4 актылы, он суретті пьеса.**

Талаптың мініп тұлпарын,  
Тас қияға өрледің...  
Абай.

**“Ойнаушылар”**

1. Дана қыз (Алтыншаш) – қой көз, нәзік сұлу, майда, бауырмал, жетім боп, қорғаншақ боп өскен. Басында ұяң, кейін ашына барып ашылады. Сүйгені – Теміршот, соған деген махаббат, соған деген шексіз адал тілек жолында нұрға малынған асыл сияқты шұғылалы, ыстық отты жар боп кетеді. Ақындық сезімі бар әнші. Әнді сүюде де ақын сияқтанып сүйеді.

2. Барбар (Бұлаң жігіт) – Біржанның мұрагері. Өткен заманның ақын, әншілері туралы жырдай сұлу әңгімелер біледі. Көпке айтпайды. Өзі тоқ мақтанның адамдарын, жуан атаулыны іштей сүймейді. Бірақ сыртымен сыпайы боп сыр бермейді. Мұңлы, ойлы жастың қабағын тез таниды. Айтқызбай біледі. Оларға жұбатар, уатар сөзді бұрынғы шерлі әнші ақындар өмірінен мысал келтіріп айтады. Көп уақытта сауыққой, ойнақы, күлдіргі. Бірақ күлкісі ойын тәрізді – ешуақытта, ешкімнің де жанын ауыртпайтын ойын. Шынтуайытқа келгенде, жүрегінен қайрат та, достық та, жанқиярлық тілектестік те шыға алатын адам. Жайшылықта тілі шорқақ боп отыратыны да бар. Бірақ, әрдайым іші жүйрік, сезімтал.

3. Теміршот – оқыған жас, ақындығы бар. Біртоға, қаланың жатағынан шыққан. Ағасы бұны жанындай жақсы көретін. Ербол – қайықшы. Тез ашылмайды. Аз сөйлейді. Бірақ зіл тастап, тапқырлық, ойшылдық ізін білдіре де сөйлейді. Ашуы қатты. Ашынған жерде ешкімнен іркілмейтін, жарғыдай тілі бар ұшқындаған жас. Өзімен-өзі, жан сүйері, жан досы деген адамның жанында өзгеше мінезді де, ерке, тіпті романтик те боп кетеді. Жек көрген адамына жібімейді, бітімі жоқ. Егессе, төбелесуден де, қан жоса боп шайқасудан да бас тартпайды. Жалған “ұятты” білмейді. Мінез санамайды. Сондай бездей біткен бірбеткейлігімен өзін кімге болсын тез таныта алады. Өзімен еріксіз есептестіреді.

4. Сәуле (Бесбілезік) – қымызшы келіншек. Гармоншы, әнші және биші. Көзде сүрме, тырнақта қына, малынған керім келіншек.

Алтыншаш шыққанша қаладағы бірінші сылқым, бар жігіттің бір деген көз қамары, құштары еді. Алтыншаштың тартымды нәзіктігі бұдан көптің бейілін аударып әкетеді. Сондықтан қорғаншақ, тілі зәрлі Алтыншашқа қас ойлауда, оның жастығы мен сұлулығын қызғануда іші өрттей жанады. Қастық мінездерді көп істейді. Бірақ сайқал, арсыздық істер істей алады. Көпес, болыс, тілмаш ортасында, мешан жатақ ортасына ықпалы күшті. Өз дегенін ашумен де, назбен де, тіпті өзін ұсынумен де орындап жібере алатын адам – сол ортаның өз туындысы.

5. Қалқаш – Дананың құрбысы, көрші қыз.

6. Ербол – Теміршоттың ағасы, қайықшы. Қала кедейі, ақылды, беделді, іші таза адамның бірі. Кейін сағатшы Сергей мен Теміршоттың оң қолы боп кетеді. Қызу тартыс күндерінде бар қайықшыға өзінің дегенін істететін кісі. Аз басшылықтың артынан өзі де ұйыстырушы боп кетеді. Алтыншашқа қатты жаны ашиды. Інісімен екеуінің махаббатын қуана қостайды. Достықта орыс, қазағы жоқ. Жасында ел жуандарынан қорлық, зорлық көріп қалаға келген. Досы өзі тұрғылары. Әсіресе үлкен досы сағатшы Сергей.

7. Дондағұл (Жойқынбек) балуан. Грузчиктен шыққан. Ішкенді, төбелескенді сүйеді. Аз сөйлейді. Жәйшылықта біреу үстіне шығып ойнақтаса да көтере береді. Сөзге доғал. Түйеден түскендей қып, төтелей сөйлеп, кейде өзгелер айтпайтын жәйді бұл тапқыш. Бірақ бір тапқанын көп айтқыш. Сондайдағы бір талай сөздері жолдастарының арасында мәтел боп жүргіш адам. Жойқынбек деген атты бір төбелестің артынан Қарабала қойған. Екеуі жұбымен жүреді.

8. Қарабала (Жуасбек). Бұл атты сол төбелес артынан Дондағұл қойған. Қарабала да ішкіш, төбелесқой. Екі көзі от шашқан, өрттен қайтпайтын, көзі жоқ ер. Бірақ қайрат жұмсар орны жоқ. Сондықтан шатаққұмар. Оған өмірдің, қауымның, мәжіліс-жиынның ылди, төрі жоқ. Кірген жері есік. Қайда барса, кірген жерден бір қимыл, бір көз қарастан өзін таныта біледі. Сөзге өлердей шапшаң. Және жұлып түсетін шешен де күлдіргі. Өмірдің ауыр-жеңіл күйінің барлығынан да күлкі шығарып жүреді. Өзіміздігі аз болатын жері де көп. Жойқынбек екеуін ең алдымен өзі күлкі етіп сөйлегіш. Зарлау насмешка түрінде. Кейін орнын тауып, ортасын тауып алғанын кейін де күлкісін тастамайды. Бірақ аз уақытта қатты өсіп кетеді. Дондағұлды көбінесе сөйлетпей, мен бұның переуадчигімін деп өзі сөйлейді. Бірақ ылғи ананың ойындағысына қарсы сөйлеп, Дондағұлды еріксіз сөйлетпей отырады. Шатақты сағынысатындары да болады. Ондайда бірін-бірі болған қалмен мазактап, ыза қып, шабақтап отырып барып “іске” бірге жұмылады. Іштей екеуі жан аяспайтын

қатты дос. Шынға келгенде бірін-бірі құдайыңа да, құмайыңа да алғызбайды.

9. Іңкәр – Дананың өгей шешесі. Өзі сұлу да жас. Мұнысын Қожағұлға бұлдайды. “Байымасаң, қызыңа қымыз сатқызып көктөбел үйге қолымды жеткізбесең тұрмаймын” деп мегдетіп алған. Ешбір зары, өкініші жоқ. Және мал тауып, өз есебін айыруда іркілер сұмдығы жоқ. Ешбір жанға махаббат, шындығы да жоқ жыландай суық адам. Дананың басына талай қиын түйін, ауыр халді өзі туғызады. Соны бір өзінше қатты құлшына, құшарлана істейді. Есебі қыздың байға тимей, мал тауып отыра тұруына арналған. Дананың қайғысына жаны ашып Қожағұл жылғағанда “жоқ, жоқ, көзің ақсын” деп табалайды. Атағанымыз болмады, оралатын пайдадан айырылдық деп табалайды. Болыс, әпесерлермен бір шымылдықтың ішіне кірем деп жаңағыдай халде отырған Қожағұл көзінше ұмтылады. Өмір бойы сөз айтқыш, табыстырғыш, бірақ кімді болса да алдағыш, кекшіл, айлакер әйел.

10. Қожағұл – қор әке, есек болған бай. Табынғаны – тиыны, “тиын жалаған”, қолынан есепшоты түспейтін, өгіз терілі құнсыз адам. Дана зары бір-ақ жол жылатады. Бірақ Іңкәр үшкіріп кетсе белгілі дағдысына кетіп, маймақ тартып қала береді.

11. Шынтас – ел жігіті, партизан. Іс адамы. Өте шешен. Барына саққұлақ, хабардар. Аңдасқаны, кектенгені алашшылар. Қырда даңқы зор. Ерболдың досы, жомарт кедей. Айналасында ері де, елі де көп. Ұққаны – Ленин аты. Қиялы өзге күн – жақсы күн. Өзі әсем өнші. Жақын жауы Біләл болыс. Қуғында, жасырын жүрісте болады. Бірақ жасу демейді, алмастай ағады. Сергейден тапсырма алғанда қуанғаннан, еңбегім енді ғана жанар деп өн соқтырып жіберіп, ырзалығын, әзірлігін айтады.

12. Сағатшы Сергей (Асрар) тастай берік, тартымды, салқын қанды адам. Өмірдің қандай сұмдық шындығы болса, бірде-біріне қабақ қақпай қарсы қарап, қасқайып тұрып тосып алатын адам. Қай ортада кіммен кездесе де ыйығы асып тұрады. Жаңағы саналған адамның барлығын қылп еткізбей тани біледі. Әрқайсысына соның өз мінезінің бетімен сөйлеп, қайырып ала біледі. Білімге де, тілге де тең адамы жоқ. Көп уақытта ойлап алған жөндерін бұйрық есебінде кесіп айтқыш. Көп адаммен тілесе ойнай алады. Қатты сүйетін, күтетін адамдары Теміршот пен Шынтас. Қазақшаға аса жүйрік. Өзінің кім екенін, қайдан келгенін ешкім білмейді. Ерболдың үйінде пәтерде тұрады. Өзілі көп. Мықты, жауапты тапсырманың барлығын күлкі етіп айтатыны да бар. Барлық жолдасына өзінің түкпірін танытпайтын, әрқашан ойлаған мөлшерінен өзгеше боп, басқа бір жақтан жарқ беріп шығып сүйсіндіріп, табындырып отыратын адам. Кейін Жойқынбек бұны – “ойбай, шүнет қой бұ жатқан”

деп жүреді. Барлық айналасы өлердей жақсы көреді. Әсіресе Дана – өкем дейді.

13. Бондыр – мықты, ашулы, ыза кернеген партизан. Тоғай ішіндегі крестиян партизандарының бастығы. Сөзге шапшаң. Крестиян мысқылына жүйрік – ащы шындықтың мысқылы. Көп кісіге сенбейді. Түйілгені ісі мен жақындағы мақсұты. Дондағұл мен Қарабаланы жақсы көреді.

14. Мұстапа – алашшы. Қисапсыз қу, түлкідей із тастағыш, аңдығыш, адастырғыш – ағып тұрған жігіт. Ешбір сұмдықтан іркілері жоқ. Айла мен әдістен босары жоқ. Және өз кісілеріне шынның білдірмейді. Айрықша бір маскасы күлкісі. Көп оқыған. Жақынды, жорға, қолтыққа кіргіш. Алдағыш, арбағыштық мінезі – оның тынысы. Сондықтан керегі жоқ болса да, ойын үшін болса да ең болмаса өз жолдастарын да алдап сүлкі қып отырады. Бір жағынан жемқор. Сұлтанды сол арам есептерді іске асырудағы сыңары қып алған. Екеуі қабақ қақпай табысады.

15. Білөл – болыс. Жасы отыз ішіндегі, орысша оқыған болыс. Алаштың қырдағы тірегі. Тоңмойын, тығыну да мінезі бар, сөздері кесек, құмарлығы күшті, орасан өзімшіл жуан. Сөзі кейде шешен, көбінесе жуан тасыр. Қаланың байы – қу, құлдыр, бірақ елдегі епті, Ғабдолламен іштей бәсеке.

16. Генерал – мәдениеттілігін, бұрынғы ақсүйектік әдебін келістірем деген, сондықтан уақытына лайығы жоқ болбыр адам. Қаттылық, сұмдықты қорқақтықтан істейді. Өзіне-өзі қайшы келгіш. Атаманмен жоғарғы ұлықтың тізесінен қатты ығысады. Солар салмақ салғанда ең сұм, ең жауыз істерді өз бейлімен істеген кісідей тасырлата асыра істейді. Тілінде мәдениет, өлең, қолында қан. Қазақ дегенінді білмейді. Мұрнын шүйіріп, білгісі де келмейді. Олардан кім екенін, не жәйі барын ойламайтын аңқау, надандықпен сұрайды (алашшыларды көргендей мінезі). Бондырден жаман қорқады... Сонысын біліп Сергей бір кезде Бондыр атынан домалақ қағаз тастады.

17. Атаман – жас, қасқыр, қатал. Алашқа да, генералға да ақырып, бөрідей тиеді.

18. Бондаренко – офицер.

19. Шварц – о да Сергейдің кісілері.

20. Сұлтан }  
21. Сапар } алашшылар.

22. Ғабдолла – қаладағы байпатша, саудагер.

23. Таз }  
24. Иткөрмес } билер, болыстың кісілері.

25. Сары }  
26. Уәтай } Фабдолланың ығындағы қала саудагерлері.

27. Мәжитов – полковник.

28. Шумский }  
29. Столбов } офицерлер, адъютанттар.

30. Бибіғайша – Қалыштың тоқал шешесі.

31. Ботпай }  
32. Қырықбай } қайықшылар, жұмысшылар.

## І акт

Украина глухо волновалась.

*Пушкин*

Қалың тоғай, зәулім биік ағаштары бар әдемі арал. Өзен. Гармондатып, әндетіп, қайық үстінде серуендеп шұбар топтар ағып-ағып өтеді. Аралдың су жақ шетінде бір әдемі ақ қайыңның түбіне кең, жібек шатыр тігілген. Дананың шешесі Іңкәр тіккізген шатыр. Дананың ең алғаш қымыз сатушы боп шығатын күні осы. Алысырақта гармонға қосылып, “Майраны” соғып шырқап жатқан әнші әйелдің әні естіледі. Ерболдың қайығы Іңкәрдің қымыз құйған бөшкелерін, ыдыстарын әкеп түсіріп жүреді. Сол қайықтардың бірінен Теміршот келіп жәй ғана аралды аралап жүреді. Іңкәр Дананы жетектеп ертіп шығып, шатырға отыр, ожау ұста, қымызыңды сат. Ендігі сөзді доғар дейді. Асықтырады, өне Бесбілезік бұрын кеп базарын ашып қойыпты. Халықты өзіне тартып кетеді, сен де кіріс дейді. Дана қорғанады. Қысылып тілек етеді, қамығады. Әкесімен зарын тілейді. Әкесі Қожағұл аяйды... Істемеген кәсібім еді, қатын-ай, қайдан шығардың дейді, баласына қиылғандай. Іңкәр оны оңашалап ашумен булығып – сенің мен неңе қызығам. Неге жүрмін. Көк төбелі үйге қолым жеткізбесен, шолақ етек жаяу алыпсатар болған күйінде отырмаймын. Қызыңды көндір де, қымыз сатқыз, енді жетті, қыңқ еткізбе дейді. Әке қайтып қалады, Данадан өзі тілек етеді. Тілін ала қойшы дейді. Іңкәр аздан соң әнші Барбарды ертіп келеді. Бетін аш баланың, батаңды бер. Бүгін қонағым бол, осы арадан кетпе деп жабысады. Әнімен кісі тартады. Бүгін үлкен мейрам. Және қаратаяқтар, көмітеттер бүгін осы аралға жандарал атаманы бар, болыс байы – байпатшасы бар

көп кісіні қонаққа шақырыпты. Ажары жақсы, қымызды қыз-келіншек сән-салтанатпен аралға шықсын деп сәлем айтыпты. Бүгін ар жақ, бер жақтың бәрінен де ел келеді. Алғашқы күн жақсы аты көп аузына ілінсе үйімізден халық арылмайды. Онда қырық шелек емес, болыс пен Ғабдолламен келістім, күніне жетпіс-сексен шелек қымыз алып атқарып, таратып боламыз дейді. Қожағұлға Барбарға айтатын есебі, осыған ана ұялшақ, ақылсыз, қорғаншақ қыздың бетін ашып бер дейді. Барбар Данамен аз сөйлеседі. Жәйін сұрайды. Қызық емес, қамаудамын, қайғыдан дейді, Дана. Барбар қымызды, қыз-келіншек жайларын айтады. Бәрі де жарықсыз, жас, жақсы жандар еді. Көп талқысы қор етті, жаман атты қылды. Қос қыз Алтын сақина, Бесбілезік, қаракөздер кім болды дейді. Дана соны сезіп, жаны түршіге тұрып айтады. Барбар бірақ бар қалғаның, бірден бір қорғаның ән болар. Қайғыда жұбанышың, қастық тұсында қорғаным болар әннен қайыр. Сенің жолыңда бұл тиянағың, бүгінгі күнді мен көтерейін, тыңдап көр деп бір ән айтады.

Бұның әнімен, жаңа шатыр Бесбілезіктің үйіне сыймай қалғандарды тартады. Біраз жұрт жағалайды, жөн сұрайды. Іңкәр баян етеді, қошаметпен қарсы алады. Қыз қолы батпағандықтан ожауды өзі алып, өзі бастайды. Өзі келген топтың орта тұсында Қожағұл мен Дондағұл пайда болады. Ашық қалжың, тұрпайы сөздермен Данаға қадалады. Алтыншаш, Алтыншаш екенсің, атың сол болсын деп әзіл етеді. Дана қарсы. Іңкәр дегенің қабыл болсын, жақсы ат, елге жай дейді. Дана мінезіне кектеніп қалған Қарабала бұндай сұғу күсбілек оны не қылыс деп Жойқынбекті қағытады. Бірақ халық білсін, болыс, төре, байбатшалар танысын, жүр аралға білдірейік деп кетеді. Бұлардың мінезінен Дана өртені қорланады, атымды да сатамысың деп Іңкәрға күйеді. Теміршот, Барбар – санаң бар, мұның бар жас екенсің, жанашырға зарлысың-ау дейді. Осы жанашырды қайтейін жанкүйер, ара түсер болмағансың, дейді Дана. Осы кезде “қайсы, қайсы, қандай өзі, қандай екен, Алтыншаш қайсы?” десіп бір топпен болыс Біләл шығады. Тағы бір топ боп Ғабдолла келеді. Кезек қызығады. Бесбілезіктің қонақтары қопарыла бастады деген сыпсың сөз шыға бастайды. Іңкәр сүйсіне жорғақтайды.

Болыс пен бай – жандарал, атаман, қаратаяқтар ең алдымен көрсететін осы шатыр дейді. Іңкәрға жөнді айтады, тапсырма береді. Жүпіні *(жұпыны дегенді айтып отыр.— Е.Қ.)* кісіні қоқырыстыра қонақты тос, бәріміз де сол үшін жүрміз дейді. Бұл кезде осы жерге тағы да Ербол қайықшымен Сергей, Шварц келіп, Теміршотпен қосылып оқшауырақ отырады. Теміршот Сергейге тапсырманы орындағанын айтады. Шынтас осында келді дейді. Бірақ Дана үшін күйетінін, ыза болатынын айтады.

Сергей ол сенің жұмысың емес, жайыңа бол, басқа міндет бар дейді. Аздан соң болыстар қайта шығады, әбігер, арсалаң, әзірлік жасайды. Қошеметпен қарсы алыңдар деп жұртты бөріктіреді. Зор командуишы жандарал Березовский, атаман, алашшылар келеді. Бүгінгі аралдың, бүгінгі бар халықтың қонағы дейді.

Сергейлерге Бондырды Ербол алып келеді, көздестіреді. Бондырге Сергей – жандарал, атаман сенің сүйіктілерің осында болады, дейді. Ботпай қайықшы Шынтасты алып келеді, Теміршот қарсы алып кеп екі партизанды бір-біріне таныс етеді. Бондыр – болыс, сәудегердің жорға күлдай қошеметін көріп, қалаға ашуланады. Борсық қала, сәудегер, төре қаласы. Пана боп отырған осы ас пен көмек беріп отырған осы. Басынса крестьян ішіне шықсыншы – қарағай атаулы өре түрекелер еді. Қазақ ішіне шықсыншы тау-тас, қала мен өлке өңменінен атар еді, дейді. Теміршот қостайды, қайнай қостайды. Сергей басу айтады – аз сөз.

Осы кезде жандарал, атаман, Мұстапа, Сұлтан, Сапар болыс-байлар қоршауында шығады. Жандарал қатыны Лорнет пен Данаға қарап французша сөйлейді. Не десті деп жұрт күңкілдейді. Офицер Шумский – дикарканың школы жоқ екен. Мен тіпті өзіме горничная алуға да қарсы болмас едім деп сөйледі дейді. Алашшылар қошаметтейді. Олар кетеді.

Сергей – міні осы жандарал барлық штабымен осы қалада қолға алынуға керек. Біздің бір міндет сол дейді. Екінші қырмен босатын әскер болады. Соны қыр басады, ел басады. Шынтас орындайды дейді. Бондыр қару сұрайды, партизан шабуылы басылмай үдей беру керек деген сөзге Сергей – қаруларды өзінді қуа шыққан полктан тартып аласың. Полкты тұтқын етесің. Командир де сонда қолыңа қосылады. Осыған жалғыз-ақ өзің мықты қарекет ет те, ұран жаса, әскер ерткіз, сені қуып шығатын болсын. Сол әскер тұтқының боп қару береді дейді.

Сергейге жаңа ғана фронт өтіп келген Бондаренко келеді. Сталин қол қойған документін, Колчактың тылында істеуге жіберген бұйрығын айтады. Сергей менің пәтеріме келесің, дейді.

Данаға жандарал, атамандар қызығып кетіпті деген сыбыс тарайды. Іңкәр қуанады. Бесбілезік шатыры қаңырап қапты дейді. Ашулы, сайқал жүзбен Бесбілезік шығады, қасында Жойқынбек, соңғы екеуі құтырту сөзбен Данаға қақтығады. Жұртты үркітеді. Дана күйеді, қорланады. Бесбілезік оған етің үйрене берсін, бәріміз де соны көріп өткеміз. Алақанға салар деп пе ең, кімнен ардақтысың дегенді сездіреді. Теміршот шыдай алмай, қайнап түрекеледі. Жойқынбек, Жuasбек бірін-бірі қайрап, төбелеске, шатаққа қарай басып, Теміршотқа қызығып, жағалай береді.



Теміршот сол екеуіне ақырып кеп қайнай сөйлеп пысымен басады. Сөйлейін десе аттатпайды. Қорлана білсеңші, өз нәсілің бауырыңда, аяй білсеңші деп ақырады. Бесбілезік атамнан артық кім болушы еді, қаратаяқ ұлықтан артық кім болушы еді, олардан қорығанда өзің алмақ шығарсың, дейді. Теміршот оны да жерге қаққандай сөз айтады. Жойқынбектер бәскілдеп құлады. Ерболдар табысыңдар, отырып тату мәжіліс құрыңдар, дейді. Дана Теміршотқа бауырым, қорғаным дегендей ой тартады. Оның бар мәжілісін жыраққа шақырады. Сергейлер де келіп отырысады. Барбарға Дана саудаға түсем бе, көзімді ашпай көргенім жылау ма? Аға басыма пана, жаныма сүйеу не, айтсаңшы, дейді. Барбар – мынау жас қайыңның түбін пана етіпсің деп Теміршотты түспал етіп, өсем қайың асыл қайың екенін бірден жүрегің білсін, екінші аузындағы әнің баяндасын. Бар бергенің сол болсын, бірақ соны екеуің де тани біл. Менің екеуіңе берген бата-тілегім, аға тілегім “Ақ қайың” деген ән болсын. Сөзім қонса соны оңай ұғарсың, дейді. Ән салады. Мынау жаңа, жаңа ән деп жұрт жыбырлайды. Бесбілезік үйренейін дейді. Айта алмайды. Тағы айтшы деп Дана сұрайды. Үшінші ауызды айтқанда қосыла жөнеледі. Барбар мандайынан сүйеді. Жұрт бұнысымен де Бесбілезіктен озды дейді. Ән, қошамет ұлғаяды...

Бір кезде болыс, Ғабдолла және Мұстапа кеп Дана мен Барбарды қонаққа шақырамыз, жандаралға бірі қымыз құйып берсін, бірі ән салсын дейді. Іңкәр қуана түрегеледі. Теміршот Данаға не дейсін, дейді. Дана бармаймын, дейді. Болыстар, Мұстапалар омыраулай бастайды. Барбар еріксіз көнуге айналады. Дана ашумен отыр, әркімнің өз теңі бар. Жандарал не теңім. Мына құрбы қонақтар мәжілісін тастамайым дейді. Мұстапа, болыс ықпалымен, ендеше мына тобыр тарасын деген бұйрық шыға бастайды. Теміршот енді тұрып есіп кетеді. Мұстапаға халықты сатқаныңыз ба, енді біреудің қаршадай қызын ұсынбақпаң? Не алмақ ең сен дейді. Мұстапа жандарал қазаққа пайдалы сөз айтады. Колчакқа сөзі өтімді. Осы арқылы бізге бермей жүрген қазақ сотын бекітіп алмақпыз дейді. Теміршот халыққа керек емес, саған өмір билік үшін керек. Өз керегінді пұлыңмен ал. Өз қатарыңды ұсын дейді. Болыс, Мұстапалар қайықшының қайыршы інісі дей бастайды. Бесбілезік бұл қызды байға бермек пе ең, мынау күйеуің бе еді, ондай меншіктісі болса несіне алып шыққансың дейді. Іңкәр – бай іздеген қызым жоқ, айғырсына, оң жақта қызық дәурен сүргізбек пе ең. Теміршот, сен аулақ, қызым барады дейді. Егес ұлғая береді. Кім бермейді деп болыс пен бай омыраулайды, жігіттері қамданады. Сонда Теміршот өзі біз ғой, мыналар сен екеуімізді басынып тұр ғой деп Жойқынбек пен Жуасбек халық ортасынан саспай түрекеліп, ендігі қалған төбелес

қана ғой, ал міне біз бермейміз. Әпкел ана қайықтың күрегі мен сүймендерін, әкеле бер, көні шық!... деп Жойқынбек жалғыз-ақ ұрған соң, әйтеу тұмсықтан ұра бергейсің дейді. Аналар шошып жылжып кете береді. Шықпа, әрес, әрес десіп кете береді.

Дана Барбарға досынды таныттың, “Ақ қайың” менің сенен алған асыл мұрам болсын дейді. “Ақ қайың” менің естен кетпес ынтығым, жүрек жардым болсын дейді Теміршот. Сергейге сендер кете бер, мені жалғыз таста дейді. Сергей бұны сөгеді, бірақ Бондыр де, Шынтас та тастамаймыз дейді. Сонда Ербол ол емес кету керек дейді. Барбар ендеше Дананы алып тегіс кетуіміз керек дейді.

Іңкәр көнбейді. Оны бажылдатып жүріп қайыққа Жойқынбек көтеріп апарып салады... Үш қайық жөнеле бергенде әпесерлер мен Мұстапалар жетеді... Жағада амалы жоқ... Жойқынбек гармонды дар-дар тартып бұлардың даусын баса кете барысады... Күлкі ете кетеді.

## II акт

### Екінші сурет

(қысқа сурет)

Ербол үйінде, Сергейдің пәтерінде. Сергей сағатшы. Бондаренко келеді. Бұны ақтар сезіктеніп іздеп, қуып жүрген. Омбыдан осылай жіберген. Сергей документ береді. Сен адмирал Шмиттің немересісің – енді ақ әпесерсің, киімді ар жақта пәлен көше, пәлен үйден аласың дейді. Әскери тапсырманы жандаралдың штабында істейтін әпісер боласың дейді. Восьми полк екінші армияның қаладағы қорғаны – соның штабына уәкілдік етіп бір-ақ кісіні сайлау міндетің – Бондырға қарсы Шварцты жіберу міндетің дейді.

Шынтас келеді. Болыс Біләл бұны қуғыза отряд шығартқалы жатқанын Теміршот айтады. Шынтас міндет, тапсырма ала келген. Халықтан түйе, киіз үй, атын салық, алын ақша алу күшейді. Ел назары алысамын дейді. Сергей әскер өтеді, алаш қашады, Дутов қырмен жүреді. Осыларды жолда басу, Қытайға ананы өткізбеу, бар қаланы тік тұрғызу, өлтірту, бөгеу, қаруын алу, штабтарды басу, барлық елді өзірлеп отыру тапсырылады. Жойқынбек қашып келеді, әпесерлер қуып жүр дейді. Сергей жүр дейді, сақалды, шапанды жуан қажы боп сағатын көрсетіп отырады. Әпесерлер тінтеді. Тани алмай қалады. Досым екенсіңдер, қайда барам, ақыл

айт, керекке жаратшы дейді. Шынтас маған еремісің дейді. Төбелес бар ма дейді Қарабала. Мол төбелес болады дейді. Ендеше ердім дейді. Тілші, жалғасушы болады.

Ербол мен қайықшылар. Сергей қала халқын үгітте. Қайықшыны ұйымдастыр, ұста. Ақтың қашуға әзірленіп жатқанын, кетерде қаланы ойрандап кететінін ұғындар. Ел өзі қырғынға ұшырады, соны ұғынды. Қайықшыларды бейғам ұста дейді. Барбар жүгіріп келеді. Жалынға жалындаған Алтыншаштың қосылғандығын білдіреді. Теміршоттан көмек сұрайды. Сергей қатты ескерту айтады. Теміршот маған қыз қорұшы болу ғана көріну елеусіз етеді.

### III сурет

О, Клим, дела твои велики,  
но кто их хвалит?!

Родня да две заики.

*Фонвизин*

Жандарал Березовскийдің штабында. Адъютант Бораденко атаманды ертіп кіреді. Атаман Бондыр жайынан мағұлымат сұрайды. Бораденко қорқынышты деп баяндайды. Атаман ызалы, жандаралды қысады, неге жоймайсың дейді. Жандарал фронт әлсіреп барады. Жұрт эвакуацияны көп ойлайды дейді. Бораденконың ұсынысы бойынша айтылған. Қалада күзет, деревняда казачий операция, қырда жүргінші әскерді жақсы өткізу, атқару, бағынып қарсы алу істері сіздің міндет дейді. Сіз барлық елдің артынан көшесіз дейді. Жандарал ұрсыңқырап қорғаншақтап тоқтайды, өйткені Атаман Колчакты да боқтай бастайды. Қала, әскер менің қолымда дегеніме бағынбай көріндер дейді. Шварцты өзі шақырып ап, жандаралдың бұйрығын диктоват етеді. Деревняларды өртеу, сүмелемен дүрелеу, дарға асу, Бондырды тірідей ұстап өкелу.

Әскер алғыз, сол қатынасын қыр халқына айтады. Алашшылар келеді. Атаман ақыра қысады. Аналар сотты екі жыл сұрап ала алмадық, елде әміріміз жүрмейді дей береді. Атаман берді сотты... бірақ бес күнде үш мың түйе табар алашорданың міндеті. Лепсіге дейін жол бойына азық, киіз үй, лау ұстау алашшылар міндеті, халыққа ақша салып халтурвайтсыз жүргізу – атаман әскеріне қазына жайын беру солар міндеті. Біз қонақ емеспіз бергенді жейтін, біз әміршіміз дейді. Мұстапалар алаш полкін берсеңіз дейді. Атаман ақырады, біздің қазына, біздің киіммен жасалған әскер, менің бұйрығымда болады, деп бұлар көзінше полковник

Мәжитовке үш күнде Жетісуға жүргіз дейді. Алашшылардан ол айтқандарын істеуге уәде алады. Ит болып аулақ кетеді. Жалғыз-ақ бұзық болыстардан алдымен жасымыз жана қалада контрразведка біз бір айтқан кісіні ұстап жұбату болса екен. Большевик қазақты бізбен ақылдасып тізсеңдер екен дейді. Қырда, Дутов жүретін, сіздің әскер жүретін, кейін барлық штаб шегінетін сондағы елді біз міндетімізге аламыз дейді. Бораденко Шварцты Бондырға қарсы жандарал алдынан өткізіп жібереді. Өзін бесінші полкқа штаб начальнигі етіп тағайындауды сұрайды. Жандарал ойысады.

### Төртінші сурет

Алтыншаштың бөлмелері, қымыз сататын үй. Қалың жиын, қысталаң кеш. Іңкәрға жеңгетай берген болыс бар. Иткөрмес орындаған, Уәтай арқылы Ғабдолла да соны істеген. Ол қызығады. Мәжитов жігіттерімен соқтырта билеп ол қызығады... Үстеріне Мұстапа, Сапарлар келеді. Барлық жиыннан ашық сауда етіп, қызықтың, тіледім маған қыйыңдар деп Сапар асылады. Масайған топ, Іңкәр бәріне де бейіл бер деп қыза береді, нұқып, күңкілдеп, тыжыртып отырады Дананы. Дана Барбарға жалтақтайды. Жалына жәрдем күтеді. Өзгені Мәжитов шетке қаға береді. Керек болса алып та кетем дейді. Шеркесше киінген жігіттерін құтырта билетеді.

Алашордалар өз өмірін жүргізіп Сапарға ұйғарғанын айтады. Мәжитов мылтық суырады, көнесіңдер дейді. Ақыры көп халық құлықсыз басылса да, өкпелеп кетеді. Сапар жабырқау зорлықпен бетімен жүре береді. Алтыншаш, Теміршот келеді. Алаштың құнсыздығын жас атаман мазақ етеді. Сапар бәрібір қыз менікі дейді. Теміршот сенікі емес дейді. Егес. Ақтар Теміршотқа тәуелді, қорқады. Теміршот Алтыншашқа таңдау еркің, сөз сенікі, өзің айт, сынға келдім дейді. Алтыншаш ән салып жиынды басады, Теміршотқа жүрегін сүйгізеді. Сапарлар бұны ұстатамыз деп кіжінеді, қызды мен аламын, құмармын. Өлсем де саған бұйыртпаймын дейді Теміршотқа. Қол алысады. Сертгеседі. Теміршот желкелерінді қиятын осы кесірің болар дейді. Болыс, Іңкәр шаптығады. Теміршот қорлап мазақ етеді. Алашшылар жаптырмаққа әскер өкеледі. Сапар контрразведкаға шабады. Ертең түнде атыласың дейді. Теміршотты ұстап әкетеді. Алтыншаш өлсем де сен деп өлем дейді. Жылау зар мен “Ақ қайың” айтылады, сенің әнің – сен деген жүрегімнің әні – сенсіз жерде айтылмайды дейді.

## Үшінші акт

### Бесінші сурет

Алашорда кеңсесінде. Көлік лаудан киіз үй, сойыс, ақша салығынан, казачий отрядтан қорлық көрген ел өкілдері. Үлкен бастыққа келген. Мұстапа онда кіргізбей өзі қабыл алады. Ұрады. Шыдаңдар дейді. Халық өзің қырғи боп тидім десеңші. Есте болсын, зарлауыңды қызылдан тарт дейді. Алашшылар қашу кеңсесінде. Елге сенбейді. Дутовты, әскерді қала күтпейді, сонымен жандарал атаманның бетін көре алмайтын боламыз, өздері қырады. Ел мінезі үшін қырады дейді. Қызылға қайта кіру жолын мығымдау керек, өзгемізді ақтап алатын жастар қалсын дейді. Мұстапа өзі басқармақ. Сапар мен де аз уақытта қайтып келем, жалғыз-ақ Теміршот өлтірілсін, жатақта сезіктері бар, контрразведка соны сойсын дейді. Бар алаш боп соны талап етеді. Жандарал кеңсесінің әпесерлерін күтеді, олар келеді. Шумский, Столбов кімді жайлап, кімді жою кеңесі. Шынтас бәрінің аузында, ол қорқынышты күш боп кеткен. Офицерлер елге ие болмасаңдар бізден жақсылық күтпе дейді. Жойқынбек кеңсе аузында, халық даусын естиді. Ерболға білдіреді. Сыртта Жойқынбек, Сергей есітеді. Теміршотқа қауіп, қауіп деп сөйлеседі. Сапар офицерлер мен контрразведкаға түрмеге кетеді. Абақтыдағы тұтқын ішінен большевиктерді тауып бермек, болыс қорқады, қырға шық десе, Шынтас жол тосады, өлтіреді деп зарлайды. Мәжитов салқын суық хабармен келеді. Кетуге әзірленбесек болмайды, Омбы құлапты, жандаралдың Бондырге қарсы жіберген әскері Шварц деген офицерімен партизандарға қосылып кетіпті. Қалаға келіп қалу қауіпі бар. Ат көлікті әзірлей беріңдер дейді. Шошыған алашшылар қалатын үндемес жастарға жалыну, халқынды, бізді құтқар деу. Қорқыныш үстінде әсіресе қауіпті болатынды қырып кет деу, сол тапсырмамен Сапарды жібереді...

### Алтыншы сурет

Паром үстінде. Сергей, Ербол, Жойқынбек, Жуасбек мүз жүре басылған. Бүгін паром тоқтайды. Штаб әлі көшкен жоқ, алаш кетіп жатыр, халық ақтың кетуін мейрамдай күтеді. Сергей паром тоқтайды, қайықшыларды мобилизоват етіп жатыр. Енді еңбек сенікі дейді Ерболға, қайықшылыр хабарлар, тапсырмалар алып кетеді. Қайықты кімге берудің паролін айтысады. Теміршот құтқару қажет ететін уақта білу шарт. Соған Алтыншашқа Сапарды шақырт дейді. Мас едіңдер. Сонда біліңдер деп Барбар Жойқынбекті жібереді. Телефонмен хабар ет дейді. Құтқарушы топ Сергей өзі,

Шынтас, Ербол. Паром жүрмейді. Қайықпен кетіседі. Бесінші полктің штаб начальнигіне телефон соқ, мен Асрар солай деп, сұра дейді. Ақ офицерлер қайықтарды моблизат етіп елді басқарып жүреді. Алтыншаш Іңкәр арқылы Теміршоттың атылатынын естіген. Жаңа Барбар мен Жойқынбекті сол Алтыншаш сөзін естіп қызбен бірге жіберген. Сол арада Алтыншашқа сен біздіксің деген. Алтыншаш олай болса өлімді де қорғауынды сұраймын, менің басым да қауіпте деген. Сапар бүгін келеді, Мәжитов те келеді. Екеуінің де қас ойы бар деген, құтқар, қорға Сергей. Теміршот қысылсаң, Сергей – досың деген, сонымен келдім дейді. Әкешем қас дейді. Алтыншаш беті жабық белгісіз әйел боп келіп кетеді. Шынтас, Сергейлер құтқарамыз, шошыма деп ұмтылады, Алтыншаштың өзін қорғап құлауды Жойқынбек, Жуасбектерге тапсырады...

### Жетінші сурет

Кешке Алтыншаш үйінде. Офицерлер, Сапарлар Іңкәр мен Қожағұлды да, Алтыншашты да құттықтай келеді. Теміршотқа доссыңдар дейді. Дос емеспіз деп Іңкәр зар қағады. Дос болмаса қызын маған қоспан деген көңілін білдірсін дейді. Іңкәр саған дос дейді. Ендеше, Теміршот жаты ғой, не болғанында жұмысы болмас, ол бүгін сағат онда атылады, солай бұйырылды дейді. Барбар Алтыншашқа бекін, сыр берме дейді. Өзі кісі жүгіртеді. Сапар Алтыншашты қыспаққа алады. Мендікпін де, болмаса мына Мәжитовтың аты жегулі тұр, қазір жүреді, сені бірге жөнелтіп жіберем, осыған сені сынап алып, кетісетін болсақ, жолымнан бермек боп келдім дейді. Алтыншаш қатты. Ендеше, сыныңды айт дейді. Сапар “Ақ қайыңды” айт, Теміршоттың өлімін естіген жерде ән салуға жарап, маған қарап соған арнаған өнімді айтсаң, мен сенем дейді. Іңкәрге, басқаларға да осыны шарт-кесік деп айтады. Алтыншаш өлсем де айтпаймын деп қайнап барып қайғымен түйіліп тоқтайды. Сапар, Мәжитов соңғы серт зілмен қайта бұйырады. Іңкәр жабысады, айт дейді. Сапар жабысады, сүйіп қызғанып Теміршотты сүйетінің шын-ау деп құшырлана жабысады. Сол кезде Барбар да жабысады, айт дейді. Ән қайғыда қанатым... бір кезде қуанышымды айтса, енді қуаныңның күні батқанын баян етеді деп тұспалдайды. Ат шаналар есік алдына келіп қалған. Сапар, Мәжитовтер аттары. Қысады... Төрт жақтан қыспақ болады, әрқайсысы әртүрлі есеппен “Ақ қайыңды” қолға шарт қылады. Алтыншаш өзгеше бір сөзбен, айрықша дертпен

Теміршотқа қайғылана қоштасып айтады... Аяғында көзінің жасы шығады. Сапар көріп қайнап, күйіп кетеді. Басында анау айта бастаған да менің дегенімді істеді, менікі деген, енді көзінің жасын көрдім, “Ақ қайың” менікі емес екен, өзіме бұйырмаса саған бұйырсын, сен алып кет деп Мәжитовке тастайды... Әскерлер жүрмек, асығып Алтыншашты киіндіріп жатады. Барбар үй іші жабысады, үндерін шығартпайды. Атаманға сыйға барады деп жөнеле береді... Жойқынбектер жетеді... Сапар алысып, оларды бөгеп тұрып қалады. Офицерлер терезені сындырып қашып шығып, Алтыншашты алып кетеді... Жойқынбек Сапарды ұрып, соғып үйге кіреді... Барбар зарлап қалған, Алтыншаш кеткен.

### **Төртінші акт**

#### **Сергізінші сурет**

Жағада үлкен екі қанат үй. Екінші армия штабтың үйі. Беріде қайындар. Мүз жүріп жатыр. Сергей, Жойқынбек, Ербол, Шынтастар, Ботпай, Қырықбайлар тосып жүр. Уақыт өтіп барады. Бораденко қайда? Алғаш атылған пулемет дауысы – сигнал. Теміршоттарды қайықпен аралға өткізіп атпақ. Бұлар сондықтан осында тосады. Атып тастамады ма деген қауіп, күдік. Штабты басу, қайықтан өтерде жандаралды ұстау екінші міндет. Ербол қайығы жандарал үшін әдейі сақталады. Әскер қайықты күзетеді. Пулемет. Қуаныш қозғалыс, Сергей әскерге қайық жоқ, бізге қосыл дейді. Түрмені алады, бесінші полк дейді. Жандарал офицерлермен асыға шығады. Бесінші полк штаб начальнигі хабар бермей қойған, енді артынан қуа шыққан хабаршы – бесінші полк начальнигі келе жатырмын деп хабар етті дейді. Токтайды, тосады...

Жандарал атаманды, Колчакты өлердей жамандап қорғайды... Бесінші полк начальнигі дейді... Бораденко бестовойлармен шығады. Рапорт береді. Бесінші полк революция полкы болып ап түрмені алды, қалада басқа әскер жоқ. Сіз штабыңызбен тұтқынсыз дейді... Бәрін тұтқынға алады. Бораденко Сергейге рапорт береді. Бондыр әскері түнгі сағат он екіде қалаға кіреді дейді. Көше халқы үркіп келеді. Дутов қырық мың әскермен қалаға кеп қапты, алды кеп қапты деп келеді. Сергей ендеше военно-революционный комитет штабқа кіріп тез іске кіріссін, осы түнде қала тегіс алынсын, ақтарға алаш пен Дутовқа жолды босатсын, Қытайға жібермейтін қуғын жасалсын деп штабқа тартады... Шынтас, Жойқынбектер бұйрық алып шабады...

## Тоғызыншы сурет

Ақ әскердің, Дутов штабының орнаған ауылы. Үркінді ауыл, шошыған, қорлық көрген әйелдер... Мол штаб, көп зор төрелер елді ығырып жағалай дүре соғып, таң атқалы елу түйе тап деп барлық елді қорлап жатқан... Шынтас ортада... табамын деп уәде береді... Жатқызған офицерлер ұйқыда. Сыртта аз ғана әскер. Шынтас, Жойқынбектер әзірлікте. Шынтас үйдегілерді жатқызып жиырма бес үлкен төре деп санап, терезеден үнемі сығалаумен отыр. Бір кезде сырттағы қарауылды басып байлап алады, жігіттері шығады. Терезеден қарап отыр. Ұйқыда... өлді... дейді. Пешті шала жапқызып ыспен қырып салған. Бір кезде есік ашқызады. Жойқынбекпен, аз кісімен кіреді. Барлық офицер тырайып жатыр, бірен-сараны ғана мас кісідей, есуас адамдай, көтеріле беріп мұрттай түседі... мылтыққа ұмтылғандарын Жойқынбек ұрып жығып, қаруды тартып алып жүр... Тегіс қаруларын алып шұлғытып, бұлғақтатып жалаңаш аязға айдап өкетеді. Жойқынбек жалғыз-ақ арманым бар, не керек дейді, о не деп сұрағанда: мына тақсырлардың жүзіне Жойқынбектің жұдырығы ойнағанын көрмедім дейді. Халыққа Шынтас әмір етеді, қаруланады. Қыра бер, қарулана бер дейді.

## Оныншы сурет

Бекет. Семейден қалған алаштармен ақтар ошарылып жатқан бекет. Барлығы жиын, ауыздарында тегіс Дутов, бүгін жетеді. Осында табысады, күшейеміз дейді. Жандарал қатыны алаштың үлкен бастығының қатыны Гүлғайша сұлу, қастарында Алтыншаш... Мәжитовты қорған көріседі. Қызылдар қуып келмесін деп жалынады. Шынтас атынан қорқады. Бондыр тағы шошытады. Жандарал қатыны байын мақтайды, атаманды жамандайды. Екінші бөлмеден атаман шығады. Байыңыз тұтқын бопты жандарал деп мазақ етеді. Қалаға келе жатыр ем, бермей тұрушы едім, айырылған дейді. Штабында большевиктерді өсірген, мұжық Бондырды екі жарым жылдай ұстай алмаған дейді. Дутовты күтеді. Хабар келеді. Дутов штабын Шынтас қырыпты, өзі шын естіп Балқашқа қарай шалқиып кетіпті. Әскерінде сүрек аштық, соғысқа жарайтын жан жоқ, күзді күнгі шылымдай. Алаш адамдары жетеді. Атаманға қол бермек, қолдарын алмайды. Сендердің қыр далаларың жау, не бетіңмен келдің. Енді мені ұстатпақ па ең деп ығырады. Кет маңымнан дейді. Алаш адамы Гүлғайшаны ала кетпек. Атаман, мен Қытайға өткенше қатыныңыз менің қолымда заложник болады. Сіз үшін, еліңіз үшін бұл кісі менің



қолымда болады дейді. Жандарал қатыны жабысады, соларды алып атаман тартып кетеді. Қорланып қайта шұбырып, ит болған алашшылармен өзге штаб қалады. Атаман артымнан жүз шақырым кейін жүріп отырындар деп қалдырған. Сол кезде қуып Бондыр, Теміршот жетеді, Шынтас келеді” (98-бума. 154–176-бб.).

*Е. Қаныкейұлы*

## “Ақсүйектер”

М. Әуезовтің Н. Погодиннен аударған үш актылы “Ақсүйектер” пьесасы 1936 жылдың 29 қаңтарында сахнаға қойылады. Соған қарағанда М. Әуезов бұл пьесаны 1935 жылы аударған болуы керек. Аударманың қолжазбасы сақталмаған. Пьеса 1937 жылы латын әрпінде “Қазақстан көркем әдебиет баспасында” жеке кітап болып басылып шықты. Онан кейінгі жылдары жазушының көптомдықтарына енгізілмей, тек 1983 жылы жиырма томдық шығармалар жинағының 14-томында (239—290-бб.) жарияланды. Бұл томға 1937 жылғы латын әрпіндегі нұсқамен салыстырылып, қателері түзетіліп, жиырма томдық шығармалар жинағының 14-томындағы нұсқа енгізіліп отыр.

Мәскеу театрларының сахнасында сол кезеңде ең көп қойылған Н. Погодиннің бұл туындысын М. Әуезовтің аударуымен Мәскеуден келген режиссер И.Г. Боров 1936 жылы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында қойды. Капитан-Костя ролін – Е. Өмірзақов, Лимон ролін – С. Қожамқұлов, Соня ролін – М. Шамова, Лагерь бастығы ролін – Қ. Қуанышбаев, Громов ролін – Қ. Бадыров, Садовский ролін – Ш. Аймановтар сомдайды. Пьесада Карелияда Сталин атындағы Беломор-канал құрылысын салып жатқан, бас бостандығынан айырылған қылмыскерлердің, ұры, қарақшылардың, солармен бірдей жағдайда жапа шеккен зиялылар мен олардың әйелдерінің өмір-тіршілігі суреттеледі.

М. Әуезов осы туындыны қазақ театрының сахнасына шығару арқылы алғаш нәубет тақырыбын бейнелеп, Сібірге айдалып, із-түзсіз кеткен зиялылар өмірінің қарама-қайшылыққа толы тұстарын көрерменге астарлап, тұспалдап болсын жеткізеді. Көкейде тұншығып жатқан көп сауалдарға оқиғаның ізін суытпай жауап іздейді.

Жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының 14-томында жарық көрген пьеса мәтіні мен латын әрпінде жарық көрген 1937 жылғы нұсқаның арасында төмендегідей жекелеген ауыс-түйістері бар: алғашқы нұсқада – сүйен – сүйек (242-б.), үкіметінің – өкіметінің (244-б.), таста – ұста (246-б.), сөтке – сутка (248-б.), өй жануар – өр жануар (252-б.), тарқату – тарату

(254-б.), шендерге – чиндерге (257-б.), Сталин атындағы Беломор-каналды – Беломор-каналды (288-б.)

Аударманың бұл томға енген нұсқасын дайындауда екі нұсқа салыстырылып, көрсетілген айырмашылықтар мағыналарына қарай түзетілді.

*А. Тойшанұлы*

## “Любовь Яровая”

М. Әуезовтің К. Треневтен аударған “Любовь Яровая” пьесасы жазушының он екі томдық шығармалар жинағының 9-томына (1969 ж.), жиырма томдық шығармалар жинағының 13-томына (1983 ж.) енген болатын. “Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорында бұл аударманың екі нұсқасы сақталған. Алғашқы нұсқасы латын әрпімен (611-бума. 2—57-бб.), екіншісі кириллицамен (53-бума, 179—272-бб.) машинкаға басылған. Қолжазбаның сақталуы жақсы. Бұл томға сол нұсқаларымен салыстырылып, бұрын редакцияланған жиырма томдықтың 13-томындағы нұсқа беріліп отыр.

1937 жылдың 20 маусымында Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы Өнер істері жөніндегі басқарма драматургтер мәжілісін өткізеді. Мәжіліске Тоғжанов, Майлин, Әуезов, Жансүгіров, Байсейітов, Лихачев, Камалов, Дейсмор, Александров, Магер, Тоғызақов, Ахметов, Боров, Насонов, Қожамқұлов, Жасақбаев, Исатаев, Айдекин, Баймұхамбетов, Әбішев сынды сол тұстағы драматургтер, режиссерлер, артистер мен басқа да театр қайраткерлері қатысады. Мәжілістің күн тәртібінде Қазан төңкерісінің 20 жылдығын лайықты атап өту, соған сәйкес драмалық театрдың репертуарын бекіту мәселелері қаралады. Осы мәжілістен кейін Өнер істері жөніндегі басқарма бастығының орынбасары Найденов пен репертуарды бақылау инспекторы Нұртазиндердің бекітуімен М. Әуезовке К. Треневтің “Любовь Яровая” пьесасын аударуға тапсырыс беріледі.

1937 жылғы репрессиялық шаралардың ушығып тұрған шағында М. Әуезовтің Қазан төңкерісіне арналған осы шығарманы аударуды қолға алуы — сол кезеңде қалыптасқан саяси ахуалға байланысты жасаған кезекті тактикалық қадамдарының бірі еді. Себебі, осы жылдың 12 маусымы күні “Алма бағында” пьесасы сахнаға қойылып, қатты сынға ұшыраған болатын. Осы пьесаға жазылған редактор пікірінде: “Мұхтар Әуезовтің бұл “Алма бағында” пьесасы кітап етіп шығаруға болмайтын саяси зиянды кітап. 7. X. 1937 ж. Редактор” (ҚР ПМ, 1383 қор, 1-тіз., 62-іс, 7-бума,

1-пар.) деп жазылған еді. Мұнан кейін 1937 жылдың 13 шілдесінде Қазақстан Жазушылар одағы партия ұйымының жабық жиналысында “Әуезовтің кеңеске қарсы ұлтшыл әңгімелері “Қилы заман”, “Қараш-Қараштарды” шұғыл түрде барлық кітапханалардан алып тастау жөнінде қаулы қабылданса (ҚР ПМ, 708-қор, 1-тіз., 604-іс, 37, 41-пар.), Өнер істері жөніндегі басқарманың 9 қыркүйектегі 288-бұйрығымен (ҚР ОММ, 1242-қор, 1-тіз., 138-іс, 281-пар.) М. Әуезовтің “Тартыс” пьесасы репертуардан алынып, оны қоюға тыйым салынады. Дәл осындай кез-келген шығармашылық қадамның саяси қателікке ұрындыруы мүмкін тұста тығырықтан шығар жалғыз жол – мойындалған кеңестік классикалық шығарманы аудару еді. Өйткені Қазақ академиялық драма театрының әдеби бөлімін басқарып отырған М. Әуезовтің мұндай айтулы дата тұсында үнсіз қалуы тағы мүмкін емес-ті.

Осылайша 1937 жылдың 4 қарашасы күні М. Әуезов аударған К. Треневтің “Любовь Яровая” пьесасы сахнаға қойылады. Режиссері – М. Насонов, суретшілері – Э. Чарномский мен Б. Кондоиди. Басты рольдерді: Яровой бейнесін – Қ. Бадыров, Яроваяны – Х. Дәрібаева сомдайды.

“Любовь Яровая” пьесасы Қазан төңкерісінен кейінгі аласапыран кезенді суреттеуге арналған. Ел болашағының белгісіздігі, фанатизмге бой алдырған революциялық көңіл-күй, белсенділердің асыра сілтеушілігі – осының барлығы да пьесаға өзек болған. Шығарманы аудару барысында М. Әуезов түсінуге қиындық тудырмайтын, сол кезеңде қалыптасқан атмосферадан мағлұмат беруде маңызы зор жекелеген сөздерді орыс тілінде береді. Айталық, пожалуйста, ну, его превосходительство, жулик, ваше высокопревосходительство, гражданин, купец, арест, контрразведка, фронт деген секілді сөздерді шығарманың өн бойынан жиі кездестіруге болады. Сондай-ақ, пьесадағы дінбасы протоиерей Закатовты өзгелерден ерекшелендіру мақсатында оның сөздеріне татарша сөздерді араластыра, қойыртпақтай береді: “Яқшы ғафиятгасыз ба, мырзалар. Иншалла, әлбетте шатлық зор”.

Бұл ерекшеліктер М. Әуезовтің аударма саласына енгізген тың жаңалықтары еді.

*М. Ахетов*

## МАЗМҰНЫ

<b>I. МАҚАЛАЛАР, ЗЕРТТЕУЛЕР .....</b>	<b>3</b>
Абай (Ибрагим) Кунанбаев .....	5
Марабай мен Мардан .....	27
Көркем әдебиеттегі отансүйгіштік .....	29
Идея патриотизма в художественной литературе .....	33
Будем писать для детей .....	37
Казахский эпос и дореволюционный фольклор ..	39
<b>II. ПЬЕСАЛАР .....</b>	<b>47</b>
Бекет (либретто, қазақша) .....	49
Бекет (либретто, орысша) .....	99
Ақ қайың .....	145
<b>III. АУДАРМАЛАР .....</b>	<b>203</b>
<i>Н. Погодин. Ақсүйектер .....</i>	<i>205</i>
<i>К. Тренев. Любовь Яровая .....</i>	<i>263</i>
<b>IV. ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР .....</b>	<b>353</b>

**Әуезов Мұхтар Омарханұлы**

**Шығармаларының елу томдық толық жинағы**

**16-том**

Академиялық ғылыми басылым

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:  
*С. Назарбаева, Б. Қанапиянов*

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мұсахан*  
Компьютерде беттеген *И. Селиванова*

Басуға 10.07.2014 қол қойылды.  
Пішімі 84x108  $\frac{1}{32}$ , Офсеттік қағаз.  
Қаріп түрі “Таймс”.  
Шартты баспа табағы 21,0.  
Таралымы 4000 дана.  
Тапсырыс № 1178.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,  
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.  
E-mail: rpik-daur81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі  
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.  
Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-158-6



9